

83 Т
84 (5 Каз)
Т 22

Масқара Уран
Масқараулы

Сарыарқа - сайран

төрім - ай



Тасқара Иран Тасқараұлы



**Сарыарқа – сайран
төрім-ай**



2/8
595456

Көкшетау - 2014 ж.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 Қаз)-5
Т 22

Т 22 Тасқараұлы И. «Сарыарқа - сайран төрім-ай». - Көкшетау
«Изотов С.В.» ЖК баспаханасы - 2014. 240 бет.

ISBN 978-601-80362-2-4

Бұл кітапқа акынның таңдамалы өлеңдері, толықтырылған “Ақжігіт”, “Жас қазақ”, “Ер азамат Тасқара”, жаңадан жазылған “Жезкиік акын” поэмалары, бір айтысы, орыс ақыны М Ю.Лермонтовтан өлең-аудармалар, бір өлең-очеркі, “Ой толқытқан өрімдері” атты топтамасы, жаңадан өлеңмен және прозамен жазылған естеліктер, эсселер, кейбір арнаулары мен баталары енгізіліп отыр. Жан-жақты талант иесі акын, әнші, композитор, мамандығы тау-кен инженері, қалың қауым Иран Сал деп атап кеткен өнерпаз табиғат, махаббат, елдік, ерлік, достық туралы ойларын, шаттық сезімдерін оқырманға ұсынады

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-80362-2-4

© Тасқараұлы И.Т., 2014



Тасқара Иран Тасқараұлы, бұрынғы фамилиясы Ильяшев. 1939 жылы 11 наурызда Омбы облысы, Тюкала ауданы, Қожа ауылында туған. Ата жұрты – бұрынғы Көкшетау облысы, Ленинград ауданы, Қызылту совхозы (Борсықбай ауылы). Омбы облысы, Тюкала ауданы, Валувка селосында орта мектепті орысша бітірген. 1962 жылы Алматыдағы тау-кен металлургия институтын бітіріп, тау-кен инженері мамандығы бойынша Жезқазған тау – кен металлургия комбинатында кен мастері болып жұмысын бастап, бір жылдан кейін Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының райком комсомолының бірінші хатшысы болып сайланады. Сайлау мерзімі аяқталғаннан кейін Жезқазған шахталарында әртүрлі қызмет істеп, Жезқазған тау-кен округінің бастығының орынбасарына дейін көтеріледі. 1982 жылы Көкшетауға, Васильков тау – кен байыту комбинатына, алтын сапасын қадағалау бөлімінің бастығы боп ауысады. Мұнда көп жылдар комбинаттың кәсіподақ комитетінің төрағасы, алтын фабрикасы директоры, комбинат директорының сапа бойынша орынбасары болып, 1994 жылы құрметті демалысқа шығады. Он жасынан өнер қуып.

домбыра тартып ән шырқаған Иран қайда жүрсе де бұл өнерін тастамай дамытуда. Қазір ақын, әнші, композитор Иран халқын шығармашылығымен қуантуда. 4 өлең мен ән-жырлар жинақтары кітаптарының авторы. 130 - дан астам өз сөзіне, басқа ақындардың сөздеріне ән шығарған. Иранның сөздеріне басқа да композиторлар әндер жазған. Әнші ретінде қазақ радиосының алтын қорында Иранның көп әндері жазылған. Иран ақын кезінде облысаралық, республикалық айтыстарға қатысқан. Оны ән айту, ән - жыр шығару мәнеріне қарап Сарыарқада, Көкшетауда Иран Сал деп атап кеткен. Талай елді аралап Иран Сал Қазақстанда өнер көрсеткен, Москва, Украинаға ән салуға барған. Республикада талай ән додасына қатысып, лауреат, дипломант атанған, Астана жұртының, Көкшетау елінің алдында өнерін көрсеткен тарлан. Абылайхан тойын бастап, биылғы сәуірдің 16 сында "Көкшетау" мәдениет сарайында қайырымдылық, авторлық, шығармашылық концерт берді. Композитор Тәнзип Есірковпен бірігіп "Тәуелсіздік көк туы" атты кантата жазды.



Сал-серілер жалғасы

Бұл күндері туғанына 70жыл толып, Есіл-Көкшені елең еткізген Иран Тасқараны бұл кім? – десеңіздер, ол - Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балұан Шолақ бастаған сал-серілер мектебінің үздік туған жалғасы “Көкшетау - ән мен жырдың алтын ордасы” - деп қазағым ардақ тұтқан киелі атағын бүгінгі күні көзінің қарасындай қорғап жүрген асыл тұлға. Иран актұйғын ақын, тамаша композитор, күміс көмей, жез таңдай әнші. Тағы да бір айта кетерлік қыры мен сыры: ол мамандығы бойынша кен инженері, ал өнердегі жетістіктері ана сүтімен ере келіп, қайда жүрсе де соңынан қалмастай жан серіктері Қысқаша айтсақ, Иран жер кенін қазып, оған қоса жүрек лүпілін өнерлі сткес ардагер азамат.

Иран тек қана Сарыарқаның дәстүрлі әндері мен өз әндерінің орындаушысы емес, бүкіл қазақ жерінде бар ән мектептерінің жарқын жұлдыздарының әндерін уағыздап жүрген өнер таратушы, әмбебап майталман кайраткер. Ол еліміздің қай түкпірінің әнін шырқаса да, мәнеріне келтіріп, нақышына жеткізіп, асқан шеберлікпен орындайтын сирек талант. Қазақта ақындар баршылық, бірақ осы үш өнерді бір көңілден көркемдеп, бір сезіммен мәнерлеп әсем-кербез етіп бір ауыздан шығару мыңның бірінен келетін табиғи талант.

Көшпенділер дәуірінен тәуелсіз заманымызға дейін есен жеткен бұл ұлттық дәстүріміз бүкіл өнер, әдебиет, мәдениетіміздің алтын қоры. Міне, Иран Тасқараны осы алтын қордың барша болмысын да, сапасын да бұлжытпай сақтап жүрген феномен, ұлттық өнеріміздің айрықша құбылысы деп ұғамыз. Ол тек қана Көкшенің емес, бүкіл еліміздің санаулы саңлақтарының бірі де бірісі. Сондықтан оған мерейлі күндерінің кезінде құрмет көрсетіп, тасқын таланттың өнерін әспеттеу жеке басына арналған дүбір емес, ата-бабамыздан қалған ұлы өнерге, қасиетті дәстүрге, киелі салтымызға деген тағзым.

Иранның қашан көрсең күлім қағып тұрған жан баурағыш ақжарқын мейірбан мінезі де бойына сіңген өнерін көркейтіп тұрады, адам тартқыш адал жүрегінің лүпілін жеткізеді. Адамның ең үлкен байлығы - мінезі деп даналар айтса оған осы байлық анасының ақ сүтімен дарыпты. Жарқ еткен отты көзі мен жылы шырайлы ақсұба жүзі жылу шашып, айтқан сөзі мен шырақан әніне шырай беріп, түрлендіріп тұрады. Әншіге домбырасы сай болмаса ақсақ аттай көрінеді, ал Иранның домбырасын тыңдаудың өзі бір ганибет. Ашық та қарқынды, сиқырлы да тартымды айқын

тенорына домбырасының күмбірі егіз дыбыстардай қосылып үйлесіп, ғажайып гармония құрып жатады. Әрқайсысы бір-бір дала театрындай болып өткен бабаларымыздай Иран да сахнаның салтанатын түрлендіре білген бір өзі бір театр. Бұл орайда тартымдылығы күшті сәзімтал тәсілдерімен орындаушылық шеберлігі асыл сөзі мен асқақ әнін құлпыртып жібереді.

Халық ақыны, Есіл-Көкшенің намыскер, айтыскер ақыны ардақты ағамыз Көкен Шәксов: “Өткендегі батырлар да, әншілер де, салдар да - барлығы тарихта қалып жатыр, соның бірі - өзіңсің... Ертең ағам-ай дейтін сен сияқты бауырым бар”, - деп Иран жайлы айтқан ағалық сөзінде шын беріле тебіренген екен. Біріншіден Көкен ағамыз Иранның үлкен дарын иесі екенін паш етіп отыр, екіншіден арттағы асыл інісі өз атын да ұрпаққа жеткізер деген жылы сенім білдіреді. Иран жалғыз бұл ағасы емес барлық өзіне дейінгі әнші, күйші, үздік ақын, сахараның дүл-дүлдері болған ата-бабаларын, ардақты ағаларын жалғастырып келеді. Келешек ұрпақтардың Иран мектебін бірінен-біріне жеткізуіне еш күмән келтірмеймін. Оның себебі Иран жаттанды емес, сирек кездесер талантты жасампаз өнерпаз. Ол-сөз шебері, ән-бұлағы, әншіліктің дарабозы.

Иран өскен орта қай заманда қай өлкеде болсын өнер сүйгіш орта. Ол алғашқы дүниетанымын әулеттік өз үйіндегі академиядан алды. Әкесі Тасқара белгілі домбырашы, шәшесі Бәтима ауыл арасындағы айтулы әнші, әкесінің ағасы Балмыш Көкше өңіріндегі аты мәшһүр күйші болса, бала Иран, жас Иран қайда барсын А.С.Пушкин жасында үйдегі көп кітаптардың қамауында болып ақындыққа тым ерте кіріссе, Иран да еркелігін ерен зеректігімен жалғастырған ән-күй құндағымен қоршауында өсті де ән салуға ерте жаттықты. Оның ән салымпаз артистизмі ана сүтімен сіңген өнер. Құдайдың бергені деп осыны айтамыз. Ол музыкалық білімді арнайы оқу орнынан не басқа жерден алған жоқ. Тағы да қайталайын әулеттік академияның көк күмбесін күңіретіп, асыл төрі ертелі-кеш сабақ берген табиғи ортадан шықты. Иранның бүкіл өнері дала табиғатымен, Көкшенің кербез көркімен тығыз байтаныста жатыр, оның өмірінің өзі тарих.

Иранның өмірлік екінші мектебі - кеншілік мектебі. Ол 1957 жылы онжылдықты бітіріп, Алматыдағы тау-кен металлургия институтының тау-кен факультетін бітіріп, өмірге тау-кен инженері деген дипломмен жолдама алды. Қаныш Сәтбаевтың атақ-даңқы жас ұрпаққа үлгі болған өндірістік үрдіске шақырған ақжолтай бағыт еді. Әне, сол дәстүрмен Иран Жезқазғандағы тау-кен

металлургиялық комбинаттың кен басқармасына келіп, кеншілік өмірін бастады. Бұл кез Жезқазғанның Сәтбаев салған сара жолы ашылып, әлемде бар кен қазбалау жұмыстарының озық технологиясын игеріп жатқан дәуірлеп тұрған кезі-тін. Жезқазғандағы Солтүстік Кеніште кен мастері болып қызмет ете бастаған Иран (ол кезде Ильяшев) басшылардың көзіне тез түсті. Кен басқармасына қарасты тоғыз шахта, көптеген қосымша өндіріс орындары бар кеншілер қаласында Иран комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып шыға келді. Ол кезде мен шахта бастығы болып істеуші едім, бір жиында алғашқы кездескен көкшетаулық жерлесімнің ән салуы таң қалдырды. Жас жігіттің дауысы көктемгі көлде жарқ еткен аққудың саңқылындай ашық әрі өте күшті екен. Ақан серінің “Жылқылы бай” әнінде: “Қамшымен ашуланып салып қалдым, ақ көйлек шығын болды-ау жыртылып-ай!” - деп шап-шап беріп, сақ-сақ етіп саңқылдап тұрғанында сол үйдегі ас тасып жүрген досымның әйелінің ақ көйлегі жыртылып кетті ме деп жалт қарағаным бар. Қашан да Иран ән салғанда немқұрайлы қарау мүмкін емес, ашық сөз, айқын ырғақ, сұлу сарын, жарқын жүзі магниттей тартады. Өйткені Иран дыбыс динамикасын өзгертуде, дыбысты әсерлеу шеберлігіне, құбылта білу дәрежесіне келгенде алдына жан салмайды.

Жезқазғанда жүргенде “Кенші-ақын”, “Жезкиік-ақын” атансам, сонымнан ерген Садық Асатов, Шымболат Ділдебасов, Қуаныш Ахметовтер сияқты Иран да “Кенші-ақын” інілерімнің қатарына қосылғанына қуаныштымын. Кейін ол комсомол қызметінен, өзге қоғам жұмыстарынан бас тартты да Жезқазғандағы № 45 шахтада учасок бастығы, бас инженердің орынбасарлығына дейін көтеріліп, Жезқазған облыстық Госгортехнадзордың бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл өте жауапты әрі үлкен лауазымды қызмет болатын, өйткені Жезқазғандағы барлық кен орындарына бақылау жүргізіп, берік тәртіп орнату деген абыройлы да айбарлы қызмет болатын. Иранның кеншілік өмірі Жезқазғанда табысты басталды, ол кеншілік деген бауырмал да жауапты, сертке берік адал жандардың нағыз қайнап тұрған ошағынан от алды, бойына асыл мінез, жігеріне зор күш қосты. Ана сүтімен сіңген әншілігін ақындығын, композиторлығын да тастамады, оның жүрген жері ән базары, жыр салтанаты, өнер көрмесіне айналатын.

Осы кезде Көкшетау облысындағы алтын кен орнын ашпак болып, үлкен еңбек сіңірген еңбек ері, облыстың басшысы Еркін Әуелбеков ағамыз болды. Ол Мәскеуге талай барып осы күнгі Васильковка кен-байыту комбинатының іргетасын қалауға тер төгіп,

аянбай ат салысты. Асыл ағамыз көптеген кадрларды Жезқазғаннан алды. Бұл комбинаттың бірінші директоры Сағитов Жаналы Мәскеуде бірге оқыған әріптесім еді. Одан кейін бірсыпыра мамандар Көкшетауға келді. Жезқазғаннан Бүркіт Өсіпов, Балқаштан Әжімұрат Бекбергенов сияқты Көкшелік інілерін Әуелбеков ағамыз топтастырды. Иран да Көкшетау жаққа алаңдай беріп ақыры Васильковка алтын шығаратын тау-кен комбинатында алғашқы кезде техникалық бөлімін басқарса, кейін комбинаттың кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін жеті жылдай атқарып, халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жұмысын бір жүйеге келтірді. Одан кейін комбинаттың директорының орынбасары, салынып жатқан байыту фабрикасының директорлық қызметін атқарды. Иран Тасқара Жезқазғанда қанат қағып, биік белестерге көтерілсе Көкше өңіріндегі өндірістің көрнектісіне келгенде де күш жігерін аямай абыройлы қызмет етті. Бұл дегеніміз Иранның ел алдындағы перзенттік міндетін толық атқарып кеншілік мамандығында елеулі із қалдырғандығы. Сол кенші інімнің ақындық өнерін тастамай жетілдіре түсуі де бір азамат үшін үлкен жүк. Бұл тамаша өмірі Иранның азаматтық қайраткерлер қатарына қосты.

Ақындық өнеріне келсек Иран ата дәстүрін жалғастырып айтыскерлік өнерін биікке көтерді. Тек қана әркімді мадақтау емес ел атынан тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа да арнау-толғауын төгіп салса, өз мұңын шаққан жоқ, ел қажетін айтты, жаңа заманның қуанышты жаңа қарқынына үлес қосты. Ел атынан қарсы алып, Өзбекстан, Қырғызстан президенттеріне де жылы лебізін білдіргенде бәрінің тек разы болып Көкшетаулық ақынды құшаққа алғандары да айта қаларлықтай мирас емес пе?!

Бақ қонып, тәуелсіздік жолын ашқан,

Кешуде тар кезеңді елім бастан.

Әйгілі бар ғаламға үш Елбасым,

Жұптарың жазылмасын қолтықтасқан!

-деп тілек айтуы да сал-серілердің ұрпағынын ұлағатты тілегі, бауырластық талабы деп білемін. Ал елдік пен өз ерлігін айта келіп:

“Кек байрағым желбіреген көгімнен

Жан тербеткен әсем әнім төгілген,

Қиындыққа қайыспайтын емендей.

Тәңірімнің жемісімін егілген”,

- деп төгілуі нағыз поэзия. Ақын жүрегінің тәуелсіздік байрағын қабылдап, өзінің де осы ұлы жолда кеншілердей қайратты, ақындардай айбатты сөйлеуі де бойына сіңген қос өнердің бергені,

кенші мінез асау ақындығынан аңқып тұрады. Бұл жүректілік те кеншіліктің бергені, әйтпесе шахтаның манайына да жоламас еді ғой.

Иранның жыры Көкше өңіріне арнаған өз көңілінің шұғыласы, асыл нұры. Талай-талай ардақты азаматтарға арнаулары бар болса ол да жетістік. Кешегі керенау кеңес идеологиясы тап осындай еркіндікпен айтқызбады. Ал бүгін Иран халқымыздың: “Жақсының жақсылығын айт - нұры тассын, жаманның жамандығын айт - құты қашсын, мақтанайық ол үшін тастамайды тақтан алып” дегендей жаңа заман сырын шерткені. Маликадай өнер сүйгіш немересіне арнаған өлеңінде:

*“Жаңа өмірдің жаңа толқын арнасы,
Құдай жазса, табар ағын жалғасын”,*

- деп жас ұрпаққа сенімін жеткізді. Иранның өзі жайлы бір өлеңінде:

*“Пана іздеп, жамандарға жағынбадым,
Өнердің Құдай берген бағындамын
Тірегі өр көңілдің сырғымайтын
Халқымның сал-серілік тағындамын”.*

-деуінде Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырайлардың екпіні жатыр “Халықтың сал-серілік тағында” болудан не асады Үкілі Ыбырайдың: “Қыздан да қылықтымын жүрген жерде, ханнан да қадірлімін туған елге” - деген асыл сөздері еске түсседі. Ақынның поэзиясының жан-жақтылығы мол: толғаулар, арнаулар, ән сөздері, салтанатты бастамалар, ой толғақтардың жуан ортасында “Тасқара” атты деректі поэмасы тұр. Бұл шынайы сезімнен төгіліп түскен өткен өміріміздің айнадай айқын көрінісі. Смағұл қажының кенжесі Тасқара болса, үлкен ұлы Қайыргелдіні “Үндеместер” ұстап әкетті. Ол кезде “Үндемес”, “Үш әріп” деп КГБ-ны айтатын “Сепқрайды” (Омбы маңайы) паналаған Көкшенің ұлы Тасқараны да елге оралып, қаншама бейбіт қызметте жүрсе де “үндеместер ұстап әкетті”, жазықсыз жазаға тартылды:

*“Осылай қызып думан жатқан кезде,
Кіре ме жұрт көзіне шаруа өзге?
Кенеттен “бес үндемес” кіріп келіп,
Үзіліп той, орнады тыныштық лезде”.*

- деп Иран суреттесе пәле осы “тыныштықта” - бұл бүкіл елге орнаған қырғын “тыныштық”, қалай қырғындаса да “аша тұяқ қалмасынға” салып, кәмпескелеу зардабы ақынға “өткен күн мұң боп жаулап ой-санаңды” дегізді. Бұл Иранның өз ішкі монологы. Ал “Темірғали ағаның қоштасуы”, “Тасқараның тұтқындалуы”,

“Ана зары” атты поэманың тарауларын оқығанда адам жаны тарау-тарау болып кетеді. Бұл шындық өз аталарымыздың да бастан кешкен зар заманы. Бұл шындық елдің зары, оның ар жағында Мағжан, Сәкен, Ахмет, Ілиястардың тұтқындалып жазықсыз атылулары жатыр. Иранның бұл поэмасы айта қаларлықтай үлкен жемісі. Ойы кең, тилі жатық, өз сарыны мен ақындық желісі бар дүние. Бұл поэмада кешегі Тәуелсіздіктің тоқырау жылдары да:

*“Аз жылда мыңдаған мал қолды болды,
Шашылды ел байлығы оңды-солды.
Себеңсіз қиратылған ғимараттар,
Үңірейген терезелер торыды жолды”*,

-дегені “волчий капитализм” деп ғалымдар айтқандай тар кезең, тайғақ кешу кезіндегі келеңсіздіктер де келтіріліпті. Бірақ оптимист ақын “іске асып баба арманы, Еркін елдік құрылды” - деп тұжырым жасайды. Және де:

*“Нәзіктік - жан серігім ән мен жырым,
Әндетсем құлпырады гүлдеп нұрым.
Көкше деп қақ айырылып көкірегі,
Жырлауға қажымаған мендей ұлың”*

- деп поэманың аяғында сезімтал ақын сергек серпіледі. Иран інімі бұл тамаша поэмасын шабыттың шырқау шебіне жеткізіп толықтырып берсе деп те армандаймын да, өзінді дарияға айналдырар демекпін.

Иранның әнге арналған өлеңдері ерекше туған татымды дүниелер. Басымызда бар мәселе болғасын айта кетуіме болады, кейде ақындардың осындай өлеңдері ән оранып кетіп ел жүрегіне жетсе, ақындық жинақтарға кірмей қалады. Ақын інімінің “Сәби сезім” атты өлеңін әншілерден және өзінен естіп таң қалсам:

*“Жарқыраған құрбы қыздар,
Ақ көңілдің ажары.
Жымыңдаған ақ жұлдыздар,
Балалықтың базары”*.

- деп Есенинше елжіреп, Мұқағалиша балбыратып тұрған лирикасына сүйсінемін. Тағы да бір иіріміне зер салайықшы:

*“Бурабай – Көкшем,
Жұпарың ескен,
Бұралған биші қайыңдар.
“Оқжетпес” - өрім, “Жұмбақтас” - төрім,
Маңайы күміс айдындар,
Құшақты бізге жайыңдар”*

- деп төгілуі энге сұранбай қоймайды. Айтыстағы айғайға, арнаудағы ілтипатқа ұксамас нағыз поэзияның ұтымды өрімдері ән мәтіндерінде жүреді. “Мектебім, мектебім, езінде көктедім” - дей келе: “Гүліндей кең даламның еркін өскен, Арқаның сағымындай самалы ескен, Ұстаздың аялаған алаканы, Шәкірттік бал дәуренім кетпес естен” - деген өленін оқығанда есіңе өз мектебің түспей қоймайды, ұлағатты ұстаздарымызды ойлап сағынышпен тебірсенсіміз, алғысымызды айта берсіміз. “Мектебім” деген бұл әннің сөзі де, әні де өзінікі болғаны қандай жақсы - кейінгіге үлгі, өнеге. Тай-құлындай тебіскен достарың, қызғалдақтай жайнаған құрбыларың, Сократтай көрінген мұғалімдерің еске түскенде сөзге әннің ере келуі үлкен жетістік.

Ақынның жаңа өмірге, тәуелсіздікке арнаған әндері де баршылық. Сондағы “Жаңа ғасыр - жиырма бір” атты өлеңіндегі:

*“Жаңа ғасыр жиырма бір,
Ашылмаған жұмбақ сыр,
Қазақ елін дамытып,
Өмірімді қарық қыл.
Бейбітшілік тамылжып,
Асқақтасын ән мен жыр,
Бақыт сыйлап ұрпаққа,
Болашағын жарық қыл!”*

- деген шумағында көкейтесті тілектерін айта келе “Бақыт сыйлап ұрпаққа, болашағын жарық қыл” - деп тілеу нағыз азаматтық асыл арманы, жастарға деген жақсылығы.

Иранның әндеріне келсек, ол бір ғажайып сұлу саз аралы. Әнін ең алғаш Нұрғиса Тілендиев, сонан соң Жаксыкелді Сейілов менің сөзіме жазған “Жезкиікті” ел біледі. Ал, “Жезкиіктің үшінші түрі” деп атап сөзі басқа “Жезкиігім, қайдасын” деген өлеңіме Иран ән шығарды. Бір “Жезкиік” жетпей ме деп таң қалсам, сөзі басқа өлеңім екен, әні өте сәтті шығыпты, ел арасына жана ән кең тарап кетті. Оған себепкер болған Иранның өзі және Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қалаш Құлышеваның талантты орындауын айтпай болмайды. Құдай ондап ақын да, композитор да, әнші де Көкшетаулықпыз, бұл мен үшін үлкен мақтаныш. Жалпы менің өлеңдеріме Иранның көкірегінен сегіз ән Сексенкөлдін толқындарындай еркін тербеліп шығып, аққуларының санқылындай ел-жұртқа ұшып жетті. Реті келіп тұрғанда Иран ініме ағалық алғысымды арнаймын. “Доспын, доспын” дегендердің көпшілігі бос сөз болып қалады, ал нақты еңбек, не осындай өнер жалғастырса ол - нағыз достық болып кетеді. Иранның әні бір “Бөркің-айдың” өзі неге тұрады, бұл нағыз ғаламат қой. Иранның Мағжан ағамыздың

“Сүй, жан сәулем” атты өлеңіне ән шығаруы шын мәніндегі ерлік, ұлы ақынға әнімен жалғасып жатуы мықтылық. Үлкендерге деген әндері аз емес. Кенен де, Мұқағали да, Мұса да керек, бұл айтулы ел білетін арыстардың атын шығара түсу де парыз. Мені өте сүйсіндіргені Жезқазғанда үзенгілес болған досым-інім, Ұлытаудың Жәйремді басқарған кенші азаматы Садықтың “Асатовтың нақылы” деп атаған толғауына ән шығаруы үлкен адамгершіліктің айғағы. Садықтың ақындығын бүкіл ел әлі біле қойған жоқ, ал Иранның ән шығарып өзінше паш етп, Көкшеге аян етіп, әнін бүкіл елге жаюы асыл досқа деген шын жүректен туған үлкен ескерткіш. Тап осындай билікті де пәтуалы, адал да айқын өнерімен Иран елге өз тартымдылығын ұлғайта түсіп жүр. Дарынды өндіріс басшысы, тамаша ақын Асатов Садық дүниеден ерте өтіп өкіндіріп кетті.

*“Тау да құлар, сарқылады теңіз де,
Бұл өлімнен құтылу жоқ негізде.
Қызықтап қал бойда, қолда барыңмен,
Әттеген-ай өттің дәурен - дегізбе”*

- деген Садықтың шумақтарының Иранның көкірегінен ән толқытуы да тамаша. “Екі жақсы дос болса, бірін-бірі қолдайды” - деген сездің дәнекері осы ғой. Бұл Иранның барша адамға мейірбандылығы мен досқа деген адалдығы.

Айта берсек Иранның өнері ұшан теңіз, ол шалқыған айдынды толық сөз стү бір арнайы мақалаға сыймайды. Ең дұрысы өзінің “Иран сал” атты өлеңіне жол беру:

*“Кокшениң ақтангері Иран салмың
Ұрпағы Ақан сері, Біржан салдың.
Үкілі Ыбырайдай “Тәккулетін”,
Еліме бақыт тілеп жүрген жанмын.
Жүрмеген қамын ойлап құр басының,
Елімде жақсы-жайсаң сырласымын.
Кездесіп жүздескенде ән-жыр төккен
Президент Нұрсұлтанның құрдасымын”*

-деген сездеріне үніле түссек: “Еліме бақыт тілеп жүрген жанмын” десе, барша қазақ халқына шын бақытты күндерді орнатуға жан аямай талпынып жүрген Елбасын құрдасым деуі де орынды айтылған шындық, заман шындығы. Ол да ел дәстүрінен туған сыйластық.

Иран қайда жүрсе де қолындағы домбырасы, қасындағы сүйген жары Роза келімізді қас пен көзіндей қасиеттеп, қастерлеп алтын ұя құрды. Қызы - Гүлжамал физика-математика ғылымдарының кандидаты, Көкшетаудағы Шоқан Уәлиханов атындағы университеттің информатика кафедрасының меңгерушісі, екінші қызы

- Жанар сол университетте ұстаздық қызметте, ұлы Ерлан - инженер-энергетик, "Кекшетауцемент" кәсіпорнында бас маман Немерелері де баршылық, Әзиза, Ақмаралдардың ортасында Мәлика - Біржан сал атындағы музыка колледжіннің студенті, жасынан әндетіп, күйлетіп жүрген осы қызға атасының өнері дарып келеді, лайым солай болсын.

Иранның үлкен байлықтарының бірі асыл достары, ардақты ағалары. Әндік ақын, үлкен аудармашы, белгілі сыншы, Қарағанды университетінің негізін қалаған үздік ұстаз, академик Ебінсі Букстов Иранға жазған бір хағында: "Тебіренген сайын босай беру, бажи беру - ездің ісі, тебіренген сайын беки, қатай, жігерлене беру - ердің ісі" - депті. Иран ұлы ағасының осы ұлағатты сөздерінің ер жігітке лайықтысын керегіне жаратып, өрге басқан ойлы да ақылды майталман. Еліміздің ардақты ақсақалы болған халық Қаһарманы Қасым Қайсенов, кешегі атақты ақын Көкен Шәкеев ағамыз, менің Кәрім Илиясов досым да Иранның жай ғана таныстары емес, сыйлас болған арыстары. Менің өзіме жазған хаттары да сақтаулы, өйткені ол хаттарда өмірдің әр белестерінен алынған шынайы белгі, шырылдаған шындық бар.

Кім - десең, Иран ақынды.

Тым асқақ өнер арнасы.

Ол заманға татымды,

Сал-серілер жалғасы

Әндетіп жастай жайнады,

Ата-ана тиіп пайдасы.

Ақындық қанат байлады,

Кекшетау - өнер парнасы

- деп сөзімді аяқтар едім. Бірақ та, ойлап қарайықшы: көрші облыстардың қайсысында Ирандай әрі ақын, әрі композитор, әрі әнші, әрі ел намысын қорғампаз суырып салма тасқынды талант бар екен? Ондай таланттар сирек кездеседі, сондықтан да ортамызда жүргенде асқақ дарынды сыйлайық.

Иранның туған елге бергені көп, оған лайық марапатты әлі алған жоқ. Жалпы саны қырықтан астам грамоталары, шығармашылық жетістіктері үшін берілген мақтау қағаздары, айтыспен ән сайысында алған бәйгелері баршылық. Бірақ сол үлкен тізімді ескере отырып төсіне бір белгі тағып, айтарлықтай атақ берілу керек еді. Бұрынғы басшылар оған назар аудармаса, бүгінгілер ескерер деп сенемін Ардақты Иран 70 жасың құтты болсын!

**Қазақстанның еңбек сіңірген қоғам қайраткері,
ақын, композитор Кәкімбек Салықов.**

Сұлу Көкше

Киелі жерім осы Көкше деген,
Орман, тау, күміс көлмен кестеленген.
Тарихы аңыз болып сақталыпты,
Тастарда Сандықтау боп дестеленген.

Қарағай қыз-келиншек тізілгендей,
Ансарсың шырша, қайың жүзін көрмей.
Айнакөл моншақтары мөлтілдейді,
Аққудың кірпігінен үзілгендей.

Арайлап “Абылай хан” алаңынан
Шығыстан алтын шұғыла жағады таң.
Осы жер дидарына нұр төгілген,
Мағжан, Сәкендердің қаламынан.

Көтеріп тұрған қазақ парасатын,
Көк кілем сұлу Көкше жарасатын,
Біржан сал, Ақан сері, Үкпі Ыбырай,
Әндері көкте құспен таласатын.

Айнакөл, Саумалкөлмен, Шалқар көлі,
Алтын кен, астыққа бай асқар белі.
Қыздары Қыз Жібекке тартып туған,
Өр мінез жігіттері сал мен сері.

Қызық көп ән мен жырдың ордасында,
Жалғасы ерлік істер бәрі осында.
Қолына бақыт құсы қонады екен,
Бір тұрсаң “Оқжетпестің” дәл қасында.



Табиғат үлгісі

Сәулені көрдім жапырақ, шөппен ойнаған,
Осындай тірлік қашанда ғажап той маған.
Атылған көкке қарағайлы орман шінде
Ақ қайың көрдім қалыспай бірге бойлаған.

Көрсеткен үлгі табиғат қандай тамаша,
Қойнына кірсем қуантар мені балаша!
Орманым — қоғам, қайыңдарым — адамдар,
Арманға биік асқақтап өсер таласа!

Астана

Төсінде Сарыарқаның сағымданған,
Ежелден қазағымның бағы жанған.
Абылай, Кенесары туын тігіп,
Арман боп бостандықтың нәрі қалған.

Арқадай қасиетті жер жәннәты,
Ерлікпен, серілікпен шыққан даңқы.
Жайнады Астанадай жас қалада
Ұлы көш Нұрсұлтанның салтанаты.

Алтайым шашу шашса күнгей жақтан,
Алатау ақ тлегін аспандатқан,
Батыста Атырауым мұнайлатса,
Ақ бидай Есіл-Көкше ағындатқан.

Жаңаша тәуелсіздік жолды салған,
Жеткенде бодан күнім артта қалған
Әлемнің биігіне өрлессе сілім,
Осы ғой орындалған біздің арман!

Жана дәуір бастаған
Астанам, алға бас қадам.
Жана өмірдің кепілі -
Жаса, жаса, бас қалам.

Ақмола маршы

Арқада Астанамыз нұрын шашты,
Ақмола Көкшетаумен құшақтасты,
Ақмола облысы астаналық
Еркіндік болашаққа қадам басты.
Зеренді, Ерейментау, Окжетпесім
Төбіреніп қолдағандай өмір көшін.
Қорғалжын, Қоржынкөл мен Ақкөлдерім
Толқындап толтырған ел несібесін.
Көкше-Ақмола жерлерім,
Орман, таулы, көлдерім,
Бұланды мен Сандықтау,
Көксеңгір көк белдерім,
Шортанды мен Аршалы,
Егіндікөл елдерім,
Жарқаның мен Атбасар,
Есіл, Жаксы-төрлерім.
Ақмола ел, Ақмола ел,
Елдігімді тербедің.
Көріңдер қонақжайлы елдерімді,
Ер көңіл жаны сері ерлерімді,
Аққудай гәккулеткен аруларды,
Шарқ ұрған көкке қыран-өр көңілді.
Ақмола елдігімнің өркеші деп,
Еркіндік алтын аймақ еркесі деп,
Көкше мен Ақмоланы ардақтайық
Ұлы Отан қасиетті өлкесі деп.



Елге бар

Шаршасаң елге бар,
Тынығып қайтарсың,
Нағыз сый елде бар,
Ән қылып айтарсың.
Ақ үміт арытып,
Ел сені сыйлайды,
Жақсыға жорытып,
Жаманға қимайды.
Адамға сыйынар,
Іш тартар ұлы қып,
Санаңа құйылар
Даналық, ұлылық.
Татқызар үлесін
Үйіне кіргенде.
Қадірін білесің
Алыста жүргенде.

Тарықсаң елге бар,
Күн түсер пейілге.
Ақжарқын ерге бар,
Шығып бір сейілге.
Ел көркі — азамат
Қарсы алар ісімен,
Кездессең галамат
Бір жақсы кісімен.
Көтеріп сңссені,
Көңілің самғайды.
Үшырса ел сені,
Қанатың талмайды.
-Ел — алтын бесігім,-
Дей берем досыма.
-Жаралсаң ел үшін,
Міне сый осылай.



595456

Еркіндігім – елдігім

Тарихым бар Адам Ата тегінен,
Көкбөрінің көкжалы боп көрінген,
Талай ғасыр тағдырынан тайсалмай
Замананың таспасындай өрілген.

Кербез Көкше, Абылайхан құбылтқан,
Еркіндігін – елім алған ұмытпан.
Қазақстан – тәуелсіздік ордасы,
Елбасымыз – ел жүрегін жылытқан.

Достығыма барлық әлсөм қызыққан,
Қалыспаймыз той-думанды қызықтан,
Кен жазира даламыздай дарханмын,
Елжірейтін жүрегім бар наз ұққан.

Көк байрағым желбіреген көгімнен,
Жан тебіrentкен әсем әнім төгілген,
Қиындыққа қайыспайтын емендей,
Тәңірімнің жемісімін егілген.



Ата-баба жалғасымын

Жаңа ғасыр баласымын,
Екі көздің қарасымын.
Тәуелсіз ел Қазақстан
Аялаған жанашырым
Жаңа өмірдің арнасымын,
Елге арналар бар асылым.
Өнер, білім жолын қуған
Ата-баба жалғасымын.

Би билейік, айналайын,
Күй күйлейік, айналайын,
Көркем сөздің көркін ашып,
Тамылжытып ән салайын.
Би билейік, айналайын,
Күй күйлейік, айналайын,
Ата –баба салтыменен,
Айналайын, айналайын, айналайын!

Өсіреді мені жерім,
Мәпелейді мені елім,
Асыл арман аялаған
Ұрпағыңмын артар сенім.
Жаңа ғасыр баласымын,
Екі көздің қарасымын.
Тәуелсіз ел Қазақстан
Аялаған жанашырым.



Қазақстан елім менің

Аспанында ақ нұр көшкен,
Қойнауында гүлдер өскен,
Туған жерім тәй-тәй басқан,
Тұсауымды менің кескен.
Аунап-қунап сайран құрған,
Қызықтарым кетпес естен.
Гүлдене бер, туған елім,
Еркіндіктің самалы ескен.

Қазақстан, елім менің,
Ұлан байтақ жерім менің,
Туып, өсіп өзінде мен
Ұланың боп өрілемін.
Астанадай жаңа ордам,
Қасиетті төрім менің.
Махаббатым ән мен жыр боп,
Арналады өзіне, елім.

Таулары бар бұлттан асқан,
Көлдері бар шалқып, тасқан,
Кең жазира даласындай,
Кең пейілді ел құшақ ашқан.
Бейбітшілік сырын сақтап,
Маужыраған ашық аспан
Жұмақ мысал, жерұйығым,
Жерім менің Қазақстан



Сәби сезім

Жаркыраған құрбы қыздар –
Ақ көңілдің ажары.
Жымындаған ақ жұлдыздар –
Балалықтың базары.

Көркем, кербез асыл өңір –
Аққулардың мекені.
Еркелеткен еркін өмір –
Бақытымның желкені.

Жайна, жайна жастық сәнім -
Қуаныштың белгісі.
Ойна, ойна, құрбыжаным,
Ай мен күннің үлгісі.

Раушан гүлдей сәби сезім
Шаттандырған жанымды
Таң қалдырған бал мінезім,
Бауыр қылған маңымды

Ертен ғана ержетем деп,
Ансап тұрам таңымды,
Ата-анама мен еркелеп,
Шырқай берем әнімді.



Жаңа ғасыр — жиырма бір

Жаңа ғасыр жиырма бір —
Күдіреттен жауған нұр!
Құпак жайды тауларым,
Жазық далам, ой мен қыр,
Айдын шалқар көлдерім,
Қонаюжайлы елдерім,
Еркіндіктің ақ жолы,
Биіктейтін өрлерім!

Жаңа ғасыр жиырма бір —
Жақсылыққа жанашыр,
Ел бейнесі көрікті
Жасампаздық нәрі асыл.
Адам арын аялар,
Дүниеге етпей құл.
Айнала бер, жұмыр жер,
Тіршілікке сеуіп гүл!

Жаңа ғасыр жиырма бір—
Ашылмаған жұмбақ сыр!
Қазақ елін дамытып,
Өмірімді қарық қыл.
Бақыт сыйлап ұрпаққа
Болашағын жарық қыл,
Бейбітшілік тамылжып,
Асқақтасын ән мен жыр.



Азамат

Азамат деген атыңды
Ардақтап өтсең болғаны,
Сыйлай да білсең жатыңды,
Санаңның бұл да толғаны
Сөз айта білсең татымды,
Мінгендей ерттеп жорғаны
Ұстасаң жат қып жақынды,
Ісіңнің болмас оңғаны.
Жақпасаң іште отыңды,
Өмірде гүлің солғаны.
Жарынды тапсаң ақылды,
Бақыт бұл құсың қонғаны.
Қызғаныш кірсе ішіңе,
Арамдық болар баққаның,
Береке бермес ісіңе,
Тыныштық болмас жатқаның.
Ер жігіт мінсе күшіңе,
Халқының көңілін тапқаны
Жамандар кетсе ісініп,
Көрерсің арды сатқанын.
Менсінбей өтсең кісіні,
Өзіңе кара жаққаның.
Қылығын қоймас түсініп,
Ездердің қарғыс атқаны.



Қазақтың азаматтығы

Көңілдің ақтығы,
Жігерлігі, шаттығы —
Елдігіме жарасар
Қазақтың азаматтығы.
Көрсетпей де жат қылық
Жатты сыйла шат қылып,
Ерлік іске парапар -
Бұл нағыз азаматтылық.
Істі үйрен жаттығып,
Билік құрма бақ қылып,
Қысылғанға қол берсең
Қашпайды азаматтылық.
Қойса асты қат қылып,
Барынды бер тәтті ғып,
Атымтайдай жомарттық —
Қазақта нар азаматтылық.
Қызметкер, бастық көп,
Баптар басын, бақтырып,
Көп боп надан, азайса ер,
Бұл қандай азаматтылық?
Істің кілті басқада,
Жасар бізге жат қылық,
Не пайда оны алмасақ
Елмен бірге сап құрып?!
Бұл керек азаматтылық!
Аман болса ел іші,
Кетпес те азамат құрып,
Ердің елдік нұрлы ісі -
Үлгісі азаматтылық!



Сарыарқам, сенен айналам

Жастығым лаулап жайнаған,
Қазаны еңбек қайнаған,
Ұл-қызым туған Отаным,
Тұғырға алтын байлаған,
Жер астын шарлап кенші боп,
Табаным тастан таймаған-
Қазақтың белді мекені,
Сарыарқам, сенен айналам!

Сағыныш билеп сезімді,
Еске алам жастық кезімді,
Мыс қорытушы, кенші қауымды,
Алтынға балап жезімді...
Көз көрген көне қария
Өсиет қыл айтар сөзіңді.
Жезқазған-төрім, сөлем ал,
Балаң боп бауырым езілді!

Аңсаған мен бір балаңмын
Шайырлы исін далаңның,
Сарысу, Кенгір, Жезддей
Сыңсыған әнін салаңның.
Сусындап қайтар көліңнен
Жезкиік болып оралдым.
Ұлытау, саған табынам,
Рухына Тайжан бабамның.

Күмбірлеп кеуде-сарайым,
Шалқыған ән-жыр маңайым.
Тәуелсіз елдік күн туды
Келтірген таңның арайын.
Өремді өскен көрсетіп,
Ән-жырдан шырақ жағайын,
Парызымды елге өтейін,
Қабыл ал, қолдап, ағайын!

Шалқына

Өткенді ойлап,
Жыр қылсам бала шағымды
Болыппын ұлы
Ауылдың ерке, жағымды.
Үстіме түсіп,
Қарлығаш болып қалқыған,
Мәңгілік сүйдім,
Анамдай нәзік жанымды.
Өмірдей өзен
Токтатар кімдер ағынды?
Сол ана өліп,
Жетім деп ат та тағылды.
Қарындас, іні,
Әкеге қарап телміріп,
Көзімнің жасы
Көл болып бұлап, ағылды.
Отаным байтақ!
Оқытып аштың бағымды,
Азамат деген
Ұлы есім маған тағылды.
Осы бір дарқан,
Бейбітшіл асқақ өмірде
Кеудемде сөнбес
Шамшырақ отым жағылды
Сол отпен өрге,
Өрмелсіп шыңға бас ұрдым,
Астында жердің
Талқандап кенді тас ұрдым.
Адамға ғашық
Жүрегім менің елжіреп,
Қоя алмай келем
Жолдасқа жаным ашуды.
Ішсем де зарды,
Кездесіп талай сан уға,
Адамға сенгіш
Көңілім дайын нануға.
Балалық кезден
Ұшатын еді қиялым —
Болашақ адам

Бейнесін жарқын тануға,
Нәзіктік іздеп,
Пернесін жүрек басамын,
Жамандық сезсем,
Жанымды ала қашамын,
Қолымнан келмес
Жалтақтап өмір сүру де,
Сығалап жүріп,
Сыртында өткел-тасаның.
Жинап ап бойға,
Адамдық асыл қазына,
Себелей сеуіп,
Шашудай қылып шашамын.
Әрқашан аңсап
Сахара байтақ даламды,
Бой жазып келем
Аралап сай мен саламды,
Болғасын қазақ
Қалайша шыдап тұрасың,
Қолыңа алмай
Домбыра менен қаламды.



Жүрек сыры

Жүрегімді жыр тұнған,
Түсінетін жан бар ма?
Сезімімді бұлқынған,
Өсіретін жан бар ма?
Көп шуылдың ішінде
Нәр алатын мән бар ма?
Кетер ме екен түсінбей
Жаны абзал жандар да?!

Ақ дастарқан — ақ көңіл,
Бәріңе жайсам жетер ме?!
Ниеті кара, ойы жеңіл
Былғап та шегін кетер ме?!
Жақсылық көп білгенге
Жасауға бізге жетер де,
Үлгерем деп жүргенде.
Қайран, дүние өтер де.

Құлазыма, құлама,
Көңлім — асқар биігім.
Топастан рахым сұрама,
Бәлесі болар сыйының
Қызығы мен өмірдің
Кешерсің бастан қиының,
Қастығынан тобырдың
Сақтар халық ұйымын.

Пиғылынан сақтасын
Кердеңдеген наданның,
Ел-жұртына жаққасын
Сәті де болар қадамның.
Жарқын мінсз бакқа сын
Тартарсың біраз одан мұң,
Үнемі жүрек сақтасын
Сезімін нағыз адамның.

Қазақты үлгі көреміз,
Таң қалып сыйға әдепкі.
Қоя алмай бірақ келеміз
Көреалмастық әдетті.

Өсекке тез ереміз,
Қаярлықты нәр еттік.
Сөзге де шешен пәлеміз,
Жүрекке жетпей зар еттік.

Жаман әдет болды деп,
Атадан мен де безем бе?!
Кемсіріме толдым деп,
Баршылықты сезем бе?!
Асылықты қояйық,
Тимесін шайпау сөз елге,
Жат қылықты жояйық
Осы бір жақсы кезеңде.

Сүрінбе, көңілім, сүрінбе,
Өмірдің ұзақ жолында.
Жыласаң, бірде күлімде,
Тілегін жүрек орында.
Уа, жігіттер, білiндер,
Тарлығын дүние, молын да,
Сыйластық керек тірінде,
Ол адамның қолында.



Тіл тағдыры

Ақ сүтімен анашымның дарыған,
Ана тілім – шамшырағым жағылған
Алла жаққан бұл шырақты өшірмес
Шала қазақ шенді шекпен жамылған.

Қолдар тілді еркіндігім, елдігім,
Көбейді ерлер аркалайтын ел жүгін,
Келді кезің, қазақ елім, бағалар
Ер жігіттің ұлтжандылық өрлігін.

Ата-баба өсестін сағынып,
Тіл туралы заңды орындап бағынып,
Шалалардың тілін бұрап шыңғыртып,
Үйретейік тілді ел болып жабылып.

Қазақты ұғып жүрекжарды сезіммен,
Басқа ұлттар шошымайды сөзімнен.
Түбін талдап қазіргі іске үңілсек,
Барлық пәле шығар, қазақ, өзіңнен

Жас ұрпақты орышадан тыя алмай,
Келімсектің көңілін аулап қыя алмай,
Тегеуірін тыянақ жоқ ісінде,
Шашыласың айылыңды жыя алмай.

Дегенменен қиындықты жеңеміз,
Мықты ұлт болып болашаққа енеміз.
Мың өліп те, мың тірілген қазағым
Тіл тағдырын бермес қолдан – сенеміз.



Жақсы - жаман
(Ақан Сері үлгісімен)

Заманды бұрынғы өткен көз көрмейді,
Бірақ та заты жаман өзгермейді.
Жаманның бұл күндегі бір үлгісі,
Көпірме, көке мылжың, сөз бермейді.
Туса да жамандардың ай басына,
Қашан да баса берер айласына,
Жолдас пен досы оның жаралғандай
Жалғыз-ақ өз басының пайдасына.
Ел жүгін жақсыларға арта берген,
Көп үміт күткен елім арқалы ерден.
Жаманның ісі болмас көпшілікпен
Мәстектей сыңар езу тарта берген.
Санамас ешкім өзін жаманмын деп,
Жексұрын әдеттікке маманмын деп.
Санассаң ел-жұртыңның көңілімен
Айтарсың жамандықтан аманмын деп.
Бүлк етпес қара жүрек көз жасыңнан,
Надандық сезледі сөз басынан
Ел бір жақ, топас бір жақ болса дағы,
Кінә іздеп бас қатырмас өз басынан.
Жақсыны пір тұтады өскен елі,
Жақсы адам ел сыйына қош келеді.
Ежелден жаман теңдес құзғынменен
Өсектеп жамандауға өш келеді.
Жамандар ақты былғап күйе қылған,
Жалаға жақсы жанын ис қылған,
Қарамас өз басына сын көзімен,
Біреудің түймедейін түйе қылған.
Не керек тыңдалмаса жыр болғаны,
Шықпайтын тұйықталып сыр болғаны.
Көл болған, қайран, көңіл шалқымаса,
Дүниеде ер азамат қор болғаны
Әдепті ұлды көрсең көңілін өсер,
Әдепсіз кіші аға жолын кесер.
Амандық, сәлем, әдеп-ұрпақ көркі,
Азайса елдігіме келер кесел.
Жақсының жаман жетпес білгеніне,
Жаманның жақсы ермес күлгеніне

Әдеті жаман адам шіренетін
Бір мезгіл бақ көтеріп жүргеніне.
Әдетім қонақ келсе ас салатын,
Шын достық жолдастықтан басталатын.
Жолдастан жаман шықса жанға батар,
Арына сыйды сырып бас салатын.
Әркімнің бұл өмірде ізі қалған,
Іс жаса ізбасарың қайран қалған.
Жасауға көп жақсылық үлгеріндер,
Өйткені тым қысқа ғой фәни жалған.

Жетім бала сыры

Көрмедім ана жүзін тастап кеткен,
Келбетін көкек әке ұрық сепкен,
Нәліктен жалған дүние қазымыр ең
Қоғамға жетімдікті жетектеткен.

Айтуға өмірбаян ұяламын,
Өлімге қайтып жанды қия аламын.
Тіршілік тербеткесін мен байғұсты,
Алладан жарық дүние сый аламын.

Уа, Отан Қазақстан, еркін елім,
Сенімен жарқырайды көркім менің.
Туған жер сай-саласын зыр жүгіріп,
Жоғалтпай балалықты еркіндесім.

Уа, Отан – сен ана,
Тірегім – сен ғана.
Қол үшін бергенді
Пір тұтар мен бала.



Інілерім

Інілер ағалардың тынысындай,
Елімнің сарқылмайтын ырысындай,
Жаксы іні ағасының ақ арманы,
Көз тартар көкжиекте нұрлы шыңдай

Інілерім, Інілерім!
Сендермен көрікті ғой елім менің!
Еркіндік бағын ашқан,
Бақыты шалқып тасқан,
Ағаның ізін басқан, мұрагерім!

Інілер сұлулықтың әлеміндей,
Әлемді таң қалдырған әуенімдей.
Тербетер аға көңілін жан шуағы,
Інінің ыстық ықылас сәлеміндей.

Інісін аға үнемі сағынады,
Інілер ізгілікке табынады.
Ісімен елдігімді жарқыратқан,
Інінің шайқалмасын шаңырағы



Көкше жолы

Жүріп келем Көкшенің бір жолы мен,
Көңіл жорытып тау жотасы, жонымен.
Сол жақ-жазық, оным - орман, қыраттар,
Суреткер келтіргендей қолымен.

Қарағайлар тасты тесіп шыққандай,
Үйілген тас әдейі арнап жыққандай.
Ерке сезім еркелейді самал боп
Табиғаттың тамашасын ұққандай.

Шық мөлтілдесп шөптес көздің жасындай,
Жылтылдайды күнге гауһар тасындай.
Желкесінен төбесіне тұтасқан
Қалың ағаш таудың бұйра шашындай.

Имантау мен Жыланды тау арасы,
Алыс емес бір-бірінен қаласы,
Ақбұлақ пен Үлгілі елін атаған
Ойлап келем қай қазақтың баласы.

Ақбұлақ боп аққан қымыз нәрі ме?
Ақ көңілі, ақ сағымы әлі не?
Ақ қолы ма қара қазақ ағамның
Бұлғап тұрған соғып кет деп бәріне.

Әдепті ел боп сен үлгілі болдың ба?
Қызы жоқ дер мұндай сұлу хордың да.
Жігіттерің қандай маңғаз, өнерпаз,
Бақыт шалқып кемеріңе толдың ба?!

Көкорайға жатқым келді, ауағым,
Қыран болып кезсем, шіркін, аймағын.
Тіл табыссам құдіретті жеріңмен,
Түсінемін тұнық сырдың айғағын.



Құшағыңды аш, Көкшетау

Көкше – Абылай өрлігі,
Кенесары ерлігі,
Сал-серілер ордасы,
Асып туған жерлігі.

Орман көлі шалқыған,
Сел қарағай балқыған,
Бас айналар көргенде
Биш қайың салтынан.

Жері жұмақ, сәні бар,
Самалы ескен таны бар,
Аты аңызға айналған,
Басында зор бағы бар.

Табиғатпен сырласам,
Серуендеп қырға асам,
Құшағыңды аш, Көкшетау,
Ән мен жырдан нұр шашам.

Көкше әуені

Қопадай айдын көлдің жағасынан,
Бұқпадай бұққан таудың сағасынан,
Әсем ән тербеледі, толқындайды, ағылады,
Арқаның сұлу Көкше саласынан.

Ежелден кербез Көкше биік едің,
Маржанын табиғаттың жиып едің.
Сәніңе, ерлігіңе, еңбегіңе әнің сай боп,
Барлық ел Көкшетау деп сүйіп еді.

Жүйткімін айдынымен, құрғағымен,
Әнді ерттеп жүйрік-жорға жырға мінем,
Қарағай, қайыңменен, шыршаменен қол ұстасып.
Билеймін кешкі самал ырғағымен.

Көркемсің, қалқашымдай,
Шалқисың ән шашудай.
Көкшетау, Айыртауым,
Имантауым, Зеренді тау,
Сексен көл сұлу Арқа алқасындай.

Жаса, жаса, Көкшетауым

Көкшетау - әсем қаламды сағынам,
Көлімді Қопа алқа ғып тағынам,
Ауасын жұпар көкірекке қондырып,
Нәр алам жасыл, хош иіс бағынан.
Сұтулық сәнің көркінде байқалған,
Көрген жан бірден тамсанып айта алған.
Қиындық кезді жеңетін жігермен,
Жандарға жайсаң, талантты, бай қалам.

Жаса, жаса, Көкшетауым,
Жасыл желек бауларым
Жақсы көріп аялайды
Қоныстанған бар қауым.
Арайланшы, Көкшетауым,
Асқақтасын жыр-әннің,
Сенемін мен қасиетіне,
Болашақтың жақ шамын.

Көкшетау — еркін қазақтың қаласы,
Достыққа құштар, үлгілі баласы,
Еңбекке ерін шақырып, жетелер,
Кенге бай жері, құнарлы саласы.
Көкшетау — мәңгі махаббат, бесігім,
Сал-серім, елге белгілі есімің.
Әлемге аты әйгілі, кербезім,
Достарға ашық құшағың, ссігің.



Бурабай — Көкше

Көңілдің мәңгі жазы,
Сал-сері сәнді сазы,
Көкшетау - тәңірім,
Жүректе ән-жырым,
Сұлулық таңғы назы

Бурабай - Көкшем,
Жұпарың ескен,
Бұралған биші ақ қайындар.
Оқжетпес - өрім
Жұмбақтас - төрім,
Ансаған суыңды көк айдындар.

Қазақтың жаз жайлауы,
Елдіктің ақ жайлауы,
Нұрланған ажарым,
Тарқамас базарым,
Көкшетау - жер жұмағы.
Серісі Астананың,
Жүрегі Ақмоланың.
Қонағын қарсы алған,
Достыққа жар салған,
Көкшетау - асқақ әнім.



Ерейментау

Айналған қазағымның еркесіне,
Қыратты, самал таудың өркешіне,
Ерлігі, серлігі аңыз болған
Асықтым Ерейментау өлкесіне.

Ереймен – Сарыарқанын саңлағы,
Отаны қарт Бөгембай қанжығалы,
Кешегі хан Абылай заманында
Қазақта батырлықтың әнұраны.

Қазақта алты алашқа даңқы асқан,
Саққұлақ биім талай жиын ашқан,
Аңсатқан самал-сағым, Ерейментау,
Батырым Иманжүсіп әнге қосқан.

Көркіне көз тоймайтын көне жерлер
Күрсінген ерлерді ойлап Қоржын көлдер,
Сынығы жақсылардың айдауда өлген
Олжабай, Барлыбайдай – асыл ерлер.

- Сәлем де қанжығалы туған елге –
Деп айтқан Естай ақын сөзі өлерде.
Ұрпағы сал-серілер Көкшедегі
Әндетіп келіп қалдық Ерейменге.

Осы ма, Ерейментау, құбылған бұл,
Осы ма жан сырымды ұғынған ел,
Қанаты сері Ақанның қайырылып,
Мерт болып Құлагерім жығылған жер?!

Билердің өр биігі, Саққұлағым,
Жандырған дана сөзбен бақ шырағын,
Ақанның жанашыры болып елде,
Алтындай бағалатқан ат тұяғын.

Түскендей сөзі бидің заңғар көктен,
Данышпан, даналығы бізге жеткен,
Тоқтатып Сағынай тойын ел алдында
Құлагер өліміне құн төлеткен.

Тұқымы бай, қажының елден безген,
Қутын мен қиындыққа көніп төзген,
Елінде қанжығалы көп мұндасым
Танысқан Омбы жақта бала кезден

Қорғалжын

Қорғалжыным - аты елі, көлінің,
Айдын шалқар, теңіз - дәрия, көрігім,
Сан құстардың салтанатты базары,
Алта қолдап аялаған қорығым.
Қорғалжын, Қорғалжын!
Сені аңсап ән мен жыр боп толғандым

Көл тербеткен сан құстардың ән-нуын,
Фламинго-қоқиқазы аруын.
Көз тартатын от-жалындай шалғайдан,
Жанға шуақ дарытатын, дәруім,
Қорғалжын, Қорғалжын!
Сені аңсап ән мен жыр боп толғандым.

Көкшетаудай қасиетті елді елеп,
Ән шығарған Күмісбеков Кенжебек.
Мен де жеттім Қорғалжынға әндетіп,
Жаны жайсаң өнерпаз боп елгезек.
Қорғалжын, Қорғалжын!
Сені аңсап ән мен жыр боп толғандым

Сүйсінгендей жазық дала сәніне,
Қорғалжыным айналған жан нәріне,
Махаббаттың күйі кернеп кеудемді,
Салып келдім Дударайдың әніне.
Қорғалжын, Қорғалжын!
Сені аңсап ән мен жыр боп толғандым.

Қорғалжыным күн көзімен нұрланды,
Әсерлі әнмен көл тербеліп ырғалды.
Кер маралдай кербезденген арулар
Кім ұмытар Әмина мен Гүлнарды.
Қорғалжын, Қорғалжын!
Сені аңсап ән мен жыр боп толғандым.

Қызылжарға

Мен келдім Қызылжардың қаласына,
Есілдің ақ қайыңды саласына,
Атығай – Қарауылым мекен еткен
Солтүстік Қазақстан даласына.

Малынған ата-бабам жарқын нұрға
Бұл өлке атамекен мендей ұлға.
Жетпістің желкенінде ән шалқытып,
Бөледім елімді мен ән мен жырға.

Ұлын боп құшақ жаям бауырларым,
Қонысы қазақ – дархан ауылдарым,
Даналар, сал-серілер із қалдырған,
Жалғаған жақсылықты қауымдарым.

Белгілі болды елге менің бағам,
Еліме ән мен жырдан алқа тағам.
Шіркін-ай, тірі болса қуанар ед
Атақты академик Ебіней ағам.

Әндерім талай – талай елге жеткен,
Ұрпаққа ұлттық әуен, үнді сепкен.
Сарыарқа, сұту Көкше Иран Сал деп,
Қалың ел ту көтеріп еркелеткен.

Қызылжар болмас маған снді бөтсн,
Сүйеніп қолдауына мен әндетем.
Рахмет, қарсы алып жатқаныңа
Бастаған Серік әкім атамекен.

Әндетіп араладым Ақжар елді,
Сері Ақан сайрандаған Саумалкөлді
Бас ием ән сүйетін қауымдарға,
Ұлына құшақ жайып, көңіл бөлді.

Ақжарға

Аман ба, ата қонысы – Ақжар елім,
Қарой мен Бестамақтай асқар белім,
Мыңғыртып мал суарған ата-бабам,
Шолақ Су, Бас көл менен Аяқ көлім.

Аталар Атқы, Жауар, Мөңтік, Сарым,
Әрқашан елдігімнің болған нәрі.
Мақтаған Біржан салым төрт атама
Менің де ауа береді ынтызарым.

Ұрпағы Смағұл қажы Иран атым,
Ішінде Қарауылдың Мөңтік затым
Жетелеп жеткізгенде жетпіске Алла
Талмаған аспандайтын ән қанатым.

Туған жер аялаған кенді алтынын,
Сөнбейді ұшқындары ер халқынын.
Омсқауи, Смағұл, Ғаббас даналардың
Отаны сенсің Ақжар – ақ жарқыным.

Зергері сөз Ғайнитден Мұсабаев,
Сан қырлы болған ғалым жеріне лайық
Осындай асыл ерлер ұмытылмас
Тұрғанда еркін елдік канат жайып.

Кенші боп Сарыарқада көп жыл жүрдім,
Сал–сері болып сауық–сайран құрдым,
Ақыры туған елге қайта оралып,
Ағайын алдарыңа келіп тұрмын.

Бар екен азаматтар елді ойлайтын,
Жеткендей ел жағдайы той–тойлайтын.
Қуанам ер азамат көбейгенге,
Ақжарым–ақ жол ырысын ел жоймайтын.

Шәкірті Қосымжанның Жаналы аға,
Атақты Арқа әншісі – алтын жаға.
Рухы жебегендей бүтін мені,
Ескендей мақпал үнді самалы аға.

Өн–жырым–қасиетім, ермегім де,
Өмірді әсемдейтін өрнегім де.
Бір аунап аруақтар жатқан шығар
Әндетіп жеріне ата келгенімде.

Туғанмен нағашы елде Омбы жақта,
Дәм тартқан ата қонысым осы жақтан.
Тепсе де өзегінен кетпейтіндей
Ұлыңмын, қайран, елім, сенім артқан.

Бас ием Ақжар еліме,
Ата қонысы жеріме.
Мыңғыртып мал айдаған
Құнарлы жазық беліме

Көңілді бөл ұлына,
Әндеткен сал–серіне.
Шығайын деп мен тұрмын
Жетпістің желкен сеңіне.

Сарыарқада сайрандап
Шықтым елдің төріне,
Кенші, әнші, сал атым
Жарасқан мендей еріне!



Жыл мезгілдері

Көктем

Блінер көктем басы лебінен,
Аңсаған жан-жануар тілегінен
Жем-жем боп қар байғұс та еріп жатыр,
Көктемге ұстатып ақ білегінен.

Көгеріп ақша қардың өңі қашып,
Қарайып таспа жолдар, төбе басы,
Сөгіліп қарлы көрпе қыртысынан,
Сумандар жыралардан сулар қашып.

Өкпек жел кеміреді ол да қарды,
Сәулесі күннің тінтіп жылғаларды,
Иленіп саз балшықпен иі қанып,
Бусанып жер-ана бір демін алды.

Жаз

Жарқырап тұрған жаз күнім,
Қаңқылдап ұшқан қаз үнім,
Ақселеу басы тербеліп,
Сыбызғылатқан саз үнім.

Қосылып құстар орманнан
Тамылжытып салғанда ән,
Шалғысын қайрап шегіртке
Жаз күйін тартып толғанған.

Алыстан сағым бұлдырап,
Бұлақтың суы сылдырап,
Тәтті қиял көкке өрлер
Бозторғайша құлдырап.

Күз

Күз де жетіп, табиғат та сыздады,
Жаркыраған күн көзі де қызбады,
Анда-санда соғып кетіп суық жел,
Қалтыратты қамыққанды ызғары.

Ағаш курап, шөп те солып, сарғайды,
Кең даламның жел қобызы сарнайды,
Болашаққа нұр себелеп сүмбіле,
Қазағымның қоңыр күйін толғайды.

Солтүстікте қалып шымшық, сауысқан,
Оңтүстікпен құс төресі қауышқан.
Бірте-бірте күн сәулесі азайып,
Түннің ұзақ ұйқысына ауысқан.

Қыс та таяу күздің жүрмес назы да,
Қатқак түсіп мұзға айналар сазы да.
Уа, жаратқан, ойға батам күрсініп,
Күзі келген жанның шықпас жазы да.

Қыс

Қыс та келді ақ көрпесін сүйретіп,
Шымшыма аяз қытықтайды үйретіп,
Теңселеді қыр төсінде ақ қайың
Сәукелелі бұтақтарын билетіп.

Әсемдікке қырау алқа тағынам,
Ақ далам боп жарыламын ағынан,
Адамдарға тілек тілеп жақсылық
Аппақ болып жауған қарды сағынам.

Қарлы қысым боран жырын толғайды,
Аязынан ыстық жүрек тоңбайды,
Аппақ көрпе жапқан кірін қара жер,
Арлы қысты сағынбауға болмайды.

Армысын, қыс, сырғымаңмен желстін,
Бойымызға шымыр шаттық енетін,

Дайындалып қыс келді деп қазағым
Соғым сойса сенің сәнің келетін.

Ақсақал қыс, талай-талай сазың бар,
Адам болып менің де айтар назым бар.
Күш көрсетіп қыса берме мал-жанды,
Күні ертең шығатұғын жазым бар.

Наурыз-көктем-қыз бағы

Наурыз-көктем - жыл басы,
Елдігімнің сырласы,
Шешіп қыстың көрпесін,
Аймалаған қыр басын
Айналайын, халайық,
Құтты болсын жаңа жыл,
Көктем таққан сырғасын.

Наурыз-көктем - қыз бағы,
Гүлденгендей қыздарым,
Жібiткендей жүректің
Қыстан қалған ызғарын.
Айналайын, қыздарым,
Ерiткендей жүректің
Түбiндегi мұздарын

Наурыз-көктем - нұр-иман,
Құшағына гүл жиған.
Адамзатқа жарқырап,
Күннің көзі нұр құйған.
Айналайын, қыздарым,
Жүрегінен ән құйған,
Аялаған бұл Иран.

Қыз ұзату-үйлену той

Жарасып той-думанмен қазақ халқым,
Әндетіп жырға басса жүзі жарқын.
Құдалық, қыз ұзату, үйлену той
Ешқашан ұмытылмас ата салтым.

Қуанып екі жастың ата-анасы,
Жасайды құдалығын шашу шашып,
Ұрпақты толғандырып топқа қосар
Аталар, әжелердің ақ батасы.

Татындар дәмін ас пен тұзымыздың,
Алындар нәрін ән мен жырымыздың,
Құдалық сый құрметті аямаймыз
Бас қосқан жолында ұл мен қызымыздың.

Махаббат өмірімен қосқан басын,
Бақытты нұрлы болсын екі жасым.
Ата-ана, туыстардың ақ тілегі-
Алдынан ақ отаудың жарылқасын

Ұл үйленсе-думан той,
Ата-анаға-абырой.
Тағы да бір ақ отау
Көтереді елде бой.

Қыз ұзату-той думан
Қызықтайтын бар туған,
Тебіренер туған жер
Кіндік кесіп, кір жуған.



Қазағымның сұлуы - жан дүниемнің жылуы

Қазағымда сұлуым,
Күн көзіндей жылуым,
Шашса нұрын кара көз
Қиын шыдап тұруын
Керілген қас, ақ маңдай,
Жүріс тұрыс, бап қандай!
Қиылғанда қос жанар
Таң шапағы атқандай!
Үлкендерден сый алған,
Тік қарауға ұялған,
Қалқып өтсс алдыңнан
Шыға алмайсың қиялдан
Сұңғақ, сымбат бойы бар.
Терең сезім, ойы бар.
Келбет, мінез келіссе
Ару деп ат қойылар.
Қолдан түрлі іс келер,
Шеберлігі түске енер,
Арлы ару қосады
Бозбалаға күш, жігер!



Ауылдағы ақ апам
(Күлсін апама)

Ауылдағы апамның,
Қолына алған нұрлы ісі,
Үш жиырма бес жасында
Бұрынғыдай жүрісі,
Қолынан татқан дәм тәтті,
Саркылмаған ырысы,
Бәрінің ебін табады,
Алыстамай туысы.

Ауылдағы апамның
Көкірегінде көзі бар,
Елге арнаған аналық
Ұрпаққа жылы сөзі бар,
Кейісе біреу ісіне
Ұрсып алар кезі бар.
Бол бәрің де апамдай
Жанға жақын, сезімтал.

Ауылдағы апамның
Ағасы елге үлгілі,
Өнегелі інісі
Шаруаның білгірі,
Немересі балауса
Жайнағандай қыр гүлі.
Жасай берсін апамыз-
Аналардың дүлдүлі.

Ауылдағы апамның
Сіңлдері тағы бар,
Желкідеген үкдей
Әсемдікке тағылар,
Соларменен қосылған
Ердің біздей бағы бар.
Қайын-жұртын күйеулер
Туысындай сағынар.

Ауылдағы апамның
Бойла жүрек сырына,
Өнеге алсын ұрпағым
Қарап қызы, ұлына
Риза болған апамыз
Менің ән мен жырыма.
Тілегім – апам шалынсын
Жаратқанның нұрына

Әйелдерге

Әйел десе еске түссер асыл жар,
Қыз-келіншек, қарындастар, асылдар,
Тамаша жоқ, махаббат жоқ оларсыз,
Пейілдерді соларға арнап ашындар.

Әйел адам – ер адамның қазығы,
Жан дүние сарайының азығы,
Ерлікті ұштар жалаулатқан найзасы,
Қыр гүліндей жанған жүрек нәзігі.

Әйелдермен қыздырамын қанымды,
Әйелдермен түзетемін сәнімді.
Әйелдермен жігерленіп, шаттанып,
Шырқатамын асқақ, нәзік әнімді.

Әйелдермен білінбейді шалдығым,
Биіктейді азаматтық арлығым.
Қыз-келіншек әндеріме нәр беріп,
Сақталғандай серілік пен салдығым.

Әйел десе анам еске түседі.
Ана деген неткен ерен күш еді,
Жүрегінен ізгілік нұр құятын,
Шуағы мол, мейірімді кісі еді.

Әлпештеген адамзаттың баласын,
Аналармен табар бәрі жарасым.
Әрқашанда жан шуағын төгетін
Аялайық бүкіл әлем анасын.

Күніңмен туған, жан жарым

Күніңмен туған, жан жарым,
Қосылған аңсап арманым!
Алғасын сенен нәрімді
Қанатым менің талмадың,
Ұрпаққа ана, әже боп,
Өмірін ата жалғадың.
Шамшырақ қытып ақылды
Туысқа сырды арнадың.
Парасатыңа бас иді
Қатынасқан жан, бар маңың,
Өмірдің озған салтынан,
Ұрпақты қолдап, қалмадың.
Қиындық түссе басыма
Бола алдың камқор - қорғаным,
Мінезіңмен ерлік көрсетіп,
Айтып та билік толғадың,
Өзіңдей тірек болғасын
Алдында елдің жорғамын,
Сұлуым сендей болғасын
Түспейді көктен талғамым.
Дінгегі алтын өзіңдей
Қасиет қонған ордамын,
Өмірімді, ән мен жырымды
Бір өзіне, сәулем, арнадым

Жан жарыма

Жарым менің Рәзиям,
Жырым жылы, нәзік ән!
Рәзиямның қолымсн
Жұмақ болған өз ұям

Рәзиям – жазым, жас шағым,
Биік, заңғар аспаным!
Жан жарым деп жырлайтын
Аяқталмас дастаным.

Келші, жаным

Кел жаным, келші жаным, келші жарым,
Ұнай ма ерке сазды салған әнім?
Көкшенің тамашалап табиғатын
Алайық бал-ләззат жанның нәрін.
Табиғат еркесі боп еркелейік,
Қиялмен Оқжетпеске өрмелейік,
Өлгенше жұбын жазбас қос аққу боп,
Күміс көл айдынында тербелейік.
Көз тартса сұлулығы айналаның
Қалайша әнге салмай жай қаламын,
Төгілген нұрлы сәулс ақ жүзіңнен,
Көзіңнен дөнгеленген айналамын.
Жалғасып сұлу Көкше келші күнге,
Пейіштің ашқандаймыз есігін де,
Жамылып Көкшетаудың көк торғынын
Махаббат тербелейік бесігінде.

Көкшетаудың тірегі еді (Байкен Ашимов рухына)

Байкен аға, - Көкшетаудың тірегі,
Өле-өлгенше ел деп соққан жүрегі.
Ардақталған қазақ елі басшысын
Бүкіл Одақ, барлық әлем біледі.
Сабырлығы – қазақ елі өзіндей,
Ерлік ісі – ата данқы көзіндей,
Қазағымның ақсақалы, данышпан,
Қарт абыздың артта қалған сөзіндей.
Сүйген жары Бақыт ару - көктемдей,
Ел анасы арманына жеткендей,
Бақытымен бақытты боп ағамыз
Бақилыққа қолтықтасып кеткендей.
Жарқыраған Астананың төсінде,
Дәмдес болған жүрекжарды кешінде,
Жеңгем мақтап өнерімді әншілік
Көңіл құсын ұшырғаны есімде.
Қайран, аға, сол кез келіп қасыма,
Сөйлеп еді өзімсініп ашыла:
- Иран, елге менен сәлем арнап айт,

Көкшетаудың шығып биік басына
Содан кейін жолықпадым ағаға,
Бірақ сол сөз енді мықтап санаға,
Аманатын естіп елге жолдаған,
Ие болдым аға берген бағаға.
Тіршілік күн көюкиекке батқандай,
Аға таңы қайта-қайта атқандай,
Ерлік ісі, өнгессі ағаның
Ұрпақтарды жалғастырып жатқандай.

Данышпан, дана қарт адам
(Бөкен аға рухына)

Айрылдық Бөкен атадан,
Саналы тілек, батадан
“Мөңтіктің” қалған көзі еді
Мұсақай-Жакып атадан,
Аққандай бұлақ сөзі ем,
Данышпан. дана қарт адам!

Ағайын “мөңтік” тірегі,
Сезімтал соққан жүрегі,
Атадан қалған қасиет,
Таусылмай жеткен жыры еді,
Ұлағат, үлгі, мирастың
Үзілмей келген сыры еді.

Жанғыртқан өткен көнені,
Жатталған айтқан өлсеңі,
Ағайынның елдегі
Негізі берік емені.
Қосылған аңсап алыстан
Ұмытпас мәңгі оны елі.

Жалғасып елдің тірлігі,
Артында қалды нұрлы ізі.
Қам жеген аға ұрпақтың
Не болар елдік бірлігі?!
Алыстай берген таудай боп
Ұлғаяр аға ірілігі!

Адамды тағдыр сынайды,
Женгеміз де мұнайды,
65 жыл бірге өткен
Өмірден таупық сұрайды.
Еске алып аға нісін
Ұрпақтар, бөбек жылайды.

Бессапап бсс ұл өсірген,
Ұршықтай үш қыз есілген,
Бақытты ата саналып,
Тірлігі көлдей көсілген.
Даламдай көңлі кең ағам
Кетпес те мәңгі есімнен.

Тыңдаушы ең ән мен жырымды,
Туыстық елдік сырымды,
Бәрінен биік қоюшы ең
Адамдық ерлік ұғымды.
Ісінді жалғар кім болар,
Арқалар дана жүгінді?

Уа, Бөке, мені еледің,
Ақыл мен жырға бөлсін.
Ел-жұртым қолдап ұлдарын
Әндетіп әлі келемін,
Ізінді, аға, жалғар деп
Ұрпаққа мен де сенемін.

Мойсей аға

Белгілі, Мойсей аға, атың елге,
Құрметпен жүре білген билік төрде,
Қайырлы, құтты болсын туған күнің,
Шығарған сексен толқын ақ шың өрге!

Сәніндей кербез Көкше төріміздің,
Әніндей сал-серілік беліміздің,
Қасынан тастамайтын бірге жүріп,
Серігі Әуелбеков еріміздің.

Еңбекпен арпалысып атқан таңы,
Сөзге ұста, іске шебер, қызу қаны,
Маңына топтастыра білген елді,
Құрметтеп әлпештеген дихан жанын.

Еңбегін бағалаған бүкіл Одақ,
Ордендер, медалдарын төске қадап,
Маған да ұстаз болған Мойсәй срым,
Жұмысын істегенде кәсіподақ.

Жарасып ер мінезі даламызға,
Үлгілі өнеге боп санамызға,
Мойсейім аман-сау боп ғұмыр кешсін,
Саркылмай салтанаты арамызда.

Мойсей Чжен –хас тұлға,
Сергек сексен жасында,
Қашалғандай еңбегі
Гранит Көкше тасында,
Ассамблея мүшесі
Достық істің басында,
Заты басқа болғанмен
Санаған қазақ жақсы ұлға,
Болды күйеу қазаққа,
Майра женгей қасында,
Өсіп, өнген ұрпағы
Қазағымның қосында.
Ағасындай қамқор жан
Иран Салдай ақынға!

Жалған

Жігіттер, сырғанаиды дәурен бастан,
Жас та өтер жігері мол, асып, тасқан,
Жалғыз-ақ сері көңіл түлей берер,
Гүліндей бұл өмірдің нәрін шашқан.

Түсінсең азаматтың қасиетін,
Табылар талай сыры бас иетін,
Сыйластық бұл өмірде көңіл гүлің,
Атадан қалған мұра өсиетін.

Сүйе біл қиналсаңда өмірінді,
Жоғалтпай жақсылыққа сенімінді,
Бір мезгіл көңіл құсын құйқылжытып,
Жүдетпе жан азығы - көңіліңді.

Бұл өмірдің қызығы

Бұл өмірдің қызығы
Зымырайды, зырлайды.
Жаспен бірге сырғанап,
Дәурен баста тұрмайды.
Артта қалған жастық шақ
Көңілді біздің қимайды,
Иран да әнмен шақырып,
Домбырасын ырғайды.
Сондықтан да, жігіттер,
Ойнаңдар да күліңдер,
Қысқасын фәни-жалғанның
Іштен сезіп жүріңдер.
Налымандар уайымдап,
Биліктің колда жоғына,
Қалдырмандар көңілді,
Ренжіп дүние боғына.
Құрметтейтін қонақтай,
Бір-біріңді сыйлаңдар,
Түссе де басқа қиын күн
Жамаңдыққа қимандар.
Пайдалана біліңдер
Өлшеулі өмір сызығын.
Бұл өмірдің санаулы
Қызғанбаңдар қызығын.
Бұл өмірдің қызығы
Келіншек пе, қыз ба екен?
Сұлулықпен қауышу
Баяғы сұрлеу із бе екен?!
Жарқылдаған жігіттік
Көңілді қимай жүр ме екен?
Ағасына жігіттің
Нұрын төгіп тұр ма екен?!
Көңілін ақ болмаса,
Қызықтың нәрі болмайды,

Арам ой мен қу күлкі
Туғызар басқа сор жайды.
Жақсыменен жанассаң
Жанына шуақ орнайды,
Менменсінген жігіттер
Өзін-өзі қорлайды.
Бұл өмірдің қызығы
Тсңге, тиын, пұл ма екен?
Дүниеге табынған
Адам сорлы құл ма екен?
Сондықтан да, жігіттер,
Сақта адамдық мәнінді.
Пендешілік тірлікке
Айырбастама жанынды.

Жетілген жетпіс

Бағасын жетпіс жастың айту қиын,
Азаяр жетпіс жаста думан-жиын,
Тәуба ғып өзді өзіннен марқаясың,
Қабылдап ағалаған елдің сыйын

Жетпісім жетілген жас-жарқын жырым,
Әлі де төгіп тұрған алла нұрын,
Құлына қуат берген әндетуге,
Сындырмай сал-серілік сиқыр қырын

Жетпісім желкендәйсін толқын қуған,
Сүйсініп қарап тұрған ел-жұрт, туган
Шуағы жетпіс жастың сарқылмасын,
Жанымды домбыра алсам шабыт бұған.

Жетпістің қуатына халқым сенген,
Жетпісім қайраттанып, жігерленген.
Жол тартты жетпіс жасым кербезденіп,
Кәрілік салтанатқа әсемденген.

Жиырма бес жастық шағым, қайда маған?
Жетпіс жас-саржайлауым, сайраны алаң,
Жартастай теңіз-өмір жағасында
Толқындар жағадағы аймалаған.

Толқын

Жырымды бір, сырымды бір шашайын,
Құшағымды кере құлаш. кере құлаш ашайын.
Домбырамды сұңқылдатып, бездетіп,
Толқындатып осы әуенге басайын.

Көтермесең көңілді кір салады,
Ән де, шіркін, қартайғасын, қартайғасын қалады.
Сондықтан да толғап, шырқап, желдіртгіп,
Толқындатып Иран әнге салады.

Досым көп боп, азаматты сыйладым,
Күлім көздің қиылғанын, қиылғанын қимадым,
Азаматтың арасынан аласы
Дақ түсіріп көңілге ақ қинады.

Бейбіт елдің еркесі боп шалқыдым,
Айдынында аққуындай, аққуындай қалқыдым,
Заманымның толқынымен тербеліп,
Ортасында туған елдің балқыдым.

Ерланым жиырма сегізге

Ерланым, 28 жасқа келдің,
Жасы бұл жасампаздық жарқын ердің,
Ертеңгі еліміздің болашағы,
Серпін күш, табан тірер қарқыны елдің.

Ел сені бір еріне балап отыр,
Сенімін ел ақтауға жарап отыр.
Қолдасын Алла, рухы ата-баба,
Жолыңа атаң, апаң қарап отыр

Ел сенен көп жақсылық күтіп отыр,
Жібермей уақытты бос, ұтып отыр,
Ойынын компьютер қуа бермей,
Санаңа елдік рухты тұтып отыр.

Түссрсін өмірде әлі талай сынға,
Аулақ жүр жолыққанда суайт-сұмға
- Балаға әке сыншы – деген қазақ,
Атаңның айтқан сөзін зермен тыңда.

Болғанда математик апан, тәтең,
Сал – сері, кенші, ақын, әнші әкең,
Тербстөр талантыңды, ср ұланым,
Туған жер қасиетті Көкше мекен.

Оқ жонар қазақ ұлы әке көрген,
Аларсың биік орын сен де төрден,
Еліміз үлгі тұтар азаматсың,
Мақтанар қарындастар соңыңа ерген.

Әзизам – құдай берген дархан дарын,
Маликам - өрге өрлеген өнерпазым,
Үміті кейінгі ұрпақ лаулап жанар
Ақмарал, айналайын, құлыншағым.

Гүлжамал – көш бастаған ұрпақ нары,
Күш қосар Жанарымның қамқор – нәрі.
Ерланым іске асырып білімді алған,
Атаның бола білсін әулет сәні.

Бітіріп ұтым оқу, келін алып,
Жалғасын ата жолын ізді салып,
Мәңгіге рух біздің асқақтасын,
Аңсаған арманымыз орындалып.



АЙТЫСТАР

Сексенінші жылдардың ортасынан бастап ара-тұра республикалық, облыстық ақындар айтысына қатысып жүрдім. Айтысқан ақындарым: Көкшетаулық Баянғали Әлімжанов, Тұяқ Макитов, Жұмабай Есекеев, Гүлдана Кенжеғалиева, Айтжан Оразбаева, Торғайлық ақындар Жадыра Құтжанова, Әлфия Орманшина, Талдықорғандық ақын Шакура Алипова, Қызылордалық ақын Лена Әбдіхалықова тағы басқалар Сол айтыстардың көбі қағаз бетіне түспей қалып ұмыт та болды.

Баспадан шыққан бір айтысты осы кітапқа енгізіп отырмын.

Автор

ИРАН МЕН ЖАДЫРАНЫҢ АЙТЫСЫ

И р а н:

Сері мен салдар тегінен,
Көгілдір Көкше көгінен.
Жауатын нөсер күндей боп,
Әніммен әсем төгілем.

Мен емес әдеп бұзатын,
Ардақтап өтем қыз атын.
Дегенмен салдық ізі бар,
Қыз көрсем аркам қозатын.

Кетсе де көңіл бұзылып,
Сұраймын саулық сызылып.
Ақтоқтысы Торғайдың,
Мен тұрмын саған қызығып.

Шалқытып қыздың көңілін,
Арттырып елдің сенімін,
Әйелге бакыт әкелген
Өзгерген менің өмірім.

Қыздарым көркем сәнімен,
Асқақтаған әнімен.
Жаңа өмірде бой түзеп,
Еңбек сткcn мәнімен.

Даланың жеңіп ызғарын,
Игеріп тыңның сыздарын
Еңбек Ері Кәмшаттай,-
Көп менің диқан қыздарым.

Еңбекте Көкшем асып тұр,
Шабыты шалқып тасып тұр.
Еңбекшілердің табысы
Торғайды бүгін басып тұр.
Сыйлармын саған жол ашып,
Көргем жоқ қызбен таласып.
Құшак жайып қарсы алам,
Әзілің тұрса жарасып.

Ж а д ы р а :

Шын ақын шаршы топтан жасқана ма?
Мен келдім қадам басып астанаға.
Халқыма мәпелеген басымды иіп,
Алайын амандықтан бастап, аға.

Ал енді сізге сәлем, Иран аға,
Сөзіме жүрек жарды илан, аға.
Алдыма әксидей боп келіп қапсыз,
Осы жай отыр мені қинап, аға

Еркіне жүрегімнің бағынамын,
Танысып қайта-қайта не қыламын.
Өзіңіз қолымды алып құттықтаған
Торғайда топты жарған Жадырамын.

Иесі сіз бе едіңіз Иран бақтың,
Өлеңді айтпас дейсіз қызға арнап кім.
Бір ауыз суық сөзден қалтыраймын,
Ағатай, мен бір нәзік қызғалдақпын.

Ши шығып жүрмесінші сөзіңізден.
Ашумен ұшқын ұшып көзіңізден,
Екеуіміз сыпайы боп айтысайық,
Күтемін жылы жауап өзіңізден.

И р а н :

Қарағым, қарындасым, Жадыражан,
Жүзіннен айналайын жадыраған.
Алдымда Балқадидша бола білсең,
Шалқиды Ақандай боп қазір аған.

Ішінде Көкшетаудың көрік едім,
Ақындық өнсіміз сеніп едім.
Бұл сайыс тай жарысы емес, қалқам,
Айтыста топты жарып келіп едім.

Қызығып көріп тұрмын желгенінді.
Сеземін өзіңе-өзің сенгенінді.
ЗАГСке жігіт іздеп келген жоқсың,
Ұмытпа айтысуға келгенінді

Сыйластық ізеттіктен кете алмайсың,
Ағанды баса—көктеп өте алмайсың.
Сыйлы боп үлкендерге, ел-жұртына,
Көздеген мақсатыңа жете алғайсың.

Ойлама жас кәріге жем болар деп,
Жасымсы санасқандар кем болар деп
Қылыштай қырықтағы азаматтың
Ойларсың оң мен солы тең болар деп.

Бәйгеге түскен жүйрік жас болмайды,
Жастықпен соққан жүрек мас болмайды.
Ағанның аңқылдаған ақ көңілін
Түсінсең жас жүрегің тас болмайды

Аз уақыт бұл айтысқа берілмесе,
Арқаны төрешілер керілмесе,
Өзіңнен бастап Торғай сұлуларын
Жырлауға Иран бүгін ерінбес ед.

Ж а д ы р а :

Айтпалық бекер сөзді текке өңдеп,
Шыңдасам он жігітті кетем жүндеп
Алдымда Ақанмын деп шіренгенше,
Жарасар айтқаныңыз әкеңмін деп

Бұл күнде көп қой міндет өтелмеген,
Қиналам сізге тілді безеуден мен
Алдыма айтысам деп келгеннен сон,
Күтемін байсалды сөз өзіңізден.

Қосылып көрдіңіз бе бұрын сынға,
Қараныз дұрысырақ жұртқа мына.
Қиқу сап кеткен кезде, денем қызып,
Көміліп қаларсыз-ау шандағыма.

Шын ақын осындайда арындасын,
Пейілің, аға, бүгін тарылмасын
Елі үшін шыбын жанын аямаған,
Бар шығар мына мендей қарындасың.

И р а н :

Отауын әсем жырдың тігіп келем,
Әдепті бол деп тағы үгіттер ем,
Көрсетсең әдепсіздік сөзіңізден
Қасыңнан қашып кетед жігіттерім.

Торғайдың аязына төзіп едім,
Қыз іздеп дүрліккенін сөзіп едім.
Көкшенің мұзбалағына сай болар деп,
Таңдаған, Жадыражан, өзің едің.

Білмеймін қандай сенің ет-тірлігің,
Ұнайды көздеріңнің өткірлігі.
Қанжардай жанарынды сұға берме,
Жүрегің бұл ағаңның көп тілгілеп.

Қараймын қайта-қайта қасыңызға,
Сәуледей жарқырайсың қасымызда.
Қасында тасып-толқып ағаң отыр.
Бір теңеу таба алмастан басыңызға.

Мін іздеп мен қайтейін жарқырасаң,
Суындай мөлдір бұлақ сарқырасаң,
Жігіт боп, ақын болып жыным бар ма,
Жиырманың жүзін көріп шалқымасам.

Ж а д ы р а :

Ағасы, келіп отыр сөкпе дегім,
Мен сізге біразырақ өкпеледім.
Қимылым көрінсе оғаш кешіресіз,
Жасымда ер бала боп өскен едім.

Болады әділ сөзге әркім ғашық,
Қайтсейін осы жерде бар сырды ашып,
Бес күнде сәлемге де жарамадың.
Отырсыз енді ұялмай қалжыңдасып.

Жан едім бұндай іске кезікпеген,
Отырмын барлық іске төзіп те мен.
Ақындық өнерден де бойыңызда,
Әншілік басым ба деп сезікпенем.

Үйрендік ағамыздың айғайына,
Сәнімен басын изеп шайқауына.
Қайтесіз дауысты сіз мың құбылтып.
Келген жоқсыз әншілердің байқауына.

И р а н :

Шақырамын Көкшстауға келіңіз,
Алыс емес жақын жатыр еліміз.
Қыз табиғат, сұлу мүсін Көкшені
Қыз күнінде бір үлгеріп көріңіз.

Орманымның кіргзейін ішіне,
Тамашасы өмір бойы кіретіндей түсіне.
Сексен көлдің шомылдырсам суына,
Мені дағы тастамассың есіңнен.

Бүгін біраз жыр тұнығын шайқадық,
Ортаға сап бұл айтысты байқадық.
Сен — қарындас, мен — аға боп, қалқам-ау,
Сыйластықпен елімізге қайталық.

Ж а д ы р а :

Айтылса ақын сөзі жүйеленіп,
Отырсыз жөнсіз сөзбен тие беріп.

Көкшетау табиғатының берген сыйын,
Қайтесіз бір өзіңіз иеленіп

Сондықтан осы сөзді ойланыңыз,
Әзілді дұрыс болар қойғаныңыз.
Басында мен қарсылық білдіріп ем,
Өзіңіз айтысам деп қоймадыңыз.

Осымен бұл айтысты доғаралық,
Кетпелік топтан озып дараланып.
Еркелеп топ алдында айтқан сөзден,
Қалмасын жүрегіңіз жараланып.

Шығарда бұл айтысқа ойланып ем,
Әрдайым сіз жайлы жақсы ойда жүрем.
Сәлем де сұлу Көкше ел-жұртына,
Осылай кездесейік тойда кілең.



Достарыма

Жүрегіммен жанатын
Сүйемін дос біткенді,
Шөлмекпенен қанатын
Уақыт та тез өткенді.
Данкка қарсы жүрегім,
Махаббатқа балқыған,
Лира әні – тірегім,
Қаным қызып толқыған
Қуаныш, не бір дуылда
Рухты қайғы байлайды,
Бас ауырған шуылда
Жүректі ой жайлайды.

Жалғыздық

Жалғыздық басқа төнгенде
Сүйреуге адам көнеді.
Қуанышты бәрі бөлгенде,
Қайғыны кімдер бөледі?!
Патшасы болып қуыстың
Кімдерге зарым жетеді?
Тағдырым болып туысым,
Жылдарым жылжып өтеді.
Бұрынғы ескі шабытпен
Жыл келер тағы жалтылдап,
Кетермін жалғыз табытпен,
Мен неге жүрмін калтылдап?
Тереңге кім бойлайды
Қайғы-қасірет үніннен?
Өлімімді де тойлайды
Асырып туған күнімнен.

АҚЫЛ

Қайғырсаң сен, досым, егер,
Ашу-ланба жекіп бекер,
Жылмен жылжып бәрі де өтер,
Күл де ойна, қосып жігер.
Жас қыздарда шулап өтер,
Атак жолы бұрмас нені?
Ашу-ыза зулап өтер,
Қайғы-уыңа тұрмас сенің.
Құмарту да жұбаныш па?
Құлшынғанға құдай берер
Нектарыңды іш қуанышта,
Өзді-өзінен қайғы келер.
Адамдарды жек көрме сен,
Үйретпе сен, сез соларды,
Жақсы болып, кек көрмессен,
Сүйесің сен тез оларды.
Жүрек-байғұс жаратылыс,
Өмір берер ізгі інінде,
Ақылменен алар тыныс
Қолдың болса тізгінінде.
Тағдыр бұлтын басқа жапсаң,
Үміт болар саған тымақ,
Бейшарасын бақыт тапсаң
Сезіміңді жоғалтып ап.



Дүние қызыл тұрған сауда-базар

Түсініп бұл өмірдің мән мен жайын,
Ойласаң ертеңді салып уайым,
Дүние қызып тұрған сауда-базар,
Қыздырар шарабынан ішкен сайын

Пенделік көп адамды айналдырды,
Аттатып ар-ұятты бойды алдырды,
Бок дүние жолдас, дос боп надандарға
Қазақты намысы бар ойландырды.

Бұл өмір қарайламай өтер, кстер,
Бұлдаған басына ертең кәрілік жетер,
Бағалар ұрпақ қалай қалмаса із,
Желге ұшар ойың, болар ісің бекер.

Құлашты сермесен де оңға, солға,
Болса да дүниенің кілті қолда,
Бәрібір мүсәпірсің, бишарасың
Түспесен елдік, ерлік сара жолға.

Бұл дүние бұландаған бір күні өтер,
Сондықтан ойнап- күліп, бойды көтер,
Құбылып, құмдай сусып, судай сыңсып,
Құшсаң да құшағыңнан шығып кетер.



Ой толқытқан өрілдер

Жігіттер, жарастырсын дәм мен тұзды,
Сыйластық бабалардың жолы ізгі,
Ақкөңіл азаматты алла қолдап,
Сақтасын дұшпандардан екі жүзді

Қазақтың азаматы елін сүйген,
Ел үшін шүберекке жанын түйген.
Жігіттер, ел айнасы бола білсең,
Аумайсың тар кезеңде елдік күйден.

Ұмтыла бір жүрсктің сүйгсінс,
Қажыма уақытынның күйгеніне,
Дамылсыз жан сырынды әспеттей бер
Мойымай тіршліктің күйбеңіне.

Бұл дүние қайнап тұрған базар ма екен,
Құшағын біздей жанға жазар ма екен,
Құлықпен бұл дүниені кумаған соң
Ақ көңілім шаңды қауып тозар ма екен?!

Пана іздеп жамандарға жағынбадым,
Өнердің құдай берген бағындамын.
Тірегі ер көңілдің сырғымайтын
Халқымның сал-серілік тағындамын.

Билік құлы арын сатып билеген,
Шалқақ басын жұпыныға имеген,
Көреалмастық қызыл шоғын бықсытып,
Жақсы жанын тұңғиыққа сүйреген.

Тарихтан елдік, ерлік қуат алдық,
Жаңғыртып ел өмірін жаңа із салдық.
Айырып бізді елдіктен кетер ме екен
Жабысқан жандайшаптық, жағымпаздық?!

Тұсаулы өмір,
Бұғаусыз көңіл саркылмай,
Ұлғайып жас та
Сирей ме енді жарқын жай?

Еркелігімді,
Серілігімді көтерген
Ғашықпын саған,
Қазағым, қайран, халқым-ай!

Жақсылардың жылы әрқашан жүздері,
Жылы жүзден халқым күдер үзбеді.
Жақсы інілер күнде есіне алатын-
Жақсы ағаның тәспігіның тізбегі.

Азаматтар тірлігімен ел мықты,
Білімімен, жігерімен ер мықты.
Қазақ болып, қаның қайнап тұрғанда
Жасау парыз қолдан келген ерлікті.

Құдайым ақындыққа жетеледі,
Әйтпесе кенші атағым жетер еді.
Таққасын мойынға алқа ән мен жырдан,
Парызым өлендетсем өтеледі.

Бұл күнде мен де ағамын самайым қар,
Қолдаған қалың қазақ маңайым бар.
Күңкілдеп сөз қылсаңда кейбіреуің,
Бәріңді жақсы көрдім, ағайындар.

Мойнымда азаматтық нар жүгім бар,
Арадай жинаған бал ән-жырым бар.
Ел-жұртым еркелеткен Иран Сал деп,
Жалғаған Біржан Салды мен де бір сал.

Еңбек еттім өзім үшін, ел үшін,
Елге арналды ән мен жырым, мол күшім.
Қолдап жатса халқым мені, кейбіреу
Тоқтатпады-ау көреалмастық езді ісін.

Пендешілік – құбылып адам өзгерсе,
Әзәзілдік – жамандаған сөзге ерсе,
Айтар жерде шындықты айтпай тайсалтып,
Бас сауғалап үндемесе ездерше.

Пендешілік-байлығына мастанса,
Күпірлікпен кердең кеуде ластанса.
Адамдықтың нұрлы көзін шел басып,
Қара бастын қамын ойлап баптанса

Пендешілік – шаттанғаның билікпен,
Жағымпаздан мадақтайтын күй күткен.
Құр билігін місс тұтқан надандар
Жарыса алмас жаны жайсаң жүйрікпен.

Шуак, шаттық мінездерге кендемін,
Сөзіне “қырт” қырсықтым да көнбедім,
Тіміскісе менен де мін табылар,
Өйткені мен жұмыр басты пендемін.

Болады екен лауазымды шенде мін
Қоса алмаса ісіне ерлік өрнегін.
Көрдік талай сыпырылып шенінен
Сүмірейген мүсәпірін пенденің.

Жамандама көпті, болмас елде мін,
Мен де ойымды елмен бірге тербедім.
Қателссесем кешір, Алла, күнәмді,
Жаратылған жұмыр басты пендемін.

Адамдықтың шыңдарына өрледім,
Жамандықтың үгітіне ермедім,
Елдікті ойлап, қызмет етіп халқыма,
Ән мен жырдың қанатында төрледім

*** **

Астан да кестен,
Ернеуден тағы
Кеттің бе шығып сезімдер,

Орынсыз санап,
Таңырқап қарап,
Айнала менен безіндер.

Көнілді серпп,
Түндікті желпіп,
Күдіктенсем қобалжып,

Не сикыр жатыр
Табылды ақыр,
Алабұртып шабыттанған кезімде?

Нәзіктік іздеп,
Жыр құрап тізбек,
Соншама қайда талпынам?

Шығам деп өрге,
Малынып терге,
Жете алмай тағы алқынам.

Сабырлық қылып,
Сал бойым жытып,
Сабама түссем назданып,

Кеменгер уақыт
Тосқандай бақыт
Түсірер бәрін қалпына.

Ақиқат ісім,
Сарқылмас күшім,
Құпиям жоқ көргенге.

Сонан да болар
Кесапат қонар
Жамандық маған тергенге.

Асқақтап сезім,
Ән іздеп өзім,
Ақын да болып кетемін.

Шүкірлік қылам,
Санама құям
Осының бәрін бергенге.

Ұйқы жоқ бүгін,
Күн болып түнім,
Дөңбекшіп ойлар түртеді.

Әркины ойдан
Қанатын жайған
Тыныштық байғұс үркеді.

Өтті ме жастық,
Шалқыған мастық
Дос болған көппен кешегі?

Бүгінде құтты,
Алдымнан шықты
Айнымас достың есебі,

Біреуі өскен,
Біреуі өшкен,
Күндерім қайтып оралмас,

Көз көрген жеңіс,
Қол еккен жеміс
Әйтеуір текке жоғалмас.
*** **

Бір бастық
Үнсіз тұр қысылып
Тастапты жұмыстан түсіріп.
Қайтсын-ай,
өткенді қимайды.
Ұғып тұр,
Әбестік қинайды.
Енді ол
Маңайын сыйлайды
Өтті күн
Жүретін ісіңп,
Оған да бітіпті
Кісілік-кішілік,
Түйе бие болғанын
Тұр екен ғой түсініп.
*** **

Жалғанда жадырауға жаным құмар,
Мінезім көпке бірдей, жұртқа ұнар,
Желіккен сал-серілік өр көңілім
Шөл болып құлазыған бір күн тынар

*** **

Қателікке болмайды адам құмар,
Кездессе оған көңілі өрден құлар.
Қуанғаннан құлары бұл заманның
Төбеңде ойнап, билеуге дайын тұрар.

*** **

Тілек тілеп әуелі амандықтан,
Ой қаулайды өзіме заманды ұққан.
Бәрінен де аулақ қыл дей беремін
Адамдығы шамалы надандықтан.

*** **

Өлең, ән мен күйлердің қос торабын,
Серпилтетін көңілдің құй шарабын.
Шалқығанда шабытка бағыт берер,
Сезім толмай кей – кезде бишарамын.

Шопаның боп, кең далам, кезейін мен.
Қиындыққа, еншалла, төзейін мен,
Аша берші, туған жер, бар сырынды,
Нәзіктіктің сикырын сезейін мен

*** **

Елін сүйген азаматы-ер мықты,
Жауыздарды жұтпайтұғын жер мықты
Топастардың ортасына түскенде
Сағынасын,
Аңсайсың бір ерлікті!

*** **

Асулардан талай адам асады,
Білімділер білім нұрын шашады.
Кеудесіне күпіршілік кіргенді
Қандай құдай, ия сайтан басады.

*** **

Жаны бар жақсылардың дала жазық,
Өлсе де тірілерге болар азық.
Алмасаң жақсылардан жан ләззат
Гүлдерің өмірдегі солады азып.

*** **

Болғанда бірде ақылды, бірде надан,
Не озып, не кейін қап бірде қадам,
Шаттанба аз уақыт шатқығанға,
Туғанда өлерінде бірдей адам.

Сөз бастайтын шешен көп,
Топ бастайтын көсем жоқ.
Адамдарды шырмады
Шырмауықтай дүние бөк.

*** * * *

Ағайындық орнаса
Туы болар елдіктің.
Егер бірлік болмаса
Ордасы ол елдіктің

Ағайынның сорлысы
Билмес ердің бағасын.
Ағайынның нұрлы ісі
Ту қып ұстар ағасын

*** * * *

Басыла ма жемқорлық қарын тойса,
Ел қолға алып парақор атын жойса?
Жөңделер ме әр бастық Аяз бише
Көне тонын “конторға” іліп қойса?!

Тонға қарап тәуба қып өткеніне,
Бүгінгідей билікке жеткеніне,
Ойлар ма еді ел жайын, ауылдарын,
Мойын ұсынып сұм ажал шектеуіне?!

*** * * *

Байлық пен билік орнап қиялдаған,
Нәпсіні дүниеқоңыз тыя алмаған,
Өсиеті ата-баба естен шығып,
Таптауға ұлт намысын ұялмаған.

*** * * *

О, дүние жалған!
Зымырып жылдар ұлғайдым,
Білемін мен де
Өмірде мәңгі тұрмаймын,
Достардан ерте
Айырып жатыр бір-бірлеп,
Межеден асып
Кете ме дәрия жыр-қайғым

Ел аға деп еледі,
Қыздар көңіл бөледі,
Мылжың шалға ұқсамай
Жастау болғым келеді.

*** **

Тағы аттадым бұл өмірде бір қадам,
Мәңгілікке жақындадым бір табан,
Әлі дауысым жанғыртады даламды
Қазақ әнін асқақтатып шырқаған.

*** **

Өмір – шарап мас қылатын ішкендей,
Қазанында өмір басым піскендей,
Алпыс жастың алқабына кермиық
Көленкесі желкен 70 түскендей.

*** **

О, тәңірім, жас келсе де қартайтпа,
Өнерімді елім сүйген ортайтпа.
Әнім менен сәнім келіп тұрғанда
Көнбеймін мен анау-мынау “болтайтқа”

*** **

Болсаң сырлас езбенен,
Бағаланбас сөз деген.
Көре алмаса туысын
Тіректі ізде өзгеден

*** **

Болғасын ақын, әнші, сазгер арқалы,
Сыйды да көрдім талай топтан алқалы.
Сыйласа елім, мен де ойладым елімді,
Болмады менде жеке бастың құр қамы.

Алдамадым, таңдамадым ортаны,
Жатсам да, тұрсам ойлағаным ар қамы.
Душпандар құрған арнап маған торының,
Құдайым қолдап, шықты әрдайым талқаны

*** **

Көңілім неге әрдайым
Көтеріңкі болмайды?
Өмір барда бар уайым,
Сыздап жүрек толғайды.
Көңіл кілтін ашады

Жылы сөзі адамның,
Су сепкендей басады
Жетесіз ісі наданның.
Көңлім кәусар бұлақ боп
Ағып неге жатпайды,
Құпия сырға тұрақ боп
Әлі де нені баптайды?!
Қояр оған сұрақ көп,
Сабыр бір күн таппайды
Көңіл шегін бұрап көп,
Үзсем өмір тоқтайды!

*** **

Көктем тағы Көкшеге
Құстай ұшып жетті ме,
Мақпал шуақ мейірін
Тәңірім көктен төкті ме?!
Еңбек күні туды ма
Шаруақор ептіге,
Жастық жалын құшқандай
Самал желім өпті ме?!
Гүлдеп талай көктемім
Менен алыс кетті ме?!

*** **

Сал – серілік маржан барда бойымда,
Пасықтардың пысқырмаймын тойын да.
Көңілі соқыр, кеудені ұрған наданның
Өз деңгейі, өз қызығы ойында.

*** **

Азан да қазан
Өзімшіл заман.
Дирменінде оның
Жұтылған адам,
Көбігі шығып,
Көпірген надан.

*** **

Сөзшең жандар билікте қаптап кетті,
Жағымпаздар ұранды жаттап төкті.
Қалқан құлақ қалың жұрт ар намысын
Құлақ аспай үніне таптап кетті.

*** **

Мақтауды мен ешкімнен сұратпаймын,
Мәртебесін ер адам құлатпаймын.
Жаным жақын болғанмен әйелдерге,
Әйел-өсек айтқанды ұнатпаймын

*** **

Еркіндігім өр шынға өрлегендей,
Шарлап көкті қанатын ссрмсғсндой,
Бірақ менің шабытты кездерімнің
Шарқ ұрғанын ел болып көрмегендей.

*** **

Керден кеуде кей бастық кекірейіп,
Халын білмей халқының жүр сілейіп,
Кекірейгін басы да селкілдер –ау,
Илмеген дене де бүкірейіп.

*** **

Нәр алып ем қонақжай ел бағынан,
Биіктедім төрде қонақ тағынан,
Ән сал десе шіренбейтін, ақ жарқын
Жастық шақтың дастарханын сағынам

*** **

Адам болып жаралғасын өмірде,
Дақ түсірме адамдық ар-көңілге.
Кәріліктің ерлігі мен сәндігі-
Адамдықтан таймай жету өлімге.

*** **

Қазақтың шежіре құруы,
Шыққан тегін білуі,
Ұнайды кейде маған.
Бәрі-бәрі- жақсы!
Бірақ, өзіне бұруы,
Ру мен дыруы-жаман!

*** **

Өз басынан аспаған
Адамдардан жасқанам,
Екі жүзді қылықпен
Сезімді олар ластаған.

*** **

Қуанамын жақсы басқан қадамға,
Сүйсінемін бапты тапқан амалға.
Құшағымды айқара ашып шаттанам
Ойы өркен, сөзі көркем адамға.

*** **

Мына жалған барады менен де өтіп,
Желкен жетпіс желдіртіп, өлендетіп.
Қайран, дүние қызығы таусылмайтын
Кімдер келмес өзіңе, кімдер кетіп.
Талай дана, хандарды ұлықтаған,
Қайран, дүние өтер де қызықтаған.
Сыйластықпен сырласып жүрейікші
Біткенінше өлшенген сызық - қадам.
Құр билікпен мақсатқа жете алмайсың,
Оны өнеге ұрпаққа ете алмайсың.
Аққан судай бұл байлық қайырымсыз,
Лақатқа арқалап кете алмайсың.
Сондықтан да тірлігің, амандығың -
Ағайын, дос, ел-жұртқа адалдығың.
Сал-серілік өнерді жалғастырған
Ел алдында танылды қадам бүгін.

*** **

Болса егер өмір – жын ойнақ,
Бір мезгіл мұнай ой ойлап,
Көтермес өрге көңілді
Құр шарап ішкен той-тойлап.

*** **

Күні туып “қыртылдың”
Көбейіп түр жырқыл үн,
Аран-құдық ашылып,
Шырқын бұзды ұлтымның

*** **

Құлагер – мүсін ері жоқ,
Қасында Ақан сері жоқ,
Бәйгеге баптап қосатын
Бұрынғы Көкше елі жоқ.

Жапанда жалғыз қалғандай,
Кісінеп зарды салғандай
Бірлігі болмай баянды,
Қала ма елдік жалғанбай?!

Жезқазғанға Ода

Жезқазған – Сарыарқада төрі елдің
Көк тасы - кен-байлығы асыл белдің,
Жастығым қызыл мыстай алаулаған
Қызығын шаттық өмір бастап бердің.

Жезқазған - Ұлы Ұлытау биігіндей,
Көз тартар Сарыарқа жез киігіндей,
Қазақтың данышпаны Қаныш аға
Жасаған ерен еңбек түйініндей.

Қаныштың ұлы ісінс үлсс қостым,
Ебінейдің даналығын көріп өстім.
Тербетіп Ұлытаудай ұлт бесігім,
Мүшесі болдым мен де ұлы көштің.

Жезқазған, жаралғандай күн көзінен,
Алдым мен шалқар шабыт бір өзіңнен,
Айбынын ұрпағынның көргендеймін
Шахтанның көкке атылған күмбезінен.

Жезқазған - жез дариям ұлым десе,
Көкшстау алтын күн боп күлімдссс,
Шабытым шыныраудан шаттық тартып,
Шырқаймын еш жамандық білінбесе.

Түсінем жер қопарған кенші ойын,
Еңбегін жойқын, жарқын думан - тойын.
Сан жылдар біте қайнап мыс қазанда,
Орадым алтынға ел абыройын.

Ризамын кеншілердің пейіліне,
Бөлген ұлын елдің мейірінс.
Кеншілік - жігер, қуат бұлағындай
Шыққанда ән мен жырдың сейіліне.

Кеншілер жезге сіңген маңдай тері
Бұл күнде атанды еңбек ардагері.
Қажырлы қайратындай кенші қауым,
Әндетсем жалындаған мен бір сері.

Әлі де жүргендеймін топ ішінде,
Көкшенің алтын сарай кеншінде,
Соғылған жез, алтыннан мол мұрам бар,
Ән - жырман жарқылдатқан ел ішінде.

Ғаламат Жезқазғанның кең даласы,
Айта бер. - Қай қазына, кеңді аласың?!
Мінекей, дінгектері көкті тіреп,
Көсілді Кеңгір бойы кен қаласы.

Кеністік ғарыш сияр даласында,
Сарысу, Кеңгір, Жезді саласында.
Сыр шертер көне ғасыр тарихы бар
Әр тастың қатпар-қатпар арасында.

Құл мен хан көне ғасыр кейіпкері, -
Деп тарих әңгіме етер жиып - теріп,
Мұра боп бізге қалған көне белгі -
Алаша, Жошы ханның бейіттері.

Сенбеді хан жұлдызы сөнеріне;
Патшаға уақыт атты көнеріне.
Құл емес бейіт салған ел ұлы деп,
Сыйынам ата-баба өнсіріне.

Бәрі өтті...
Өтті шалқып керден кеткен,
Көз жасы көлдей болып шерден кеткен,
Шұбар төс, мұздыбалақ, шонжар мырза
Найманда Бағаналы Ерден де өткен.

Көз салсаң жотасына жон-бауырдың
Белгісі көп болады көне ауылдың -
Мінс тұр, жерден дүмпіп шыққандай боп
Бейіті батыр тұлға Домбауылдың.

Сарыарқа кербезденіп керіледі,
Қиялға сері жаның беріледі,
Бағытын білмегенді адастырар
Жолдары тарам-тарам өріледі.

Сағындым кербез дала қыраттарын,
Сағындым Ұлытаудың бұлақтарын,
Сарысу, Жезді, Кеңгір бойындағы
Сағындым жаз жайлауда құрақтарын.

Сағындым жез киіктер шоқырағын,
Қарсақбай, Байқоңырдай атырабын,
Ежелден құт-береке дарып, өнген
Құнарлы майлы өлке топырағын.

Аралап жазғы жайлау, жайылымды,
Көрдім мен ырысты елден қайырымды.
Жұғымды, кара малдың азық шөбі
Таң қалдым көріп сүтті шайырымды.

Ұлытау, түсіргендей тәңірім көктен,
Нәр берген сары далама көкжиектен.
Жол түсіп бара қалсам тау төсіне,
Қызығып көз алмаймын “Қыземшектен”.

Тараған ұшқындары бар ғаламға,
Тарихтың ізі жатыр бұл саламда.
Абылайхан, Кенеханды хан көтерген
Ұлытау - ұлт қазығы сары даламда.

Өткерген бастан қазақ қилы өмір,
Жігерлі, қажымаған қайсар көңіл.
Жорықта биігіне Алтыншоқы
Кетіпті белгі салып Ақсақ Темір.

Көрмеді ел қиындықтан бұққанымды,
Байқады ел қазақ жанын ұққанымды.
Мақтанам сапар шегіп мен де бір кез
Басына Едіге тау шыққанымды.

Жауласқан билік үшін екі батыр,
Туғандай бастарына заман ақыр,
Едіге ер, Тоқтамыс хан құшақтасып,
Бұл күнде тау басында бірге жатыр.

Ерлерге құран оқып жерге түстім,
Зардабын ұлт тағдыры мұнмен кештім.
Тағы да домбырамды қолыма алып,
Тебірентіп ерлер рухын желдей естім...

Жазылып жердің не бір шемендері,
Байлығын қойнындағы берем деді.
Болашақ бақыты үшін туған елдің
Тасқа да тіл бітірді кемеңгері.

Сөйледі Жезқазғанның асыл тасы,
Көкала, түрлі түсті жасыл тасы.
Атылды фашистерге мір оғы боп
Жойқын күш - Жезқазғанның жасын тасы.

Көргенде алып шахта мұнарасын,
Кеңістік заңғар көктен сыр аласың,
Таңғанмен есенгіреп есіңнен де,
Қорқуға кеншілерден ұяласың.

Киіп ап сауыт - сайман батыр болып,
Қырандай сезінесің торға қонып,
Шырқауға шыңырауға дайындалып,
Қарайсың маңайыңды көзбен шолып.

“Скиптер”, “клеттерім” зуылдайды,
Құлағың жүйткігенде шуылдайды,
Ұшақта отырғандай жайсызданып,
Жүрегің алып-ұшып суылдайды.

Көрсең де турист болып сан елдерді,
Талай құз, тескен тауды - “тоннельдерді”,
Жетпейді қызығына жер астының
Кезгенде автобуспен “панельдерді”.

Толтырып техникаға “лава” ішін,
Жұмысын қондырғының сынау үшін,
Кенші ерім темір тұлпар құлағында
Басады фортепианодай клавишін.

Сатырлап жер астында “шпурларым”,
Бұраймын техника штурвалын
Кемесін жез теңіздің желіктірген
Жарайсың, кенші инженер - штурманым

Алтын жез, жарқыраса жүзімдей боп,
Жыр құмар жүрегімде үзілмейді от.
Мен көрген кереметтер Жсзказғанда,
Жайнап тұр Қаныш аға ізіндей боп.

Көтерген елділімнің ауыр жүгін
(Қазақ ұлттық техникалық университетінің
70 жылдығы)

КазГМИ, КазПТИдің түлегімін,
Мен де бір алтын казған күрегімін,
Бұл күнде оқу ордам-университет,
Тұтқасы елде инженер тірегінін.

70 жыл толды алтын ұямызға,
Аттанды мыңдап шәкірт қия, күзға.
Меңгерген техниканы инженерлер
Айналды Отанымда жыр-аңызға

Біреуі ел билесе, бірі ғалым,
Басқарған кеніш жұмыс орындарын.
Жазушы, композитор, әншілер де
Ішінен инженерлер шыққан дарын.

Қаныш псн Дінмұхаммед даналарым,
Ордамды аялаған ағаларым.
Өмірхан, Машани, Ебіней ұстаздардың
Туған ел әспеттеген бағаларын.

Ректор Байқоңыров Өмірханым,
Теңіздей білімі терең, нәзік жаным,
Оқуды бітіргенде: - Қал-деп еді,
Өнерін сүйіп шәкірт, салған әнін.

Шрубко, Медведев дәрістері
Көгінде шәкірттердің өрістеді.

Жстекші Никифоров - әкеміздей,
Жасаған камқорлығы, көп істері.

Жыр етсем атап барлық ұстаздарды,
Айтқандай бітпес қисса, дастандарды.
Кешегі студентім бүгінгі ұстаз,
Ұмытам неге үлес қосқандарды?!

Екі Борис, үш Марат пен Ақылжаным,
Қарсы алған инженерлер ғылым таңын.
Паш етем Баязитов Нариманның
Қазақша оқулықтар шығарғанын.

Көтерген елдігімнің ауыр жүгін,
Ауадай инженерлер қажет бүгін.
Үлгі етем болашақ жас инженерге
Низовкин, Тамбиевтер іскерлігін.

Біздің топ шығарды көп таланттарды,
Тапқырлық, еңбегімен топты жарды.
Салсаң да қай салаға қалқып шығар
Мақтаймын Дауылбаев Ермандарды

Кәкімбек ел ағасы, сазгер, ақын,
Желдірткен жезкиктің аңыз-даңқын,
Кеншілік табыстырып екеумізді
Аға іні, ұстаз-шәкірт болдық жақын.

Ардақты Елбасымыз Нұрсұлтаным,
Оған да ұнап еді салған әнім,
Инженер-металлургі Теміртаудың
Бөлеген от-жалынға атқан таңын.

Сезінсем ән мен жырдың жүрегіндей,
Сарыарқа, Көкшетаудың түлегіндей,
Түсінем кенші ағалар үлгісі деп.
Нұр жауған інісіне ақ тілегіндей.

Серпілткен жер қойнауы салтанатын

Көкшеде сары алтын асыл затым,
Алтынтау кен байыту комбинатым.
Көтерген шаңырағына ширек ғасыр,
Серпілтіп жер қойнауы салтанатын.

Ерлерім комбинатты басқарғандар,
Жаналы Сағитовтай хас тарландар.
Өнерін кенші инженер жалғастырған
Ғани мен Хасен, Байбол топ жарғандар.

«Алтынтау» - дсп Елбасы қойған атын,
Комбинат шығарады кенді алтын,
Гүл жарып кең далада келеді өсіп,
Сезгендей кенші қауым махаббатын.

Алтынға сіңген кенші маңдай тері,
Атанды бұл күнде еңбек ардагері,
Қажырлы қайратындай кенші қауым
Әндетсем жалындаған мен бір сері.

Әлі де жүргендеймін топ ішінде,
Көкшенің алтын сарай кенішінде,
Соғылған жез, алтыннан мол мұрам бар,
Ән - жырмен жарқылдатқан ел ішінде.

Әлі де ілсскендей кенші көшкесі,
Кешегі еңбек жолым түседі еске,
Овечкин, Федоренко, Мурзин ерлер
Бұл күнде айналғандай нұрлы елеске.

Бір кезде бас инженер Тельмандарым,
Көрсеткен үлгі - өнеге кенші дарын.
Ұстаздық салған жарқын іздеріндей
Інілер Мұбәрак пен Мараттарым.

Сіңірдім бойға ағалар өсиетін,
Түсіндім елдің қамқор - қасиетін,
Бағасы еңбегімнің деп білемін
Сәлемін орыс - қазақ бас иетін.

Еңселі ер Ебекем
(Ебінеи Букетов рухына)

Еңселі ерім Ебекем
Ғұламалармен тең екен,
Ұрпақтың таудай санасы.
Білімнің теңіз селі екен
Қаныштың жалғап ілімін,
Қанатын жазып жырының,
Зерттеп тантал, селенді,
Қырларын ашты сырының.
Қамқор да болып ағадай,
Өнерді білді бағалай,
Негізді талдап сұрайтын
Еркелетіп бір баладай.
Кішіпейлі жан, арысым,
Құшаққа тартқан танысын,
Сезімі нәзік сұлу жан,
Жүрегі соққан ән үшін.
Түсініп ілім, затын да,
Таныды әлем атын да.
Мақтан тұтам ұрпаққа
Көрсетіп жазған хатын да.
Сағындым аға келбетін,
Сомдалып елге көрінетін.
Ебекеңдей өр ерлерден
Алмаса үлгі ер жетім.
Басылып елде күйік-шер,
Аңыз да болар сүйікті ер,
Жылжыған сайын жылдарым
Ебекем тауы биіктер.



Сейсенбек Бағизұлы рухына

Қайран, жастық Жезқазғаннан нұр алған,
Қасиетті Сарыарқада шыңдалған.
Сол жастықтың сағынышы, сырласы
Сейсенбектен айырды ма сұм жалған?!

Кенші болып Жезқазғанға барғанда,
Көрші болып жана пәтер алғанда,
Бірге туған туыстай боп кетіп ек,
Айырлмастай мына фәни жалғанда.

Аға-індісй бірге жүріп жарастық,
Сыршыл дүние сырыменен санастық,
Инженер де, ақын да, әнші болдық біз,
Талай жайсаң жандарменен жанастық.

Аяладық жанұяны, баланы,
Елдікті ойлап әспеттедік сананы,
Тындап өстік ағалардың ақылын,
Жұпаркүлдей жаны жомарт ананы.

Ел анасы әже болып балаға,
Жақсылыққа дәнекер ед арада.
Арқасынан әжесінің түспейтін
Елу жасқа толды Айгүл бала да.

Ержстті өсіп Күләй, Гүлшат, Жанар да,
Алақанын ана ұмытпас олар да.
Ата-ана тәрбиесін көргеннің
Болашақта бағы, еншалла, жанар да.

Әзиза ана балалардың көрігі,
Сейсенбектей ер азамат серігі
Көршісімен Рәзиядай сырласып,
Жақсы көрді Иран-кенші, серіні.

Кең дүние Әзизаға тар болды,
Тағдыры ана балаларға зар болды.
Сейсенбекке - төрт жеткіншек әкесі
Құдай қосқан Сәлимамы жар болды.

Ұрпақтарды Сәлима жар бөлмеді.
Сейсенбектей асыл ермен өрледі,
Ер азамат абыройын көтеріп,
Атанды ел жанұясы төрдегі.

Көшсем дағы Көкшетаудай еліме,
Барып тұрдым Жезқазғандай жеріме.
Сонда шығып қарсы алдымнан Сейсекем,
Дәмін тосып төрлетуші ед төріне.

Қонақжайлы Жезқазғанның елі де,
Сейсекеңдей өр тұлғалы ері де.
Рухы кешсін қателігін пенденің
Болса егер ренжіткен жері де.

Кім тоқтатар тағдыр сызған өлімді?
Сейсенбектей қайтты ерім өр үнді.
Шахталарым опырылып түскендей
Жер бетінде ердің орны көрінді.

Ұлытаудың ұлы еді өрімдей,
Жезқазғанның көк асыл тас ксіндей,
Тіршілікте жез киіктей жүйткіген,
Сарыарқаның өпкен саумал желіндей.

Сейсенбекпен талай белді бойладым,
Ұлытаудың аралап ем қойнауын.
Сол ерімді Ұлытаудай тұлғалы
Құптадым мен Ұлытауға қойғанын

Жоқтап, жылап Сейсекемдей ерімді
Көкшетаудан жырым көлдей төгілді,
Тағзым етіп Рәзиямен білдірдік
Астанада Айкенжанға көңілді.

Қапы қалдым елден хабар ала алмай,
Жағдайды да білуге де бара алмай,
Бұйырмаған іске алладан шара жоқ,
Топырақты қабіріне сала алмай.

Қалдыбек досты еске алу

Уа, арысым, Қалдыбегім,
Сыр елінің ардағы едің!
Жезқазғанда жез балқытқан
Сарыарқада ордалы елін!

Бірге оқыдық, бірге жүрдік,
Жалындадық, ойнап – күлдік.
Кенші қауым құшағында
Сарыарқада сайран құрдық.

Ер көңілді жаным едің,
Азаматтық сәнім едің,
Сыр самалы есіп тұрған,
“Қоғажайдай” әнім едің.

Көзқарасың күлімдеген,
Зор дауысың гүрілдеген,
Дауысыңды сағынғанда
“Поль Робсон” - пірім деген

Айналғандай жыр - аңызға,
Енді жоқсың арамызда.
Бірақ қалды жарқын бейнесі
Мәңгі біздің санамызда.

Бес жыл сайын сайран құрған,
Жаралғандай, достар, нұрдан!
Айыра ма бізді осылай
Тағдыр – мысық аңдып тұрған?!

Сеніп Алла барлығына,
Мойын ұсынып жарлығына,
Жарқын, достар, жаным сүйген,
Көңіл айтам барлығыңа.

Жары ердің, Орынкүлім,
Солды жүзің қаққан күлім
Демеу болар енді өмірге
Өсіп-өнген ұлдар, қызың.

Құлады тау биік, зангар,
Ұлдар, қызым, мойымаңдар,
Жарқырасын көңілдерде
Тірлікте әке жаққан шамдар.

Нәріне әке өзек талмас,
Ақ тілсігі жерде қалмас.
Еркін елдің болашағы
Ұрпақтармен табар жалғас.

Иманжүзді, жан досым-ай,
Жүрек жарды бұл тосын жай.
Көкшетаудың көз жасы боп,
Қоштасамын мен осылай.

Иманды бол, алдың жарық,
Күрсінеміз артта қалып.
Мәңгілікке сақтаймыз біз
Нұр бейнеңді еске алып.

Ұлым деп елі сенген Сағындық ер
(Дәрігер Сағындық Кенжетәев тұралы өлең-очерк)

Айнала орман, таулы, жазық белес,
Шоқтары қайың, терек – ғажап елес,
Қазақтың атамскен ауылдары
Көкшетау қаласынан алыс емес.

Қонысы қазақ тегі арнап салған,
Түтіні тәтті әрқашан жүрек жарған.
Ауыл бар Омбы-Көкше тас жолында
Көкшеде “Қызыл таң” деп аты аталған.

Құрылған колхоз болып аштық жылы,
Алладан шашылғандай тірлік нұры,
Кешіріп бастан талай заман селін,
Бұзылмай жеткен бізге елдік сыры.

Үзіліп бір кез елдік ер арманы,
Атылды көптеп “жау” деп ел ардағы.

Сонансоң Ұлы Отан соғысынан
Қаншама ер азамат оралмады?

Сөйтсе де жойылмады елдің аты,
Ұрпақтың артты елге махаббаты.
Орынын жоғалтқанның толтырам деп
Тебіренді Ұлы дала табиғаты.

Өсиетін ата-баба ұққандай боп,
Қасиеті ағалардың жұққандай боп,
Гүлдеді көктеп елде жеткіншектер
Қысылып қына тастан шыққандай боп

Бұл күнде сол жеткіншек аға болды,
Азамат қастерлейтін оңды, солды,
Қолға алып тәуелсіздік ел бағытын,
Ұрпаққа үлгі етеді салып жолды.

Түсірер ауыл еске жастық шақты,
Еркін ел ерлерімен бақыт тапты.
Бауырмал, құшағы ыстық, қайран, ауыл,
Қымызың, балқаймағың қандай тәтті!

Шуылдап, дала кезіп, жидек теріп,
Ойынға желдей ескен ерік беріп,
Гүліне дала оранған, балалық-ай,
Бозторғай әуеніне көңіл бөліп!

Қаракат, тас бүлдірген, шие көріп,
Жыйнаған оны да ағаш ішіне еніп
Шірікін-ай, шаттық жастық ауылда өткен,
Дала ұлын нұрландырған мәңгі көрік

Осындай елдің ері дарынды інім,
Кенжетайұлы, азамат Сағындығым,
Бірінші бизнесмен еркін елде,
Сынап жүр ерлік, елдік бағын бүгін

Дәрігер дөңгелеткен нарықта ісін,
Емдеген адамдардың ауру тісін,

Баскарып стоматолог мамандарды,
Жұмсаған денсаулыққа барлық күшін.

Сәкеңнің бойы сұңғақ, жылы түсі,
Адамдық қасиетке толы іші.
Жанжары Сара Атырау Кіші жүзі,
Айналып кетпейтіндей бақыт құсы

Үш бала Болат, Гүлнар, Қанат атты,
Өшпейтін мәңгіліктің отын жақты,
Әртүрлі мамандықтың иегері,
Ел-жұрт пен ата-ананың бабын тапты.

Сәкеңнің елпіндеген жаны сері,
Жанашыр, толқындаған жүрек шері,
Рухани дамуына ел қолын созған,
Атайды “меценат” деп оны елі.

“Меценат” - шын жүректен шыққан көмек,
Құрметке көтеретін ерді бөлеп.
Байлығын кей “қорқаулар” кібіртіктеп,
Жасырып есептейді елден бөлек.

Ұлым деп Сағындыққа елі сенген,
Бұл күнде орын алған ері төрден,
Соғыста құрбан болған ағаларға
Ескерткіш салып, елде асын берген.

Ел жайы күнде ерді мазалайды,
Қатадан келіп елді аралайды,
Қоқысын қыстан қалған ел мен жұрттың
Техника жалдап жылда тазалайды.

Еліне қамқор болып құшақ жайды,
Ел-жұрт та ер ерлігін бағалайды,
Жыл сайын мектебіне ел ақша бөліп,
Балалар демалысын ұмытпайды.

Зираты Уәлиханның табылғанда,
Тарихта тағы бір шам жағылғанда,

Сағындық жарты миллион акша бөлді
Уәлихан кесенесі салынғанда.

Кездесе қоғам ісі түсіп алға,
Қаржысын аямады қолда барда,
Рухын Әуелбеков Еркін сыйлап,
Қол үшін берді ескерткіш орнатқанда.

Барғанда қайын жұртқа айтып сауға,
Кез болды ел тойына Атырауда,
Танытты жомарттығын Атығайдың
Ас беріп, айтып сәлем Көкшетаудан.

Қайтпаған күш-қайраты білегінде,
Жігері нұрлы сәуле іренінде,
Қайнары адамдықтың сарқылмайтын
Жылытар жанды жылу жүрегінде.

Атығай Зілғараның Әлібегі,
Ата боп қосылатын арғы тегі,
Мәрттігін Сағындықтың қолдағандай,
Ескенде жақсылықтың самал лебі.

Мен дағы сері Ақандай ағыламын,
Халқыма шырақ болып жағыламын,
Көргенде ер көңілдің көкжиегін,
Інімді Сағындықтай сағынамын.

Шығады ән түрленіп отыз тістен,
Шырқалар биігіне күштеп іштен.
Тебіреніп ән салғанда жұрт алдында,
Сөзі айтқан Сағындықтың кетпес естен:

- Бұл ағаң ән салады аузын ашып,
Күлімдер ел ырғаққа көңілі тасып,
Көрінсін тістері әсем, мықты болып –
Деп айтты ол емшілерге басып-басып.

- Шырқайды әнді ағаң кейде алыстан,
Қалмаған шын өнерпаз көп жарыстан.

Көкшенің көрігіндей көкке өрлеген
Ер жігіт жаралғандай ар-намыстан.

Ән-жырым аталардан маған жұқтың,
Елімнің мәпелеген сырын ұқтым,
Өнерін сал-серілер жалғастырып,
Әндетіп ұлғайғанда Сал боп шықтым

Ел сыйлап құрметтеумен өнерді үлгі,
Өрмелеп бағындырдым талай шыңды.
Қолдаған сері Ақанды Әлібектей
Сөзі айтқан Сағындықтың маған құнды.

Кездесем тектілігі ер сезіледі,
Жүзінен нұрлы сәуле төгіледі,
Онымен сырласқанда ой өрістеп,
Елдік жүк ер көңілге жегіледі.

Сыбайлас билік мақтап көтерсе ерді,
Жағымпаз қазақ шұлғып, соған сенді.
Мен өзім Иран Сал боп тапқандаймын
Сәкеңдей елге сыйлы асыл кенді.

Бұл заман тоқтамайды, бәрі де өтер,
Еншалла, ел бақытқа алда жетер.
Бұл жалған сыйын толық көрмесем де,
Болашақ ұрпақ бізге тағзым етер.

Ел болсақ туар да әлі талай батыр,
Аузынан даналардың шығар да ақыл,
Көбейсін ел ішінде ер көңілді
Азамат Сағындықтай іскер, батыл.





Поэмалар



Ер азамат Тасқара
(лирикалық поэма)

1.Кіріспе

От болып шырағы адам жағылғалы
Тарихы адамзаттың ағындады
Данышпан, талай дана айтқанына
Бас ұрып үнемі адам бағынбады.

Әуелі ол жеке бастың құты болды,
Сонан соң топас тобыр тұты болды,
Дүниенің қырын-сырын блген сайын
Бұл өмір саясаттың құны болды.

“Адамның басы алланың тобы” деген,
Қуанышы бірге жүрген сорыменен.
Жүгіртсек көзді әр адам өміріне
Ол тарих сырларына толы дер ем.

Өмірі әкелердің мұнды ұқтырды,
Қайғысы көрген жанды түршіктірді,
Қанбақты дөңгелестер іліп алып,
Бір дауыл бір дауылды күтіп тұрды

Дәуірі Кеңес орнап тұрған елде,
Ауысты сегіз патша билік төрде
Басына бір ұрпақтың үйіп-төккен
Ұқсады өзгерістер тасқын селге.

Ашылса іште жатқан қайғы-шері,
Әкелер өткен тарих кейіпкері,
Тазы боп шалса түлкі замананы,
Ерім деп сыйлап өткен қалың елі.

Шықсам деп туған елдің сенімінен,
Толғайды ақиқатты көңіл кілең.
Шертейін жырдай қылып әңгімесін,
Әкенің бастан кешкен өмірінен.

2. Аңсаған ел құшағы

Кенжесі Смағұлдың Тасқара еді,
Бір кезде әлпештеген жас бала еді,
“Сепқрай” - Омбы жерін паналаған,
Көз жазып туған жерден Көкшедегі.

Түсіне жиі енеді Қарой белі,
Борсықбай кіндік кескен, қайран, елі,
Суатқа мыңдап жылқы құлағанда,
Лайланбас Бас көл менен Аяқ көлі.

Жап-жасыл көл жағалай қамыс нуы,
Тынбаған көктем жетсе құстар шуы,
Жарысып аққу, қазбен суда ойнайтын
Өзені балалықтың Шолақ суы.

Жаркырап, жаңа туған ай қабағы,
Мамыржай күйге бөлеп айналаны,
Ауылы Смағұл қажы тербететін,
Уатып сыңсып жатқан сай-саланы.

Көзінен туған жердің сәні кетпей,
Есінен ағасының әні кетпей,
Жас өрім аңсап жүрді бесікті алтын,
Тілінен бадәуреннің дәмі кетпей.

Туыпты Тасқараның тасқан кезі,
Оқыған, жұрты тыңдап тосқан сөзін.
Бір мезгіл дір етеді жас жүрегі,
Түсірсе есіне елді лаулап сезім.

Ел шеті қайта-қайта түседі еске,
Жасырын үрдіс жүріс ерте-кеште,
Шулаған қарға-құзғын маңайында,
Көмілмей қалған өлік ерген көшке.

Баланың өксіп атқан бұлдыр таңы,
Таң атса жұтқыншақта тамақ қамы.
Әйтеуір, қамқор болар ағалар бар
Тапсырған жаратқанға шықпас жанын.

Жапсырған емес біреу жәй жаласын,
Үкімет таққан күнә - бай баласы.
Ілінді кәмпескеге Смағұл қажы,
Қажының бала-шаға, айналасы

Батпады ағайынның ішкен асы,
Тік тұрды зомбылықтан жұрттың шашы.
Ағасы Қайыргелді ұсталды да,
Жоқ қылды “үндеместер” алтын басын.

Кәмпеске елді басып, жаншып өтті,
Ағайын бас сауғалап қашып кетті.
Біреулер шет елге ауып күнін көрсе,
Біреулер қара орманнан асып кетті.

Өзгертіп кейбіреулер ата-тегін,
Ұмытты ауызға алмай шыққан жерін.
Үш адам бір адамға жала жауып
Адамдар калмағандай артар сенім.

Зардабын қашқындықтың көрген ердің
Билсуге қолы жетті елдің төрін,
Көріп бір қайтайын деп белді буды
Аңсаған анасындай туған жерін.

Жылы еді бұл қаһарлы отыз жеті,
Батқандай елге желдің ызғар өті,
Ерлерді “жауы деп ел” құрбан қылып,
Қандаған қолын Кеңес Үкіметі.

Алғыр жас “Совпартшкол” бітірген жыл,
Жастық шақ жалындаған, төгілген нұр,
Жеткенде “Борсықбайдай” ауылына
Жайнады ән-жырындай егілген сыр.

Қайда екен мыңдап өрген әке малы,
Кісінеп қарсы алатын жылқылары?!
Тып-тыныш елдің іші, ойын құрған
Қазақтың қара сирақ балалары

Жүгіріп шықты ауыл балалары,
Көлкөлеп күннен көзін ана кәрі.
- Құлыным, қайдан жүрсің? – деп құшақтап,
Жүректі алып ұшты ана зары

Балалар көрген мұны жүгірісті,
Баяндап үйден-үйге көрген істі.
Ағайын алқа қотан ауылдағы
Қарсы алып Тасекенді сүйіп, құшты

Көріп тұр өскен елі Тасқара ерді,
Аңсаған құстай ұшып туған жерді.
Көрісіп, құшып ана азаматын,
Зарланып, көл қып жасын, жылай берді.

3. Көрісу

Құлыным менің, бауырым!
Алдыңда міне ауылың,
Атылып, қаңғып туыстар,
Сиреп те тозған қауымың.

Аямай да нар күшін,
Күресті ерлер ар үшін,
Наһақтан кетті құрбан боп,
Қайырғелді арысым!

Ұланым менің әнші еді,
Құсбегі, сері, аңшы еді,
Айдынның шалқар көліне
Аспаннан түскен тамшы еді

Азайды күшім тұралап,
Елдікті кімдер құрамақ,
Келіп тұр, елім, ортана
Жақсыдан қалған жұрағат.

Жүрекке ана зары қатты батты,
Шымырлап, сай-сүйскіті сырқыратты
Айырып ана-бала құшақтарын:
- Сабырлық - деп ағайын көңіл айтты.

Шақырып, кезектерін тағайындар,
Дәм – тұзын алға тосты ағайындар.
Қаншама қауқылдасып отырса да,
Тұрғандай тұнып елде уайым бар.

Ол қасірет -- кәмпескелеп қырған малды,
Ел ішін аштық қаулап қырған жанды,
Көтерем малдай жаңа тірілгенде ел,
Ерлерін жоямын деп құрған заңды.

Ағызып төңкерісшіл қазан селін,
Билеген Кеңес байтақ дала жерін
Сталин Голощекин досын қолдап,
Жіберген басқаруға қазақ елін

Менсінбей көшпенді елді мазақ қылған,
Шовинист көзқарасты ол антұрған.
- Жасаймын “Кіші Октябрь” бұл елде – деп,
Намысын ұлттың таптап көп құтырған

Ұранды коммунистік перде қылып,
Байларды кәмпескелеп, малды қырып,
Жасаған қолдан аштық қазақтарға
Атанды тарихымда жауыз ұлық.

“Қалмасын аша тұяқ малдарында,
Болмасын асыра сілтеу заң жолында”
Осындай жымысқы істен миллиондап
Қырылды қазақ малсыз қолдарында.

Тіршілік малсыз қазақ қыла алмаған,
Жер баптап егіншілік құра алмаған,
Құс атып, аңшы болып жаяулатып,
Сүруге қазақ өмірі жаралмаған.

Қазақта білмегендей мұндай сырды
Өзінше Голощекин жоспар құрды
Смағұл Садуақасов біздің жерлес,
Қасқайып ұлтты қорғап қарсы тұрды

- Шеруі қазан елде бұрыс емес,
Мақсатқа жету әркез ұрыс емес,
Байсалды шаруа құрсын барлық қазақ,
Бағытың Кіші Октябрь дұрыс емес –

Осылай Садуақасов назаланды,
Ол қайтсын Голощёкин мазаны алды,
Алаштың ерлерін де қолдап еді,
Ақыры халқы үшін жазаланды.

Сол кезең балық шіріп жатқан бастан,
Сергелден елін тастап жұрты қашқан,
Зар қаққан бала-шаға көшке еріп,
Бар ойы жанын сақтап, өлмеу аштан.

Тасекең ел халіне қайран қалды,
Замана зары іште ойран салды,
Кешегі, бүгінгі ой толқытып,
Зарлатып домбыра үнін әнге салды.

Күңіреніп Тасқараның шерлі үні,
Уылеп тыңды жұрттың іште мұңы,
Шығарған Темір аға Әбішұлы
Қоштасқан елмен зарға құлақ түрді.

4. Темірғали ағаның елмен қоштасуы

Мекенім Бестамақтың тарауында,
Руым Мөңтік еді Қарауылда,
Қос жылқы, қотанды қой, табын сиыр
Бір кезде өретұғын әр ауылда.

Арғы атам сұрасаныз Мат, Жоламан,
Құт қонған, қадір, дарын біржола оған,
Бабалы, Тінәлі мен Жаналы бай,
Үшеуі жұбын жазбай тарады одан.

Бұдан соң Құдайменді, болған Күшік,
Құрметке толған бұлар байлық құшып.
Байлығы, мырзалығы бірдей болып,
Жоқ шығар ат мінбеген, асын ішіп.

Әйтiмбет, Дәнияр мен Құпия, Жұман,
Кiшiсi Әбiлхайыр бiрге туған.
Атасы бесеуiнiң Құдаймендi,
Шежiре осылайша кесте құрған.

Мыңжарым жылқы бiткен Мұсақайға,
Iнiсi қажы Смағұл, батыр Байжан,
Байлықпен бiрнeшe жыл болыс болып
Қажы боп қолы жеткен екi жайға.

Кешегi Жақаң қажы болып өткен,
Мағлұм бес дуанға аты кеткен.
Жеке қос бiр өзiне жылқы бiтiп,
Мәскеуге Iрбiт шауып қолы жеткен,

Кеменгер, дуалы ауыз болғаннан соң
Ағайын ақыл сұрап келген шеттен,
Не қиын бас кететiн жұмыстарға
Ақылмен соларға да дауа еткен,
Дұшпанын ерегiскен табанға сап,
Бақыты өле-өлгенше бiрге кеткен.

Баласы Әбiлхайыр Әбiш қажы,
Ғадiлдiк туралықта болған қазы,
Такуа үйде отырып дiнiн күтiп,
Кем-кетiк мұқтаждарды қылған разы.

Уа, шiркiн, туған жерiм қош, есен бол,
Келетiн шiлде туа ел Шуңқыркөл,
Үй тiгiп көкорайға, бие байлап,
Жағалай айналаңа қонушы едi ел.

Көргенше қош, есен бол, қайран,елiм,
Бас кесiк, Аяқ кесiк- биiк белiм,
Iшкенде төрт мың жылқы лай болмас,
Бас көлмен қатар бiткен Аяқ көлiм.

Жағалай айналаңа ел қонушы едi,
Лықылдап мал маңайға толушы едi,
Ағайын бұрын келген соң келгенге
Мал сойып ерулiгiн берушi едi.

Дүйсеней, Құрақ өзен малға жайлы,
Шөбім бар мия құрақ, көкөрайлы.
Өтеміс, Кенашы мен Жазық дала,
Болар ма осылардай жер қолайлы.

Итсигек, Мейір ұзатқан қылған күзек,
Салтанат, сауық-сайран еткен түзеп.
Қораға күзем алып қояды екен,
Қалар деп катын-бала тоңып, жүдеп.

Тасмола боран жүрмес биік жарың,
Жылт етсе күн еріген түскен қарың.
Кенсуат аралында жан сақтаушы ек,
Шөп бітіп жазғытұрым болса тарын

Борсықбай қалың қопа боран жүрмес,
Көрмеген аралыңа тауып кірмес,
Қамысың сексеуілдей отын болған,
Мұндай жер, уа, дариға, түске кірмес.

Борсықбай ата-бабам мекен еткен,
Шабындық бір тайпа елге түгел жеткен,
Қаңқылдап аққу, қазың шулап-ойнап,
Болғанда жазғытұрым мазаң кеткен.

Шатыртіккен, Найзақамыс, Сиыршы өзек,
Шабындық шықпай қалмас бойын тежеп.
Тәуекел, көреміз бе, көрмейміз бе,
Туған жер амандастым кезек-кезек

Шолақ Су ел қыстаған айналанды,
Бір кезде ғарып-хасар пайдаланды.
Ел құты Құдайменді балалары,
Қажы үйі Орда болған қайда қалды?!

Манайың кара қоға, аққан бұлақ,
Шырмауық балауса боп шыққан құрақ,
Айрылып тағдырменен ел-жұртымнан,
Артыма қарай-қарай кеттім жылап.

Ақ Орда қалды менің киіз үйім,
Көтердік бір алланың салған сыйын.
Қалғаны баспанасыз үй-ішінің,
Бұл дағы оңай емес болды қиын.

Зеннаттап салдырған үй, қора-сайман,
Қызыкпен бірнеше жыл еткен сайран,
Иссіз дал-дұл болып қалғанына,
Ғажап боп алла ісіне қалдым қайран.

Бай болдым, момын болдым, болдым жуас,
Бай болып есіріктеніп болмадым мас,
Кем қылмай шаруаны тәрбиелеп,
Бар мінім кедей болмай келдім рас.

Кісі алдап, неге айтпадым мен өтірік,
Мал ұрлап, реті келсе кісі өлтіріп,
Өрі іс қып, момындарды қойдай айдап,
Жүрмес пе ем, қызмет қылып, іс толтырып?!

Айтқанмен осы күнде бәрі өтірік,
Нағыз біз ұрлық қылған кісі өлтіріп,
Я, раббым, ақырының қайырын бср,
Жылаймыз екі көзге жас толтырып ..

Бірнеше жыл мәкен еткен Шолақ Су,
Көлдеріңнен топ-топ болып ұшқан қу
Құзға бойлап, қанатымен су сабап,
Болатұғын жаздыкүні у да шу.

Бір бізге емес көпке тағдыр осылай,
Тағдырдан да кеткен де көп тосылмай,
Туысы бір, қаны да бір ағайын,
Уа, дариға, кетер ме еш қосылмай.

Аққан өзен, айдын шалқар көлдерім,
Ашы, тұщы, өңшең балқаш жерлерім,
Көл суалып, жер қуарып, құт кетіп,
Иссіз қалған, жетім қалған елдерім!

5. Тасқараның тұтқындалуы

Өткен күн мұң боп жаулап ой-сананды,
Бір мезет доғарғандай айтар әнді.
Елтітіп ел мен жұртын Тасқара әні,
Сұраумен Темір жыры қайталанды

Көтерген желбіретіп елдік туын,
Ғанибет ер мен елдің қауышуы.
Ағайын қуанышын тойлап жатты,
Толқындап күлкі, әні, у мен шуы.

Осылай қызып думан жатқан кезде,
Кіре ме жұрт ойына шаруа өзге?!
Кенеттен бес “үндемес” кіріп келіп,
Үзіліп той, орнады тыныштық лезде.

-Тасқара, тұтқындалдың көтер қолды,
Келгенде байқамадың оңды-солды.
Баласы байдың келіп ауылына
Бүлдіріп жатыр деген хабар болды-

Деді де бастық майор алға шықты,
Ысырып тастағандай қалың жұртты,
Алға сап, қоршап алып тұтқын жанды,
Бас изеп, меңзеді есік, дала сыртты.

Тұншығып кара күшке елдік сана,
Тағы да селт еткізді зарлы ана.
Шама жоқ түсуге ара ағайынға,
Жабырқап тілегендей көктен пана.

6. Ана Зары

Халқым-ау менің аяулы,
Болды ма қолың байлаулы,
Аямадың қыршынды,
Баладан таптың қай жауды?!

Үкімет күші ісінсін,
Аласы адам ішінен,

Жандайшап, көреалмастықтан
Дерті қазақ ісінген.

Адамға заман сын екен,
Бірліксіз күнің мұң екен,
Келгенін жас баланың
Хабарлай қойған кім екен?!

Ашымас жаны жеріне,
Ауырмас басы еліне,
Бас болған өңкей надандар
Тартпаған ата – тегіне.

Тоқтамай ата сөзіне,
Шөп түсіп кара көзіңе,
Арды да салған саудаға
Обалың қазақ өзіне.

7. Тұтқынның босануы

Толқытты ана зары бүкіл елді,
Бұл істі ел “ауылнайдай” сұмнан көрді,
Мінгізіп “кара албасты” машинаға
Тұтқынмен каралы топ жүре берді

Тасқара есенгіреп естен танды,
Үкімет құзырына қайран қалды.
Талпынған жаңа өмірге қайрат, жігер,
Іштегі дерт дауылы ойран салды.

Есейген ұрпағы боп жаңа дәуір,
Жас балғын барлық жұртты көрген бауыр,
Қастықтың қармағына түсіп енді,
Түсе ме жолына аға қайғылы, ауыр?!

Алдында кісендеулі екі қолы,
Жас жүрек ыза, кек пен шерге толы,
Қоршаған “қызыл жаға” айналасы,
Тартты енді Қызылтуға дозақ жолы?!

Тұтқын жан шым-шытырман ойға батты,
Бір мезгіл түсірді еске Омбы жақты...!
Сол мезет майор - татар бастығы топ
Қол сілттеп машинаны кілт тоқтатты.

-Тұтқынның жалғыз өзін түсір- деді,
-Шешемін жеке мұның ісін-деді.
Алға сап Тасқараны ол кейін жүрді,
Тұтқын жан аң-таң бұған түсінбеді.

Байлаған оққа жанын сезбегендей,
Алтыатар дәл басынан көздегендей,
Білмеді ол көп жүргенін, аз жүргенін,
“Үндемес” қатарласты сөзбен демей:

- Бозбаласың жас желектей жайқалған,
Өлтірмеймін “сепкрайға” қайтарам.
Енді елім деп, еңіреп келме бұл жаққа,
Кет ауылыңа Омбы жаққа қайтадан.

Адамдығым осы саған жасаған,
Қазақта көп бір-біріне қас адам.
Мұсылманмын жүзген күнә көлінде,
Кешсін бізді, жаратқаным, жасаған

Тасқара қуанғаннан жасын төкті,
- Рахмет-деуге дауысы әрең жетті.
Ал, майор алтыатарын аспанға атып,
Қараңғы түнге сіңіп, жоқ боп кетті.

8. “Қожа” ауылы

Ешкімге ашпай сырын түскен басқа,
Тасқара қашқан бетпен Омбы асқан.
Қызметке “Қожа” еліне қайта оралып,
Болаттай жарқылдады тиген тасқа.

Омбыда “Қожа” ауылы мен туған жер,
Ертеден қазақтарға құнарлы бел.
Мұсылман дінін бізге таратам деп
Қожалар арабтардан шыққан бір ел.

Көздеген мақсатына олар жетті,
Қожаны санады ел асыл текті,
Бұл күнде ру болып қазақтарға
Ішіне қоғамының сіңіп кетті.

Қожадан туды талай ақын,батыр,
Қазаққа қожа, молла айтқан ақыл,
Тарихын бұл қожаның қопармай-ақ
Ауэзов Мұхтарды айтсақ жетіп жатыр.

Бұл күнде орны да жоқ “Қожа” елдің,
“Қожаның зираты” тұр-қалған белгі.
Нағашы атам, әжем, анам жатқан,
Қалайша ұмытарсың мәңгі төрді?!

Бала кез “Қожа” десе түседі еске,
Жүгірген асыр салып бел-белесте.
Ақ қайың, сұңғақ терек, көк шалғыны,
Әртүрлі аңқыған гүл салған кесте.

Ертегі балалығым сайран құрған,
Таң қалған таңғы әлеммен жанған нұрға.
Ішіне қалың ағаш қойып кетсең,
Қарақат, тас бүлдірген жайнап тұрған.

Қол созсаң мөлдіреген нәрге ғажап,
Жабылған кара бұлттай маса талап,
Үлгермей жеуге жұлып алғаныңды,
Алаңға атыласың құстай жарап.

Ашылған күннің көзі алаңда ойнап,
Тіміскіп кой жидекті кетер бойлап,
Қызылын сол бүлдірген жатып теріп,
Аунайсың кең даланың сәнін тойлап...

Шалбардың балақтарын түріп алып,
Көлшікті шалпылдатып ізді салып,
Ұясын үйрек, қаздың санаушы едік
Құстардың мекен- жайын біліп алып.

Туған жер қымбат кіндік қаным тамған,
Балалық балдәуренім артта қалған,

Қалықтап ақ мойынды қарлығаштар
Қорамның төбесіне ұя салған.

“Құр-құрлап” қара құрлар ағаштардан,
Қызарып шыққан күндей атқан таңда,
Зыр қағып қанаттарын қожырайтып,
Алаңға қонып ойнап, оттай жанған.

Бозторғай, шегірткелер шырылдаған,
Төккендей балалықтың нұрын маған.
Сызылтсам сыбызғының сазды үнін
Болушы ем естігендей жырын ғалам.

Осындай балалықтың ауылы “Қожа”,
Қазақтың ерін құшқан бауыры “Қожа”,
Заманның ағымындай сырғып өткен,
Әкенің Тасқара атты дауылы “Қожа”.

Ұнатты ел Тасқараның мұндастығын,
Елімен, ерлерімен сырластығын,
Ұшқындап нұр жүзінен асыл әуен,
Төгілген домбыра алса бал – тәтті үні.

Дауысы нәзік еді, ашық үні,
Үрсіді серпігендей қашып мұңы.
Әнімен Тасқараның тарап кетті
Сұлу ән Бейімбеттің “Ғашықтығы”.

Тойынан өнерліні ел қалдырмады,
Өтініп қайта-қайта салдырды әнін,
Әніне Бәтимадай жас арудың,
Құлағын түрді қазақ ой-қырдағы.

Бәтима әнші, сұлу құмай белді,
Сал кербез Тасқараға ұнай берді,
- Дауысың патефондай шығады екен,
Шырқа деп “Сұржекейді” - сұрай берді.

“Сұржекей ” желбіреді жібек жіптей,
Шарқ ұрды аспанға өрлеп кезек күтпей,
Аһ ұрып сағыныштан, қайран, жүрек,
Кең салды ән қанатын сал жүйріктей.

Таскара бір көргеннен ғашық болды,
Тотыдай нәзік жанға көңілі толды,
“Қожадай” болды елдің ортасында
Қос аққу сызылтқандай айдын көлді.

Бәтима жалғыз қызы Абақанның,
Қарсы алды бақ жұлдызын атқан таңның,
Елікті ер жігітпен қолтықтасып,
Сезгесін от-жалынын алақанның.

Абақан, Абдрахман терең ойлы,
Дембелше, шапшаң жүріс, орта бойлы,
Ақ камзол, ақ тақия, ақ шалбарлы
Атаға “Аллаһақ” деп ел ат қойды.

“Аллаһақ” боп ақсақал бағын тапты,
Күбірлеп іштей аят шамын жақты,
Бір ұрып ақ таяғын үшкіргенде
Науқастар жеңілденіп емін тапты.

Абақан жүрді елдің киесіндей,
Аңыз-жыр Көкше Ақбура түйссіндей,
Бұл жүріс ұнамады Сартай дөйге,
Басқарған колхозды өз үлесіндей.

Кез еді қуғындаған дінді үкімет,
Апиын діннің жолы емес қажет-
Деп елді үгіттеген дінсіздікке,
Молла мен әулиенің ілімін тежеп.

Ішінен қожалардың болып мықты,
Қудалап Абақанды Сартай шықты,
Ақыры түрме болып мекені атам,
Жалмауыз жақсы тектің көзін құртты.

Есімде киелі ата сол бір кезі,
Қаптаған “қызыл жаға” қаптап легі,
Сонда ол қолына алып құшып мені:
- Ұрпағым аман болсын - айтқан сөзі.

Кім шыдар сокқысына дүлей күштің?
Сезді атам не боларын ақыры істің.
Ат жеккен арбасы оның қозғалғанда
Соңынын қуып, зарлап, құлап түстім.

Мықтылар жемқорлықпен күнін көрді,
Орындап ойдағысын елді бөлді
Киесі “Қожа” елінің Абақандай
Ақыры наукастанып түрмеде өлді.

Жауыздар арқалатты елге шерді,
Қоқайын мықтылардың халқы көрді,
Қожаның көбі қолдап “Мөңтік” руын,
Шақырды күреске енді Тасқара ерді.

Тасқара біліп жүрді елдің жайын.
Бұл күйеу, “Қожа” елі-жұрты қайын,
Дегенмен ел бірлігін сақтау үшін,
Тазарту керек болды қоқыс-лайын.

Сүйтті де ел күресін бастап кетті,
Арызы елдің, ердің төрге жетті.
Сартайдай ел сорғыштар ұсталғанда
Артында қалған елі топырақ септі.

Туғанда қилы кезең ел басына
Ел сорғыш қарамайды көз жасына,
Қорғаштар сыбайласын маңайдағы
Түскенше шаңырағы ортасына.

Адамды зұлымдыққа бастар ашу,
Билік пен байлық шегі- асып-тасу.
Белгісі адамдықтың жоғалғаны-
Ел қарғап артыңыздан топырақ шашу.

Сотталып Сартай бастық кете барды,
Ер күйеу “Қожа” елінен алғыс алды.
Сақталып елдің бірлік, тыныштығы,
Моллалар Тасекене нұрлы із салды.

Аузынан діндарлардың түспей алла,
Бір кіршік келтірмеген намыс,арға,
Шариғат, табиғатты табыстырған
Садуақас, Сәкен халфе, Ақмұрт молла.

Моллаға кашқын болып әбден тозған,
Пана боп Тасқара срі қолын созған.
Тыныштық қазағымда орнағанда
Сайланып кази халфе Сәкен озған.

Арналып Тасқараға “Қожа” төрі,
Аталды ер азамат, сыйлы сері.
Дем алды ел айтыс пен тартыстардан,
Біраз жыл кетіпті өтіп содан бері.

Біресе өмір жолы болса қатты,
Ал бірде өмір нәрі балдай тәтті.
Бір күні Тасекеңнің отауына
Үш адам “пәуескеден” түсіп жатты.

Шешем деп бұл өмірдің бітпес дауын
Шағылды талай срдің асқар тауы.
Міне енді, реттеуге дау-дамайды
Келіпті Тасқараға Сартай жауы.

Сөз бастап Рахым қожа амандасты,
Шешендік, алғырлықтың нұрын шашты:
- Сартай ер сұрай келді кешірімді,
Тасқара, ерлігіңе иіп басты.

Күнәсін ел алдында ақтайды енді,
Жақсыны, имандықты жақтайды енді,
Бір алла кешіре гөр пенденді- деп
Аятты өмір бойы баптайды енді

- Заманым жатса ұрпақты алмастырып,
Қазақша отырмайық малдас құрып.
Өсиетін ата-баба орындайық,
Бірлігін ел ерлікпен жалғастырып.

Жоғары қарай бермей үкіметке,
Қорғайық жақсы салтты жаққан көпке,
Сақтайық ұлт намысын, дінді, ділді.
Болсақ та қашқын қазақ жүрген шетте-

Дегенде Рахым, Сартай құшақты ашты,
Екі ер төс қағысып, құшақтасты.
Тасқара алып ұрып құнан қойды,
Жасатып той-думанды әнге басты.

Сол Сартай мендей ұлға нағашы еді,
“Қожадай” елдің ол да ағасы еді.
Сарсаңға ел мен ерді салып қойған
Заманның таптық күрес таласы еді.

Ақыры Сартай қожа имам болды,
Омбының шаһарына барып қонды.
Күнәлі жан сыйынып бір Аллаға,
Сарғайып күн-күн сайын гүлдей солды.

Жазбасам тарихымды ел білер ме еді,
Болмаса Абақа атам түлер ме едім?!
Сартайға тірі күнде жүздесуге
Аруағы Абақамның жібермеді...

Күшейтіп “Қызыл Кеңес” насихатты,
“Жаулармен” таптық күрес үдеп жатты.
Қазағы Сепкрайдың туған елін
“Бүлінген Қазақстан” деп атапты.

Батпаңдап билік басып ел санасын,
Көбейді жала есінен ер танатын.
Қаптады ел торыған тіміскілеп
Белсенді шаш ал десе бас алатын.

Одақта “жаумен” күрес етек алды,
Жан-жаққа құрған топтар қанды із салды
Құрылған “қызыл жаға” бір тобыры
Жүруге Омбы жақты бетке алды.

Басшы боп жеткендей бір зор атакқа,
Тізгіні топтың тиді Жандайшапка.
-Қатырам, мен білемін – деп өрепкіп,
Сезінді отырғандай алтын таққа.

Жандайшап адам еді құдай атқан,
Лас кеуде жамандықты бағып-қакқан,
Бастықтан мақтау алса, қарны тойып,
Көрсетіп аға, әкесін қоса сатқан.

Тез ара ол Омбымен хабарласты,
Құпиясын лауазымды ерге ашты.
“Жауларын халық ” ұстап тұтқындауға
Омбылық әріптестер қол жалғасты.

Құпиялап бір-біріне ашатын сыр,
“Тамыр” боп кездескенде шашатын нұр,
Күн кешті көп ұлттардың одағында
Бұқара орыс-қазақ қайғысы бір.

Бәріне бір құдайдың таңы атқан,
Бәріне зұлымдығы Кеңес батқан,
Орыстың зиялысы, қара халқы
Қазақтан дос-тамырын қорғап баққан.

Қазаққа қашқын “тамыр” болған қорған,
Орыстың кең даласы, қалың орман.
Көп қазақ жатағы боп “Сепкрайдың”
Зобалаң құрбандықтан аман қалған.

Жатақтың бірі әкем Тасқара ерім,
Жол салған жақсылыққа бастап елін,
Қазақша, орысшалап сөйлеп кетсе
Ағызған шешендіктің тасқын селін.

Сүйсінген орыс достар өнеріне,
Санаған заманының тең еріне,
Жеткізді Тасқараға тез арада
Мәлімет Жандайшаптың келерінен.

Тасқара ер жинап алды қашқындарды,
Естіртті достар айтқан тыс хабарды.
- Бәрін де тығылыңдар нұ орманға -
Деп жұртты тағы айдаудан алып қалды.

Кешікпей Жандайшаптың тобы келді,
Іздесді қашқындарды тінтіп слді.
Таба алмай іздегенін қаракшылар,
Жағдайын “Қожа” елінің көзбен көрді

- Көрдіндер “Қожа” елінің тыныш іші -
Деп қалды Омбы өкілі, орыс кісі
- Келдіңдер бізге сенбей алыс жерден,
Күресу “жаумен” Одақ емес пе ісі?!

Түсініп шаруаның мән мен жайын,
Туарын шиеленіс барған сайын,
Тасқара киіп кетті сөзді бұзып:
- Қонақтар, ет те пісті, тамақ дайын...

Осылай елін ерлер сақтап қалған,
Құтқарған көп қазақты сұм ажалдан,
Жүзінде ұстараның жүргендей боп
Күн кешкен қыл ұстінде өмірі - арзан.

Көп қазақ орман кезіп, орысқа өтті,
Ең алыс Қиыр Шығыс жерге жетті,
Батыстың елдерінде жан сауғалап,
Өзбек боп өзбектерге сіңіп кетті..

Дегенмен уақыт өтіп, заман озды,
Билікке сеніп тағы халық төзді,
Өмірі Кеңес елде тамырланып,
Барлық ұлт жаңалыққа қолын созды...

Жеткенде Кеңес енді айтқан сертке,
Орнатып социализм арнап көпке,
Батыстан неміс-фашист киіп кетіп,
Шалынды дүние жүзі қалың өртке.

Тасқара тылда жүріп еңбек етті,
Соғысқа елден көмек көптеп төкті,
Ел үшін жас жігіттер, туыстарды
Майданға аттандырып зарды шекті.

Елімен қиындықты ері көрді,
Жстімге бала-шаға көңіл бөлді,
Майданнан жараланып келгендерге
Ел болып, құрмет тұтып көмек берді.

Есімде ағатайым Нұрлан атты,
Соғыста жараланып елге қайтты.
Оранған ақыретке аппақ дене
Төсекте қозғала алмай сұлық жатты.

Әкеміз іні болып құшты ағасын,
Анамыз сылап сипап ет жарасын,
Сүйектің сынықтарын күнде аршып,
Күткендей болды нағыз өз баласын.

Жазылып зардабы аға артта қалды,
Тасқең ағасынан алғыс алды,
Ағасын үйлендіріп ел алдында
Алдына отауының малын салды.

Мұқтажын соғыс елде әркім ұқты,
Әйелдер майданға арнап киім тікті,
Аналар, балалармен масақ теріп,
Бидайды қол диірмен, таспен үкті.

Шөп қосып, ағаш қосып іштік дәмді,
Атырдық дірдек қағып талай таңды,
Мәңгі есте балалықта жегеніміз
Қап-қара асфальт жолдай қара нанды.

Дегенмен жарқырап күн түнді жеңді,
Адамзат бағы жанып Жеңіс келді.
Шуағы Ұлы Жеңіс жер шарында
Бөледі бейбіт нұрға талай елді.

Зардабын қанды соғыс жою үшін,
Үкімет біріктірді елдің күшін.
Жаңғырып құрылыстар орнына кеп,
Жайлады жарқын лебіз елдің ішін.

Адамның аласталған ез кеселі,
Адамдар сол кездегі өзгеше еді.
Қол үшін беріп әркім жанасқанға,
Алдамай бірін бірі сөзге сенді.

Риза боп қолда барға жыламайтын,
Біреуді бәленше деп сынамайтын,
Жолаушы қол көтерсе машинаға
Мінгізіп, ақшасын да сұрамайтын.

Тасекен жиі-жиі жиынды ашты,
Маңына жат пен туыс ұйымдасты,
Хат жазып Мәскеуге де қазақ үшін,
Қазақтың өмірінің сырын да ашты.

Хат жолдап Ворошилов Клим ерге,
Көтерді қымызын қазақ биік төрге:
- Қазаққа бір сыйыр мен бір бисні
Ұстауға өтінемін ұлықсат бер- деп.

Ресейді қалың қазақ елім деген
Бұл хатқа қарап еді сенімменен.
- Дамуға жеке меншік қарсымыз – деп
Ұлықсат берілмейтін қағаз келген.

Тасқара кешті бастан талай нуды,
Елді ойлап, елдің, ердің қамын қуды.
Ұлғайып жасы енді ой қорытып,
Қайтуға Көкшетауға белді буды.

9. Тасқараның еліне оралуы

Одақта жазылғандай соғыс шері,
Өтіпті ширек ғасыр содан бері,
Ұжымы колхоз, совхоз өріс алып,
Қазақтың игерілді тың жерлері.

Болғанмен жеке баска табыну, мақтау,
Өткеннің болмас бәрін сөгіп, даттау.
Тұрмысы ел күн көзіндей көтеріліп,
Саяси құрбандарды басталды ақтау.

Тасқара көргенде енді туған елін,
Танымай қалды жайсаң жұпар жерін,
Тартылған суы көлдер, өзендер жоқ,
Жыртылмай қалған жер аз, айнала егін.

Жауғанмен жаңбыр нұры тәңір- көктен,
Шөп, егін қаулағанмен келіп көктем,
Сарқылған бұлақ, өзен, шалшық көлден
Қона алмай аққу, қаздар безіп кеткен.

Ауылы село болып орыстанған,
Аз қалған туыс, жақын, таныстардан,
Көп адам бақилыққа сапар шегіп,
Мәңгілік молаларға қоныстанған.

Жүзінде қуаныш, іште - қайғы тыңды,
Шүкірлік көргенге де мұндай күнді,
Басына әкесінің құран оқып,
Бас иіп аруақтарға зират қылды.

Тұратын дұға тілеп алыс қырдан,
Тастары молалардың қиратылған,
Жатқандай тынышталып енді ғана
Аруақтар дүрбелеңнен аласұрған.

Бұл өмір бір орнында тұра алмаған,
Қоғамсыз адам елдік құра алмаған,
Дәуірі Кеңес орнап ел ішінде
Жылжыды тірлік алға ұрандаған.

“Ел жаңа елу жылда, жүз жылда –жер”,
Қазақта айтылмаған бұл сөз бекер,
Тұрмысы Тасекеңнің оңалғандай,
Қайтадан құлпырғандай көркейіп ел.

Жұмыс жоқ, ақша азайып, өзек талып,
“Бартермен” күнін көрді бүкіл халық
Әйтеуір, тәуелсіздік беттен таймай
Әлеммен түстік бірге жолға нарық.

Өңделмей қурай өскен дала тұрды,
Екі обылыс, көп аудандар таратылды,
Шығарды басқарусыз ел қаңғырған
Қалаға қоныс теуіп баратынды.

Бұзылған жол, суы жоқ ауылдарым,
Жан жоқтай түсінетін ауыр халын.
Ауылым-ұлтқа ана Әлім сақтан
Өсірген қазағымның мал мен жанын.

Қарасаң, қайран, ауыл сұлбасына,
Түскендей ауыртпалық ел басына...
Қалмады ақсақалдар ақыл айтар,
Пір тұтып үлгі ететін кәрі, жасына.

Осындай ойлар ерді мазалайды,
Өмірде өткен жолын саралайды,
Сенсе де ауылының ертеңіне,
Қазіргі жайы жүрек жаралайды.

Өмірдің алды-ойын, арты қайғы,
Бойдағы кәрілік дерт ауырлайды.
Тасекең өсиетін ұлына айтып,
Ұрпағын артта қалар уайымдайды.

10. Тасқараның өсиеті

Ұрпағым менің айбынды,
Аялап өскен ай-күнді!
Бақытын жастар тіледім,
Бермесін қасірет-қайғымды.
Болып қоғам ермегі,
Өмірде не көрмедім,
Қиындыққа мойымай

Азамат боп өрледім,
Сақтай білдім тілімді,
Ұмытпадым дінімді,
Аңсап жүрдім аңырап
Елге жетер күнімді.
Кірмедім тар қуысқа,
Сыймай мықты уысқа,
Қысылғанда қол бердім
Маңымда жат, туысқа.
Ағымы заман өзгерді,
Ауысар ұрпақ кез келді,
Өсиет елге айтсын деп
Жаратқан жаппар сөз берді.
Ден қой, ұрпақ, сөзіме,
Сенімім мол өзіңе.
Келіп тұрмын қоштасар
Ақырғы дем кезіме
Сүйсен Отан еліңді,
Сатпа туған жеріңді,
Өмір бойы ақтай біл,
Елің артқан сенімді.
Тізгін тисе қолыңа,
Мұқият бол жолыңа,
Кір тигізбе, абайла,
Ата-баба арына!
Сақта жақсы ырымды,
Дамыт ана тіліңді,
Рухын елдің тербетер
Қазақи ән-жырыңды.
Қорғай біл ұлт намысын,
Қолдап ұл мен қызыңды.
Көп ғасырлар күніреніп,
Не үшін қазақ қырылды?!
Жаратушы септі ме
Тәуелсіздік нұрымды?!
Іске асып ел арманы
Еркін елдік құрылды!
Басы жаңа ғасырдың,
Бағы жанар асылдың,
Ұрпағымды арттағы
Бір құдайға тапсырдым.

Еркіндік із салғандар,
Алда талай арман бар,
Бұра тартып елдіктен
Қарғысын ел алмаңдар!
Қош бол, туған ел-ана,
Қойныңа ал, жер-ана.
Бақыт, ғұмыр тіледім
Артта қалған батама!

11. Әке мұрасы

- Оқ жонар әке көрген-десе бабам,
Әкенің мұрасы мол берген маған,
Адамдық, азаматтық үлгісінің
Лаулаған шырағынан отымды алам.
Адамның ала жібін аттамаған,
Көңілі жамандыққа даттамаған,
Ел десе күндіз – түні елең болып,
Ерлігі тасқан судай тоқтамаған.
Қол үшін бере білген қиналғанға,
Болмаған мәз дәулеті жиналғанға,
Тіршілік күйбеңіне табынатын
Тосқауыл қоя білген қуланғанға.
Ағайын, ел- жұртына пана болған,
Өрелі шыңы әке сана қонған,
Сермесе құлашты әлем биігіне,
Таймаған қазақшылық сара жолдан.
Таң қалам әкеміздің ұстамына,
Жігермен төзген өмір қыспағына,
Жауларын қарсыласқан жеңгенімен
Қайырымды бола білген дұшпанына.
Білгесін білмегеннің білместігін,
Кешірген соқыр кеуде күндестігін.
Жанасқан адамдарға шуақ сыйлап,
Қолдаған ер мен елдің үндестігін.
Бұл заман ерді бүгін сынағандай,
Ширатып жігерін ер бұрағандай.
Өсиеті ата-баба орындалып,
Қамалы езгіліктің құлағандай
Өрлейтін өрге елдік жолым қиын,
Әзірше жоқ шалқыған тұрмыс-күйім,
Дегенмен өрнегіммен өмірді әрлеп.

Асырам іске өнеге- әке сыйын
Шын ерлер елдігімнің отын үрлер.
Шын бейбақ ер азамат жолын күрмер,
Аса алмай боқ дүние шырмауынан
Мастанар байлығына мүсәпірлер.
Байлығы туған жердің азық бүгін,
Шығардым кен тұңғиық қазып түбін,
Талқандап тасты, тауды құлатқанда
Күш қосқан әке үніндей нәзіктігім
Нәзіктік – жан сәрігім ән мен жырым,
Әңдетсем құлпырады гүлдеп нұрым
Көкше деп қак айрылып көкірегі
Жырлауға қажымаған мендей ұлын.
Мұрасы жастай маған әкем берген,
Домбырам, ән мен жырым өмірде өрген.
Бата кез нан, домбыра басқа жастап,
Айтқаным есте жұртқа түсті көрген.
Кірмепті түске жейтін күнде наным,
Кіріпті домбыраны шалқытқаным,
Көк аспан, көгал үсті отырған жер.
Жап-жарық шапақ атып тұрған таңым
Бұл түсті ата-анам ырым көрді,
Ұлының өнеріне көңіл бөлді,
Шығарып абдырадан қолға ұстатып,
Орыстың мандолинін сыйға берді.
Ән салып 10 жасымнан ерке өстім,
Басында жүрдім ән мен жырлы көштің
Көтеріп ақсақалдар мойынына,
Келтірдім сәнін талай думан-кештің
Инженер-кенші болып білім алдым.
Шахтада кен қопарып тасты жардым.
Көтеріп көңілдерін кенші қауым
Төсінде Сарыарқаның сайран салдым.
Ғұлама Сәтбаевты көзім көрді,
Қаныштың шәкірттері сабақ берді.
Еркелеп іні болып қасында өстім
Букетов Ебінейдей саналы ердің
Жастары Жезқазғанның соңыма ерді,
Қол жайып ақсақалдар бата берді
Кәнігі кенші болып жер астында,
Талқандап тасты үгітіп, қаздым жерді.
Жалындап жастық өтіп алға бастым.
Жерінен Жезқазғанның Көкшеге астым,

Қарсы алып тәуелсіздік елдігімді.
Президент Нұрсұлтанмен құшақтастым.
Кенші, ақын, сазгер, қоғам қайраткері.
Кәкімбек Салыков ел ардагері.
Жұмыста, өнерде де ұстаз болып,
Жалғасы деді мені сал мен сері
Ағызсам Жезқазғанда жездің селін,
Көкненің алтынына тамды терім.
Атады халқым, елім Иран Сал деп
Сал-сері жалғағасын өрнектерін.
Шалқытып Біржан Салдың “Адасқағын”
Әніммен дұшпан көңілін аластадым.
Боқтығын фәни жалған сырып тастап,
Шықты іштен асқақтаған “Әнасқағым”:
- Ақындық жүрегіммен от-жалынды,
Сүйемін Қазақстан Отанымды
Туған ел, халқым қолдап өнерімді
Есімім Иран Сал деп аталынды.
Арайлап Көкшетауда атқан таңды,
Жалғадым сал-серілік асқақ әнді.
Ұрпаққа жаны сүйген сұлулықты
Болғанда Көкше мәңгі,

еншалла, мен де мәңгі.

Осылай тұжырымдап еңбегімді,
Жар салдым жетпіс жасқа келгенімді,
Мен де бір адамзаттың баласымын
Қалдырар өмірде із-өргімді.
Таныстым талай елмен, талай жермен,
Табыстым талай маңғаз, ардақты ермен.
Ерлік пен азаматтық сырды толғап,
Әндетсем орын алдым биік төрден.
Бауырға тарта білдім кездескенді,
Құшаққа қыстым бізді ел дескенді.
Жек көрдім, ұнатпадым өсекшіні,
Көреалмай бірін бірі белдескенді.
Айласын асырса да жымысқы адам,
Қолдады жұрт өнерде, жұмыста да.
Кешегі Мұқағали, Шәмшілердей
Халқымнан алып келем дұрыс баға.
Оңынан соғып бізге заман желі,
Бағытқа тәуелсіздік түсті елім.
Қазағым қолдан бермес еркіндігін
Айналмас кері тарих дөңгелегі.

Арманы орындалып ата – баба.
Ұйқыдан дүр сілкінді дархан дала
Жас толқын желтоқсанда қанға бөгіп,
Оянды мүлгіп тұрған ұлттық сана.
Бақытты ұлт еркіндік дәмін татқан,
Көк туын желбіретіп таңы атқан.
Басқарып Нұрсұлтаным ерлік жасап,
Ақорда Астананы салып жатқан.
Босанып құрсаулардан бүгін қысқан
Өтерміз әлі талай дағдарыстан
Қорқайық рухы елдің азғындаудан
Күш алып қазақшылық ар-намыстан.
Бабалар қанын төккен арман-елес,
Егсемен тәуелсіздік-асау белес.
Тойынған пасық, надан ойлайтындай
Еркіндік сасық байлық, билік емес.
Еркіндік - барша адамға шуақ, жылу,
Еркіндік - салтанатын көптің құру,
Шүйірмей байлық, билік мұрындарын,
Адамды қарапайым сыйлай білу.
Қазақы болуға біз асықпаймыз,
Кей-кезде әлі бодан жасықтаймыз.
Бар қазақ ұлт намысын қайрамаса
Тәуелсіз еркіндіктен қашықтаймыз.
Еркіндік елдігіме кірген бойлап-
Мақтаныш қуанатын той да тойлап.
Орындап ел тапсырған аманатты,
Кетпейік қара бастың қамын ойлап.
Еркіндік атқан нұрлы таңымызда,
Қолдаған халқым ата заңымызда.
Қазақтың қонақ жайлы достастығы
Ұйытқан басқа ұлттарды маңымызға.
Бас иген ұлтым әркез даналарға,
Жем бола бермес жемқор, шалаларға.
Өткелі атасапыран заман өтіп,
Ұрпақтар ерлер ісін бағалар да.
Жөн болмас ұлы жолда жүрген кейіп.
Әр істе еркін елдің қамын жейік.
Көрсетіп жасампаздық ел үлгісін
Маңына Елбасының бірігейік.
Бірігіп көтерейік елдің жүгін,
Дем беріп күресіне ердің бүгін
Мәңгілік ұрпақтарға тапсырайық
Мұра ғып қазақ елі еркіндігін.

Ақжігіт
(Лирикалық поэма)

Әудемжер

Сүйемін Ақан әнін бала жастан,
Маржандай сөзін тізген асыл тастан,
Сазды әуен ойға толы толғандырған,
Қалдырған кейінгіге мысал-дастан.

Сері Ақан сәтсіз күннен мұн шертеді,
Шарқ ұрса аспанға да өрлетеді,
Бір мезгіл төмен қалқып қоңыр сазбен
Күн түскен сары майдай жанды ертеді.

Сайраған орта жүздің бұлбұлы Ақан,
Жігіттің сегіз қырлы дүлділі Ақан,
Сырымбет әні, жері Ақан сері,
Жапқандай иығына дүрия шапан.

Серпілтсе сан қырларын Ақан сері-
Думан той, салтанаттың жүрген жері,
Сайда гүл, ойда бұлақ, сағым қуып,
Деседі көңіл қосқан қызбен пері.

Перінің қызы емес ақынды ерткен,
Табиғат шиша болған қалың дертке,
Қаншама құлшынса да жете алмаған
Жүректе ұялаған арман-сертке.

Қу басын Құлагердің арқалады,
Басынан қайғы-қасірет тарқамады,
Сарыкөл жағасына мекендеді
Жігіттің ардагері Арқадағы.

Ақынға шабыт берген, әсем Көкше,
Әсемдік, жан сұлулық әсер, Көкше,
Қойнына ал, жұбат, нәр бер Ақанына,
Құрметте құдіретті ән-жыр төксе.

Елестеп кербез сұлу шолпы таққан,
Тындады ол камыс шуын сыбдыр қаққан
Құстардың көл бетінде қаңкыл-саңкыл
Үнімен әсем, нәзік әнді ғапқан.

Бір уақыт орман-тауды қылды серік,
Аймалап қыздай құшты гүлді көріп,
Қуанып жас балаша көңілі толқып,
Жүректе жыр шумақтар кетті желіп.

Шыдамай жата кетіп, аттан түсіп,
Аймалап көк шалғынды аунап, құшып,
Ән қосты аққу қазға айдындағы
Жүргендей өзі құс боп бетінде ұшып.

Ән келді құлағына “Көк көбелек”,
Жазатын жанның дертін су себелеп.
Табиғат жаулап алып ақын жанын,
Сырласты сыбырласып жасыл желек.

Табиғат маужырады, мүлгіп кетті,
Жиналып бұлт кенеттен нөсерлетті,
Жарқырап содан кейін күн шыққанда
Жадырап Ақан сері ән-жыр төкті.

Селк етіп, бойын жазды Ақан сергіп,
Таратты қалың тұман ойды сергіп,
Жағасын Сарыкөлдің сайрандады,
Тізгіндеп көк дөненін соңына ертіп.

Қырандай желпінді ол қосқа кіріп,
Жайнады жарқын жүзі, нәзік күліп,
Домбыра-жан серігін жанына алып,
Ауылына Қоскөлдегі кетті жүріп.

Не қылсын қаһар төккен заманына,
Сүйсінер ел-жұртының аманына,
Дос болса табиғатпен ол да өнер,
Күш қосар әрбір іс пен амалына.

Үйренген әдет, шіркін, шыдатпай да,
Халқына әлпештеген тіл қатпай ма?!

Сұраса: “Ақан-аға, өлең айт”, - деп,
Мәнерлеп әнге басып шырқатпай ма?!

Келді Ақан туған елдің ортасына,
Құрылған алты қанат ордасына.
Жан-жақтан жиналған жұрт тына қалды,
Салынды ер хас жүйріктің арқасына.

Желдіртіп домбырасын безектетті
Бір-бірлеп қос ішегін кезек шертті.
Сыпырды томағасын ән-бүркіттің,
Шарықтар шалқар шабыт кезек жетті!

Қомданды “Көкжеңдетей” ілетұғын,
Жүректі жарып шықты дір етіп үн.
Әншіні “уа, пәлі” деп бір көтерді
Жамағат ән қадірін білетұғын.

Әніне “Майда қоңыр” салды ырғалтып,
Бұлбұлдай бакшадағы мың бұралтып.
Ұйытты айналаны, әлдиледі,
Сипады жанға жайлы қоңырлатып

“Көкжеңдет”, “Үш тоты құс”, “Алтыбасар”,
Жігіттің әні қайда бұдан асар
Ойнақтап, екпіндеткен “Жылқылы бай”,
Жастықтың жанған оты көңіл ашар.

Жамал қыз, Мақпал сұту естен кетпес,
Серінің бұл күнде енді қолы жетпес,
Шоктанып жастық жалын жүрегінде,
Айналған көз жасына мәңгі кеппес.

- Уау, шіркін! - деп қалың жұрт дуылдайды.
Әсем үн қытықтады, буынды алды.
Қаракөз Қадишадай жас сұлулар
Ағаға тапсырғандай шыбын жанды

Ұмыт боп алдап өткен сұм жалған да,
Жүзі Ақан жүз құбылды ән салғанда,

Жаксы эн бал шырындай шөл кандырып,
Бетіне кан жүгіртті нұр солғанда

Ағылды эн тасқан Есіл арнасындай,
Балқыгты жан мен тәнді шер басылмай
Көмекей домбырамен бүлкілдеді
Бәйгеңің дара келген жорғасындай.

Қазақтың кен саҳара даласындай.
Созылды эн, асқақтады аласұрмай.
-Эн салсаң осылай сал, ей, жігіттер,
Ақжігіт Қорамсаның баласындай,

Ал енді “Құлагерге” жібер басып.
Айыздар әбден қансын, мауқын басып!-
Деп бірсу топ ішінен айғай салды,
Шіркіннің отыр екен көңілі тасып.

Сәл бұрап сал домбыра құлақтарын
Сөйледі Ақан біраз сыр ақтарып:
“Бұл әнді-деді-көптен айтпаушы едім,
Мені енді зорламаңдар, шырақтарым!”...

“Құлагер. Құлагер”-деп дауыстары
Бұл әннен көп көңілі ауыспады
Қозғалмай сері отырды, бір күрсініп,
Өзгертті домбыраның қағыстарын

Боздады домбырасы бозінгендей,
Жоқтығын ботасының сезінгендей,
Өксіді тұтқырланып жалғыз шекпен,
Жүректі елжіретті езілгендей.

“Жел болса қамыс басы майда деймін,
Ат қостым, ат айдаушым, айда деймін”-
Дей беріп екі көзге жас іркілді,
Булығып айта алмады, алды демін.

Сүйеніп домбыраға түрегелді,
Таң қалды ел, құп-қу болған түрін көрді.

- Сабыр ет. Ақан аға! - деп шуласты,
Үн-түн жоқ Ақан шығып жүре берді.

Өлтірген Құлагерді қандай залым,
Қадірлі жан досындай ердің малын?
Лағынет айтты ішінен көрген адам
Әншінің аянышты мына хатын.

Өткен күн, уақыт-емші кайғы басар,
Дүниеде адам бар ма мәңгі жасар?
Самай шаш, сақал, мұртың қырауланып,
Қатпар боп нұр жүзінді әжім басар.

Кәрілік Ақанға да келіп қалды,
Жүректі сыздататын уайым салды:
“Серілік-көңлімнің тоты құсы,
Оралмас енді қайтып, артта қалды”...

Сыбырлап бір тәтті үн бөліп ойды,
Серінің көңілінен кетпей қойды.
Қолға алып домбырасын кәрі тарлан
Тарқатты көңіл шерін жазып бойды.

Шерлі үн аяңдады, асықпады,
Көкке өрлеп, шалқымады тасып қаны.
Жігіттік, жалындаған жастық дәурен
Арман боп қол созатын қашықтады.

Көлдегі қостан шықты бұл ән қалқып,
Күн батты, аспан шеті қызғылт тартып.
Ақаннан ән шырқаған көз алмайды
Баласы сақау Ыбан іштей балқып.

Әрине, ол ұстамас домбыраны,
Жеткізбес кейінгіге бұл мұраны,
Жүрегі жанып, көздер мөлтілдейді,
Әттең жоқ құлақ пенен тіл құралы.

“Әудемжер жүре алмаймын аяғымнан,
Ұстаймын екі қолдап таяғымнан.

Сайраған орта жүздің бұл-бұлы едім.
Кәрілік келіп қалды қай жағымнан!”-

Деді де әнші дауысы зарлап кетті,
Толқыды, жерге түспей шарлап көкті
Төмендеп қарлығаштай жер бауырлап,
Адамның арман, шерін барлап кетті.

“Әудемжер жүре алмаймын белім ұйып,
Кім тілер кәрілікті жасын кнып
Тиынды біреу берген олжа қылып,
Жүрмедім жас адамдай дүние жиып”

“Шіркін-ау” - деп қайырып бір тастады,
Шырқады, кібіртіктеп бір саспады.
“Аха-хау, хал-лу, лал-лу” қайталанды
Толкындай аймалаған жартастарды.

Баска күй ақынды енді толғамады,
Жүректің жыр пернесін қозғамады
Ән-қайнар бұлақ көзі бітелгендей
Кәрілік болашақты болжамады.

Қос болды Қоскөлдегі ер тұрағы,
Сөнбестей жанып тұрған ән шырағы,
Ілулі төрде сері жан жолдасы
Домбыра келтірілген қос құлағы.

Жалғанын сұм өмірдің ұғынғандай,
Бұл қосқа жаннан безіп тығылғандай,
Наландық, бөк дүние шырмауығы
Түсіріп дақ арына сұғынғандай.

Жүрегі ақ, сері жаны таза болған,
Кір көрсе үйден безіп дала қонған.
Талайы төре, жайсаң шақырғанда
Көңілі соқпай оған бармай қойған.

Табиғат аясында ол өмір сүрген,
Жалғыз ұл сақау Ыбан соңына ерген,

Аңсаса елдің ішін алтын бесік,
Сағынған дос, құрбыға барып жүрген.

Ұмытпай құрбылар да келіп тұрды,
Естуге жаңа шыққан ән мен жырды,
Еңсесі сері ағанын түспесін деп,
Құс салып сал-серілік сайран құрды.

Ақан да жастарға еріп сайран салды,
Шәкірттер өнеріне қайран қалды,
Әңгіме-дүкен құрып құрбылармен
Бір мезет Наурызбайды есіне алды.

Пәк жүрек пайғамбардай көңілі таза,
Ойласа ел мен жұртын кеткен маза,
Досындай мәңгілікті түсініскен
Наурызбай сері Ақанға болған бажа.

Науан

Науан хазірет, Наурызбай- молла, ғалым,
Бұхар, Бағдат бітірген оқуларын,
Араб, парсы тілдерін қоса игеріп,
Көкшетауда медресе ашқан дарын.

Білім алып шәкірттер таңы атқан,
Сусындаған Көкшедей балбұлақтан,
Шариғат пен табиғат табысқандай,
Қағидасын мұсылман аспандатқан.

Шәкіртінің сезгендей жанатынын,
Ұшқырлығын көргендей канатының,
Сенім артты Наурызбай Шәймерденге
Болжағандай депутат болатынын.

Орыс Петр орысша сабак берді,
Ингам Кари өзбегі сонына ерді,
Игі істі бастаған Алаш қолдап,
Алихандай арыстар көңіл бөлді.

Ұстаздықтың Наурызбай жолын салды,
Істеріне қалың ел қайран қалды,
Құран жолын адамдық нұрға малып,
Ағартушы. демократ ер атанды.

Еңбек етті аянбай өз еліне,
Орыс. қазақ таң қалды бәделіне.
Мұсылмандық болғанда Әлім сақтан
Басқа дінге шоқынып керегі не?

Ойлағанда осылай қазақ тегі,
Шоқынуға христиан үгіттеді.
Бұратана халықты бодан қылып,
Есіп тұрды шовинист ызғар лебі.

“Переселен” Ресейден бабын тапты,
Қазақ жерін шұрайлы алып жатты,
Ығыстырып қазақты мекенінен
Орыс-қазақ арасын алыстатты

Ел дүрлігіп қысымнан құты қашты,
Қарсы тұрып зорлыққа ұйымдасты,
Науан Хазірет хат жолдап түркі еліне,
Семейдегі Абаймен хабарласты.

Шіркеуліктер Науанға тісін қайрап,
Бастығы ояз қылмыстық ісін сайлап,
Патша үкімін ақыры орындады,
Шәймерден мен Науанды Үркітке айдап

Арыстары Алаштың от намысты,
Босатуға хазіретті ат салысты,
Көмектесіп қалың ел есіл ерге,
Серпілкендей түнерген батпан күшті.

Елге оралып хазірет көңілі тасты,
Ағайынмен, ел –жұртпен құшақтасты,
Үлкен-кіші кездесе ілтипатпен
Үшқындаған білімнің нәрін шашты

Жайылды аты Наурызбай шартарапка,
Бар мұсылман тұрғандай намаз-сапка,
Ақыл, иман, парасат сай болғандай
Ұлы ұстаз, ғұлама деген атқа.

Отырғанда қоныс қып жайлау белді,
Тарқатқандай іштегі шайпау шерді,
- Ассалаумағалсікум - деп бір жігіт
Ойға шомған Науанға сәлем берді.

- Уағалейкеміссалам - деді Науан -
Қандай сауал қоясын маған, балам,
Жігіт айтты: “Жіберді мені сізге
Дауды шешіп берсін деп бір топ адам.

Даудың басы адамың бес парызы,
Одан да көп өтейтін мол қарызы,
Десе біреу, біреуі азайтады,
Жігіттердің тапсырған осы арызы.

Ғұлама деп сізге олар табынады,
Шешіміңіз құп болып, бағынады.
Күнде өтсуге Алланың пендесіне
Неше парыз мойнына тағылады?”

Хазірет күліп: “Сен жолдан қалма - деді,
Сәлемімді тобыңа арна – деді,
Сөз қыранын баптайтын әнге бөлеп,
Ортаңызда сері Ақан бар ма? - деді.

– Бәрі енді осы үйге келе берсін,
Қымыз ішіп шабытқа ене берсін,
Бес парыз-бес рақағат намаз болса,
Алтыншысы-сәлемін бере келсін.

Сәлем беру болғанда ерге парыз,
Алмасаңыз сәлемді болар қарыз,
Сол қарызды өтер кез маған келді,
Орындайтын жетінші менен парыз.

Ей, Ақан-ай! Маңайың ән-жыр толған,
Сал-серілік таймаған сара жолдан,
Бұл бажаңа жай келмей сынға салдың,
Әр жүрісің жұртыңа аңыз болған”.

Кетті кейін жолаушы атпен шауып,
Жеті қоян алғандай жерден тауып.
Бір топ жігіт лезде жетіп келді,
Ақ жаңбырдай сәлемдер жатты жауып.

Ақан Сері Науанға қолын берді,
Ишаратпен нұсқады ұстаз төрді.
Домбырасын қолға алып сері бажа,
Құйқылжытып әндетіп қоя берді.

Сипап жатты жүректі “Мақпал” үні,
Сәуле шашты жастықтың “Раушан гүлі”,
Сырымбетке шақырды ғашықтарды
Махаббаттың мәңгілік өшпес жыры.

Жан түршігер зарынан “Құлагері”,
Жалындаған серінің шыққан шері,
Әссмденген кәрілік бойын түзеп,
Самал кештей тербеген “Әудемжері”.

Қартайғанда серлік сәнін тыйып,
Қол ұстатты тағдырға басын иіп,
“Біреу берген тиынды олжа қылып,
Жас адамдай жүрмеді дүние жиып”.

Сақтап қалды бойында тектілікті,
Өткерген жоқ басынан жоқшылықты,
Серіліктің жолына шашатұғын,
Мал-мүлкі әке болған жеткілікті.

Қоя да алмай әдетін ол әндеткен,
Ән-жырымен ел ішін әлдилеткен.
Сүйенгенде Көкшедей тірегіне,
Қолдап халқы серіні еркелеткен.

-Тағы, тағы, тағы - деп жолдастары
Сері ағаны демеді, қолпаштады.
Оқыранған тұлпардай дауысын кернеп,
Әнші тарлан желпініп ойкастады.

Өксіп-өксіп домбыра зарлап кетті,
Әнші дауысы шарқ ұрды, шарлап көкті,
Бір мезгілде санқылдап аққу үнмен,
Бірде қаздай қанқылдап самғап кетті.

Ақтарады сері Ақан іштен шерін,
Үлгі-өнеге қылғандай көргендерін,
Еркелеген халқына, сұлуларға,
Бастан өткен жастықта серуендерін.

“Жардан ләззәт мәңгілік ала алмадым,
Ізбасар боп Ыбан ұл жаралмадың,
Бәрінен де зұлымдық, көреалмастық
Ызғарлары ойымнан таралмадың.

Ақтоқтыдай ғашықтан қайғы таптым,
Қайта қонбас қыраны жастық шақтың.
Соққысы өмір серіңе аз болғандай,
Құлағердің өлімі құлдыраттың

Науан бажа, әнімді сала келдім,
Ұстазы ел деп өзінді дара көрдім,
Ән мен жырды доғарып енді өмірде
Моллалыққа батаңды ала келдім” -

Деген сөзін Ақанның ұғып Науан,
Алабұртып көңілі болды алаң.
Маңайында жиналған сал-серілер
Қалды үнсіз алғандай хабар жаман.

- Бисмиллаһи аррахман иррахим - деп,
Бір Аллаға хазірет келтірмей шек,
Сөзін төкті сабырлы сипатымен,
Құлына Алла ешқашан білдірмей кек.

- Айналайын, Ақжігіт, Ақан жаным!
Елге ұнаған сырлы саз, салған әнін.
Елдігіммен, ерлікпен ұштасқандай
Сал-серілік басыңа қонған сәнін.

Құдай саған өнерлі нұрды құйды,
Бойыңа сән, асқақ ән-жырды құйды
Ел –жұртыңа жеткіздің Алла берген
Құлдарына аялап сырлы сыйды

Елге аян бостан-бос жүрмейтінің,
Моллалықты бізден кем білмейтінің,
Жаратушы әу бастан есептеген,
Құлдарына сепкені гүлдейтінің.

Сендей өнер бізде жоқ талпынғанмен,
Дәрия болмас теңіз құр толқындармен.
Ақын, әнші, саздары мың құбылған,
Ән-жырымен өзіңдей жарқылдар кем.

Моллалықты бізге бер, Ақан бажа,
Бес ракағат намазың болмас қаза.
Біз берейік ұлықсат, шарықтай бер
Сырлы сазбен жыр толғап, құлаш жаза!

Науан сөзі толқытты сері тобын,
Үрлегендей мәңгі өшпес өнер шоғын
Сері көңілі гүлденді тапқандай боп,
Даналықтың ендігі сара жолын.

Топ тарқады әндетіп, жайраң қағып,
Сері ағасын думанды ортаға алып.
Бұдан бұлай сал – сері жолы болды
Хазіреттің батасын алған барып.

Заман сырғып бұл өмір өтіп жатты,
Ақан әні шырағын тағы жақты.
Бірақ тағдыр сызығы өлшеп қойған
Өмір сонын серіге жақындатты.

Наукастанып сері Ақан жатқан кезде,
Жүдегені байкалып көрген көзге,
Науан Хазірет барғанда көңіл сұрап,
Хош айтысқан онымен келіп сөзге:

“Хал біле көп рахмет келгеніңе,
Бас сұғып баспанама енгеніңе,
Тарқаттым көңілдегі бар құсаны,
Енді көп өкінбеймін өлгеніме.

Ал, енді осыменен дем алайын,
Жүреkte айттым сырдың бір талайын.
Бағыштап атымды атап рухыма
Дұғаңнан тастамаңыз жұма сайын...”

Өмір өтті, көз жұмды Ақан аға,
Көп кешікпей жерленді Науан бажа.
Көкшетауда бейіті Хазіреттің,
Айыртауда зираты сері баба.

Ескерткіші сомдалған сері бүгін
Аркалаған болашақ ұрпақ жүгін.
Медрссесі Науанның – мешіт үйі
Шығарады азанмен мұңды үнін.

Мың құбылған жатталды сері сәні,
Бірге ұшты әнімен сері жаны.
Сері Ақан мәңгілік көз жұмса да,
Бар қазақты аралап кетті әні.

Көріп өстім әні Ақан түлегенін,
Тапқандай боп шалқыдым жүрек емін,
Алматыдан асқақтап әуен қалқып,
Алатауда жаңғырып үдегенін.

Жұрт көңілін көтерген жарқын адам,
Қыз бастаушы сөйледі сахнадан:
“Елебеков Жүсіпбек ән шырқайды,
“Әудемжер”- ән авторы Ақан бабам.”

Шыға келді Жүссең сұнғақ бойлы.
Бастағандай сері Ақан думан-тойды.
Қағып-қағып шектерін жібергенде
Домбырасы күніреніп үн қатты ойлы.

“Ә” - дегеннен бірден-ақ кеттім еріп.
Ұмыт болды бар дүние, кетті ерік.
Ортасына ұрпақтың қайта оралып,
Құлагермен Ақан да өтті желіп.

Сезім шалқып, ой толқып тебірендім,
Бір жалындап, бір мұздап емірендім.
Болашақпен жалғасты керуені ән,
Аңыз-дастан, ғажайып өмірі ердің.

Ақан сері-Абай керуені

Ордасы сал-серілер Көкше елі,
Ардақты қазағыма Көкше төрі,
Есінде қазағымның Көкшедегі,
Жүз елу жылдық тойы Ақан сері.

Жаңғыртты Ақан әні шарлап көкті,
Ұрпаққа жансұлулық нұрын септі.
Көкшенің ұстаздары тойға арнап
Еліне ұлы Абайдың сапар шекті.

Айтайын бұл сапардың бағы жанды,
Ұрпаққа шырақ болып шамы жанды.
Бетпе-бет қазақ өмірін көріп, біліп,
Ұстаздар сабақтарға нәрін алды.

Керуен еліне Абай барып келді,
Ұстаздық құтты жолды салып келді,
Бас иіп Абай, Мұхтар. Шәкәрімге,
Алғысын аруақтардың алып келді.

Көкшенің ұстаздары үлес қосқан,
Бұл жүріс айта берсем болар дастан.
Қатыстым керуенге әнші болып,
Ақанның ұрпағынан ән-жыр шашқан.

Болсын деп құтты елдік қадамдарың,
Қарсы алды жолда ауыл адамдары.
Кездесіп жас ұрпақпен Ақсудағы
Бет алдық Ерейменге одан да әрі.

Бас идім Ерейментау жерлеріне,
Елім қорған болған белдерім,
Саққұлақ, Олжабай ер, қарт Бөгенбай-
Ақиық, ер азамат ерлеріме.

Аралап Ерейментау асқар белін,
Келгенін еске алдық Ақан серім,
Бұрылдық оң сапардан келе жатқан
Көруге Құлагердің өлген жерін.

Көзден жас сорғалады, парлай берді,
Ұрпағы Ақан болып сарнай бердім,
Дүлдүлі қазағымның Құлагерге
Шығарып ән-құранды арнай бердім:

“Осы ма, Ерейментау, құбылған бел,
Осы ма жан сырымды ұғынған сл,
Қанаты сері Ақанның кайырылып,
Мерт болып Құлагерім жығылған жер?!”

Ақанның ұрпағы боп сарнайын ба,
Ән-құран дүлдүліме арнайын ба,
Лағынет айтып қара зұлымдыққа
Ілиястың поэмасын жалғайын ба?!

Тұлпары сері атамның өрге салар,
Орының тарихымда төрде қатар.
Өзгерген түрі бүгін жылмаң қағып,
Қазақты көреалмастық көрге апарар.

Ұрпағы сері Ақанның зарланады,
Әнінен қашан, шіркін, зар қатады.
Менмендік, көреалмастық, зұлымдықтың
Қазақта қалғанына арланады.

Құлагер, құйындайын асып-тасқан,
Адамға жан досым деп сендің бастан,
Ойладың жиналған жұрт Ақандай деп,
Жау бар деп ойламадың аңдып басқан

Құлагер, жүргендейсің арамда сен,
Дүбірлеп тұрғандайсың даламда сен,
Бұл күнде теңеу болып өнерліге,
Айналдың, жануарым, адамға сен.

Қайта алмай сері Ақанмен елге бірге,
Сүйегің қалып еді құба белде,
Ұрпағың Көкшетаудан іздеп келіп,
Бас иер тағзым етіп осы жерге”.

Ескерткіш орнатылған осы жерге,
Бес жолдың торабында, асу белде
Орнатқан Құлагердің сом бейнесін
Мың алғыс Риммердей неміс ерге.

Қазақтың Ерейменін еткен мекен,
Риммер бір совхоздың басшысы скен,
Тарихын ұлтымыздың ұлағаттап,
Сырласып, қазаққа дос болып кеткен

Құлагер құлдилаған соңғы шабыс,-
Шекеден шоқпар тиген қанды жарыс.
Бұл мүсін биіктігі он төрт метр
Көрінген жолаушыға жерден алыс.

Меніреу, мен-зең болған шексіз дала,
Шыңғырған ат үстінде Мөңке бала,
Үзіліп тізгін, шылбыр сүйретіліп,
Құлагер мәңгілікке озған дара...

Құдайым оң сапарлық берді жолды,
Көргенге керуеннің көңілі толды
Біраздан кейін бірақ естідік біз,
Ескерткіш Құлагерге қолды болды.

Кезінде бұл өмірді қайта құрған,
Қоғамда пайда болды көп антұрған,
Сынығын металл іздеп, өткізем деп,
Ел тінтіп, дала кезін ұрлық қылған.

Жұмсаған арамзалар жойқын күшін,
Бұзуға Құлагердің ескерткішін.
“Екінші өлімі деп Құлагердің”
Атаған ұрпақ ұрлық ездер ісін.

Бұл жүріс талай әлі жырланады,
Ұрпағым тәрбиелік сырды алады,
Жол бойы көрген, білген әсерінен
Сабағы ұстаздардың нұрланады.

Ақан тойы

Гүлденіп кербез Көкше дарқан бойы,
Жүз елу жылдық өтті Ақан тойы.
Күн болып әлеміме жарқырады
Бабамның сазды, жарқын арман-ойы.

Тындырып шаруаны нағыз елдік,
Сол тойға керусімен біз де келдік,
Басында той-думанның Сәкен сері,
Ән-жырмен жұртқа есепті жырлап бердік.

Сал жүрек аялаған сұлу жанды,
Мәңгілік сүйе білген ғашық жарды.
“Ақтоқты-Балқадіша ұрпағының
Әні” - деп тойға ұсындым шығармамды.

Өнерін сұлу Көкше халқым көрді,
Серінің ұрпағына көңіл бөлді.
Шығарған жаңа әнімді ел алдында
Гүлжандай қарындасым шырқап берді.

“Қызы боп Көкшетаудай тамаша елдің,
Биікке самғасын деп санасы ердің,
Ақтоқты-Балқадіша ұрпағынан
Тойына сері Ақанның ән әкелдім.

Гүлденем кербез Көкше қырындай боп,
Толықсып Ақанның ән-жырындай боп
Өмірін өрнектеймін туған елдің
Ақтоқты-Балқадидиша сырындай боп.

Желбіреп Абылайдың ақ туындай,
Үлбіреп Үкілі Ыбырай Гәккүіндей,
Аруы Көкшетаудың көз тартады
Көлінің ерке құсы аққуындай.

Серуендеп сексен көлді жағаладым,
Жарасар айдынында шағаламын.
Жалғасын Ақан аға табамын деп
Жігітін Көкшетаудың ағаладым.”

Бұл жылдар – тәуелсіздік жылдар басы,
Елімнің жарқылдаған кәрі-жасы.
Көкшеге үш президент бірге келіп,
Жалғанған Ақан сері думан – асы.

Ислам, Асқар менен Нұрсұлтаным,
Үш арыс, үш бәйтерек, үш қыраным,
Жаңадан салған ауылын Ақан сері
Көруге келгенінде салған әнім:

“Нұреке, өзің сүйер Көкше міне,
Қуанам жыл құсы боп жеткеніңе.
Әуелі аруақ сыйлап көңіл айтам
Дүниеден Димаш ағам өткеніңе.

Әніммен асқақтайды жырым менің,
Тартады азаматтық сырым менің.
-Көгінде тәуелсіздік жарқыраған
Қазақта Нұрсұлтандай нұрым!-дедім.

Нұреке, Ислам-ака, Асқар шырақ!
Көкшеге кош келдіңдер жағып шырақ.
Арканың кербез сұту Көкшетауы
Ерлерге нәр беретін кәусар бұлақ.

Мың сәлем өзбектей өз ағама,
Шын туыс құшақ жаймай төзе ала ма?!
Жолдарда қиын-қыстау тайсалмайтын
Бас нем Исламдай өз акама.

Сәлем ал ел ағасы Асқарым да,
Үлгі боп саналатын жастарыма.
Ежсден қазақ-қырғыз егіз ел боп,
Тойтарыс бере білген кастарына.

Қарсы алам көрігіммен байқалатын,
Кеніммен алтын, дәнмен жайқалатын,
Кешегі Біржан, Ақан ұрпағы боп,
Сәніммен сал-серілік шайқалатын.

Атқанда тәуелсіздік нұрлы таңым,
Асқақтап шарықтайды сырлы әнім.
Ақандар қалай ғана ұмытылар
Әндетсе домбыра алып Нұрсұлтаным.

Кербез Көкше жеріме,
Асқаралы бәліме,
Сал-серілер мекендеп,
Сайран құрған еліме
Қош келдіңдер, арыстар,
Төрлетіндер төріме!”

Қонақтар қалың жұртпен амандасты,
Әжелер той-думанға шашу шашты,
Риза боп президенттер айтқаныма,
Шақырып, беттен сүйіп, құшақтасты.

Сері Ақан құйындатқан Құлагермен,
Қасында бүркіт, тазы соңына ерген-
Осындай ескерткішке ел шетінде
Арыстар тамашалап көңіл бөлген.

Суарған ер жүйрігін құдығынан,
Мәз болған ақылды ат қылығынан,
Ақыры зарлап өтті “Құлагер”-деп,
Тағдырдың құтыла алмай құрығынан.

Бас ип Нұрекеңдей асыл ерге,
Анырап “Кұлагерге ” бастым мен де.
Нұрекен: “Тағы, тағы, тағы айтшы”-деп,
Бастады дүйім жұртты жаңа елге

Жаңа елдің көшелерін аралады,
Өнерін өнерпаз ол саралады.
Қонақтар соңына ерген ауылдастар
Қызыққа қанбай құмар тарамды.

Түсініп тұрып қалған елдің жайын,
“Тағы айтшы”-деп сұраған ердің жайын,
Даусымды кернеп, созып, шарықтатып,
Келтірдім Біржан Салдың мен айғайын.

Әсем ән балқытқандай сері жанын,
Сол кезде қол бұлғады Нұрсұлтаным,
Есімнен мәңгі кетпес сол көрініс
Атқандай арайланып Көкше таным.

Жанына Президенттің мен де жеттім,
Тобыммен араласып кеттім көптің,
Біржан Сал “Жер шоқтығы Көкшетауын”
Қосылып барлық жұртпен бірге төктім.

Шығарған украинша әнге бастым,
Барлық ел достығының сырын аштым,
Сонан соң Сырымбетте бас қосқанда
Суындай сексен көлдің асып-тастым...

Ақжігіт, сері Ақаным, асыл бабам,
Тойынды тойлап елде дабыл қағам.
Туғаннан тұла бойды билеп алған
Әніңді қазақ бар ма сағынбаған?!

Әуенің әдділейді бізді тербеп,
Танытты әлеміме әнші ел деп,
Туғызған сезімталды сендей ерді
Көкшені мақтан тұтам туған жер деп.

Уа, Көкше, өнерліні шындайтұғын,
Өнердің бұлағы аққан тынбайтұғын.
Бұл күнде әнқұмарлық жайың қалай,
Қоя сап шәйді әнді тындайтұғын?!

Әніңнің бой ұрамын сиқырына,
Қозғайтын жүрек қылын күй- сырына
Ұрпағын басы қатып, қиналып жүр
Заманның даңғаза мен шиқылына.

Нәр алып Ақан аға сабағынан,
Нұр шашқан арулардың қабағынан,
Әуелеп құйқылжытқан аққу үнін
Іздеймін домбыраның шанағынан

Мәз болып кейбіреулер айғайына,
Кетті ме бас сауғалап өз жайына.
Өнер де жетімсіреп теңселеді,
Салғандай “Құлагердің” бай-байына.

Біреулер бірін бірі сері деді,
Бірақта арамдықтан жерімеді.
Түсінсем жан сырыңды, Ақан аға,
Серілік пәк көңілден өріледі.

Көкше ғой ғашық болып, сүйген елім.
Көкше деп сал – серілік күйге енемін.
Суалып саумал көлдер сорға айналса,
Сал – сері ұрпағы боп күйзелемін.

Ұрпак боп аруағына қол ұсынам,
Сізге ұқсап тазалыққа жол ұсынам.
Қоскөлді лас қылып, кешір, аға,
Аудардық ауылыңды қонысынан.

Кінәлі кім ауылдың көшкеніне,
Тағдырдың тәлкегін ел кешкеніне?!
Зар қылып бүтінгілер ән төгеді
Аққу, қаз қонбай кеткен Қоскөліне.

Ақжігіт жүрегін ақ ел дегенде,
Әнін нәр жансая іздеп шөлдегенге.
Ертеңі тәуелсіз ел көркейер ме ед
Үлгіңді азаматтық көрмегенде?!

Үлгісі Ақан елдің тірлігінде,
Жарқырар тәуелсіздік нұрлы күнде
Ерлігі азаматтық оның жатыр
Әнімен жанының асқақ бірлігінде.

Күн кешті ел азаматты жоқтайтындай,
Күн туды ерлерімді топтайтындай.
Қазақтың шын ерлері боламыз ба
Бір ауыз сөзді сыйлап тоқтайтындай?!

Ақжігіт, сері Ақаным, пірім бе едің,
Таусылмас кәусар бұлақ сырым ба едің,
Жырынан Жанботалар жайсызданып,
Батыраш-Қотыраштар дірілдеген?!

Ұрпақ боп сезсем өнер өрлегендей,
Өмірдің төрінс де төрлегендей,
Дұшпан да аяқ асты табылып жүр,
Жеткен де жетістікті көрмегендей.

Өнерді түсінбестік ортайтып тұр,
Жүгенсіз билік ерді шалқайтып тұр
Көрмеген қазақшылық тәрбиені
Жас ұрпақ ел ағасын қартайтып тұр.

Осылай, Ақан аға, менің жайым,
Ел үшін ер басынан кетпес уайым.
Күтеміз сабырлықпен жақсылықты
Керуені тәуелсіздік көшкен сайын.

Бұл тойға жеттік, аға, мұңымызбен,
Нұр күтіп тәуелсіздік күнімізден.
Өмірін қазағымның өрнектейміз
Дем берер болашаққа үнімізбен.

Үзілмес нәзіктігім әнім барда
Серілік мұра болған сәнім барда.
Қазақтың үні көкте шалқып тұрар
Ақжігіт мәңгі тірі жаным барда

Әніне сұлу Көкше басып жүрмін,
Ұрпаққа жемісімді шашып жүрмін.
Ақандай таза ұстап жүрсімді
Топастық, надандықтан қашып жүрмін.

Туғанда бізге өмір жарық таңды,
Әлемге қазақ үні шарықтайды.
Бал-ләззәт тарап бойға ұрпақтары
Тыңдауға Ақан сырын жалықпайды.



Жас қазақ
(лирикалық поэма)

Асқақ жырлап, шаттанып ән тұрағын,
Әнді сүйген өмірде жан тұрағын,
Құрбан болған ел үшін азаматтың
Арман қылам қоятын сан сұрағын

Сан сұрақтар туғызар сан тілекті,
Ел ұшырар ұядан сан түлекті.
Өтерінде фәниден ағаларым
Ұрпақтарға арайлы таң тілепті.

Аңыз болды еліме ағам аты,
Сағынышты, жалынды жазған хаты.
Қарашықтай көзінің мәңгі сақтар
“Жас қазағы” - асқақ ән, махаббаты.

Осы бір ән таң алды самалындай,
Ерлік жырдың соғылған камалындай.
Биігіне шарықтап шығып алып,
Болашаққа самғайтын заманымдай.

Сағыныш бар бұл әнде туған жерден,
Ұлдарына қаһарлы қайрат берген,
Қан майданға елшілер арнап барып,
Ән-сәлемді еліме алып келген.

Ғабиденім Мұстафин сөзін жөндеп,
Елебеков Жүсіпбек әнін сәндеп,
Жауынгерлер алдында шырқап берді,
Жан жарасын әуенді үнмен емдеп.

Біржан Салдай атадан енші алған,
Ер есімі Рамазан ән шығарған.
Жүсіпбекке Рамазан әнді үйретіп,
Табылғандай қуанды әншіге арман.

Домбырасын қоңырлап бұрап алып,
Шымырлатты шерітіп әсем қағып,

Шырқағанда анырап, күңіреніп,
Тына қалды қалың қол тұра қалып.

Сырнайды да Рамазан қолына алды,
Құлаштады Біржандай, “жонып алды”,
Қара мұртын ширатып қарсы қарап,
Қыранындай қазақтың қонып алды.
Бұл не ғажап...
Ашылды тас құлағы,
Екі көзден домалап жас құлады.
Қыса ұстаған қаруын жауынгердің:
- Кімге арнаған бұл әнді?- бас сұрағы

Осы кезде Ғабдуллин Мәлік тұрды,
Қалың әскер батырға мойын бұрды,
Жерлесінің Рамазан жайын айтып,
Солдаттармен әңгіме-дүкен құрды.

Командирдің әңгімесі

“Қазақтың жері бар
Көкше деп жаттаған,
Сәксіндей сері бар
Әсерлеп мақтаған,
Ақан мен Біржаны,
Ыбырай Ғәккулі-
Жұлдыздар тұр жанып,
Көлдері аққулы.
Рамазан сол елден
Азамат ән құған,
Өнері мол ерден
Үні асқақ ән туған.
Сұлуды ақтамақ
Артына қалдырды,
Ер арын сақтамақ
Жүректі ой жандырды.
Ерліктен туа ма

Әдемі ән- отты алып?-
Сұрап ед өткенде

Төлеген Тоқтаров.
Ерлігі жалындап
Төлеген мерт болды.
Ал. әні Рамазан
Айтылған серт болды.
Мәңгілік ескерткіш
Досына ер жасады.
Ән-сұңқар, қыран құс
Шыңына ел асады,
Ұрпағы қосып күш
Ерлікке - бастады.
Фашистік қасқырға
Қансырар кез келді.
Алға, ерлер, сап құрған!
Кек алар кез енді...
Дегенде Мәлігім-
Батырдың тұңғышы,
Жауынгер арынын
Шапшыды үрдісі.

Ерлік

“Қар жамылған кең дала қанға бөгіп,
Күрлідейді көк аспан өлім төгіп”
Қопарғанда снаряд жер қыртысын
Қабырғаңды алғандай дыр-дыр сөгіп.

Автоматтар сартылдап, зырылдады,
Қансыраған корқаулар ырылдады,
Траншейге жеткенде хас батырлар
Өлім жеткен фашистер қырылдады.

Ақ жазықта нүкте боп дараланып,
Қалып жатыр жауынгер жараланып,
Қол шанасын сүйретті Рамазан,
Жан ұшырып жүгіріп, жара танып.

Жер бауырлап, еңбектеп бұға берді,
Жауған оқтар өйтпесе жығар ерді,
Жаралыға қол үшін жеткізгенде
Екі фашист бүйірден шыға келді.

Екі зұлым қарайды: – Мынау қандай?
Қоңыр жүзді, қой көзді, жазық маңдай,
Азия емес Ресейде - орыс елі
Қаптап кеткен қалайша жандар мұндай?!

Өңменінен өтіп те қарағаны,
Алысқанда асып та барады әлі.
-Хенде хох!-деп немісше бұйрық беріп,
Жау қайраты болды осы жарағаны.

Қаһарлы көз қадалып зұлымдарға:
- Менде әкеңнің алатын құны бар ма?
Баса көктеп қиретін босағама,
Табаныңа басатын құлың бар ма?!

Мен даламның ұлымын асқақтаған,
Жолдас, доссыз ешқашан ас батпаған.
Бейбітшілік бұзатын жауыздарға
Қанды қылыш, мір оғын, тас баптаған.

Осы ойлардан екі сұм байланғандай,
О дүниеге кетуге сайланғандай.
Раханның оғынан ұшып түсті,
Жер ананың қарғысын құп алғандай.

Жолдасына жауынгер енді жетті,
Қармен жуып, сипады қанды бетті.
Талай аспап меңгерген саусақтары
Жара орауға шипалы, қандай етті.

Жараланған жігіттің жүзін көріп,
Жанындағы құтыдан сусын беріп,
Қуат беріп Отанның солдатына,
Құрсауынан сұм ажал алды бөліп.

Мойынына арытып ауыр жүкті,
Жаралыға көмегі болды ұқыпты,
Бір шайқаста бораған оқ астынан
Қырық жеті адамды алып шықты.

-Отан үшін! Алға!- деп ұран тастап,
Командирлер жүгірді топты бастап.
Қара құрттай қаптаған сұмырайлар
Топалаң кеп құлады жерді жастап.

Лап қойды қалың қол түрі сұсты,
Ызалы кек қанат боп алып ұшты..
Байқаусызда сүрініп кетті ме екен? ..
Аһ! Жас казак, энекей, жерді құшты.

Тұрып қалды асқақ ән биігінде,
Өмір жиі кідірді түйінінде.
Бар жоқтауы қыршын жас сезілер де
Ана үнінің азалы күйігінде.

Күрең тартып ақша қар қан болғасын,
Ұрыс тоқтап, тыныштық таң болғасын,
Сапка тұрды қолға алып бас киімін
Жауынгерлер жерлеуге жан жолдасын.

Жау қолынан көрді де сұм ажалды,
Ішін тартып кең дала тына қалды.
Бұлбұл құстар орманда сайрамайды,
Сезінгендей аяныш мына халды.

Бірге сіңген көйлекке қанды тері,
Қаратаудың ұланы жаны сері,
Саптан шығып табытқа тізе бүкті
Сәуірбектей Советтін офицері.

-Уа, жолдастар, айтсам ба сыр ғып түсті,
Азаматтың ажарын жыр ғып күшті,
Міне, хаты Рамазан елге арнаған
Қағаздардың ішінен сырғып түсті.

Сәлем жолдап жазыпты анасына,
Ақ сүтімен нәр құйған санасына,
Қызықтапты қара көз қарындасын
Қызғалдақ боп жарасқан даласына.

Асыл ерім табыт боп жерге түсті,
Топырағын торкалы гүлдер құшты.
Бір жапырақ қағаз-хат, әсем әні
Аққу құстай сәлем боп елге ұшты!

Елге хат

- Амансың ба, апажан, аялаған,
Шыбын жанды біз үшін аямаған.
Бәйтеректей жайылып жапырағын
Көлеңкеде жетімдер саялаған-

Бастағанда осылай елге хатты
Жан шуағы тербеліп сая тапты,
Есіне алды бейбіт күн тыныштығын,
Бала кезін, елде өткен жастық шақты...

Туған жері Рамазан башқұрт елі,
Башқұрт қызы Сабира анасы еді.
Жеті жаста айырып анасынан
Шақырды оны Біржан сал туған жері.

Ержан әке қайтам деп Көкшетауға,
Сабирасы келіспей қалды дауға:
- Ұлым, кіммен боласың деп сұрады,
Қош айтысып жарымен, айтып сауға.

- Сенен, әке, қалмаймын – деді бала,
Нағашыдан қалғандай көңілі нала.
Санасына сәбидің құдай құйған
Сайрандауды Оқжетпес, Бурабайда.

Көкшеге кеп Рамазан көңілденді,
Аралады сайрандап жасыл белді.
Екінші ана Көкшеде пана болып,
Құшағына Зейнептің ұл боп енді.

Әкесі Ержан болғанда текті атадан,
Емсс еді өнерге ол жат адам,
Сал-сері боп әндетіп ел аралап,
Біржан берген қалмаған оң батадан.

Жанасқанды жақсымен табыстырған,
Іскерлігін заманмен жарыстырған,
Ақылменен топшылап алды-артын,
Ән шығарып өзді-өзін таныстырған:

“Баласы Елебайдың атым Ержан,
Өзіме бата берген әнші Біржан.
Кереймін, Ақсарының ұрпағымын,
Көкшенің Бұландысын мекен қылған.

Әкемнің Қожағұлдай жылқысы жоқ,
Болады кімге мирас дүние бөк.
Сатыбай маған туыс мың жылқылы,
Байлығы сол ағамның көңілге тоқ.

Мың жарым жылқы біткен Қожағұлда,
Болып ед сонша байлық кімге тұлға?
Байлықтан әнім артық қыздар сүйген,
Жүремін батып думан, өлең-жырға”.

Асыл мұра Көкшеден әке алған
Ұлына да көксейтін болды арман.
Алматыда, Мәскеуде өнер қуып,
Сазгер-әнші, өнерпаз деп атанған.

Аяқтамай білімін жүрген алып,
Аттанып ед соғысқа ол сұранып
Ел сенімін ер болып ақтамай ма,
Жұмылғанда күреске барлық халық?!

Ел ішінде арман боп ару қалды,
Ән шығарып, әсемдеп салу қалды.
Отан үшін соғыстың күйін күйлеп,
Домбыра емес қолына қаруды алды.

Үзілісте, міне, енді хатты жалғап,
Сағынышты сәлемін анаға арнап,
Сезім оты жазу боп мөлдіреді,
Бейбітшілік болашақ жанын арбап:

- Балтаң кетіп соғысқа қиналасың,
Женіп келер ол, көздің тыйма жасын,
Солқылдаған дауылда тал шыбықтай,
Иығыңа батты ма инағашың?!

Қарындасым, Қанипа, халың қалай?
Алда қызық көретін талай-талай.
Фашистерді талқандап болған күні
Соғылады бакыттан саған сарай.

Сол сарайда сайрайсың бұлбұл болып,
Бақыт бағын шарлайсың гүлге қонып,
Сол кездерде төбем де көкке жетіп,
Отырам ғой, па, шіркін, көңілім толып.

Айналайын рухыңнан, Біржан бабам,
Жазам деп ем опера арнап саған.
Қалып қойды ол арман Көкшетауда,
Симфониясын соғыстың ойнап далам.

Қажымандар, жауды біз жайратамыз,
Қамалдарын сұмдардың киратамыз.
Ел ішіне күлкі мен ән келтіріп,
Бұлбұлдарды бакшада сайратамыз.

Алыс сапар...
Ұзақ жол...
Шаршағанда,
Сұм ажалдың шырмауы қоршағанда,
Саған, жерім, туған ел, ой-қиялым
Жүгіреді өзіңді аңсағанда.

Тұрмыз, міне, таңырқап Пушкин тауын,
Елестейді көзіме Көкшетауым,
Біржан менен Пушкиндер жыр жырлайды,
Қосылғандай хор болып барлық қауым.

Шіркін, Көкшем, жыр қылған қазақ елім,
Үкілі Ыбырай, Біржан Сал, Ақан Серім,
Келіп жатыр ерлерім қан майданға
Аманатын аркалап туған жердің.

Жиналғандай барлық ел осы жерге,
Қабырғасы қайысқан толы шерге,
Ұмытылмас тұрғанда жер айналып.
Мәңгі достық шыңдалған қан мен терге.

Балаңдай көр, апажан, барса жетім,
Көрсін қазақ даласын, ақ ниетін,
Бауырыңа бас тағы, еркелетіп,
Аймалатшы бетіннен мен сүйетін.

Жақындатып жеңісті қуанатын,
Өксіген жан жадырап уанатын,
Біржан салдай Жөкейге ат суарып,
Жан анамдай Өтейден су алатын.

Ауыр жолда мен ақтап сенгенімді,
Білсең, әке, сол кезде келгенімді,
Ата жолын ұрпағың мықтап ұстап,
Елдің жауын ер болып жеңгенімді...

Уақыт тығыз... бұзамыз алғы шепті,
Жүрегімде мұз қатып қанды кекті,
Аруағы қолда деп бабалардың
Отан үшін шайқасқа балаң кетті..."

Рамазан деп жазған соңына атын,
Есімі ердің ел мәңгі сағынатын,
Қайта-қайта оқимын ән тербетіп,
Ер ағаның майданнан соңғы хатын.

Эпилог

Жоғалтқандай сергітер жасын нұрды,
Табиғат та жабырқап мүлгіп тұрды.
Жас қабірдің басында жауынгерлер
Қоштасуға ерімен сапты құрды.

Бұзатындай жаңғырық таудың шырқын,
Оқтан салют атылды дүркін-дүркін.
Пушкин тауы бауырында қаза болып,
Өтті ерімнің басынан дүние, шіркін.

Талай таңның атуын бірге күткен
Сабалаков Нәлқара Оңтүстіктен
Жоктап тұрды жан досын қанды көйлек.
Булыққандай зарланып ыза-кектен.

Жоғалтқандай елдікте қара нарды,
Жүрегінде мәңгілік жара қалды,
Ақ қағазға қанымсн өлең жазып,
Қабіріне Рамазан бірге салды:

“Хабарсыз кетті дей көрме,
Бір кеткесін ол келмес!
Атақсыз кетті дей көрме,
Ер жігіттің аты өлмес.

Хабарсыз кетті дей көрме,
Жүректен тиген жалғыз оқ,
Атақсыз кетті дей көрме
Қапыда босқа өлген жок...”

Кеше ғана Нәлқара ойнап-күліп,
Рамазанмен жүріп ед думан құрып.
Әніс оның “Жолдастар” жаңа сөзден
Жазды мәтін екеуі бірге отырып:

“Кеудеде от боп жанған асқақ арман,
Өтердей ұшып биік асқар таудан,
Жолдастар!
Ойыңды сексен толғап, жүз ойнатқан
Арқада жер асқан ба Көкшетаудан?!
Жолдастар!

Алысқа арман аттанған,
Қиял жолда шаттанған,
Сол арманға жетем деп,
Сайран салған биікте,
Шырқап әнді Отанға!

Көкшенің Оқжетпесі, Жұмбақтасы,
Мұнартып көрінеді қия басы,
Жолдастар!

Қаланған қат-қабат боп шыңдары бар,
Көлдері мөлдіреген көздің жасы,
Жолдастар!

Көкшстау көп таулардан аласалау,
Өзіне ән арнаса жарасады-ау,
Жолдастар!
Зеренді, Бұландының көк орманы
Көп жермен сұлулыққа таласады-ау,
Жолдастар!

- Самал желі Арқанын іліп алып,
Дүлдүліндей Құлагер топты жарып,
Шырқалар ма ед Рамазан әуендері
Үлгі алардай ерліктен бүкіл халық!-

Нәлқара ер осылай қиялдады,
Дала көңілі орманға сыя алмады,
Бозінгендей боздаған ботаны іздеп.
Көздің жасын көл болған тыя алмады.

Осы кезде Алматы ортасында,
Театры ұлы Абай ордасында,
Болып жатты концерт ел алдында.
Толқындаған көңіл-күй арнасында.

Жүргізуші концертті келді жетіп,
Хабарлады халыққа тағзым етіп:
- Елебаев “Жас қазақ” - ән авторы,
Орындаушы Жүсіпбек Елебеков.

Елебеков Жүсіпбек шыға келді,
Құп-қу болған жұрт оның түрін көрді:
- Қайран, ерім, мерт болды жау оғынан-
Деді дағы әндетіп жылай берді.

Домбырасын сайлап ап, найза қылып,
Өксітті оны басқанда пернені нық.
Жер бауырлап ән-қыран аспанға атты
Томағасын алғандай тез сыпырып.

Күйкылжыды жан дауысы созылғанда,
Жан азабын төккендей нәзік жанға,
Тау мен таска өрмелеп, жігерленді,
Хас тұлпардай бауыры жазылғанда.

Арманды аңсап, толқындап, “халалаулап”,
Сезім- жалын жаркылдап, оттай лаулап
Аһ ұрады талықсып тылсым әусн,
Өн бойынды тәтті күй алып баурап.

Ән әсері осылай болды күшті,
Қайғы мұны жүрекке шоқ боп түсті,
Жыламаған қалмады адам залда,
Естігенде әндеткен ерлік істі.

Соғыс бітті,... жылжыды, жылдар өтті,
Ұрпақтары Рамазан нәрін септі,
Армандаған опера “Біржан-Сара”
Төлебаев шығарып бізге жетті.

“Жас қазағым”-ұлтымның сана-салты,
Мен мұндалап тұрғандай қазақ халқы.
Эталоны қазақтың әуснінің
Сыйлайтындай бүгінгі әлем жалпы

Көкшетауым соғылған ән мен жырдан,
Төскейінде сал-сері сайран құрған.
“Жас қазағым” – Көкшенің ән шыңындай
Біржан Салдың әуенін жалғап тұрған.



Жезкиік ақын
(Кәкімбек Салықовтың 80-жылдығына)
(лирикалық поэма)

Кіріспе

“Ақсақ құлан”, “Ақсақ киік”, “Жезкиік”-
Сары даламның күніренген саз, күйі
Толғандырып құлан, киік тағдыры,
Ақындардан шыққан асыл сөз жиі.

Кет Бұға мен Құрманғазы, Ықылас
Ұрпақтарға күй қалдырған ұмытылмас.
Сезді ме екен Сәкен жырлап киікті,
Сол киікпен болатынын тағдырлас?!

Аққан заулап қоғамда ақ бөксім,
Ақиық ер Сейфоллаұлы Сәкенім,
Ойлап па еді жараланып киіктей,
Бұл фәниден “ел жауы” боп өтерін?!

Толқындаған жезкиіктер-ғажап нұр,
Жоғалуға жер бетінен аз-ақ тұр,
“Пайда кылып, шетке сатып мүйізін”,
Қуырдақ қып қаужап етін қазақ жүр.

Басын иген Сарыарқадай еліне,
Баға берген Жезқазғанның кеніне,
Жезкиікке жез қанатты бітірген
Ел алғысы Қаныш – дана, еріме.

Қосып өрнек киіктердің сәніне,
Үндімен сұлулықтың әріне,
Кәкімбек ер “Жезкиікті” жыр кылып,
Жаксыкелді орап берді әніне

Жез қанатты Жезқазғанның жерінде

Ұлытауым әдилеп ел бесігін,
Қарсақбайым ашса өндіріс есігін
Қаныш туын алаулатқан әлемге
Сарыарқада Жезқазғандай есімім

Жезказғанда кенші өнері жетілді,
Әлемге аты әйгілі боп бекінді.
Еске алсам кенші инженер қауымын,
Анғал туған өңшең батыр секілді.

Гурба Виктор Жезказғанның серкесі,
Еңбегіңс риза болған өлкесі.
Қаныш берген тапсырманы орындап,
Баскарды ол ширек ғасыр жез көшін.

Көрінді елге Кәкімбектің еңбегі,
Бастық болып бір шахтаға өрледі,
Бағы жанып, елге қамқор жан болып,
Комбинатқа партком болып төрледі.

Горком, одан обкомның да хатшысы,
Әрқашанда алға басты жақсы ісі.
Жүрген жерде қарапайым, биязы,
Қоғамда да болмады оған жат кісі.

- Елім, жұртым, - деп жас кезден кам жеуде,
Жек көрінген оған керсең, паң ксуде.
Екі жақтап еңбегі мен таланты
Бақ құсы боп самғатты оны Мәскеуге

- Бұл жігітті біз де енді сынайық -
Деп партия алды шешім лайық.
Инспекторы СОКПның болды ол
Қарсыластар таба алмастай бір айып.

Сағынышты сәлем жолдап алыстан,
Ауылымен, қайран, жүрек табысқан.
Қалай ғана өнегелі болмайды,
Көп өнерді үйренсе ол Қаныштан.

Ұстазындай талдай білді кенін де,
Таңдай білді кен қазатын ерін де,
“Жезкігі” самғап жүрді ғажайып
Әнге оранып туған елдің төрінде.

Үкілі Ыбырай Көкше акыны киелі,
Тайжан акын Үкілі Ыбырай жиені.
Үкілнің “Гәккуіне” құмарлық,
Тағдырынын таңдап берген сыйы еді.

Жебеп оны Ақан, Біржан, Ыбырай,
Төрбеттің сұлулықтың сырын бай
Тайжанның да атын елге таратты,
Баяғыдай бабын тапты саз-сырнай.

Содыр заман құртты елде асылды,
Кетті арыстар көсем деуге татымды.
Қайран, дүние! Тар зобалаң кезінде
Ыбырай, Тайжан “жау” атанып, атылды.

Дос ерімпаз келеді ғой асылға
Кәкімбек ер Жәлел досы қасыңда,
Дабыл қақты даңғыл жол ғып кенші ізін,
Өрнек салып Жезқазғанның тасында.

Толқындатып кен селімен ағысты,
Нағашы ұрпақ жиснімен табысты
Алып шахта күмбездері көкке өрлеп,
Мұнарадан байқағандай ғарышты.

Бәрі есте. Жезқазғанның жезі де,
Мәскеудегі студенттік кезі де,
Немересі Тайжан акын Жәлелдің
Бөлегені туысқандық сезімге.

Ұмытпас ер жастық шақтың тәтті әнін.
Көз ілмеген талай таңдар атқанын,
Студенттік жалындаған жастықта
Мәриямдай ғашық жарын тапқанын.

Дақ түсірмей азаматтың арына,
Тәуба қылып жиған-терген барына,
Қайда жүрсе бабын тапқан ерінің
Сенім артты құдай қосқан жарына.

Бостан босқа мактар дейсін кім, кімді,
Екі ғашық қос аққудай сілкінді.
Қайда жүрсө, менің Мәриям жеңешем,
Ел анасы болып кетті сүйкімді

Орындалды берген асыл батасы,
Молдахметтей ақиық акын атасы:
“Тірек болар Жезқазғандай асыл жер,
Бауыр басар Тайжан ауылы жотасы”

Молдекеннің шын ағынды кезі еді,
Ыбырай десе өртенетін өзегі,
Сақтап қалған “Гәккулеткен” үндерін
Сал, серілер жоқтатпайтын көзі еді.

- Бұл мұраны қалдырамын кімге, - деп,
Шақыртушы ед шәкірттерін түнделеп.
Түн жамылып Ыбырай, Сәкен әндерін
Үйренуші ед Мұса менен Кәкімбек.

Жақсылардан жақсы өнеге қалады,
Жалғасынан ұрпақ үлгі алады.
Үкілінің “Гәккуінің” төрт түрін,
Бұлжытпастай Кәкен шырқап салады.

Кәкімбегім әнді талай шертіпті,
Жанды нәзік қорғасындай ертіпті,
Естігенде академик Өмірхан
Жан-жүрегін рахаттанып желпінтті.

Тербететін жанын бөлеп арыстың
Жақсы әнде жалындаған бар ұшқын.
Садық, Кәкен, Балғабайлар қосылып
Салушы еді әніне де Қаныштың.

Жастық кезең, кен ағызған жезді өзен,
Ән шалқытқан, мыс балқытқан от кезең,
Кеншілікпен ақындықтың тұғыры
Мағандағы мақсат болды көздеген.

Мекен тауып Сарыарқаның төрінен,
Жез қанатты Жезқазғанның жерінен,
Мен де шықтым кенші, әнші, сал болып
Жастық шақтың жалын атқан кенінен.

Жалын шарпып, таспен ойнап алыстым,
Жезкиікпен желдей есіп жарыстым,
Бауыр басқан Бағаналы, Балталы
Кәкімбектей жақсы ағамен табыстым.

Нұсқауымен Мәскеудің

Сенсе Көкең ойда асыл түйінге,
Қылығына қалың ел сүйінген.
Елден келген қарапайым адамды
Сыйлай білді ол Мәскеуде де үйінде.

Адамдарға қамқор жасар ойы кең,
Ақиқаттан айнымайтын жолы кең,
Көкеңменен елде талай бас қосып,
Мәскеудегі үйінде де болып ем.

Отырып ек ой шалкытып, әндетіп,
Жезқазғаннан Мәскеуге де ән жетіп,
Сағынышы ел сарқыраған бұлақтай,
Ауыл жақтан самал есіп, желдетіп.

- Терезеден көрінгендей ауыл жақ -
Деп те болды алыста аға сағыншақ.
“Аңсау” атты ән де жетті қазаққа,
Кәрі-жасы бірдей жақсы қабылдап.

Іздесе де кірді таппай жамандар,
Сәтті болды сүрінбеген қадамдар.
- Мәскеудегі терезеден ел көру
Ұлтшыл белгі-деп лақты-ау надандар

Ақылдылар Кәкімбекті жақтады,
Ол да ерсі еңбегімен ақтады
Ақиқатты қорғай білсе Пушкиндей.
Сағынышы зор атағын сақтады.

Біздің Кәкең ел сенімін ақтаған,
Маман болды Мәскеу көп жыл баптаған
Ұсынғанда қызыметке басшылық
Қазақстан лайықты орын таппаған.

Сұрақ шешу күттірмеген кезегі
Алыстатты армандаған өз елін.
Ұсынысын Комитеттің Орталық
Қарсы алды ағайын ел өзбегім.

Жатсынбай ер көрші, туыс жерінен,
Басшы болды Қарақалпақ еліне.
Бауырлары қуанышын жасырмай
Сенім артты жайсаң қазақ еріне.

Бес жылдан соң қайта оралды Мәскеуге,
Жоғарғы ел билігінде басты өрге.
Одақта ол бас эколог атанды
Президиум мүшесі боп қақ төрде.

Чернобыльдің апатына кірісті,
Ел сүйсінді мұқият білсе бұл істі.
Семейдегі полигон мен Арал бар,
Бұл апаттар алдырмады тынысты.

Экологтар жылдам өрлеп көш толды,
Кенші – атомщик қосты тағы қос жолды.
Апаттарға әлемдегі күш жұмсап,
Альберт Гордай саясаткер дос болды.

Бұл қазаққа шет елдіктер тамсанды,
Қайда жүрсе ол жұмысқа жан салды.
Америкада Сағдеев пен ғалым–қыз,
Эйзенхауэр немересі қарсы алды.

Істері ерлік төрінде Одақ қаралды,
Нұсқау болып төменгіге таралды,
Қарақалпақ елін бес жыл басқарып,
Жорық құрды құтқаруға Аралды.

Батырларша мінген аттан түспеген,
Қайсарлығын көрсетті үлкен іспенен,
Көрегенді көсем болып шыңдалды,
Абыройы бір мыскал да түспеген.

Бабалардың аруағы конғандай,
Істемеді істі ойлап, толғанбай,
Ата салты, дәстүрінен таймады,
Тар заманды сақ қыранша шалғандай.

Сал-серілік асқақ жырды ағытқан,
Көп тоқыған жүрегіне жағып шам,
Ел ұлы боп хақ жолынан таймаған,
Адамзаттық гуманистік бағыттан.

Кәкімбектей қазағымның ардағы,
Күш, жігерін барған жерге арнады,
Байланысып Одақ, әлем жұртымен
Арал үшін күресті әрі жалғады.

Қайта құру Горбачевтан басталды,
Заман-толқын толқындатты жастарды
Коммунизм құру ісі бір елде,
Большевизм идеясы бос қалды.

Қоғам сендей көктемдегі қозғалды.
Ұлттық намыс буырқанып толғанды.
Билігі Одақ суырғандай қылышын
Орыстану саясатын қолға алды.

Саяси бюро Қонаевқа шүйілді,
Ер басына пәле-жала үйілді,
Беру үшін кадрларға бағаны
Керек қылды Пленумдай жиынды.

Коммунисті алар сынға қырағы
Пленум еді партияның құралы.
Пленумда Қонаевты кінәлап,
Кәкімбектің сөз сөйлеуін сұрады.

Бұл сұрақтан аяулы ер бас тартты,
Елді ойлаған сезімге жол басқартты
Мұны естіп Дінмұхаммед ағасы
Кәкімбекке алғыс сөзін жақсы айтты.

Ардақты ер-елінде

Ыдырады империя Одағы,
Азаттыққа қол жеткізді боданы.
Қазақстан егеменді ел құрып,
Әлем қолдап, алға басты қоғамы.

Отанына келіп жатты көш нұрлы,
Ақын үні айқынырақ естілді.
Ақыл қосып Елбасымыз Нұрсұлтан
Кәкімбек те көшуге елге бет бұрды.

Ерен еңбек, атақ пен даңқ көлемді
Елінде де қазағымның еленді,
Жалғастырып Арал үшін айқасын,
Алматыда сый-құрметке бөленді.

“Болғанынша басқа елдің сұлтаны,
Өз елімнің болған дұрыс ұлтаны”-
Осы ойыммен, қарапайым қызметпен
Кәкең елде атқызады жыр таңын.

Жоспарын ел егеменді құрысты,
Каспидің де майданына кірісті,
Жырларымен, әндерімен шабытты
Жеделдетті еркіндеген жүрісті.

Халықаралық Қаныш Қоры құрылды,
100-жылдыққа жаппайы бет бұрылды.
Кәкең біздің Президент боп сайланып,
Іс басталды берекелі, тынымды.

Бұл сапарда айқын айтсам сырымды,
Жәрдем етті зор іскерлік бұрынғы.
Елбасынан қолдау тауып бүкіл ел,
Шаруаға жудырықтай жұмылды.

Жарқын жоба, айқын іске қолданды,
Қордың күші аз уақытта молданды.
Қаныш жайлы атқарыған еңбектер,
Ұлылыққа тағзым болып жолданды.

Алматыда орнатылды ескерткіш,
Жезқазған да қалған емес көштен тыс.
Көкше, Атырау, Сәтбаевта мүсіндер,
Сәулеткерлік таңғажайып өркенді іс.

Сонын бәрі шын көркейтсе елімді,
Мың-мың шара боп көрсетті сенімді.
Қарағанды каналы мен Политке,
Сәтбаевтің ардақты аты берілді.

Дос қуанып, дұшпаны да ойланды,
Жасыра алмай шын керемет болғанды.
Қаныш тойы бүкіл елді қуантып,
Әлемге әйгі ЮНЕСКО-да тойланды.

Сүйе біліп Қәкімбегім Отанды,
Азаттықтан еркіндеген от алды.
Еркін елмен біте қайнап, бірге өсіп,
Еңбегі зор қайраткері атанды.

Алматыдан Астанаға ауысты,
Сұлу Арқа, Елордамен қауышты,
Қай биікке жетсе дағы Кәкімбек
Ұлағаттап, қастерледі Қанышты.

Ел ордасы- орталығы әр елдің,
Сол болады түп тамыры, нәрі елдің.
Бізге Астана – Кәкең мақтап жазғандай
“Сегізінші ғаламаты әлемнің”.

Біздің Кәкен – шебер сөздің аңызы,
Еліміздің ақсакалы, абызы,
Ол кешегі даналардың жалғасы,
Ұрпақтарға үлгі болар бар ізі.

Ол қалмайды бір мезетке самарқау,
Жыр төгілтер кеудесінен жанартау.

Сарыарқада жүйткігендей жезкиік,
Құлагерді елестетер Көкшетау.

Қайта-қайта оқып, тоқып Абайды,
Мағжандай жас ұрпаққа қарайды,
Ақан Сері, Үкілдей ән толғап,
Әндетеді мөлдір таңда арайлы.

Ел дегенде берік болып ұстамы,
Сейфоллаұлы Сәкеніме ұқсады,
Ән-жыр арнап қасиетті Көкшеге,
Қызылжары қалмады ойдан тысқары.

Қызылжары – туған өлке, аймағы,
Балалықтың желкен-тұлым, айдары,
Мұса ақын бөлесімен әндеткен
Бозбалалық балдәуреннің сайраны.

Қызылжары – Сырымбеті Ақанның,
Жалғызтауы Үкілі Ыбырай атамның,
Сегізсері, ұлы Мағжан рухы,
Жер шоқтығы ұлы ғалым Шоқанның.

Қызылжары – сәні өмір көшінің,
Ардақты ұлдың асқақтатқан есімін.
Ел билеген Бәйкен аға шыққан жер,
Туған елі ұлы Ебіней досының.

Ескерткіштер ұлдарына ардақты
Қызылжарым тап төрінс орнатты.
Ұлы Мағжан, Үкілі Ыбырай рухы
Шарпығандай жыр, әнімен жан-жақты.

Ер Кәкімбек мінезі кең даладай,
Сағынышы құшағы ыстық анадай,
Ескерткішін Үкілі ата ашқанда
Көріп тұрдым жылағанын баладай.

Айыртауда өтті кезі балдырған,
Соғыс өрті күйігіне шалдырған,
Қалың мұңға батса-дағы ертерек,
Ел –анасы жан шырағын жандырған

Тебіренсе екі көзге жас алып,
Мұнын тыңдар досы Аманжол Қошанов,
Бақилық боп кетті інісі Әшірбек,
Бизнесте жарқыраған хас алып.

Жас кезінде сауыт киіп кен қазды,
Шабыттанып, жырды төгіп, ән жазды.
Бара-бара күрделеніп өмірі,
Жақындатты талай-талай маңғазды.

Соның бәрі жүрегінде, есінде,
Жыр моншағы алқасындай төсінде
Әрбір маңғаз поэмадай жатталып,
Қуат берер карттық өмір көшінде.

Қызылжары – аққайыңдар орманы,
Сұлулардың сыбырлаған арманы,
Мәриямдай сүйген жары сүйсінген
Махабаттын мәңгі өшпейтін қорғаны.

Балаларын бақыт құсы таңдады,
Кенші инженер Жезқазғанда Ерланы,
Майра қызы Алматыда жезтаңдай
Сөз шебері, ақын биік талғамы.

Үзілместей мөлдір өлең үзігі,
Басылмастай ақындықтың қызуы,
Шабыт қосқан атасына Кәкендей
Немерелер, шөберелер қызығы.

Шалқарында шабыттын

Кәкеңменен Жезқазғанда таныстым,
Кенші, ақын, әнші болып табыстым.
Жалынындай балқытатын ортаны
Толқынында жүздім жезді ағыстың.

Нәр алатын ұшқыр аға сөзінен,
Бір мереке – әр кездесу өзімен,
Өлең сөздің осы күнгі патшасы,
Ұстазындай сал-серілер сезінем.

Сексен жаста – сал-серілер серкесі,
Оқжетпестей ән мен жырдың өркеші,
Халқым ұлын ардақ тұтып әрқашан,
Біржан салдай аялаған еркесі.

Кездестірді Кәкенді аллатағалам,
Жырларынан жанға нәзік нәр алам.
Мен де ақын, әнші, сазгер атанып,
Кенші ақын шәкірті боп саналам

Ойын аға, сырын терең ұға алдым,
Ақындықтан шалқар шабыт нұр алдым,
Нұрғиса мен Жақсыкелді жол нұсқап,
“Жезкиіктің” үшінші әнін шығардым.

“Жер сұлуы – Жезкиігім, аяулы
Сені көрмей көңіл көптен қаяулы
Өзінді іздеп жалғызсырап барғанда,
Қарсы алармысың жаяуды,
Ауылым менің ояу-ды? -

Деп сәлемді жыр қып ерім еліне,
Жолдап еді Мәксүдегі төрінен.
Сенгені бұл сана-салтқа дәстүрлі,
Дақ түсірмей елдігінің әріне.

Сезінгендей тарқайтынын Одақтың,
Білгеніндей туатынын азат күн,
Жаяулатып жеткенінде жеріне
Қарсы аларын ұлын елі қазақтың.

Ағамыздан “сал” деп қойған атты алдым,
Ақын, кенші, ұстазым деп мақтандым.
Талай-талай сөздеріне ән жазып,
“Бөркің-айлап” асқақтатып шаттандым.

Жүрек жазар тіршіліктің жарасын,
Білдірмейтін өмір. өлім арасын.
Мәңгі достық мұра болып қалатын,
Ұрпақтарға жырмен, әнмен тарасын



*Естіліктер, эсселер,
арнаулар мен баталар*



Ән қанаты талмасын

Кешегі Кеңес заманын еске алсақ, ән-мұрамызды өзінің мүдде-мұқтажына жарату үшін шовинистік, коммунистік көзқарас елегінен өткізін, өз бағытына бұрумен бірге, оны дамытудан, халық қазынасы ретінде зерттеуден, халық таланттарын қолдаудан бас тарта алмаған.

Токсанға келген Жамбылдың жарқ етіп шығып, бүкіл әлемге әйгілі болғаны, шығармаларының ел мұрасына айналғанының өзі ғана мұны дәлелдейді. Сол кездегі қамқорлықтың арқасында суырылып шыққан өнер шеберлері — Иса Байзақов, Күләш Байсейитова, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Қосымжан Бабақов, Жаңыл Қартабасва, композиторлар Евгений Брусилковский, Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди ұлттық мәдениетіміздің зор табысы, мақтанышымыз. Ал, енді еркін елдікке жетіп, өз билігіміз өз қолымызға көшкеніне 10 жылға аяқ басқанда бұл саладағы жағдайымыз қандай?

Бұрынғы әрбір ауылда сайрап тұратын радио жүйесі, ұлттық «Шалқар» бағдарламасы құрыды, елімізде теледидар, радио арқылы ұлттық ән, әуен өнерімізді насихаттау көңіл толтырмайды, шетел музыкасына, шетел таланттарына масаттанып, ата-баба үлгісін, ұлттық өнерді менсінбеу жаппай етек алуда. «Әнші балапан», «Жас канат», «Азия дауысы» байқауларында ұлттық ән, әуенге мән берілмей келеді, қайта қазақ әуендерін бұзып, шетел қалыбына қиыстырып айту үлгі бола бастаған.

1998 жылы Қарағандыда өткен Жүсіпбек Елебеков атындағы ән байқауына Арқа әндерін айта алатын жастарды Солтүстік Қазақстан өңірінен таба алмай, маған қолқа салып, мен Гүлзат Шакимова деген шәкірт-студентті тауып беріп, дайындағаным есімде. Кешегі Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай Отанының бүгінгі ұрпақтарының жетістігі осы ма?! Он жыл бойы талай бастықтар айтып келген, қазақтың классикалық әндерінің биік шоқтығы Біржан сал, Ақан сері атындағы республикалық ән байқауын өткізу қайда қалды?!

Қазақстанда 2000-нан астам әуесқой композиторлар бар көрінеді. Солардың бастарын біріктіріп, шығармашылықтарын шындап, бағыт беріп отыратын қамқоршы қайда?

Өткен жылы «Жаңа ғасырға — жаңа ән!» байқауы республика бойынша Атматыда ұйымдастырылғаны белгілі. Атақты композиторымыз Еркеғали Рахмадиевтің айтуынша байқауға авторлардан 1800 ән түскен. Мынандай қиыншылық жағдайда бұл халқымыздың жасампаздық рухын көрсететін алып күш емес пе?!

Сол байқауда Көкшетау қаласынан композитор Құрмет Сақаймен, осы мақаланың авторының, әндері арнайы дипломдарға ие болды. Ақмола облысының орталығы Көкшетауда да біраз композиторлар жиналып қалдық. Жоғарыда аталғандардан басқа ардагер Кәрім Ілиясов, жас композиторлар Ерлан Ташев, Арман Ишанов қазақ әндерінің дамуына өзіндік үлгі-үлес қосуда.

Қазіргі түрлі шығармашылық орталықтары және барлық мәдени мекемелер түрлі мәдени шаралар өткізгенде «хит», «шоу»-лардан, шенеуніктік шаралардың көркемдік жағын сипаттап, марапаттаудан аса алмай қалды. Осыны шын жүрегімен сезген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы өткен ғасырдың ақырғы 2000 жылын Мәдениетті қолдау жылы деп атауды ұсынып еді. Елде мәдениетімізді қолдаған қыруар шаруалар жасалды, жаңа ХХІ ғасырда да өнерді қолдау өрби береді деген бағытымыз айқындалды. Ендеше, еркіндік алған қазақ елі болғасын, әлем дәрежесіне жететін мақсатты ойласақ, ұлттық намысымызды қайрап, тәуелсіз мемлекет ретінде өнерде халық шығармашылығын дамыту, халық таланттарына қамқорлық жасау — өзекті мәселе. Бізге өнерді дамытуда қазақтың елдік салты мен дәстүрін шын мәніндегі мемлекеттік қамқорлыққа алатын кезең туды.

Ән, музыка қарын тойып, еріккенде, көңілденуге ғана керек құрал емес, бұл - тәуелсіз еліміздің тіршілігінің бір қыры, елдігіміздің сыры, іскерлігімізді жарқырататын нұры. Тәуелсіз елге азаматтық, елдік, ерлік туралы әндер-жырлар ауадай қажет. Қазіргі әндерімізде өткенді өксіп, ойлай беретін зар, болмаса ештеңені ойлатпайтын, әрбір адамның өз басына ғана байланысты, «күйдім-сүйдім, «өзімді де білмеймін» сияқты жеңіл ырғақты, ортаны даңғазаға толтыратын әуендер басым.

Ән өнерін тек профессионалдар ғана дамытпайды. Орыстың ұлы композиторы Михаил Глинканың: «Музыканы халық жасайды, біз оны тек қана мәнерлейміз», - дегенін ұмытпау керек. Осы орайда, мәдениетіміз халық таланттарын дамытуға, қорғауға міндетті.

Қазақ музыкасы ежелден әлемнен жоғары бағасын алған кең диапазонды, иірімі мол, адамгершілік сезімді асқақтататын ғажап дүние.

Опера Италия елінде халық шығармашылығының бір түрінен дамыған десе, біздің сал-серілердің әндері талай ұлттық операларымызға дап-дайын ариялар ретінде кіргізілмеді ме? Қазақ ақындарының айтысын Біржан сал сияқты әртүрлі әуенмен

түрлендірсе, сол Италияның үлгісіне ұқсап тұрған жоқ па?!

Елдігіміздің еңсесін көтеріп, ұлттық жасампаздығымызды асқақтататын бай мұрамызды ұрпақ өміріне пайдаланбау кешірілмес күнә болары сөзсіз. Осыған ұрпақ алдында бүгінгі мәдениетті басқарып отырған ұлт өкілдері жауап береді, олардың бүгінгі еңбегін болашақ ұрпақ осымен бағалайды. Өйткені, мұны кешегі Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков сынды қазақтың абзал азаматтарының үлгі-өнегесінен, елі үшін жасалған ерен еңбектерінен көруге болады.

Халқымыздың рухы мықты, қолдауы мол, ал оған арнаулы жол ашып, ұрпақ тәрбиесіне пайдалану біздің міндетіміз.

Көкшетау облысы тарап, біресе Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірді, енді екі облысқа бөлініп, біраз ауданы Көкшетау қаласымен бірге Ақмола облысының құзырына көшті. Көкше өнерінің бұл сергелдені өнерінің дамуына да кері әсер етті. Әйтседе ат аунаған жерде түк қалады демекші, Көкшенің қасиетті өнері жойылған жоқ.

Көкшетау қаласы Ақмола облысының орталығы болды, мұнда шоғырланған талантты өнерпаздар да аз емес. Көкше жерін, елін, өнерін қазағым пір тұтқан. «Кейбіреулердің» Көкше өнерін менсінбей мұрнын шүйірші, елдегінің аузы сасық дегендей, Көкше өнерпаздарына тиісті мән бермеуі - әбестік.

Жуырда теледидардан Ақмола облысының әкімі Сергей Кулагин: «Көкшетауды гүлдендіру үшін барлығымыз жергілікті патриоттық сезімді тәрбиелеуіміз керек»- дегені көңілге сенім, қуаныш ұялатады.

Болашақта Көкше үлгісі. Көкше әні астаналық Ақмола облысына, бүкіл қазақ еліне тәуелсіздіктің ақ жолында өзінің де ерекше мол үлесін қоса алады.

Шуақтың дарын

Қазақ халқының біртуар әншісі, ақыны, халық композиторы, Үкілі Ыбырайдың көзінде асылдың сынығы Кәкімбек аға Салықов. Ол Солтүстік Қазақстан облысы Еңбек ауылында дүниеге келіп, бұрынғы Көкшетау облысы Өскен ауылында балалық шағын өткізген. Өскен ауылына Үкілі Ыбырай атасының есімі берілді. Сол Үкілі Ыбырай атасының ауылында өсіп, Ақан сері елімен көршілес болып, ғалым Шоқанның елі - Сырымбетте қазақ орта мектебін бітірсе, ақындық пен сазгерліктің қайнар көзінен сусындағаны емес пе?!

Бала кезінен домбыра тартып, ән салуға құштарлығын ауылында Үкіл атасының сүйікті шәкірті, ақын, әнші Молдахмет Тырбиев ағасы байқап, бала Кәкімбектің өнерін дамытуға көп күш жұмсап, тәрбиесіне алған. Кәкімбек ағаның айтуынша, Молдекен кешке қарай жанына 3-4 өнерге құштар шәкірт балаларды жинап, есікті жауып, терезелерді көлеңкелеп, Үкілінің әндерін үйрететін көрінеді. Сол ән үйренушілердің ішінде Кәкімбекпен бірге атактый айтқыскер ақын әншіміз Үкіл Ыбырайдың немересі Мұса Асайынов та болады екен. Молдекеннің бұл жұмысты жастармен жасырын құпиялылықпен жасайтыны, біріншіден, “халық жауының” өнерін үйретіп жатыр деген лақаптан қорыққаны, екіншіден, ұлы ұстазының әндерін жастар үйреніп алып, жалғастырса екен деген зор үміті еді. Сол ұстаз ағасының тәрбиесі, ақылы, берген батасы себеп болып, Кәкен Мәскеуге оқуға аттанды, кен инженері болып Жезқазғанға қоныстанды. Жас инженер бірден көзге түсіп, өзі сияқты жан-жақтан Жезқазғанды игеруге келген мамандармен мыс қазанында біте қайнап, бірге өсті. Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың Жезқазғанды өзі барлап, өзі іске қосып, Одак көлемінде байлығын қорғап, Үлкен Жезқазғанға бағыт берген кезі еді. Қаныштың алдын, ісін көріп, ұлағатты сөздерін естіген сол кездегі көп инженерлер ұлтымыздың, Одақтың мақтанышы болып, жастарға еңбектің, тәрбиенің, рухтың үлгісі бола білді. Солардың кейбіреулерін ғана бұл мақалада атап өтуге мүмкіншілік бар.

Олар: Социалистік Еңбек Ерлері Василий Штифанов, Жезқазған тау-кен комбинатының директоры Виктор Гурба, бас инженері Далабай Ешпанов, Жезқазған кенішінің директорлары Мұхит Бөпежанов, Ғазиз Омаров, Жәйрем кен-байыту комбинатының директоры Садық Асатов тағы басқалар. Жезқазған Қарсақбайдан кейін еліміздің ұлттық ауыр өнеркәсібін дамытудың үлгісі еді. Мұнда барлық ұлт өкілдері достасып, қазақ интеллигенциясы салтанат құрып, қазақтың алғашқы майталман кенші жұмыскерлері тәрбие алып, бүкіл Одаққа белгілі болды. Социалистік Еңбек Ерлері Құсайын Әубәкіров, Демберген Баймағанбетов, Қазымхан Кентаев сынды ерлер жер астында жаңа техниканы, кен өндірудің озық дүниежүзілік технологиясын игерудің үлгісін жастарға көрсете білді, қоғамымыздың дамуына зор үлес қосты.

Кәкімбек Салықов ағамыздың да байырғы кеншіден бастап, шахта бастығы, Жезқазған комбинатының партком хатшысы, Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, Жезқазған

облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, КПСС Орталық Комитетінің инспекторы, Өзбекстанның Қарақалпақ АССР-ының обкомының бірінші хатшысы, Одақтың басты экологы, Президиум мүшесіне дейін қызметі өсті.

Кәкең білгір маман ғана емес, екі тілге бірдей шешен, қоғамда көрегендігі мол көсем екендігін танытып жүрді. Мінез, қылығы жарасып, адамға қамқор болып қараса білді. Осының бәрі оның елдің ері ретінде қалыптасуына бала кезінен бойына біткен, дамыған құдай берген ақындық, әншілік өнері тірек болды. Молдахмет ағасы айтқандай, Үкілі Ыбырай атасының жиені Тайжан ақын елі оны қолдаушы болып қарсы алды. Тайжан ақынның бауыры Жәлел Қалмағамбетов деген досы Мәскеуде Кәкеңмен бірге оқып, Жезқазғанда кенші инженер болып бірге істеп, Бағаналы, Балталы елімен таныстырып, табыстырды. Жан-жақтан Қазақстанның әр облысынан келген мамандар Сарыарқаның сар даласын құлпыртып, қолтықтасып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғандай бірігіп кетті. Қаныш елі Баянауылдан келген Балғабай, Ақмоладан келген Жолдасбек, Қарағандының Нұра елінен келген Рустем ағамыз, Көкшетаудан келген Қуанышбек тағы басқа жігіттер, білікті мамандар, ер көңілді елін сүйген азаматтар еді. Кәкімбек аға алғашқы жырларымен бүкіл елді, Сарыарқаны баурап алды, жергілікті ақын, әншілерді қолдап, әдоби ұйым да құрды. Алғашқы поэмасы “Гәкку” Қарағандының “Орталық Қазақстан” газетінде басылып, облыс көлеміне, жыр сүйер қауымға тарап кетті. Кәкеңнің өлеңдерінің ұйқасы өте жеңіл, теңеулері көңілге тез қонатын жыр шумақтары әндетуге үнемі дайын тұрғандай. Бала кезінен ән өнеріне құштарлығын туған жерінде танытқан ақынның “Жезкиігіне” Нұрғиса Тілендиев, жергілікті сазгер Жақсыкелді Сейілов әндер шығарып, Кәкеңнің атақ-даңқын одан сайын асқақтатты. Ағамыз құлашты одан әрі кең сермеп, “Акку”, “Сарыарқа” әндеріне сөз жазды. Бұл кешегі сал-сері бабалары, Үкілі Ыбырай салған ата жолы еді. Осы үрдіс жалғасып, қазірде Кәкімбек Сатықовтың сөздеріне Қазақстан композиторлары 400-ден аса ән шығарған, оның, ішінде өз сөзіне шығарған 40-тан аса өз әндері бар, біразы елдің белгілі артистері мен көркемөнерпаздары репертуарынан орын тапқан. Кәкімбек ағамыздың қарапайымдылығы, адамға деген қамқорлығы ерекше. Ол бір өлеңінде: “Маған керек тірлікте бір-ақ нәрсе, ол - адамға адамның ғашықтығы, бір-ақ нәрсе, тірліктен сұрайтыным, ол адамның адамға адалдығы” - десе, бұл - аға өмірінің шындығы. Талай биік лауазымды қызметте жүріп,

Кәкімбек адамдығын, арын таза сақтай білді. Ел десе сңіреп, көңілі көлдей болатын оның ел десе жақсылығына елендеп, ардақ тұтып, қамқор болуға дайын екенін әрбір кездескен адам таныды. Өзінің көптеген поэмаларында елінің ерлері туралы жырлады. “Кенші жолы”, “Гәкку”, “Қырандар”, “Еңлік гүл”, “Ұрпақ сыры” поэмаларында кенші, әнші өмірі ата жолын, ұрпақ сырын зерттесе, кейінгі тұлғалар күрделеніп, ұлы күйші Тәттімбет, ұлы композитор Нұрғиса Тілендиев, ұлы ғалымдар Қаныш Сәтбаев, Манаш Қозыбаев, ұлы дана ақынымыз Мағжан Жұмабаев, еліміздің ерен ері Бәйкен Әшімов туралы “Тәттімбет”, “Отырар сазы”, “Қаныш - жұлдыз жарқылы”, “Манаш”, “Сағындым”, “Мағжан - ақындықтың дауылпазы”, “Бәйкен аға” атты тамаша поэмаларымен жалғасып, Кәкеңнің асқақ жыры өмірмен бірге тасып, алты қырдан асып, ұрпақтарға рухани бағыт керсетуде. Кәкімбек терең пәлсәпәсі бар, ойшыл ақын.

Кәкімбек ақынның қазақ поэзиясына жаңадан тұңғыш рет енгізген шығармасының бірі “Сонеттен тізген гүлтәждері”. Бұл автордың 2001 жылы “Жалын” баспасынан шыққан “Сырғалы сонеттер” атты кітабында шықты

“Шекспирлер, Дантелер сүйіп өткен,

Тың сөреге сілтедім шабысымды...”

“Петрарка күмбезін салып кеткен,

Сонет - сұлу қыз екен Пушкин сүйген...”

- дей келе, былай жалғастырады:

“...Гүлтәже тіздім қалмастай өзгелерден,

Жүрек жылып жыр туды көз кенелген.

Қазақтың да игерген өнері бұл”.

Қазақтың сонеттеріне атап-атап ат қойып, оның қолдану өрісін кеңейтті. “Құйрықты сонет”, “Ақсақ сонет”, “Бір сүю сонеті”, “Ақан серіге”, “Құрманғазыға”, “Мағжан аға - табиғаттың түлегі” тағы басқа тіршіліктің тақырыбына құралған сонеттер адамды оймен астасқан мөлдір сезіммен сұлу сырдың ізгілік нұрын жанына сеуіп, адам жанын асқақтатып, жыр поэзиясының терең тұңғыығына тартқандай

“Секілді табиғаттың балапаны.

Нұр құйды пәк жанына дала таңы.

Есілдің бұйра талы - бұйра шашын,

Сарыарқа самалына таратады...

Ол төкті дүниеге сәлем бүгін,

Есімін білсін айқын әлем бүгін”.

Кәкімбек Салықовтың ел алдында ерен еңбегі Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығын тойлағанда тағы бір көрініс тапты. Ол халықаралық Сәтбаев Қорының Президенті болып, көп істер атқарды.

Менің де кен инженері болып 1962 жылы Жезқазғанға келісімен Кәкімбек ағамызбен бір тойда танысуымыздың сәті түсті. Танысудың себебі ән болды, Арқаның әні, сал-серілердің әні. Сол кеште әнге беріліп, ән шырқадық. Кәкен ол кезде “Покро” шахтасының бастығы, мен Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының комсомол комитетінің хатшысымын. Содан, міне, жарты ғасырға жақын кен жағынан, ақындық, ән жағынан ол ұстаз аға, мен шәкірті нәм інісі боп қарым-қатынас жасаймыз. Ағамыз сергек сексен жасына келіп, әлі де махаббатты жырлаудан таймайды. Бұл - адамға деген құштарлық, сұлулыққа құштарлығы. Мен Кәкеннің сөздеріне де біраз әндер шығардым. Оның ішінде “Жезкиік”, “Өсиет”, “Құдалар”, “Ертісте туған ерке қыз”, “Сырымбетті сағындым”, “Бір мин бар” тағы басқалар. Әндердің ішінде ел аузына ілініп, артистер шырқап жүрген “Жезкиік”, “Бөркің-ай” әндері. Сол “Бөркің-ай” әнінің қайырмасы: “Пай-пай, бөркің-ай, бөркіңнен асқан көркің-ай, ақ тамағың үлбіреп, қарақат көзің мөлдіреп, шидей ернің елжіреп, өзінді көптен аңсаған жазылар қашан сұм жүрек” деген сөздері мені бір ән құдіретіне бөлеп, шабытым жұртты қарық қылып, мәңгі жастықтың аңұранындай тербеп кетеді.

Кәкен өзі жастығын еске алып, мені көрсе: “...хал-лю-лю, лю-лю-лу...” деп бір тамаша күйге енеді. “Жезкиікте” ел деп соққан жүрегінің лүпілі, “Бөркің-айдағы” қайран жастық екпіні ағамызды елге еркелете берсін, ұрпақтары өсіп-өніп ата-анасының ізін жалғастыра берсін дегім келеді. Сүйікті жан жары Мәриям апамыз - оның мәңгілік серігі, балалары Ерлан, Майра да әкесінің қырсырына қанығып, кеншілік ақындық үлгісін жалғап келеді. 80 жасқа келген қазақ халқының айтулы перзенттерінің бірі Кәкімбекке арнап “Жезкиік ақын” деген поэма жазып бітірдім. Сонда бар жүрегімнің жылуын ағаға, еліме жеткізгендей болдым.



Бұлақ боп сізден бас алам
(Жазушы Естай Мырзахметов рухына)

Естай аға, Есағам!
Жақсыға көңілі хош адам,
Шашқан нұрын жүректің
Ұрпаққа мәңгі жас адам
Естай аға, Есағам!
Сөзімен мүсін жасаған.
Сабырлы, сырлы наз айтқан
Тас атқанға тасадан.
Естай аға, Есағам!
Сұлулыққа мас адам,
Сезіміңнен нәр алып,
Сырлы әуенге баса алам.
Естай аға, Есағам!
Бұлақ боп сізден бас алам.
Қуат берсін ағама
Жаратқан. Алла, жасаған!

- деп арнаппын бір өлеңімді өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында қадірлі де құрметті, бар казакқа белгілі жазушы ағамыз Естай Мырзахметовке Есағаңмен Жезқазғаннан Көкшетаудағы Васильков тау-кен байыту комбинатына алтын сапасын қадағалайтын бөлімінің бастығы болып орналасып, бір-екі жылдан кейін елмен араласып, өзімнің бойымдағы ақындық, ән айту, ән шығару қабілеттерімді де аңсап келген туған елге ұсына бастаған кезім еді.

Көкшетауда Арканың жан рахатына бөлейтін саматындай жылы лебізі есіп, құшақ жая бірінші боп қарсы алған, асыл ағам Есағаң болды. Қырандай алысты шолатын қырағылықпен, аспанға асқақ әндей өрлейтін жүректегі тасқын шабыттың толқынымен, мен айтатын Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ әндерін, сал-серілік жаңа шыққан әуендерді ыждаһатпен қайта-қайта тыңдап, қайда барса да ол мені алып жүретін Ағаның өзі де сан түрлі Ақан, Балуан Шолақтың әуендерін ыңылдап - Иран, осыларды тірлту керек деуші еді.

Бір мезгіл сол әуендерді толғағандай да болам, осы күнге дейін құлағымның түбінде нәр құйып, шабыт беріп тұратындай бір күйсандық елестейді.

Сал-серілердің өмірі, шығармашылығы туралы Есағаңның көп билетіні барлық халыққа аян Оның Ақан серінің жермен жексен

болып кеткен зиратын, Уәлиханның құлпытасы мен жерленген жерін бізге көрсетіп, анықтап кеткені-ұрпақтарға жасаған зор еңбегі, ағалық, тәрбиелік мәні зор сыйы. Сал-серілер туралы ол каншама естелік жазды, әңгімелер айтты.

1984 жылы Көкшетау қаласында мәдениет бөлімінің қолдауымен приборлар жасайтын зауыттың мәдениет үйінде, қазіргі “Истоки”, менің жеке концерттік шығармашылық кешім өтті.

Осы кешті Есаған өзі бас болып, Көкшеснің белгілі кешгі өнер қайраткері, дирижер Манарбек Бексейітов қолдап, халыққа насихаттай білді. Өнер жолында өз басым ағаны үлгі, пір тұтып, үнемі ақыл кеңесін алып жүрдім.

Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығындағы ақындар айтысында жеңімпаз атанғанымда Есаған Шоқан Уәлихановтың 5 томдық шығармаларын ұсынып, жазып берген естелігі сақтаулы: - Айтыста абыройға жеткеніңе қуанамын! Естай Мырзахметов. 13.06.87 жыл.

- Иран-сері! Екі жиырма бесіңнің қызуы. Қызығы, қуанышы әмсе ұзақ-ұзақ болғай! 7 наурыз 1984 жыл - деген сөзі мені әркез алға, қуанышқа ұмтылдыратындай әсер беріп тұрады.

- Иран сері! “Жүрек сыры” деген шығарған әнің оңды екен, мына жерін “сезімді бұлқынған өсіретін жан бар ма?!” десен, тіпті қатып кетеді. - деп әнімнің сөзін жөндегені де бар.

Халық ақыны Көкен Шәкеев, атақты жазушы. республикамыздың өнер қайраткері Естай Мырзахметов мені айтыскер ақын ретінде де елге танытуға көп үлес қосты.

Кешегі еліміз ерікндік алған алғашқы жылдары облысымызда халықтың рухын көтеретін, елдігімізді сілкіндіретін көп мәдени-шаралар өтті. Олар-Абылай ханның 280 жылдығын, Кенесарының 190 жылдығын, 200 жылдығын тойлаған мерекелер еді. Сонда ақылшы болып, іс-шаралардың бел ортасында жүретін Естай ағамыз болатын.

Көкшетауды қазағыма Шоқан Уәлиханов айтқандай шын мәніндегі елдіктің, серіліктің ордасы ғып бағалап, көрсетуде Көкен Шәкеев, Естай Мырзахметов ағаларымыздың еңбегі зор, ол ұмытылмай ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала береді. Ағалардың сол кездегі бірлігі ақсақалдар алқасы болып аталып, қоғамға зор ықпал етті. Есімде, Есағанның өмірден ерте өткен сүйікті, елге ардақты үлкен ұлы Абай үйленгенде, тойын әнші, сазгер Кәрім Ілиясов екеуімізге басқартып еді. Орыс-қазақ аралас үлкен тойда біріміз қазақша, екіншіміз орысша шығарған әзіл-өлеңдерімізді оқып, кезек-кезек сал-серілік әндерімізге басып, жұртты бір дуылдатып едік. Тойдан кейін Есаған мені шақырып алып, орыс көршісін алдыртып, орысша айтқанымды қайталатып тағы бір маз-майрамға баттық.

Есағанның сол сүйікті ер азаматы Абай сәби ұлы Санжармен апатқа ұшырап өмірден озғанда бүкіл Көкше елі, лек-легімен басқа жерден көңіл айтуға келгендердің кайғылы көші қара жерді қайыстырып, көк аспанды күңіrentкендей еді. Жас кезінен денсаулықтан өзі қасіретті көп тартып, одан, өсіп келе жатқан қос немересі Аршат пен Ләйләдан кенеттен айырылған Есағам, қазақтың қара нарындай қайғы-қасірет артқан өмір жүгін бойына біткен қайсарлығы, жігері, терең ой дариясының қуатымен алға сүйрей білді. Оған өзі жанындай сүйген халқы, жары Гүлжәмила өмір бойы қол ұшын беріп қолтықтап отырды. Қай жағдайда болсын ағамыз қаламын қолынан тастамады, біз үйіне кіре қалсақ баспа машинкасына үңілетін де отыратын. Бір байқағаным, ол кісі адамның әрбір сөйлеген сөзіне, қимылына, ісіне мән беріп, қадағалап отыратын. Айтатындай жағдай болса, әзіл кылып айтып салатын. Әңгімелесіп отырғанда, кейбір адамдар туралы пікірінің тайға таңба басқандай дәп келетініне талай көзім жетті.

Өмірінің соңы да Есағам үшін оңай болған жоқ, соңғы жылдары жайдары мінез сүйеушісі, жан-жары Гүлжәмила жеңгемізден тағдыр айырды. Артында тағы да ұлдары бар, ер азамат орнында Зәмзәгүлдей қызы бар, ұрпақтары бар, ағайын, жолдас, дос, Көкшедей кербез елі бар Естай Мырзахметов сексенге келген сенгір жасын да қарсы алды, ел боп тойладық. Бірақ, жазу солай, жаратқанның берген жасын жасап, ағамыз дүниеден өтті. Біз ағамыздың елдегі, қоғамдағы мәртебелі орнын енді сезе бастағандаймыз. Ертең елдігіміз де орнына келер, нағыз әлемнің жетістігімен жетілген қазақшылық туар, ұрпақ та өсер, сол кезде ағамыздың алғыр ойы, көрегендігі, артына қалдырған мұрасы ұрпаққа үлгі болып жарқырай береріне сенімдімін.

Жақсы іні жасы үлкенді ағалаған,

Ініні жақсы аға бағалаған.

Болмайды ел ағасыз, тон жағасыз,

Сондықтан Ағасын ел аялаған.

Ағадай болар өмір ақиқаты,

Бақытты ол артта қалса жазған хаты.

Көтеріп еңсесін ел тұрады екен

Ағаның ақыл-ойы, парасаты.

Ағаның сабырлығы жарасады,

Ағамен көркейер ел болашағы

Ағаның айдын шалқар ақ көңілі

Қамқор боп ұрпағына жол ашады

- деп тірлігінде өлендетсем, енді:

болып кеткен зиратын, Уәлиханның құлпытасы мен жерленген жерін бізге көрсетіп, анықтап кеткені-ұрпақтарға жасаған зор еңбегі, ағалық, тәрбиелік мәні зор сыйы. Сал-серілер туралы ол қаншама естелік жазды, әңгімелер айтты.

1984 жылы Көкшетау қаласында мәдениет бөлімінің қолдауымен приборлар жасайтын зауыттың мәдениет үйінде, қазіргі "Истоки", менің жеке концерттік шығармашылық кешім өтті.

Осы кешті Есаған өзі бас болып, Көкшетау бөлгілі кешегі өнер қайраткері, дирижер Манарбек Бексейітов қолдап, халыққа насихаттай білді. Өнер жолында өз басым ағаны үлгі, пір тұтып, үнемі ақыл кеңесін алып жүрдім.

Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығындағы ақындар айтысында жеңімпаз атанғанымда Есаған Шоқан Уәлихановтың 5 томдық шығармаларын ұсынып, жазып берген естелігі сақтаулы: - Айтыста абыройға жеткеніңе қуанамын! Естай Мырзахметов. 13.06.87 жыл.

- Иран-сері! Екі жиырма бесіңнің қызуы. Қызығы, қуанышы әмсе ұзақ-ұзақ болғай! 7 наурыз 1984 жыл - деген сөзі мені әркез алға, қуанышқа ұмтылдыратындай әсер беріп тұрады.

- Иран сері! "Жүрек сыры" деген шығарған әнің онды екен, мына жерін "сезімді бұлқынған өсіретін жан бар ма?!" десең, тіпті қатып кетеді. - деп әнімнің сөзін жөндегені де бар.

Халық ақыны Көкен Шәкеев, атақты жазушы республикамыздың өнер қайраткері Естай Мырзахметов мені айтыскер ақын ретінде де елге танытуға көп үлес қосты.

Кешегі еліміз еркіндік алған алғашқы жылдары облысымызда халықтың рухын көтеретін, елдігімізді сілкіндіретін көп мәдени-шаралар өтті. Олар-Абылай ханның 280 жылдығын, Кенесарының 190 жылдығын, 200 жылдығын тойлаған мерекелер еді. Сонда ақылшы болып, іс-шаралардың бел ортасында жүретін Естай ағамыз болатын.

Көкшетауды қазағыма Шоқан Уәлиханов айтқандай шын мәніндегі елдіктің, серіліктің ордасы ғып бағалап, көрсетуде Көкен Шәкеев, Естай Мырзахметов ағаларымыздың еңбегі зор, ол ұмытылмай ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала береді. Ағалардың сол кездегі бірлігі ақсақалдар алқасы болып аталып, қоғамға зор ықпал етті. Есімде, Есағанның өмірден ерте өткен сүйікті, елге ардақты үлкен ұлы Абай үйленгенде, тойын әнші, сазгер Кәрім Ілиясов екеуімізге басқартып еді. Орыс-қазақ аралас үлкен тойда біріміз қазақша, екіншіміз орысша шығарған әзіл-өлеңдерімізді оқып, кезек-кезек сал-серілік әндерімізге басып, жұртты бір дуылдатып едік. Тойдан кейін Есаған мені шақырып алып, орыс көршісін алдыртып, орысша айтқанымды қайталатып тағы бір мез-майрамға баттық.

Есағанның сол сүйікті ер азаматы Абай сәби ұлы Санжармен апатқа ұшырап өмірден озғанда бүкіл Көкше елі, лек-легімен басқа жерден көңіл айтуға келгендердің кайғылы көші қара жерді қайыстырып, көк аспанды күңіrentкендей еді. Жас кезінен денсаулықтан өзі қасіретті көп тартып, одан, өсіп келе жатқан қос немересі Аршат пен Ләйләдан кенеттен айырылған Есағам, қазақтың қара нарындай кайғы-қасірет арқан өмір жүгін бойына біткен қайсарлығы, жігері, терсең ой дариясының қуатымен алға сүйрей білді. Оған өзі жанындай сүйген халқы, жары Гүлжәмила өмір бойы қол ұшын беріп қолтықтап отырды. Қай жағдайда болсын ағамыз қаламын қолынан тастамады, біз үйіне кіре қалсақ баспа машинкасына үңілетін де отыратын. Бір байқағаным, ол кісі адамның әрбір сөйлеген сөзіне, қимылына, ісіне мән беріп, қадағалап отыратын. Айтатындай жағдай болса, әзіл кылып айтып салатын. Әңгімелесіп отырғанда, кейбір адамдар туралы пікірінін тайға таңба басқандай дөп келетініне талай көзім жетті.

Өмірінің соны да Есағам үшін оңай болған жоқ, соңғы жылдары жайдары мінез сүйеушісі, жан-жары Гүлжәмила жеңгемізден тағдыр айырды. Артында тағы да ұлдары бар, ер азамат орнында Зәмзәгүлдей қызы бар, ұрпақтары бар, ағайын, жолдас, дос, Көкшедей кербез елі бар Естай Мырзахметов сексенге келген сенгір жасын да қарсы алды, ел боп тойладық. Бірақ, жазу солай, жаратқанның берген жасын жасап, ағамыз дүниеден өтті. Біз ағамыздың елдегі, қоғамдағы мәртебелі орнын енді сезе бастағандаймыз. Ертең елдігіміз де орнына келер, нағыз әлемнің жетістігімен жетілген қазақшылық туар, ұрпақ та өсер, сол кезде ағамыздың алғыр ойы, көрегендігі, артына қалдырған мұрасы ұрпаққа үлгі болып жарқырай береріне сенімдімін.

Жақсы іні жасы үлкенді ағалаған,

Ініні жақсы аға бағалаған.

Болмайды ел ағасыз, тон жағасыз,

Сондықтан Ағасын ел аялаған.

Ағадай болар өмір ақиқаты,

Бақытты ол артта қалса жазған хаты.

Көтеріп еңсесін ел тұрады екен

Ағаның ақыл-ойы, парасаты.

Ағаның сабырлығы жарасады,

Ағамен көркейер ел болашағы

Ағаның айдын шалқар ақ көңілі

Қамқор боп ұрпағына жол ашады

- деп тірлігінде өлеңдетсем, енді:

- Хош, хош, Аға, бейнеңіз мәңгі есте.
Қалғандаймыз-біз, міне, соңғы көште.
Ақыл-ойың, парасат, даналығың
Ұрпақтардың ісіне салар кесте.
Жазған хатқа ұрпағым мойын бұрар,
Лайықты салтанат көшін құрар.
Бәрі орнына келгенде қозғалуға
Сабырлығы ағамның жетпей тұрар
Жазғаны Аға ұрпаққа азық бүгін.
Айтқаны Аға өмірге қазық бүгін.
Махаббатқа бой ұрып аласұрсаң
Ағамыздың іздеріміз нәзіктігін.
Қиындықтан өмірде тайсалды кім?!
Ағасындай елімнің байсалды кім?!
Қиын-қыстау істерде бастан кешер
Ағамыздың жоқтармыз қайсарлығын.
Мықтай білсем мен елдік босағамды.
Аластатсам елдіктен лас адамды.
Елдік пенен ерлікті пір тұтатын
Еске алмасын қалайша Есағамды?!

Қазақтың батыры
Рахымжан Қошқарбаевпен
қалай кездестім

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Жезқазған шахталарының бірінде инженер болып істеп жүрген кезім еді Мені бастықтар жұмыстан босатып: - Жезқазғанға Ұлы Отан соғысының батыры, Рейхстагқа бірінші ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев келді, соның жанына шахта жұмыскері, Отан соғысының ардагері Исатаев Әбішпен бірге еріп жүресің – деді. Жезқазған кенішінде шахталарда жастар жұмыс істесе, үйдегі үлкендері жазда өзен бойы малдарын бағып, биелерін қымызға байлап, жайлауда болатын.

Киіз үйлері құрылған Кеңгір. Сарысу өзендері бойы шағын-шағын ауылдар болатын. Ауыл аттары: Бәкір ақсақал қонысы, Жараспайдың ауылы, тағы-тағы болып өзен бойы созыла беретін Кеңес үкіметі малды есепке алғанмен, бұл жақтың даласында қысы-жазы жүретін үйір-үйір жылқыны ешкім бақпайтын да, санамайтын да. Әрбір үйірді өз айғыры бағып-қағып, қыста құмға

қарай от іздеп кетіп, көктемде әр үйір өз жайлауын табатын Жарықтық, жылқы малы-ай, мінсе – көлік, жесе – азық, ішсе – қымыз. Көктемде адамдар жайлауына барып, үйірлері бір жарым, екі есеге дейін өскенін көріп, құлындарын қуанып ұстап, биелерін қымызға байлай бастайтын. Шөбі аз сары далаға шайыр деген сүтті өсімдік берген, оны жидек сыяқты піскен кезде жұтып, қысқа қой-сиырға дайындайды, әлгі шөптің құндылығы еттің майы сыяқты, біраз мал шөптің бір айыры шайырды күні бойы жеп бітірс атмай бөгіп жатады. Ежелден Наймандағы Бағаналы, Балталы елінің тұрмысы жақсы болған, жергілікті жұрт бұл жердің топырағы құнды, майлы деп мақтанады. Қонаққа бір қозы, бір қой сойып тастау көзді ашып, жұмғанша, елінің қонақжайлылығы аңыз қылардай.

Рахымжан ағамен жүздесіп, амандасқаннан кейін көп жылдан бір-бірімізді білетіндей күліп-ойнап жүре бердік. Ұлық болсаң кішк бол, батырлығы, ерлігі мол адам қарапайым да болады деген қағидалар алдымыздан шығып, мен-мұндалап тұрғандай. Рахаң анекдоттарды жақсы айтатын, әзілшіл, ақжарқын кісі екен. Әбіш ағамен бірге бәріміз өзенге суға түстік, сол кезде Әбекең де өзінің қулығына басып: - Раха, маңдайыңды оқ жырып кетіпті ғой, бұл батырлықтың белгісі ме? – деп қағытты. Сонда Рахымжан ағамыз: - Әй! Әбіш, сенің арқаң оқтан жырық-жырық, шұрқ-шұрқ екен ғой, жобасы немістерден кашкасың ғой – деп қалғанда бәріміз шексілеміз қатып көп күлдік.

Сарыарқаның жусан аңқыған саумал самалын жұтып, балдай тәтті қымызына қанып, марка қозының жүрекке тимейтін жұмсақ етіне тойып алып, домбырамен әнге басқан қандай бір ғанибет Біз тап осылай жасадық. Батыр ағамыз соғыста қалай болғанын, рейхстагқа бірінші болып қалай ту тіккенін баптап баяндап отырды. Соғыстан кейін Одақ делегациясының құрамында Германияға барғанда одан кім болып істейсің деп сұрағанда, “баншикпін” депті. Мұны делегацияны басқарған адам естіп, ақырын Рахымжанға сыбырлап: - Қызметіңді айтпай-ақ қой, барғасын көреміз – депті. Елге келгесін Рахаң жаңадан салынған Алматы қонақжайының директоры болып тағайындалыпты.

Жұмыс басты болып, жастықтың қызығына тоймай жүйткіп жүргенде, қазақтың дара батыры Рахымжан ағамен де кездескенге 5 жылдай өтіп кеткенде, маған Алматыға іс-сапармен баруға жол түсті. Жаз ортасының қайнап тұрған ыстық күні еді. Біз Көпен Қаштаев деген Оңтүстік Жезқазған кеншінін бас инженері екеуміз Алматы қонақжайына орналасу үшін сонда бұрынырақ келіп

орныққан Қаныш Сәтбаев атындағы Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының директоры Виктор Васильевич Гурбамен жолықтық. Ол кісі бізге Алматы қонақжайларында орын жоқтығын, Мәскеуден Игорь Мойсеевтің ансамблі, басқа да көп қонақтар Алматыны жайлап алғанын хабарлап: - Енді қала сыртындағы Медеодағы Жезқазған комбинатының демалатын үйіне барындар - деді. Көшеге шыққасын Көпен жерлесі, бірге оқыған, Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде жұмыс істейтін бір досына телефон шалып, іс шығара алмады.

Қошқарбаевтың осы Алматы қонақжайында директор екені менің есіме түсе қалды. Көпеннен төлқұжатын алып, қонақжай директорының кабинетіне бардым. Есігі ашық. Рахаң бір әйелмен сөйлесіп отыр екен, менің сәлемімді алды да, екінші бос орындықты нұсқап, сөзін бұрынғы адаммен жалғай берді. Әйел кеткеннен кейін ол: - Ал, сөйле, жігітім – деді. Мен: - Жезқазған – дей беріп едім. – Сен әлгі баяғы өлең айтқан Ирансың ба? – деді, 5 жыл бұрынғы кездесу есіне түсіп. Сөзімді әрі жалғастырғызбай, бәрін біліп тұрғандай: - Әкел төлқұжаттарыңды – деді. Шіркін, ерім-ай, нағыз ерлікті жасаған тұлғаң осы бір кішкене мәселені шешуде де бойынан, ойынан жарқыратып нұрын төгіп тұрғаны-ай – деймін ішімнен. Рахаңмен мәселені шешіп, сұхбаттасып, қонақжайдың кіре берісінде тұрған Көпенге қайтып келдім де: - Жүріңіз, орналасайық – дедім. – Мына ісің бір ғажап, қиыннан қиыстырғандай болды-ау деймін – деп Көпен күліп, көңілденіп қалды.

Енді бір Алматыға келгенімде асығыс қонақжайдың жанынан өте бере Раханды тағы да көргендей болдым. Ол кісі қонақжайына транспаранттар ілгізіп, біреулермен сөйлесіп жатыр екен, анадай жерден өтіп бара жатқан маған қайта-қайта қарай берді. Мен ісіне кедергі жасамайын, сәлем беруге артынан бір соғармын деген оймен жүре бердім. Өзімнің осы ағаттық ісім осы күні қайта-қайта еске түсіп, Рахымжандай айбынды, адамгершілігі мол ағаны мәңгі сағынып жүргендеймін.



Еркелетіп елім қойған атым бар

"Өзге емес өзім айтам өз жайымды"
(Қасым Аманжолов)

Бірде:

*"Жігіттер Иран сал деп атын қойды,
Құбылттым өлең, әнмен думан - тойды.
Біржан Сал. Ақан Сері болмасам да,
Көңілің көтеремін сертің бойды" - дептің.*

Бұл ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары Оңтүстік кенішінде кен инженері болып қызмет істеп жүрген кезде айтылған еді.

Осы бір шумак өлеңнен басталатын әніме себеп болған жиын әлі көз алдымда.

1969 жылдың жазы. Жезқазған кенішінің шетінде орналасқан "Төртінші километр" деп аталатын ауыл іші, Буфеев Әбдіраман деген кенші ағамыз Ленин орденімен марапатталып, үйінде үлкен той болып жатты. Сол тойға атақты Жезқазған кеніштерінің басшылары, көптеген жас кен инженерлері шақырылды, ішінде мен де бармын. Әрине, домбыра ала бардым. Ортекедей ойнақтаған отыздағы жас кезім, сұратпай, кезі осы-ау деген тұстарда әнге баса бердім. Мол дастархан жайылған Әбекеннің кең үйінде де, орындықтар қойылған тап-таза үй ауласында да ән шалқып, жанға жайлы жазғы самалмен бірге таратылып, маңайды тербеп жатты.

Әбекеннің өзі де майталман күйші, термеші, білекті сыбанып тастап, күйлерді маржандай төгілтіп, термені нөсерлетті-ай келіп. Делебесі қозған қыз-келіншектер, жарқылдаған жігіттер дуылдап, даланы жаңғыртып жібергендей. Той аяқталуға да жақындады. Ауладан үйге кірсем, мені көрген жұрт шулап қоя берді. Қырық бесінші номерлі шахтаны басқаратын кен инженері Қайролла Қанафин ағамыз мәселені "тігінен" қойып жатыр екен.

- Ал, мына Иранға Иран сал деген атақты беруге қол көтеріңдер - деп өктем сөйлейді. Біреулер қарсы шығып жатыр:

- Әлі жас, беруге болмайды, анасы, мынасы келіспейді ...
Ақыры у-шу шатаққа айналатын жайды сезгесін мен:

- Рахмет, ағалар, кеншілер, мен атақ алайын деп келген жоқпын, дауласпаңыздар, Әбекендей ағамыздың інісі болып, тойының шашпауын көтеріп жатқаным ғой - деймін.

Бұл күнде марқұм болған, қайран, аяулы аға, ардақты кенші Әбекен тұрып: - Әй, жігіттер. дауды қойыңдар. Мен мына Иранды сырттан көріп, естігенім болмаса, жақсы танымаймын.

Домбырасын ала келгенде, мына мендей күйшіні, өлеңшіні басынғаны ма деп намыстанып та қалдым. Иран домбырасын бірге алып жүруге жарайтын жігіт екен. өзі Көкшеден, есімі де, әні де, сәні де Біржанға ұқсап тұр. мен қарсы емеспін - деп еді, қызып алған жұрт енді одан сайын дуылдап, мәселені қол көтеріске салды. Иран сал деген атақ берілсін деп көпшілігі жеңді. Осы тойдан кейін бірге қызметтес боп жүрген белгілі өнерпаз Шынболат Ділдебаев, инженер-энергетик Яхия Асатов, тағы басқалары Иран сал деген лақап атымды елге жайып жіберді. Ол кезде ондайға мән бермей шұрқырасып, шауып жүретін кез.

1973 жылдың жазы. Шахтының астынан шығып, "ламповая" деген бөлмеде жер астында қолданатын шамымды тапсырып жатсам, шамды қабылдайтын кезекші әйел:

- Сізді Жезқазған қаласына, қалалық партия комитетіне шақырып жатыр - деді. Түстен кейін Жезқазған қаласына жеттім. Қазақтың атақты ақыны Ғафу Қайырбеков бастаған бір топ жазушы, журналистер Жезді, Ұлытау, Қарсақбайды аралауға мені күтіп отыр екен. Сол сәтті сапар туралы Ғафу ағамыз 1973 жылдың бесінші және жиырма алтыншы қазанындағы шыққан "Қазақ әдебиеті" газетінің беттерінде "Ұлытау сені көргенде", "Қара қазан Қарсақбай" атты мақалалар жазды. 1981 жылы "Толассыз толқын" атты кітабына да аталған мақалаларын енгізді.

Сол шығармаларында бұл күнде марқұм болған асыл аға Ғафаң мені аспандатып мақталты. "Жас серігіміз, инженер, әрі аса жақсы әнші", "... Иран сал еркелеп ..." - деп жазғандары қанатымды қатайтып, әншілік, ақындық, азаматтық жігеріме жігер қосқандай болып еді. 1978 жылы шыққан "Беласар" атты өлеңдер мен поэмалар жинағында ағам "Қойшы ауыл" деген өлеңінде мен туралы жазып кеткенін бертін білдім:

*"Жас бағланды былқытып,
Ыстықтайды жер ошақ.
Отыр күйді бұлқынтып
Домбырашы Ираншах.
Сері көзін лақтырып
Босағада балдызға,
Қарайды сұм қалт тұрып
Даладағы жалғызға.
"Қойшы жігіт ..." - дегендей,
Қойшы ауылдың еркесі,
Қалтырайды төмендей
Қолындағы кесесі.*

*Осындайда, шіркін-ай,
Күй-бір тылсым, ән-арбау,
Қалар қайтып бұлқынбай
Кеудеңдегі жанар тау!"*

Осыдан кейін Алмағыда Ғафанды бірнеше рет көрдім, сәлем бердім.

- Сен өлең жазасың ба? - деп сұрағанда. "жәй, ептеп", - деп қана күлімдеуші едім.

1984 жылы Алматыда Торғайдың ақын қызы Жадырамен теледидардағы айтысқа барғанда, Ғафан Торғай жағының жанкүйері болып, бізді айтысқа шығарып салғанда да, құшақтап, жақсы көрген құштарлықпен бетімнен сүйгені де есімде.

1994 жылдың жаз айында бұрынғы Көкшетау облысының Степняк қаласында Біржан Салдың 160 жылдығы аталынып өтті.

Мен сол тойда Біржан Сал атамыздың "Сырғақты" әнін шырқадым және атамызға арнап "Біржан Сал" деген ән шығарып, ел алдында орындадым. Жұрт өте жақсы қабылдады. Осы тойға кешігінкіреп Ғафу ағамыз да жетті, менің ән айтқанымды ести алмай қалған екен. Той артынан Көкше ақыны Баянғали Әлмжанов ініміз біраз адамдарды үйіне қонаққа шақырды.

Баянғали: - Аға, сіз де қалмаңыз, тұратын жерім 16 шақырым Кенашы ауылында, ауылға апарып, Көкшетауға қайтатын автобус бар - деді. Жазушы ағамыз Естай Мырзахматов, ақын Төлген Қажыбаев, сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Мұрат Ыдырысов, тағы басқа өнерпаздар Баянғали үйінде бас қостық. Барсақ Ғафу ағамыз жеңгеймен сол үйде қонақтап жатыр екен. Біраз әңгімелесіп, жай сұрасқаннан кейін, мен өзімсініп: "Ғафа, жана менің әнімді естімей қалдыңыз, атамызға арнап "Біржан Сал" деген ән шығарып едім, шырқап жіберейін" - деп бастап кеттім. Ағам бір дүлдүлге мініп көңілі өскендей, орнынан қозғалақтап, шабытты әсерге берілді де кетті. Ән бітісімен: - Әй, жігіттер, мына ән нағыз Біржан Сал атасының мәнерімен шығарылған екен, Иранға "приз" бердіңдер ме?! - деді. Сол тойда мені кейбіреулер шеттетіп, ән байқауында бас бөйгелерін қимағанын, тойға келтірмеуге әрскет жасағандарын қайдан білсін. Бірақ ұлы жүрек сезіп тұр, сұрағы болған істің үстінен дөп түскендей.

- Бір емес, екі құмыра берді, - дедім.

- Иран-ай, екі құмыра демей, қос құмыра десен қатып кетеді - деді.

Сонан соң Есағаңа қарап, маған 20 жыл бұрын Жезқазғанда

кездесіп, сал деген атақ бергенін, оны шығармаларында келтіргенін айтты. Баянғалидың ақындығын мадақтап отырды.

Бұл күнде осындай жақсылық шарапаты көпке тиетін, алды-артына қарамай тура айтатын дана ағамен тіршілікте көбірек араласа алмағанымға өкінемін.

Ғафаңның ұлылығы ұрпақтарды жалғастыратын нәзіктерді шын жүрегімен сезіп, ата-бабадан келе жатқан мұраны таза қазақ болып тануында, оны бағалауында, ұрпаққа үлгі етуінде.

Қайран, аға, жүрегіңнің бір бөлігін маған беріп кеткендей мәңгі есте сақталасың.

1998 жылдың күзі. Нағыз алтын күз, күннің көзі де жаздың шуағын адамзатына төгіп тұр. Көкшетаудағы "Құлагер" кафесінде Қасқырбай Сейдахметов деген ініміздің 50 жылдық мерейлі тойы басталып та кетті. Тойды мен арнаумен ашып бердім.

*Айналайын, Қасқырбай!
Сырғанайды жас тұрмай,
Елуге де кеп қалдың
Кейінгі толқын, тасқындай.
Ағаларың сүйеді
Інісін ел бақытындай,
Жымыып сен де тұрасың
Жанасқанды жатсынбай.
Елеген елің жолың бар,
Басқарған талай төрің бар,
Зеректігің зерделі,
Ақылмен самғар өрің бар.
Құрметтейтін інілер
Сөзіңді айтқан орындар.
Аялаған ұрпағын.
Гүлнәзия келін бар,
Шеберісің қыл қалам.
Өнерде салар мөрің бар,
Математик-мұғалім,
Ұстазсың шәкірттерің бар.
Топ бастаған жасынан
Өзіңдей пысық ерім бар.
Үлгі алып, жастарым,
Қасқырбайдай болыңдар!
Кербез Көкше - анамыз,
Айыртау - туған салаңыз.*

*Қасиет қолдап ұлдарын
Өнерде өсер бағамыз.
Біржан, Ақан; Ыбырай -
Табынатын бабамыз,
Жалғастырып іздерін
Жыр толғап, әнді саламыз,
Ел көркі болар бұл тойға,
Көптен күткен асыға,
Мәриям жеңгем қасында,
Келді Кәкімбек ағамыз,
Алматыдан Әшірбек,
Бурабайдан Сапарбек.
Айта алмас қазағым
Бұлардың тегін осал деп,
Көркейтіп тұр тойыңды
Екі бауырың қатар кеп.
Ауылдан келді ағайын,
Мұндайда қалай жатар тек.
Армия әкім келіп тұр,
Қуанышқа қосар леп.
Құттықтайды тойыңмен
Жолдастарың, достар көп.
Жалғасып жүзге қызығың
Ұзақ гұмыр, сапар шек.*

Осылай тойдағы тілек сөздер ән, бимен жалғаса берді. Жиынның бір кезеңінде қазақтың ардақты ақыны, қоғам, мемлекет қайраткері, композитор, Жезқазғаннан таныс асыл аға, ұстаз Кәкімбек Салықов мені өзінің жанына шақырып алып, бір шумақ өлең жазылған қағаз ұсынды да: - Иран, сен енді бұдан былай Иран салмын деп ұялмай ашық жырлай бер, мына бір ауыз өлеңге тағы шумақтар қос, Кәкімбектің інісімін дегенді ұмытпа, сонан соң әндете бер, - деп сөзінің аяғын ағалық әзілмен бітірді. Сондағы Кәкеңнің жазып берген бір ауыз өлеңі:

*"Көкшенің ақтаңгері Иран салмын,
Ұрпағы Ақан Сері, Біржан Салдың,
Үкілі Ыбырайдай "гаккулетіп",
Елме бақыт тілеп жүрген жанмын".*

1999 жылы 60 жасқа толған тойымда Кәкеңнің айтқанын орындап Көкше жұртына "Иран сал" деген жаңа әнімді ұсындым. Сонда Кәкеңнің өлеңіне жалғағаным мынау еді:

*"Қаройдың әндеткен кең тынысымын,
Ұшқыны кениі қауым үлгі ісінің,
Қазақтың жезтаңдайлы жезкізгі,
Ардақты Кәкімбектің інісімін.
Жүрмеген қамын ойлап құр басының,
Елімде жақсы - жайсаң сырласымын.
Жүздесіп, кездескенде ән-жыр төккен
Президент Нұрсұлтанның құрдасымын"*

Менің лақап атым туралы шындық осы. Ағалардын маған берген бағасын Арқаның сал-серілерінің қазақ өнеріндегі шоктығы биік ән мұрасы сақталса екен, ұрпаққа дарып, қазақтың диапазоны кең, саналы сөздерге құралған, асқақ та, ерлікке, елдікке шақыратын, табиғатқа табынатын, махабатты балқытатын әуез-әуендері шалқи берсе екен деген баршамызға арналған тілектері деп қабылдаймын!

ӘНШЛІК ӨНЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Омбыдағы "Тамаша"

1991 жылдың жазында Алматы Қазақ теледидарынан Жамбыл деген жігіт үйге телефон шалды. Оның айтқаны: - Омбы қаласына таяуда концерттік бағдарламамен республикалық "Тамаша" барады, соның концертіне қатысуыңды сұраймыз. - Бір ай бұрын алдын ала Омбы облысының аудандарын аралайық, менімен бірге жүр - деді. Мен жұмыста екенімді алға тартып, бірақ концерттерге қатысуға келісімді бердім. Сонымен шілде айында жан жарым Рәзиямен бірге Омбы қаласына аттандық. Омбының үлкен қонақүйіне орналасып, "Тамашаның" жігіт-қыздарымен араласып кеттік. Сол "Тамашаның" құрамында есімдері елімізге әйгілі өнерпаздардың біразы бар еді. Олар "Тамашаның" тарландары Құдайберген, Тоқсын, Мейірман, Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Мадина Ералиева, Нағима Ескалиева, Қапаш Құлышева, өнер қайраткерлері Шәмил Әбілтаев, Марат Омаров, Жезқазғандық Шынболат Ділдебаев, тағы басқалар. Сол кезде Омбы қаласында зәулім, үлкен, ішіне мыңдаған адам сыятын спорт комплексі салынған екен, Осында күніне екі концерттен қойылып отырды. Омбы облысының барлық аудандарынан қазақтар лек-легімен келіп жатты. Омбы облысының тумасы болғасын мені де танитындар, сырттан сұрап білетіндер көп болды. Артынан Омбы

облысында мектепте бірге оқыған Ғабділмажит деген дос, адамның көптігінен концерттен кейін сахнаға маған жете алмағанын айтып, мәз болды. Екінші күні қонақжайдан далаға шықсам бір топ адам кездесіп, тоқтап амандасты, біреуі өзін Сағат Әшімбаевтың деп таныстырды. Сағатты бірінші көргенім осы еді. Ол салған жерден: “Жігіттер, мына Иранға қарандаршы, жүзінде, тұрысында ешбір жаттықтың, жамандықтың көленкесі жоқ, бәрі келіскен, жақсы емес пе?! – деген құлағымға жағымды сөздерді айтып жатты. Мен ан-таң болып, көптен бері білетін туысым, досым келіп қалғандай құшағымды жая бердім. Жағдайымды, қалай орналасқанымды сұрап жатыр. Жақсыда жаттық жоқ деген осы. Сол концертте Шәмил Әбілтаевтың сұрауымен Мағжан Жұмабаевтың сөзіне жазған “Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін” деген әнімді орындадым. “Мағжан осы жерде оқыды, білім алды, азаматтық іске араласты, осы әнді орындауың орынды болды”-деп Шәмил риза болды. Бір концертте әнімді айтып, сахнаның артынан түсе берсем, Сағат тұр екен. Маған: - Көп рахмет сізге –деді. Сонда түрінде ішкі жан дүниесінің қозғалысы көрініп тұрғандай еді. Орындаушылар нөмірлерін қалай шығарды, халыққа ұнады ма, тағы басқа өнердің тылсым құпия сәттері оның жайсаң жанын үнемі тербегіп жүргендей...

Орайы келгенде бұл әнім туралы тағы бір сырды айта кетейін. Бертінде, жаңа ғасырдың басында Қазақ радиосынан Мағжанның жоғарыда аталған өлеңін белгілі әнші Рамазан Стамғазиев күніне екі рет орындайтын болды, тәнертең бір, кешке бір рет. Тындасам бір таныс ән, бірақ созыңқырайды. Мынау менің шығарған әнім сияқты, орындауы баяулау, композиторын айтпайды. Дерек Қазақ радиосына телефон соқтым. Трубканы алған, ұмытпасам, аты Бейбіт, қазақ радиосында бастықтың орынбасары екен. Мән-жайды түсіндіріп едім, ол жағдайды білейін делі. Бір күн өткеннен кейін, үйдегі ұлым Ерлан: “Ата, радиода сен туралы айтып жатыр” - деп жүгіріп келді. Әңгіменің бас жағын ести алмадым, кім екені белгісіз, бір адам бұл әнді өзі 1997 жылы шығарғанын айтып жатыр екен. Ал жүргізуші диктор Толқын, фамилиясын білмеймін: “Көкшетаудан Иран деген ән менікі деп таласып жатыр” - деді. Екі күннен кейін қазақ радиосына тағы да телефон шалдым: - Бейбіт, сенің тез шара қолданғаныңа рахмет. Маған белгісіз композитор 1997 жылы бұл әнді шығарса, мен әнді Мағжанның 100 жылдығына арнап 1990 жылы шығарып, оны 1991 жылы Омбыда “Тамашаның” концертінде айттым, оған куә Шәмил Әбілтаев, марқұм Сағат Әшімбаев. 1995 жылы “Өнер” баспасынан “Сағыныш” атты әндер жинағы шықты,

сонда Мағжанның сөздеріне жазған екі әнім ноталарымен шықты, әнді нотаға түсірген белгілі композитор Темір Тайбеков. Біріне бірі қатысы жоқ екі адамның бір мәнермен бірінен бірі аумай қалған екі ән шығаруы мүмкін емес. Көп жылдан бері ән шығарып жүргенде менің ұстамым – шығарған әнім бұрынғы әндеріме ұқсап кеткен жоқ па, халық әніне және мен білетін басқа композиторлардың әнін қайталаған жоқпын ба дегенді мұқият тексеру. Әншінің аузын мен жаба алмаймын, айта берсін, бірақ мен сіздерге бәрін жазып дәлелдеймін – дедім. Артынан Қазақ радиосының басқармасына 6 бет түсінік хат, ноталары бар Алматыдан, Көкшетаудан шыққан “Сағыныш”, “Көкше жолы” атты ән – жырлар жинақтарымды, өзімнің орындауымда жазылған ұнтаспаны жібердім. Көп кешікпей әнді орындауды қойды, мен де істің соңына түсіп соттасуды ар көрдім. Жалпы Мағжан сөздеріне мен 4 ән шығардым. “Сағыныш” атты Мағжанның абақтыда жатып шығарған сөзіне жазған әніме тоқсаныншы жылдары композиторлар одағында өткен жиында белгілі композитор Мыңжасар Маңғытаев мынадай баға берді: “Бұл ән Ақан Серінің Құлагерінің мәнеріне ұқсас болғанымен, басқа ән, Иранның өз шығармасы, егерде орындаушысын тапса, сахнадан түспейтін ән”. 2002 жылы Құрманғазы консерваториясының қолдауымен өткен ән байқауында Мағжанның сөзіне жазған “Сүй, жан сәулем” әнім де зор ілтипатқа ие болды. Сонда әндерді насихаттап, зерттеп жүрген бір ел ағасы: “Мынау әнің Мағжанның өзінің әніне ұқсайды” – деп еді. Мен оған: - Мағжан домбыра ұстап, ән шығарып, ән айтқан адам емес- деп едім.

Ол: - Оны қайдан білесің? – деді

Мен: - Оны маған Мағжанның немере інісі Ғаділша Қахарманов айтты - дедім. Шынында да марқұм, Отан соғысының ардагері Ғаділша Қахармановпен бірге 1993 жылы Ақан Серінің 150 жылдық тойының қарсаңында “Ақан Сері - Абай” автокеруеніне қатысып едім. 7 облысты аралаған керуен әдебиет пәнінің мұғалімдерінен, белгілі ардагерлерден құралған, мені бұған Ақан Сері ұрпағы болып, ән- жырды насихаттау үшін қатыстырып еді. Сол жолы Мағжан сөзіне жазған әндерінің ноталарын Мағжан ауылындағы мұражайға тапсырдым. Ол ноталар жинағын марқұм Ғаділша өзінде сақтаған екен, 15 жылдан кейін маған оның жары Шекер көрсетті. Бақилық болар алдында Ғаділшамен тағы бір кездестім. Сонда маған: - Естелік жазып, Алматыға барып, бар шындықты жайып салдым, Мағжанға артық сөз жолатпаңдар, мына мені 10 жасымнан қолымнан жетектеп, ертіп жүрген ағам ол – деп еді. Сол жолы ол Мағжанның домбыра ұстап ән

салмағынын, ән шығармағанын да қайталап айтты. Тағы бір айта кететін жәйт, Алматы “Өнер” баспасынан 1991 жылы шыққан “Қазақ әндер – антологиясының” I томында Мағжан Жұмабаевтікі деген 5 ән: “Ақсұңқар құс”, “Дайыдау”, “Сен сұлу”, “Сүй, жан сәулем”, “Япыр-ай”-беріліпті. Осындай қайшылықтардың молдығы қынжылтады. Бір нәрсе шындық - ол Мағжанның өлеңдерін халық есіне сақтап, жаттап айтып жүргені, әрбір әуенге салып айтылуы да заңды. Мен әнші ретінде, ән шығаратын композитор бола тұра айтатын ойым. Ғадилшаның естелігі шындық. Ән шын мәнінде шығарылса, ол өлеңімен бір деңгейде, болмаса жоғары тұру керек, егер оның сапасы сөзінен төмен болса ол ән тыңдалмайды, күлкілі жағдайға дейін апаруы мүмкін. Мағжанның өлеңдері нағыз поэзияның шыңы, ән сұрап сыңғырлап тұрғандай. Мұндай сөздерге ән шығару оңай емес.

Мағжан сөзіне жазған әнім туралы Омбыда да жоғарыда айтылған Сағат Әшімбаевтың сахнаның аржағында тосып тұрып айтқан алғысы мәңгі естен кетпейтіндей. Сол шаттық күндері бізге қыз-жігіттер қайта-қайта келіп: “Сіздерге, аға – женге, бізді Сағат Әшімбаев жіберіп отыр, қай жерден тамақ ішсек те, қонаққа қайда барсақ та қалмасын” - дейді.

Міне, Сағаттың үлкенге деген, өнерге деген сыйы, ілтипаты кандай еді

Омбыда бір үйде Сағат, Шәміл, Бектұрғанов Қазбек деген менің жерлесім, Шынболат Ділдебаев бәріміз қонақта болдық. Әңгіме барысында өзінің көмекшілеріне: “Жігіттер, сендерде мына Иранның шығармашылық портреті, жазылғандары бар ма?” - деді.

Мен: - Бар болатын, бірақ бұлардың баптарын мен таба алмай өшіріп тастап жүр ме, ол жағын білмеймін – деп күлдім.

Сағат: - Алматыға барғасын міндетті түрде шақыртам, бәрің жазамыз – деді.

Омбыдан оралғасын бір айдан кейін Сағат Әшімбаев қайтыс болды деген суық хабар жүрегімді шымырлатты. Қайран, ерім-ай! Сенің елді дүр сілкіндірген “Парыз бен қарыз” шығармашылығың, елдің, ердің қамын ойлап бір тынбаған қиын-қыстау журналистік, жазушылық еңбектерің қазағымда ұлы бір тұлға екенінді жарқыратып-ақ тастап еді. Әттен өмірің қысқа болды.

Шүжүршілік, халқың сені ұмытпай, өнеріңді, шығармашылығыңды, азаматтық рухыңды қастерлеп жатыр, елмен мәңгі біргесің.

Жәнібек әнші сала алмай кетті әнімді

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасындағы жаз айы. Сол кезде Көкшетау облысы мәдениет басқармасынның бастығы марқұм Жакыпбеков Амангелді Бәйкенұлы деген жігіт болатын. Орта бойлы, басы Сократтын басындай, жарқыраған маңдайын тықыр бұйра шаштары көмкеріп, сән беріп тұратын. Сөйлегенде көздері кішірейіңкіреп, көздірігінің ар жағынан ойдың, әзілдің ұшқыны адамды тербететіндей еді. Шапшаң, шаруаны түбегейлі шешетін, мамандығы басқа болғанмен өнерді түсініп, өнер адамын бағалай білетін. Амангелді облыстық өнерді дамытуда қыруар еңбек сіңірді, ол ел таланттарын топтастырып, ұйымдастыра білді. Міне, сол жарқын азамат маған бір күні сауал тастады: - Мына Бұрабайда киноға түсіп, Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов, Майра Ильясова деген белгілі әншілер жатыр, сен әнші, ел ағасы ретінде ұйымдастырып, ел атынан дәм беріп келсең қалай болады? Мен бұл ұсынысты құп алып, шаруаға кірісіп кеттім.

Бір тоқтыны сойдырып, жанымда Амангелді Әбілов деген жолдасым, оның қарындасы, әнші, республикаға еңбегі сіңген әртіс Люба Адилова бар Щучинск қаласына барып, бір үйге тағам дайындадық. Мен "Бұрабай" шипажайына барсам, Қайрат пен Жәнібек орнында екен, Майра Ильясова болмады. Олармен бірінші рет жүздесіп отырғасын, мен өзімді таныстырып, әңгімені бастап кеттім.

Әрине, әңгіме арасында ән айтылды. Мен де домбыраны алып, Біржан Салдың "Айтпайын" айттым. Жәнібек: - Ой, аға! Мына өнеріңізбен қайда жүрсіз көрінбей? – деп бір серпіліп қалды. Мен өнерден басқа мамандықты қалап алып, өмір мен өнердің арасында жүргенімді айтып, біраз күліп алдық. Ол: - Аға, мына Біржан Салдың "Айтпайын" Жүсіпбекше ышқындырмай, басты бұраумен де Сіз сыяқты айтуға болады екен ғой – деп домбыраны алып, олай-бұлай тартып көрді. Енді мен ән шағаратын да өнерімді көрсеттім. Сәкен Сейфуллиннің сөзіне жазған "Сағындым" деген әнімді шырқап бердім. Қайрат әңгімеге араласып: - Менің дауысым баритон-ғой, мына әніңіз жақсы екен, Жәнібектей тенорға келісіп – ақ кетеді – деп Жәнібекке қарады. – Ал, мен үйреніп көрейін – деп Жәнібек інім домбырасын қолына ала бастады. Екеуміз екі домбыраға жабысып, ән үйрету сабағын бастап кеттік. Бір 15 минуттай өткесін Жәнібек асауды мініп үйреткендей, әнді ерттеп сәнденіп, жайқалып шыға келді. Қайрат пен Жәнібекке ел ағасы

ретінде қонағасы бергелі келгенімді айтып, Щучинскідегі дәм дайындалып жатқан үйге жеттік. Амангелді мен оның қарындасы Люба бізді күтіп отыр екен. Дәм тату әңгіме, әнмен араласып, қызықты мәжіліс болды. Жәнібек те жаңа әннің жобасын қайта-қайта айтып, әннің жақсы екенін, оны шығаратыны туралы сөйлеп отырды.

Отырыстан кейін оларды өзім келген шағын автобуспен Щучинскіге жақын Амандық ауылына концертке апаратын болдым. Амангелді бөлек кетті де, Люба бізбен бірге жүрді. Люба ол кезде республикаға белгілі Көкшетау облыстық филармониясының әртісі, тамаша әнші. Нағыз қазақ қызына тән тоқпақтай қос бұрымы өріліп, арт жағында аяқтарының өкшесіне дейін түсіп тұратын, көзі жайнап, сұлулығына қарай беретіндей Люба жігіттердің назарын өзіне аудара берді.

Амандыққа жақындай бере бір адырды жағалап келе жатқан жол бойында Жәнібек - Иреке, сәл тоқтайықшы – деді. Автобустан түстік, олай-бұлай жүріп дем алдық. Бір кезде Жәнібек: - Аға, Любаға өтінейікші. Мына адырдың жотасына шығып, Люба қос бұрымын қоя беріп, тұрсыншы, мынандай сұтулықтың ғаламатын Көкше жерінде көргенім есте қалсын – деп маған қарады, Люба да ыңғайсызданып маған көзін тігіп тұр.

Барлығы менің шешімімді күтіп тұрғандай болғасын мен: - Қарағым, әншілер сұтулыққа құштар болады, бұлардың өтінішін орындайық, бәрімізден ұлықсат, ештеңе етпес, жақсыдан – шарапат, жақсылықтан – ұлағат – деп Любаға басымды изедім. Люба қос бұрымын қоя беріп қыратқа қарай беттей берді, Қыратқа көтерілді, біздерге қырын қарап қатты да қалды. Ұясына бет алған күннің көзі қырат үстін жапжарық дүниеге бөлегендей, сұту Көкше самалы қос бұрымды алақанға салып сәл көтеріп сипағандай, тал шыбықтай қыз белі сүйір найза кеудені жебе қылып алға ұмтылтқандай, Люба мүсіннен аумай қалды. Жәнібек те сақ қырандай көз тігіп, домбыра алып қомданып, бар дауысына салып кең даланы жаңғыртқандай күйде болып тұр...

Қол бұлғап Любаны шақырып алып, ауыл қайдасын деп, жүріп кеттік.

Содан келесі жылдың жазында республика бойынша айтыскер ақындардың Президенті Көкен Шәкеев ағамыздың Жәнібек туралы маған айтқаны. Ол Алматыға командировкаға барғанда қонақ үйіне әнші Жәнібек келіп амандасып, әңгімелесіпті.

Әңгіме арасында мен туралы, менің “Сағындым” әнім туралы сөз қозғапты. Көкен ағамыз: - Әй, Иран, мынау “Сарыарқа” әніңді

(“Сағындымды” Көкен аға солай деуші еді) Жәнібек қалай қатырып орындайды, таң қалдым, ғажап, эфирге шығарам деп жүр - деп айтқаны әлі есімде.

Көп кешікпей елге суық хабар жетті, Жәнібек Карменов жол апатынан қаза болыпты.

- Баласы еді қазақтың сайрап тұрған.

Күш – жігерді үнімен қайрап тұрған,

Ұрпағы еді ұлы Абай бұл күндегі

Тереңінен ел қамын ойлап тұрған.

Қанат жайып Кокшені шарлады әнің,

Құлағыңда елімнің салған әнің.

Аруағыңа бас иіп, Жәнібекжан,

Әнші ағаң, боп қайғырып, зарланамын.

- деп артында қала бердік.

Міне, сол Арка әнінің арқасындай Жәнібек інім тағы бір арманын, “Сағындым” деген ән арманын орындай алмай бұл фәниден ерте өтті.

Келемін талай елден жөн сурасың

Жұртпен сұхбаттасып, сал-серілер әндерін, Кәкімбек Салықовтың және өз әндерімді домбырамен ел алдында талай шырқадым. Бір жарым, екі сағаттық ән кештерін халық шын ықыласымен тамашалады. Тығыз уақытты үнемді пайдалана отырып, аудан мәдениет бөлімдеріне биылғы жылы баспадан шыққан «Тербеген ән-жыр өмірім» атты әндер мен жырлар жинағымды таныстырып, 2-3 данадан жұртқа тарту етіп кеттім.

Щучье аудандық мәдениет бөлімінің қызметкерлері Болат Сабырұлы, Нұрқан Меркин қарсы алып, Абылай хан ауылына жүріп кеттік. Бұл ауыл кешегі халық ақыны Қалияның, ақын Нұрмияш Көбеновтың елі, бұрын сән-салтанаттарына 2-3 рет қатысқанмын. Концерттен кейін бір ауыл ақсақалы алғысын айтып, мынадай пікірді ортаға салды.

- Ертеде қазақ әндерін арнайы насихаттап жүргендер болушы еді, міне, көптен бері қолға алынбаған жақсы істі бастапсың, қайырлы сапар тілеймін, бірақ, жанына серіктеріңді, шәкірттеріңді ерте жүр, - деді. Бұланды ауданының орталығы Макин қаласында мені мәдениет бөлімінің қызметкерлері Шәріпхан Қасымханұлы мен Бауыржан Аманғазыұлы күтіп алды. Макин қаласының түбіндегі Қараөзек ауылында Бұланды өнерпаздарымен бірге өнер көрсеттік. Мұнда тұратындардың көпшілігі оралмандар болып шықты.

Монғолиядан оралған Елеш Қабылханұлы атты жас ақын ағасымен айтысып та кетті, өнеріне өте риза болдым, алғысымды айтып, облыс орталығында айтыс бола қалса, міндетті түрде қатысуын сұрадым. Шәріпхан мен Бауыржан өздері Ақкөлге дейін шығарып салды. Жолда Баймырза деген ауыл анадайдан қол бұлап, Балуан Шолак атаңның рухына бас имедің-ау, дегендей болды. Қайран жүрек «Ғалия» әнінің әуеніне баса берді.

Ән эстафетасы Ақкөл аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Баян Балқожақызына тапсырылды. Концерт аудан орталығындағы мәдениет сарайында өтті. Тыңдаушылар әнге шөлдеп қалған екен. Кененнің әнін, Кәкімбектің «Аққу жеткенін» айт деп ұсыныс жасап, үйлеріне қайтуға асықпады. Қазіргі Ақкөл тұрғыны, бұрынғы Көкшенің атақты әншісі Совет Балмұханов концерттің соңында ауданның мәдениет бөлімінің бастығы Баянмен бірге сахнаға шығып алғысын айтты, ән шырқады. Совет екеуміз өмірден өткен әнші достарымызды, ағаларымызды еске алып, біраз әңгіме-дүкен құрдық.

- Енді екеумізден басқа сал-серілердің әнін жалғап жүрген жасы үлкен әнші қалмады-деді Совет сәл күрсініңкіреп Баянға өзімнің ән-жыр жинақтарымды беріп, оның қолынан сыйлық ретінде Қожа Ахмет Яссауидың, Абайдың өлеңдерінің жинақтарын алдым.

Көз алдымнан бір ақ құсым ұшқандай.

Тылсым сезім жүрегімді қысқандай.

Кетіп барам әнге бөлеп Ақкөлдi.

Қазағымның ақсұңқарын құшқандай,

- деп Ақкөлден ұзап бара жаттым.

Шортанды қаласы—аудан орталығы Жаздың нағыз ыстық күндері, ауаның температурасы 32 градус. Аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Тереза ханым аудан орталығындағы мәдениет үйінің директоры Айбек Мергенбаевты таныстырып:

- Мына кісі Сізге бекітілген, - деді де, менің сапарымның сәттілігіне күмән туғызды.

Ауданның әкімшілік ғимараты мәдениет үйінен алыс болмады. Аудан әкімін іздеп таба алмадым. Әкімнің орынбасарын сұрап, кабинетке кіріп сәлемдесем, алдымнан күлімсіреп Роза Капезқызы Әздембаева шыға келді.

- Шаруанызды білем. бәрі ойдағыдай болады, өзім бірге жүремін, - деді.

- Әздембаева деген фамилия сізге ой сала ма?-деді тағы да.

- Бала кезімнен Әздембай сал деген есімді жаттап өстім, - дедім.

- Ендеше, сал атаның ұрпағы менмін, - деп жымыды.

Аудан орталығындағы бір техникалық училищенің ғимаратында ән шырқалды. Роза қызымыз өзінің жеңіл машинасымен елге сыйлы қарт аналарды концертке алдыртты. Сол концерттен кейін аудан орталығынан 30 шақырым жердегі орысша аты «Ключи» деген Розаның туған ауылына бардық. Ауылдағы ақ сақалды аталар, ақ жаулықты аналар, замандастар бізді қоршап алды.

- Құдайберлі Мырзабасков деген жігіт біздің ауылдың ақыны, білесің бе?—деді бір ақсақал.

- Иә, ол Көкшенің ақыны ғой,-дедім.

Білгенім, Құдайберлінің туған анасы осы жердің қызы, жуырда қайтыс болып, Құдайберлі жолдастарымен қыркына келіп кетіпті. Жиналған жұрттың жас шамасына орай, концерттік бағдарламама көбінесе толғау, терме, ескі әндерді, соның мәнерімен шығарылған жаңа әндерімді енгізіп, екі сағаттай мәжіліс құрдық.

*Өлеңді талай жерде ағылтып ем,
Ән салып Сарыарқаны сағынтып ем
Міне, енді, өнерімді үлгі еттім.
«Мұра» атты Елбасының бағытымен.
Келесін талай елден жөн сұрасып,
Кеңінен насихаттап ән мұрасын,
Өнерін ата-баба жалғағандай,
Сал-сері ұстағандай домбырасын.
Бурабай, Бұланды мен Ақкөлдерім.
Құдайым берген бізге көк белдерім.
Ниетін халқымның көргеннен соң,
Көңілім Оқжетпестей көкке өрледің
Ән мен жыр сал-серілер жинаған мал,
Өнерді бағалады шортандықтар.
Роза, Сәуле қыздар қалқор болған
Жақсы екен ұрпақтары Әзделбай сал,*

- деген шумақтар ел ілтипатынан құйылған бұлақтай, шымырлап бойға жайыла берді.

Розаның анасы Несібелдінің қолынан дәм татып, біз әрі қарай аттанып кеттік. Келесі күні Астананың түбіндегі Целиноград ауданының орталығында аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Шолпан атты тағы бір қызым қарсы алды.

Астанадан 30 шақырымдай жерде орналасқан «Новостройка» деген ауылға барып өнер көрсеттік. Бұл жақта «Новостройка», Шортандыда «Ключи» сияқты ауылдардың аттары қашан қазақша аталып, заңдастырылады екен деп жол бойы ойлап жүрдім.

Концерттен кейін темір жол вокзалына шығарып салған мәдениет қызметкерлеріне риза болып, тағы да бір ауыз өлең ойыма орала берді:

*Жақсы екен Тың ауданы, Шолпан кызым,
Шолпанның таң шолпандай көрдім жүзін.
Жиналды ауылының кәрі, жасы,
Ұрпақтар жалғайтұғын аға ізін.
Әндетіп келіп түстім Зерендіге,
Зеренді — алтын ұя өнерліге.
Кешегі Көкен ақын заманында,
Зеренді ән мен жырға кенелді де!*

- деп Зерендіге келгенде марқұм Көкен ақын бейнесі еске түсіп кетті. Көкен ағамыз өз мектебіндегі шәкірттерін бастап, Зерендідегі талай елді мекендерге концерт қойғаны менің жадымда. Бұл күнде Зерендінің халқы ән-жыр кештеріне жиналмайды дегенді жұрт жиі айтады. Не себептен екен?! Бұл сұрақты аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Әсияға, мәдениет үйінің директоры Әселге қоюға бата алмадым, тағы да орысша аталатын «Троицк» селосына барып, әннен шашу шаштық.

Зерендіден Троицкіге, одан әрі Атбасарға мені өз автокөлігімен алып жүрген Қытай Халық Республикасына еңбегі сіңген әртіс, әнші Төкен Ілияс деген жігіт еді. Жолы болар жігітке тілегі бір адам кездеседі, - деп ол көрген жерден мақалдатып жіберді. Қазақ елін аңсап келген арманын, Қытайда қалған туыстарына алаңдайтынын айтып, біраз шерін тарқатты. Кітабымды сыйлап: — Көріскенше, - деп қоштастық. Балқашин деген бұрынғы аудан аты Сандықтау болып өзгергенін біріміз жақсы білеміз. Сандықтау - Қазақстанның әсем жерлерінің бірі, белгілі тарихи тағдырларымызға байланысты тұрғын халықтың басым көпшілігі - орыс және қазақтан басқа ұлттар. Мен келгенде аудандық мәдениет сарайында медицина күнін мерекелеуге дайындалып жатыр екен. Мені аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Лариса Ловячина мен мәдениет қызметкерлері Светлана, Наталья, Ботагөздер қарсы алды. Халық мәдениет сарайына сағат 14-ке қарай жинала бастады. Концерт басталмай тұрып, аудан әкімі Өмірсерік, орынбасарлары Балым, Горохвдатский мен дайындалып жатқан бөлмеге кіріп шықты. Амандасып, хал-жағдайды сұрасқаннан кейін, әкім Өмірсерік: — Бізде 80 пайыздай басқа ұлт өкілдері тұрады, сізді қалай қабылдайды екен, - деп қобалжыды. Мен бірден бағдарламамды өзгертіп, әндердің мәтінін орысшаға аударып, қызықтырып шырқадым. Біржансалдың

«Айтпай» әнін Мәскеуде орысша аудармамды домбыраға салғандай, Украинада «Украина золота» деген әнімді шығарғанымдай, орыс, украин тілдерінде домбыраға қосып, жұртты дүр сілкіндіріп алдым. Қазақ домбырасын осылай әр тілде сайратқаным, Кәкімбек Салықовтың «Аққу жеткен» әнін қаздай қаңқылдатқаным, аққудай саңқылдатқаным, Мағжан Жұмабаевтың сөзіне шығарған «Сүй, жан сөулем» әнін үздіргеніме зал дүрлідеп кетті. Концерттен кейін әкім және оның орынбасарлары қолымды тағы қысып, құттықтады. Сандықтаулықтар ризашылығын екінші күні еліне келген Ақмола облыстық мәдениет басқармасының бастығы Нұрикамал Сейітжановаға жеткізді.

16 маусым күні Атбасарда да медицина қызметкерлеріне арналған мерекелік концертке қатыстым. Көпшілігі басқа ұлт өкілдері екен. Әйтсе де көрермендер шырқаған әндерімді жылы қабылдады. Өз басым орыс және басқа халық өкілдеріне өте ризамын, мен жан-тәніммен беріліп, түсіндіріп айтқасын ба, әйтеуір, балалардың, үлкендердің алдында да үнемі қолдау тауып, абыройға ие болып жүрдім. Атбасарда менің жанымда үнемі аудан мәдениет үйінің директоры Мұхитден Байгенжин жүрді. Қазақтың атақты жазушысы Ілияс Есенберлиннің мұражайын аралап көрдім. Мұражайда ілулі тұрған әнші Бекболат Тілеухан ініміздің қолтанбасы қойылған портретін көріп, мен де қолтанба жазып, портретім бар жарнама суретімді беріп кеттім. Бір айналымнан тұратын ән-ис сапарым осылай аяқталып, Көкшетауға оралдым. Кездескен көрермендердің, ел-жұрттың алғысы жүрек тебіренердей. Олар қазақ әндерін осындай насихаттау жиірек болса деген тілек білдірді. Мәдениет қызметкерлері де өз өнерпаздарын баулып, осылай аға буынға ертіп, ауыл-ауылға өнер көрсетсе деген пікірді қолдап отыр.

Ұлттық өнерді дамытып, ерекшелендіретін қазақтың әні — халқымыздың тілінің дамуының бірден-бір мықты құралы. Көкшетау сал-серілерінің ән үлгісі — әлем таныған классикалық үлгіге жатады. Шын қазақ боламыз десек, осы үлгіні жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, дамыту — бәріміздің ортақ парызымыз.

Домбыраға қосып орысша, украинша айтқан әндерім

1988 жылғы жаздың басы, мен Көкшетаудағы Васильков тау-кен байыту комбинатының кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істеймін. Бір күні Мәскеудегі Металлургтер Кәсіподағы Орталық комитетінің шақыру қағазын алдым.

Онда мені кәсіподақ комитетінің төрағасы, ән салатын тау-кен инженері, көркемөнерпаз мүшесі ретінде Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіндегі концертке шақырды. Бұл мені көп ойлантты, толқытты. Жәнібек Көрменов, Қайрат Байбосыновтарды тыңдаған Мәскеу көрермендерін қалай толғандыруға, таң қалдыруға болады, мен әртис емеспін, бір тосын амал табу керек. Ойлап тапқаным, Біржан Салдың “Айтпай” әнін Біржан тіріліп келіп, орысша домбыраға қосып тұрғандай елес беру керек. Содан шығармашылық іске кірісіп кеттім. Әуелі қара сөзбен орысшаға Біржан Салдың өлеңінің сөздерін аударып түгел түсінігін беру, екінші, оны әніммен айту үшін сөздерді алмастырып, мазмұнын сақтай отырып, әннің ырғақ көлеміне жып-жылмағай қылып сыйғызу, үшінші, орысша рифмалау.

Міне, осының бәрін орындағанда. Біржан орысша әндегіп сала берді. Бірде, облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары Базарбай Кәкеновтың айтқаны бар: - Аға, әнді қазақшадан орысшаға сізден артық ешкім аударма алмайды – деп. Сонымен әнді қайта-қайта орындап іштей дайын болдым. Сол кезде жарым Рәзиямен бірге Бурабайдағы Щучье шипажайында демалып жатқанбыз. Ол: - Қазақ зиялыларының алдында ұятқа қаласың, ешкім мұндай үлгі көрсеткен жоқ – деді.

Менің айтқаным: - Бүгін кешке Щучье шипажайының алдында демалып, емделіп жатқандарға осы әнді орындап берем. Орысы бар, қазағы бар топ мақұлдаса, Мәскеуге де бұл ән жарайтын болады. Солай істедім. Бәрі таң қалып: - Біз мұндайды естіп, көргеміз жоқ! – деп мақтап жатыр.

Мәскеуге де жеттім. Концерт те басталды, әр халықтың әндерін ансамблдер, жеке орындаушылар айтып жатыр. Менің де кезегім келді. Біржан Сал атамыздың асқақ әні “Айтпай” домбырамен орыс тілінде Мәскеудің әуесін тербеп жатты. Жұрт қызу қол соғып, сахнадан түскесін мені Украинадан келген Запорожьенің қыздар ансамблі (атын ұмытыппын) қоршап алып, құттықтап, алғыстарын білдіріп жатыр. Осы кезде бір адам маған жақындап келіп: - Сізді КГБ-нің бір майоры шақырады – деді. “Бұл не? Нені бүлдірдім?” -

деген жаман ойлар көлбеңдегендей болды. Шақырған жерге барсам, майор қазақ жігіт маған сәлем беріп, қолымды алып, өзін таныстырып, сөйлеп кетті: - Мен Яхуда Қалиев деген Көкшетаудың жігітімін, мұнда оқуда жүрмін. Жана көрме алдындағы метро аялдамасынан шыға келсем, Мәскеудің шетін жаңғыртып радиодан қазақтың домбырасымен қосылып айтқан Көкшетау туралы Біржан Сал атамыздың әнін орысша беріп жатыр екен. - Бұл не ғаламат, қайдан шығып жатыр бұл әсем үн деген ойлар осы жерге жетелеп әкелді. Содан біз біраз уақыт көрмені серуендеп, тамақ ішіп, әңгімелесіп көңіл көтердік. Яхудамен қоштасып, мен концертті ұйымдастырушылар шақырған қонағасыға кеттім. Сол қонағасыда маған “Айтпайды” тағы да айтқызды. Мәскеуден кетерде Кәсіподақ Орталық Комитетіндегілер мені екі айдан кейін Украинаның Запорожье қаласында өтетін “Достық концертіне” шақыратынын айтты. Үйге келгесін енді Украинаға баруға дайындалдым. Домбыраға орысшаны қосқасын, украинша неге әндетпеймін деген ой келді. Шын достықты білдіру үшін, халықтың өз ана тілімен сөйлесең ғана жүрекке жетесің.

Енді орысша өлең құрастырып, оны украин тіліне аудару мақсат болды. Біздегі украиндықтардың ішінде де өз тілін ұмыта бастағандар да көп екен, әйтеуір ебін тауып өлеңімді украинша құрастырдым. Енді әнін келтіру керек. Бір жағынан домбырамен әсем шығатын қазақтың үні болса, екінші жағынан украин халқының үнін естететіндей ән элементтерінің болғанын қаладым. Осылай “Украина золота” деген ән шықты. Сонымен, 1988 жылдың жазында Мәскеу арқылы Украинаның Запорожье қаласына сапар шектік. Мәскеуден пойыздың екі вагонына топтастырылған Одақтың әр республикасынан келген әртістер көтеріңкі көңілмен әндетіп келеміз. Мен жол бойы украиндықтардан мына сөзді қалай дұрыс айту керек деп, әнімнің сөздерін талдап, үйреніп келемін. Әртістердің көпшілігі ансамбльдер, хор, бишілер тобы. Қазақстаннан мен жалғыз, футлярға салған домбырамды көргендер: - Что у тебя за ружье? – деп таңырқайды. Мен: - Это ружье стреляет только по сердцу – деп қоям.

Запорожьеге келгесін концерт болатын мын адамдық бір мәдениет сарайының залына жасы елуді еңсеріп қалған режиссёр ер адам бәрімізді жинап репетиция жасады. Жобасы, қазақтарды танып, олардың өнерінен хабардар болу керек, маған: - Сен домбыранды тартып, бір жарты сағат жырлайтын шығарсың – деді. - Жоқ, менің айтатыным әндер, олар қысқа болады, мен екі әнді қазақ, орыс және украин тілінде орындаймын – дедім. Ол: - Онда жақсы, мына екі метрлік биіктіктегі сахнаға шықпай,

көрермендердің бірінші қатарында отырасыз Біз сізді шақырып, сахнаның төменгі жағына прожекторлардың жарығын түсіреміз. қатардан шығып сол жерде әндерді орындайсыз – деді.

Ертеңіндегі концертте солай жасалды. Бірінші қатардан шығып, домбырамды қолыма алып Біржан салдың “Айтпайын” қазақша-орысша орындап бердім. Жұрт қол соғып, қошемет саябырлаған кезде: - Мен сонау Біржан Сал әнге қосқан жер ұйығы, екінші Швейцария атанған. Көкшетаудан Тарас Шевченконың Отаны Украинаға келіп, ұлы жазушы Николай Гоголь “Тиха украинская ночь...” деп толғанған Днепрдің жағасында. Хортица қонақжайында әндетіп жатырмын. Біржан Сал атамыз сияқты, сіздерге “Украина золота” деген ән шығарып әкелдім, қабыл алыңыздар!

Ән орындалып жатқанда қайта-қайта қол соққан украиндықтар, ән біткен кезде “овация” жасап, барлығы дүрліге орындарынан тұрып, киіулап жатты: - Приехал настоящий друг, настоящий украинец. Міне ән құдіреті осылай халықтың жүрегіне жол тауып, мен де ақ қанатты періштедей залда қалқып жүре бердім.

Осы “Украина золота” әнімді 20 жыл өткеннен кейін Көкшетау мәдениет сарайында, биылғы “Қазақстанда Украина жылы” мерекесін тойлағанда тағы да украиндық делегацияның, халық алдында орындауға тұра келді. Бұл ән арнау ретінде концерттің басында айтылды. Жұрт “овация” жасап, бәрі қосылып әндетіп кетті.

Бөркің-ай

Бұл әннің аты кәдімгі басыңызға кистін бөрік, қыздың басындағы құндыз бөрік, айдай сұлу да сымбатты қызды құлпыртып, жарастырып тұратын бөрік. Атақты ақын, әнші, сазгер, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов ағамыз бұл бөрікті де көрікті қызды қай жерде көріп, таң қалып, пай-пайлаған кезін айтқан емес. Бірақ, Көкшетауға арнайы келіп, маған: - Иран, саған бір өлең әкелдім, ән шығар, басқа композиторлар біз ән шығарайық дегеніне көнбедім, бұл сөзге Көкшедегі менің інім Иран ғана ән шығарады деп сеніп келдім – дегені бар емес пе. Екеуміз Мәриям жеңгейдің көзінше өлеңнің мәтінін олай қарап, бұлай қарап, ананы, мынаны айтып, шабытқа беріліп кетсек керек. кенеттен жеңгем: - Бірін алшыстың ортасынан асып, екіншің алпысты жағалатып жүріп, өлеңді олай тереңдетуді қойыңдар, - деп қалды. Біз жасымызды ұмытып, жастық еске түсіп, қызыңқырап, әзілді қоюлатуға бет

алған кезде, жеңгеміздің қаттырақ шыққан үні бізді сабамызға түсірді. Мен ұсынысты мақұл көріп, өлеңнің мәтінін алып кеттім.

Алдымызда бірер айдан кейін Көкшетау мәдениет сарайында ағамыздың шығармашылық концерті болатын болды, сол концертте жаңадан шыққан “Бөркін-ай” әнін айтуым керек.

Концерт болатын уақыттан бірер күн бұрын Кәкең жеңгеймен Көкшетауға келді. Кәкеңмен жолығып, әнді айтып едім: - Бәрі жақсы екен, Иран, мен өткендегіден әннің мәтінін өзгертпінкіресп әкелдім – деді. Өлеңді қарасам, мәтіннің кейбір сөздерін алып тастап, өзгертті. Алынып тасталған сөз тіркестері: “бір сүйгізші, калкатай”, “қос алмаға қол салу”.

- Кәке, бұрынғы мәтін өзгертілмей қалуы керек, әйтпесе, менің әнім шықпайды. Мұндай әзілдер кешегі Жамбылда, басқа да қазақ ақындарында, халық әндерінде көптеп болған, мұны жастар ұнатып айтады – деп мен шыр-пыр болдым да қалдым. Кәкімбек аға мұқият тыңдады да, ешкімге мойын бұрмай: - Жарайды, солай болсын, - деді. “Көкшетау” мәдениет сарайында болған ағаның шығармашылық концерті өте жақсы өтті. Менің осында бірінші шырқаған “Бөркін-ай” әнімді жұрт дуылдап қол соғып қарсы алды. – Біз “Жезкиік” әнін қай қызға шығарғаныңыз туралы хабардармыз, ал мына “Бөркін-ай” әнінің сөздері қай сұлуға арналғаны туралы айтып бересіз бе? – деп Кәкімбек ағаны қолға алып жатты.

Бұл жиырмасыншы ғасырдың соңы. 2000 жылы Алматыда республика бойынша “Жаңа ғасырға - жаңа ән” деген рубрикамен жаңадан шыққан әндерге конкурс жәрияланды. Байқауда авторлардың аты-жөні шаралар аяқталғанша құпия болып, әндер іріктеліп алынғаннан кейін жәрияланыпты. Жюри бастығы атақты қазақ композиторы Еркеғали Рахмадиев айтқандай, конкурсқа 1800 ән түсіпті, соның ішінен 5 номинация бойынша 51 ән таңдалынып алынған екен. “Бөркін-ай” әні осы байқауда жеңімпаз атанып, диплом алып келді. Оны орындаған республикада атақты әнші Ермек Әбілдаев екен. Біз Кәкімбек аға екеуміз оны естімегесін, домбырасыз фортепианомен ба, оркестрмен бе бұл ән Ермектің орындауында қалай шықты екен деп, әлі күнге дейін құмартамыз.

2002 жылы жазда Алматы қаласында Кәкімбек ағаның 70 жылдық мерейтойы өтті. Мен де сол тойға шақырылдым, бірақ барғанда білгенім, Алматы филармониясында өтетін шығармашылық концерттің бағдарламасына жергілікті өнерді басқаратындар мені жазбай, әртіс Ғазиза Жұмекенованы ғана жазыпты. Тойды басқарып жүрген белгілі қазақ ақыны Тұманбай

Молдағалисвке телефон шалып едім, ол: - Ой, Иран, сен айтпағанда бұл тойда кім айтады?! – деп көңілді бір көтеріп тастады. Мен өзім сахнаға қалайда шығудың камын ойластыра бастадым. Сахнаның аржақ бөлмелерінде дайындық жүріп жатыр екен, Мақпал Жүнісова, Қайрат Байбосынов, Бағдат Самединова, Бекболат Глеуханов, Қапаш Құлышева тағы басқалармен амандасып, мен де дайындыққа кірісіп кеттім. Концерт жүргізушінің тізімінде әлі жоқпын. Жалпы шараның қалай жүріп жатқанын байқасам, әр облыс, қалалардан әуелі сыйлық беріп, сосын арнауын орындап жатыр екен. Мысалы, Қарағанды облысы Кәкеңе машина мінгізіп, арнауын белгілі ініміз, акын Аманжол Әлтаев айтты. Енді Көкшетаудан акын Төлеген Қажыбаев жабатын шапанын ұстап, қала әкімінің орынбасары Ғалым Бекмағанбетов сөзін дайындап, сахна төріне көтерілгенде, мен сахнаның арт жағындағы қамыс пердеден шыға келіп, қатарласып тұра қалдым. Ғалым сөзін сөйлеп, Төлеген Кәкеңе шапанын жауып болған соң, сахна төрінде отырған акын Тұманбайдың есіне менің телефон шалғаным түсті ме: - Ал, енді Кәкімбек акынның сүйікті інісі Көкшелік Иран ән шырқайды – деп хабарлады. Мен қысқаша әннің қалай шыққанын айтып, “Бөркің-айды” сыйға тартатынымды ескерттім. Алдында әншілер бір-бір әннен айтып, жұрт Мақпалды сахнадан жібермей үш ән айтқызығаны бар. Бір кезде көңілдегі күдіктердің бәрі сөйліп, әнге беріліп кеттім. Байқаймын ән айтылып жатқанда, залда көңілді қозғалыс орын алып, анда-санда қол соғып қояды. Ән бітті, көрермендер қол шапалағы “овацияға” айналды. – Тағы, тағы – деген дыбыстар естілді. Көп күткізбей атақты әнші, акын, Үкпі Ыбырайдың немересі, марқұм Мұса Асаиновтың сөзіне жазған “Мұсаның әні” деген әніме бастым. Ән бітті, дуылдаған жұрт ұзақ қол шапалақтады. Сахнадан түсіп жатсам алдымнан құшағын соза Қызылжарлық Құдайберген Қалиев, Балташ Тұрсынбаев, Алматылық Шамшиден Әбдіраманов, тағы басқалар құттықтап жатты.

Сол жылы “Бөркің-ай” әні Құрманғазы консерваториясы фольклорлық бөлімінің, Қазақ радиосының қолдауымен осы күнгі қазақ әндерінің аудиодискісіне енгізілді.

2007 жылдың ақпан айында Астана қаласы Елордамызда қазақтың атақты акыны, сазгері, белгілі қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың 75 жылдық мерейтойы өтті. Сол тойға мен де қатыстым. Көкшетаудағы жергілікті лауазымды қызметкерлер конгресс-холлда болатын концертке тағы да мені жазбапты. Содан Кәкеңе телефон шалып, одан концертті басқарып жүрген

республикаға еңбегі сіңген әртіс Серік Оспановпен сөйлесіп, мәселе оңынан шешілді. Жексенбі күні еді, сағат 11 кезінде конгресс-холлдың залына репетицияға бардым. Ұйымдастырушылар мені тыңдады да. - Сіз бесінші нөмір болып шығасыз – деді.

Сол күні сағат төртте конгресс-холлда мерейтойға арналған мәдени шара басталып та кетті. Құттықтау ресми сөздерден кейін концертті республиканың халық әртісі Қайрат Байбосынов Кәкеннің бір әнімен бастап берді. Одан кейін республикаға еңбегі сіңген әртіс, Жезқазғандық Ғалым Мұхамедин Кәкеннің сөзіне жазған Жақсыкелді Сеитовтың “Жезкиік” әнімен жалғасты. Конгресс-холллық толы жиналған жұрт көтеріңкі көңілмен, шапалақты аямай, әртістердің шыққанын, әңдеткенін қызу қарсы алып жатты.

Үшінші, президент оркестрінің мүшесі бір келіншек Кәкеннің сөзіне жазған Мұратхан Егінбаевтың әнін айтты, содан кейін атақты ақын Ғалым Жайлыбай арнау өлеңін оқыды. Енді концерт жүргізуші мен әлі алмаған лауазым атақты қосып: - Сахнада Республикаға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Иран Тасқара – деп хабарлап жіберді. Мен жалтылдаған сары оюлармен оқаланған ақ камзол, Үкілі Ыбырайдың шашағы бар бас киіміндей ақ такия, балағы оюланған ақ шалбар, ақ көйлек, сары туфлимен шыға келгенде, жұрттың алақан соғысы толқындап біраз тоқталмады. Алғашқы абыржып қалған бойыма серпіліп күш біткендей, қобалжыған жүрсігім орныққандай, домбырамды “Бөркің-айдың” қайырмасына салып, қанқылдата бастадым. Хабарлаушы: - Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазған Иран әні “Бөркің-ай” - деп жалғастырып жатты. Әуелі айғайға басып алып, әнді бастап кеттім. Зал тыптыныш, әннің бірінші ауызы мен қайырмасы біткенде жұрт дүрлігіп қолды соқсын-ай келіп. Мен әнді әрі қарай жалғап, екінші ауызын қайырмасымен тағы біте бастағанда, залда көңілді қозғалыс, көтермелеу дауыстар шықты, тағы қол соғылды, одан толқындатып әннің үшінші ауызын шырқай бердім. Енді қайырмасына келгенде, жұрттың алақан соғысы “орацияға” айналды. Ән бітісімен залда отырған жұрт түгелдей орындарынан тұрып қошемет көрсетті. Маған әнді әрі жалғастыруға уақыт жоқ, менен кейін республикаға еңбегі сіңген әртіс қарындасымыз Қапаш Құлышева Кәкеннің сөзіне шығарған менің әнім, екінші “Жезкиікті” айтады. Басымды иіп жұрт алдында тағзым етіп, төбем көкке жеткендей болып, сахнаның бұрышына қарай жылжи бердім. Әртістер дайындалатын бөлмеге келсем, қарсы алдымнан құшағын ашып Сенат депутаты, атақты әнші ініміз Бекболат Тлеуханов шығып: - Ой, аға, бүгін неше түрлі дыбыс шығардыңыз ғой, ғаламат болды... – деді.

Концерттен кейін атақты композитор Еркеғали Рахмадиев ағамыз қолымды қысып жатып: - Иран, ты талант, что-ли...? – деп жатты. Бұл әнді Алматыда, консерваторияда жас композитор Аманжолов Бахтияр естіп: - Әннің қайырмасы ғажап, осы толқынның әуенімен біздерге симфония жазуға болады – деді. Қызылжарда өнер сайысында Қайрат Байбосыновтың шәкірттерінің бірі Төлеш: - Аға, мына әніңіз осы күннің “Шама” әні ғой – деді. Жарылғапберлінің “Шамасын” нұсқап.

Кәкімбек ағамыз мені көрсе: - Бізді жасартып жүрген мына Иран... Халлю, лю, ләллию, лю... – деп мәз болады.

Сенсері қазақ мұқалмас

2002 жылы Кенесары ханның 200 жылдығына арналған шаралар белгіленіп, Көкшетауда мерекеге дайындықтар жүргізіліп жатты. Дәл осы кезде Көкшетау гуманитарлық университетінің ректоры, сол кездегі “Алаш” партиясының төрағасы Жанат Жақып-Сейітұлы Қасымның бастауымен “Хан Кененің жорықты жолдарымен” деген автошеру жасакталып қаржыландырылды. Мұны қолдап қаржылық көмек жасаған Ақмола облыстық туризм және спорт басқармасының бастығы Қанат Ахметов, “Тұран-Әлем банкі” Көкшетау филиалының бастығы Бақыт Оспанов мырзалар. Сол шерудің мүшесі болып мен де қабылдандым, ол туралы Астанадан 2003 жылы шыққан журналист Нұрмұхамбет Ысқақовтың “Хан Кененің жорықты жолдарымен” деген кітапта жазылған.

Бұл жорықтан мен байтақ жеріміздің түр-келбетін тамашалап, тарихымен танысып, жиналған халық алдында өзім шағарған әндерді, ұлы сал-серілердің, халық әндерін шырқап, көп рухани азық алдым. Қазақ халқының кемеңгер қолбасшысы, ұлт-азаттық қозғалысының шамшырағы Кенесары Қасымұлының бейнесі, ісі, өмірі, өлімі үнемі менің ойымды тербеп жүруші еді. Сол ішкі дүниенің тербелісі сыртқа ән боп шықты. Бұл әнді шерудің бас кезінен бастап, аяғына дейін айтып, нәшіне келтіріп жүрдім. Әннің нотасы дайын болмай, Нұрмұхамбеттің кітабына кірмей қалды. “Соқыр тауыққа бәрі бидай” дейтіндей қазіргі заманның қазақ арасындағы бір кемшілігі, егер бағалайтын, қолдайтын адамы кездеспесе әннің бағы ашылмай қала береді. Өйткені айғай-ұйғайға, жарк-жұрққа, дыз етпе сезімге үйреніп алған өміріміз осыған әкеп тірегендей. Билеуге, селқалдеуге үйренген ұрпақты дәстүрлі қазақ әуеніне, қарапайым қазақ тілін игеруге қайтара алмай жүргеніміз өмір шындығы. “Біткенге - маржан, білмеске - арзан” - деп ұлы Абай айтпақшы, әнімді атақты композитор “Жас дәуреннің”

авторы Темір Тайбсков Алматыда естіп: “Иран, менен осы жерде көп адам классика мәнерінде батырлықты суреттейтін ән шығарып бер деп жүр. мына әнің жақсы екен, маған әнің нотасын, өлең жазып жіберші” - деді. Мен оның тілегін орындадым да. Бірақ, менің ойымша, жақсы әннің де шығуына көп қаражат, жоғарыдан қолдау керек, осыған қазақ үйренген. Көкшетауда мереке болардың алдында Алматыда Кенесары ханның 200 жылдығына арналған халықаралық конференция болды. Кенесарының Отаны Көкшетаудан Шоқан Уалиханов атындағы университетінің сол кездегі ректоры Абай Айтмұхамбетов бастаған 5 адамнан тұратын делегация конференцияға қатыстық.

Таңертең сағат оннан басталған жиналыс кешкі сағат бесте бітті. Сағат кешкі бесте Қазақ ғылым Академиясының төменгі этажындағы асханада Кенеханға арнап ас берілді. Сол аста кейбір ғалымдар қызу айтысты бастап кетті. Бір ғалым ақсақал: “Біз жалғыз Кенесарыны қолбасшы деп айта бермейік, өйткені, мысалы, Сырым Датов та орыс империясымен 14жыл соғысты, оны да қолбасшыға жатқызайық” - деуі мұң екен, маған жақын отырған ғалым, архитектор, қоғам қайраткері Шота Уалихановтың дауысы қатты шықты: - Ей! Датов өз елі кіші жүзде ғана соғысты, Кенесары Қазақстанның солтүстігінен оңтүстігіне дейін бүкіл қазақты көтерді, оны қолбасшы демей енді кімді айтамыз?! – деп қалды. Анау да, мынау да сөйлесп, мәсселе дауға айнала бастады.

Осы кезде маған бір оқыс ой келді. Бұны басу үшін мен Кенесарыға шығарған әнімді айтуым керек.

Осы ойымды жанымда отырыған “Арқа ажарының” бас редакторы Жабал Ерғалиевке айтып едім, ол Абай Айтмұхамбетовке айт деді. Абайға ойымды білгіздім, ол: - Домбыран жоқ қой – деп қалды. - Мен домбырасыз айтам – дедім де ортаға шықтым. Жиналған халыққа Кенесарының 200жылдығына арналған шеруге қатысып ән шығарғанымды, оны орындайтынымды хабарладым. Шынында да домбырасыз енді дұрыстап айтатын басты нотаға дөп түсу қиын. Құдай қолдап дәл бастым, залдың іші күңіреніп кетті.

*Кенехан, Кенесары, Кене ерім,
Сарыарқа – Отаны ерлік туған жерің,
Мәңгі өшпес шамшырағы азаттықтың,
Қазақтың қолбасшысы, кемеңгерім.
Сыйынып ата-баба аруағына,
Мақтанам Кенемдей ер болғанына,
Ұрпаққа қуат беріп салған ізі,*

*Қол жетті еркін елдік арманыма,
Көкшетаудай жер болмас,
Кенекемдей ер болмас,
Ұлттық намыс, азаттық
Семсері Кене ақ алмас,
Семсері қазақ мұқалмас!*

Жұрт дуылдап қоя берді. Біреу айғайлап жатты: - Біз бүгінгі жиналысты осы әнмен бастау керек еді-ғой!

Бөтен әнгеме басылды. Отыра бергенде Шота Уалиханов қолын созып, қолымды қысып, басын изеді.

Көкшетауға келгесін Көкшетау мәдениет үйінде салтанатты жиналыс болды, бұған Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы қатысып сөз сөйледі, “Ауылдағының аузы сасық дегендей” мен мерекелік концертке қатыстырылмадым. Кенесарыға шығарған әнімді халық алдында көшеде орнатылған машинаның үстіндегі сахнада айттым. Сол жерде болған Кәкімбек Салықов ағамыз: - Әнің қайырлы болсын – деп құттықтады.

Астананың 10 жылдық мерекесі қарсаңында “Көкше әуені-2” деген әндерімнің екінші дискісін шығарып, “Семсері қазақ мұқалмас” деген әнімді сол дискіге енгіздім.

Онда әндегі өлеңімнің бірінші ауызымен қайырмасын қалдырып, екінші ауызын және екінші қайырмасын былай өзгерттім:

*Астана көшесінен Кенесары,
Шалқиды елдік, ерлік, достық әні.
Пап еткен бар галамға ер Нұрсұлтан
Қазақтың елдік ісін, намыс, арын.
Сарыарқадай жер болмас.
Астанадай төр болмас
Ұлттық намыс азаттық –
Семсері Кене ақ алмас,
Семсері қазақ мұқалмас!*

Тәуелсіз еліміздің Астанасының 10 жылдық мерекесіне орай жаңа дискімді Елбасымыз Нұрекеңе, Астана әкіміне және мәдениет және ақпарат министріне сыйға тарттым. Ол дискінің басында “Ақорда – бәйтерегім” деген жаңа шығарған әнім де бар.

Қазақ елінің намысы, елдік рухымыз әр қазақтың жүрегінде шоқ боп жанып тұруы керек. Ол ұрпаққа - үлгі, болашаққа - аманат.

Ән шырқаса Сырымбеттен әжелер!

- Ән шырқаса Сырымбеттен әжелер, жымындайды жұлдыздарым, аспанда ай, - деп, “ақ күмістен теңге шашу шашқандай” сыңғырлап, жүрек сезімін қыттықтап тұрған маржан жырға қалай ғана әндетпей шыдап тұрасың. Сонау тоқсаныншы жылдардың ортасында айыртаулық ұстаз, ақын Әбділманова Бақыт Көкшетау облыстық шығармашылық орталығында істеп жүрген мені іздеп келгені әлі есімде. Көкшеге. Айыртауға, келіндеріне, әжелерге арналған жырларын көрсетіп ән шығаруымды сұрады. Жүзінен нұр тамып, көмейінен жыр төгіліп тұрған құрбыма риза болып, ұсынысын құп алып, Бақыттың сөзіне “Әжелер әні” деген әуесн шығарып едім. Бұған тағы да себеп болған маңызды тарихи жағдай, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бастап, қырғыз, өзбек президенттері Асқар Ақаев, Ислам Каримовтардың 1993 жылы тамыз айында Көкшеге, жаңа салынған Ақан сері ауылына келуі еді. Бір кез біз президенттерді күтіп алу сәтін тосып, халық алдында мен ән шырқап жаттым, ақ кимешек киген әжелер шашу шашып, билеп кетті. Бір уақытта менің жаныма бір “әже” келіп “жезде” дегені бар емес пе. Мынау не деп тұр деп, шошынып: “Әй, әрі жүрініздер, мен жігіт боп ән салып тұрсам, сендерге жезде болсам, онда шал болғаным ғой” - деп жұртты бір күлдіріп алдым. Сонда ақ кимешек киіп алған әжелердің ішінде құрбым Бақыт та бар екен ғой. Осы жағдайда шыққан “Әжелер әні” бұл күнде Сырымбеттің таңбасындай, әнұраны іспетті болып кетті. Сол кезде Сырымбетте құрылған “Әжелер ансамблі” “Әжелер әнін” шырқап, Көкшетау облысының көркемөнерпаздар байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Бақытпен бірге Күлпан Хайруллина, Гүлдарай Мұратқажықызы, тағы да басқа қазақтың өнерпаз әйелдері бұл ансамблге көп еңбек сіңірді. Былтыр қыркүйек айында Саумалкөлде Ақмола облыстық филармониясы өткізген менің концертімде әжелер ансамблі тағы да сахнаға шықты. Ақан сері ұрпағы Бақытты үнемі жыр тербеп, туған жері, туған елі ақын жүрегін әлдилеп тұрғандай.

Осының нәтижесі болуы керек, 2004 жылы Алматыдағы “Жібек жолы” баспасынан ақын Бақыт Әбділманованың “Жыртұмар” атты өлеңдер жинағы шықты. Біраз жылдан бері сырттан хабарлас болып жүр едік, былтыр қайтадан қауыштық, жан жолдасы Қанатбек Балахметов ауыл шаруашылық маманы менімен әзілдесіп: “ЖенПилік бажа”-дейді. Өйткені Бақыт та,

менің жарым Рәзия да Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтының математика факультетін бітірген ұстаздар. Кездескенде еске алатынымыз, кеш болса анау ЖөнПидің кең, темір шарбақтарына асылып, сүйеніп, ғашықтарын тосып тұрған, қайран, жігіттер Жастық өтті де кетті, біреулері сүйген жар боп қосылды, біреулері сүйгендеріне қосыла алмай жүрегінде ән болып жатталып қалды.

Ойласам, қандай ғажап, бүкіл Қазақстан бойынша қаншама “ЖөнПидің бажа” бар?! Әрине, жастық шақ жайнаған бір дәурен, еске түседі. Бақыт ақынның да жүрегінде сол бір тамаша Алматының студенттік кештері, сағынған құрбылары. Осыған орай Бақыт құрбым маған тағы да бір “Есінде ме, құрбыжан” деген өлең беріп еді, ол да бір ән болып, өнер дүниесінің есігін ашты. Әннің тұсаукесерін Қанатбек пен Бақыт үйінде Саумалкөлде, Көкшетауда біздің үйде жасадық.

- Жырлай бер, Бақыт, жырларың әнге айналып, егеменді еліміздің көгінде қалықтай берсін. - деймін Бақыт құрбыма

Бақыт тойына

Бақыт Ұстаз бабында,
Ел анасы тағында.
Өсіп-өнген ұрпақтар
Аялаған бағында.

Жанасқанның жақыны,
Жыр мен шыққан шат үні
Бүгін елі елеген
Айыртаудың ақыны

Асыл сөздің сарасы,
Шаңырақтың санасы
Ердің ұшқыр қанаты,
Қанатбектің панасы

Жасын алтын күз дейік,
Шығар шыңын жүз дейік,
Қанатбектей еріне
Ұзатқан бір қыз дейік

Кенші боп кен қазамын,
Акын боп ән жазамын
Қанатбектегім айтқандай
Женпилік мен бажамын

Салдық құрам сән қылып,
Сайран құрам ән қылып
Қанатбек пен Бакытым,
Сыйласайық мәңгілік

Қанатбектің дана жасы

Қанатбек, құтты болсын дана жасың,
Толықсып, толқындаған сана жасың,
Ақсақал, ел ағасы, ақылгөй боп,
Жетпісте ардагері ел саналасын.

Жетпіс жас алтындалған уақытыңдай,
Жинаған өмір жауһар – жаңқтыңдай,
Жазылмай жұбың жармен, аман болсын
Сүйгенің – ел анасы Бакытыңдай.

Жетпісің жасай берсін алға жылжып,
Сәулесін ұрпақтарың төксін нұр ғып.
Арлы жан, Айыртаудың азаматы
Өміріңді көркейтейік ән мен жыр ғып.

Жетпісте айқындар ердің қыры,
Тарайды самал болып ерлік сыры.
Ұштайтын ерлігіңді, өрлігіңді
Тербете берсін акын Бакыт жыры.

Құйғандай нәр сексен көл арнасына,
Шыққандай Оқжетпестің өр басына,
Сырымбет, Саумалкөлде ән шырқасам,
Айналам сері Ақанның жалғасына.

Менен де Иран Сал деп ат қалады,
Үлгі етіп ұрпақ әнім жатталады,
Жасай бер Ақан елі ардақты ері,
Иран Сал құрдас, дос деп мақтанады.

Ғалиханға

Ғалиханым Сердалы аға баласы,
Еркелеткен Есжан ата Калашым.
Алпыс ата болдың міне сен дағы,
Сүйсінердей бүкіл қазақ, алашым.

Тірегі еңбек – кандидаттық атағың,
Мінезінде жоқ озбырлық, шатағың.
Шаңырағын ұрпақтармен гүлдеп тұр
Жемісіндей атам берген батаның.

Түсті Алладан сәуле сенің санана.
Тұмар берді Ләләңдай анаңа.
Сүйген жарың Рая да әже боп,
Әке болу жазды Арман балана.

Тектілік бар Смағұл қажы қаныңда,
Үрдістік бар тіршіліктің заңыңда.
Інілерің, қарындастар топтасып,
Ағамыз деп үйірілген маңыңда

Мынау асқар жасың – ерлік талтүсін,
Азаймасын азаматтық нар күшің.
Ағаң болып шын жүректен тілеймін
Даналыққа жалғассың деп алпысың.

Үлкені боп біз ұрпақтың саналдық,
Аталардан әлпештеген нәр алдық.
Екеуміз де туа сала сәби боп,
Есжан ата дамбалтына орандық.

Теңбайдың мерейтойына

Мереке құтты болсын. Теңбай, досым,
73 – жетістігің, мүшел көшің.
Сұлудан ләззат алған сал-серідей,
Еркелеп, аймалай бер Көкше төсін

Бакилық болған Дәмен сүйген жарын,
Ерсің сен аялаған ана арын.
Көгінде тәуелсіз ел қанат қаққан
Ержетіп, өсіп-өнген балаларын.

Ұлдарың Думан, Дулат, Ерландарын
Білімді, іскер, күндей төккен нәрін.
Гүлмира қызың - өріс, Жанат – тірск,
Келіндер Ләззат, Айгүл – жұлдыздарын.

Рабиға құдағиың Астанадан
Ізгілік ата жолын басқан адам,
Әрқашан көзін тігіп Көкше жаққа,
Құшағын құдаларға ашқан адам.

Қабдолла – құда, Мәриям – құдағиың
Арнаған керекүлік саған сыйын.
Көкшелік құдаларың Абай, Гүлнар
Құратын серіктестер күнде жыйын.

73 – ер азамат жеткен жері,
Көңілі баяғыдай әлі сері.
Сыр бсрмсі сырттаныңдай көк бөрінің,
Шыңдалған төсінде өмір ердің ері.

Қызықтап ұрпақтарды, шалқып көңіл,
Еріме қуат берсін кербез өңір.
Тілейік жаратқаннан жалбарынып,
Сыйласын Теңбай досқа ұзақ өмір.

Құтты болсын 73,
Қолдан келген талай іс.
Теңбай деген досыма
Алла қоссын қуат-күш,
Айналышықтап кетпесін
Басқа қонған бакыт – құс.
Кеудесін дос қауласын
Өмірге ынта, сағыныш

Құмарғали Досовқа
(70 жылдығына арнау)

Ақжайық жаққан шырағын
Ақниғысын Оралдың,
Құмарғали ер – қыраным,
Көкшеден кәусар нәр алдың,
Қадиша болып жыр әнін.
Құдайым қосқан жар алдың
Енбегінді елім еледі.
Құрметке ерін бөледі.
Зерен, Көкше, Бурабай
Азаматы ер саналдың,
Бибігүл, Дәулет балаларға
Ақ отау нұрлы жол салдың.
Әлия, Әлема ұрпақтың
Әлдин тағы қолға алдың,
Жарасып ата, әже боп
Өмірлік күйді толғандын.
Жайықтың біраз қыздарын
Ұзаттың Көкше жеріне,
Ашқандай ерсің қыз бағын,
Қосқасын Көкше еріне.
Жайықтан мәлдір сен ағым
Құйылған сексен көліме.
Азаматтықтың өр шыңы
Жетпістің жеттің төріне.
Құтты болсын жетістік,
Өрлей бер, ерім, өріңе!
Ақ қырау басқан самайың,
Дос, жолдас – мықты манайың,
Аймалап, қоршап сүйіскен
Құдалар, жекжат, ағайын.
Кіндік қан тамған Жайықтан
Туыстар келді қуанып,
Бижамап. Кәрім жайды ұққан
Келгендей ұшып ту алып,
Көкшенің кербез жерінен
Кетердей көңлің суарып.
Құмарым – көршім, жан досым,
Ордасы – шырқар ән қосым.

Емхананың емінен туған жыры

Емші қыздарға

Биіктеп өрмелеген шынға жасым,
Күн шалып, бұлт басқан аппақ шашым,
Сұлулық қарып көзді, нұрын төгіп,
Келтірген асқақ, нәзік әннің нәшін.

Өнердің орналастым өр төсіне,
Сенемін өнерімнің өлмесіне,
Түстім мен қан қысымы көтеріліп,
Облыстық жүректі емдеу бөлмесіне.

Бөлімді басқаратын Алма сұлу,
Беретін күн көзіндей жанға жылу,
Керілген кербез қызым, Райхан гүлім,
Білетін құпиясын өмір сүру.

Айнала қыз-келіншек қолы жұмсақ,
Ем жасап, зыр жүгіріп тұрмас бір сәт.
Көтеріп алақанға бұл қыздарды,
Ер болып артық болмас тағзым қылсақ.

Бұл жүрек не көрмеді, неге көніп,
Ел – жұрттың қайғысына ортақ болып?!
Тозды ма, қайран, жүрек жас ұлғайып,
Мені де атандырып “гипертоник”.

Бұл атак маған бірақ тағылмайды,
Сал жүрек мойын ұсынып бағынбайды,
Бір алла қуат беріп қолдай берсе,
Әлі де сүйенен жаңылмайды.

Шолпан мен Алма қыздар, ару қыздар,
Ағаның ақ батасын алыңыздар,
Тезірек жүрек емін бір қайырып,
Көзіме енді күшті салыңыздар.

Бар екен Алла атты асыл қызым,
Оған да жеткізіндер аға жырын,

Алланы алла қолдап, сәті түсіп,
Көзімнің тұманданған жақсын нұрын

Шығайын жаңа жылға жаңа болып,
Құшайын аруларды көңіл толып,
Жалғыздап өнерімнің сан қырлары,
Алтын құс сайрағандай баққа конып

Шолпанға

Мінезде байқалғанмен қаттылығың
Сүйсінтер балдай балдыз тәттілігін,
Жанашыр жанға дәрігер, Шолпанжаным,
Өмірде білінбеген жат қылығың.

Үлгісін ата-ана жалғап келдің,
Қол созып туыс, жатқа көмек бердің.
Білімді, ақ халатты абзал жансың
Айналған абыройлы қызына елдің.

Біліместік надандыққа күйіп-песіп,
Бір мезгіл құлазисың көңілің түсіп.
Жезденнің қолдан келер қамқорлығы,
Көңіліңді көтерсең жырмен құшып

Мәрияға

Мәрия айтты: - Ардақты, ағажаным,
Жарқырайды жанарың, атып таңың,
Бізге көздің, әзірше, керегі жоқ,
Бізге керек сипайтын алақаның

Айтқанына болдым мәз қайран қалып,
Кез келгендей шырқайтын әнді салып.
Өкінгенмен келмейтін, қайран, жастық
Қол бұлғайды осылай артта қалып.

Мен әзілге ризамын, қарындасым,
Алдан шығып жақсылық жарылқасын,
Көңіліңді көтеріп жаратқаным,
Бақ пен дәулет басыңнан арылмасын.

Қызымдайсын, жерлесім Омбы жақтан,
Қоныс теуіп Көкшетау саған жаққан,
Қоса ағарып қосынмен, күндей күліп,
Нәр ала бер Көкшедей сұлу бақтан.

Бұл ағанды немере атасы деп,
Елге сыйлы, үлгілі отбасы деп,
Қарғам, жырлап айтқанды қабылдашы
Иран Салдай атамның батасы деп.

Дәрігер Айзадаға

Дәрігерім, Айзада!
Жанға қамқор, жайлы ана!
Нағашыңа ем қонды,
Емдегенмен аз ғана.

Көп тоқылған білімің,
Жақсы қимыл, қылығың.
Иран Салға ұнады
Қанын сорған сүлігің.

Көкшесінде Арқаның
Арайлансын әр таңың,
Қызықтай бер өмірді
Бақытты боп ұрпағың.

Гүлбақытқа

Айналайын, Гүлбақыт,
Мені емдедің көп уақыт.
Жақсы көріп қалдым мен,
“Магнитінде” көп жатып.

Қапар

Еңбегі – ерен, ісі-үлгі,
Келбеті, көркі келісті,
Азамат ерім Қапарға
Жетпіс жас қонған жемісті.
Жасай бер, Қапар – азамат!

Балалары ержеткен,
Бесігін өмір тербеткен,
Аялап ата-анасын,
Төріне елдің төрлеткен,
Жасай бер, Қапар – азамат!

Жетіп бір жетпіс жасына,
Алиманы айдай қасында,
Күтімі жар көрінген
Шалмаған ағы шашында,
Жасай бер, Қапар – азамат!

Елдігі мықты ойында,
Сымбаттылығы бойында.
Досыма Қапар арнадым
Шуақ жыр, әнді тойында.
Жасай бер, Қапар – азамат!

Өрісінен нұр алар,
Сауық та сайран құралар,
Үйрылген ер маңына
Ағайын, достар, құдалар.
Жасай бер, Қапар – азамат!

Жеткенде жастың көгіне
Бас ием елдің еріне.
Тартқан ол мінез ісімен
Садуақас Смағұл тегіне.
Жасай бер, Қапар – азамат!

Мүслима - Әлиман

Мүслима - Әлиман
Ұясындай ар-иман.
Қылығына, сыйына
Риза елі, барлық жан.
Риза болған сал Иран
Жасап жатқан мерекен
Жетпіс самал желі екен,
Көп тілегі көл болып,
Асына берсін береке.
Үйі бақыт қосындай,
Қапары көңіл хошындай.
Елге үлгі ұл-қызы-
Бақытты ана осындай
Тілегі ел жырының,
Үзгі жан сырының,
Ел анасы сау болып,
Ұзақ қылсын ғұмырын.
Жайлап шуақ маңыңды,
Арайласын таңыңды,
Қосағынмен қоса ағар
Тірлік баптап сәніңді.

Маликаға

Күй ғып күйлеп Біржан Салдың жыр үнін,
Бітірді оқу Маликадай құлыным,
Атасының еркелеткен ботасы,
Сәулесіндей жастық нұрлы күнінің.

Жаңа өмірдің жаңа толқын арнасы
Құдай жазса табар ағын жалғасын,
Тойбастары өсіп-өнер ұрпақтың,
Шалқытатын Дәурен – Жанар ордасын

Ерланымның қызықтайтын шырағы,
Нәзік сезім, күй сандықтың тұрағы,
Әзизамен, Ақмаралмен қосылып,
Шырқалатын ұрпағымның жыр - әні

Ұзақ қылсын ғұмырыңды өренім,
Сені биік асқар шыннан көремін
Тойларына талай-талай күз боп,
Үзілмесін шаттық әуен. өленім

Адамдықтың нұрын шашып ойыңа,
Қуат берсін жаратқаным бойыңа
Риза болған өнеріңс ел – жұртым
Қарап тұрсын думандатқан тойына.

Қызыр әкім

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылы тамыз айында Көкшедегі Бұрабайға келгенде тағы да ән - жырыммен қарсы алудың сәті түсті. Дайындалып, Нұрекең және қонақтар отырған бөлмеге кіруге бет алғанымда, сол кездегі Көкшетау облысының әкімі Қызыр Ыбыраев жаныма жақындап: «Мені ұмытпа», - деп сыбыр ете қалды да, тез Елбасы отырған бөлмеге кіріп кетті. «Қиналған Жамбыл жері осы» демекші қатты мазасыздандым. Уақыт аз, Қызырдың сонынан домбырамды ұстап мен де кірдім. Нұрекең салған жерден: «Мен Иранды танимын ғой, ана жолы Ақан сері ауылында кездестік, менде кассетада Иранның айтқан ән-жыры бар», - деді. Мен арнауымды бастап, жалғастыра бердім. Енді бір жерінде Қызыр туралы айту есіме түсіп, былай дедім:

*- Болғанда жігерсіздік өзекті мин,
Елдік пен ерлік істер қажет бүгін,
Шаруаға жан-тәнімен кірісетін,
Ұнатал Қызыр әкім өжеттігін.*

Нұрекен жанында отырған Қызырдың арқасынан алақанымен қағып қалды.

Әнші Еркін Шүкімановқа

Атақты әнші інім, Еркінжаным,
Шалқыды Біржан Сал боп кинода әнің.
Міне, енді сал-серілер еліне кеп,
Дәстүрлі әнмен жақтың ұрпақ шамын.

Сүйсінем әнді шырқап салғаныңа,
Лайықсың кербез Көкше талғамына,

Кешегі Жүсіпбек пен Жәнібектей
Өрлей бер әннің асқақ арманына.

Аға боп жол сілтеймін бағытыңа,
Сөйлеймін ақ жүректен ағытыла.
Тілеймін сал-серілер жалғасы боп,
Шаттықты денсаулық пен шабытыңа.

Тараздағы Сағатбекке көңіл айту

Жан жарың жан сүйсінер Тұрғанталың,
Қолынан татып едік тәтті дәмін,
Иран Сал сұлулығын тербегендей
Көкшенің естіп еді асқақ әнін.

Жәннәтта жаны, орны жұмақ болсын,
Арайлы қылсын ұрпақ атқан таңын,
Сағатбек, саған ғұмыр, қуат тілеп,
Көкшеде күрсінеді, сыздап жаным.

Кәрімжан құдаға

Асқақтап салған жыр-әнім,
Думанды сауық құрамын.
Бурабай елге келдім де
Қолына түстім құданың
Әндетіп Иран жүреді,
Ән-жырға толы жүрегі,
Ал, енді менің жайымды
Құдай мен құда біледі.

*** *** ***

“Ақ желкенің” болды менің тұрағым,
Шалқығандай сал-серілік жыр-әнім,
Бурабайдың сәні ерекше көрінді
Құшағында Кәрімжандай құданың.
“Ақ желкенің” болды өзімнің үйімдей,
Сал-серінің бабы келген күйіндей
Кәрімжандай құдалардың, жігіттер,
Кете алмайсың ерлігіне сүйінбей.

Бата

2006 жылдың жазында Түркстан қаласында “Батаменен ел көгерер” деген атпен республикалық батагөй қариялар байқауы болып өтті. Байқаудың негізгі мақсаты-батагөй ақсақалдарымыздың бойындағы игі қасиеттерді халқымыздың жүрегіне ұялату еді. Сол байқауда мен Ақмола облысының намысын қорғап, байқаудың ГранПРИИн жеңіп алып едім. Еліміздің әрбір облысынан жасы 63 –тен асқан 11 ақсақал сайысқа қатыстық. Әуелі өзімізді таныстырып, бата беру рәсімін жасадық. Мен бірден өзімді сал-серілер ұрпағымын деп, танысуды өзім сөзін, әнін шығарып, асқақтата әндетуден бастадым. Одан кейін домбырамды сүйей салып, елге арнаған батамды бердім. Екінші кезекте билетте қойылған сұрақтарға жауап беруге тура келді. Қазақтың қонақтары туралы әгімелеп, би-шешендерге қатысты мақал-мәтелдер айттым. Соңғы сынақта өнер сайысына кезек берілді. Осы жақта Ұлы жүздің Сіргелі деген беделді руы тұратын көрінеді. Мен бұл жолы көрермендер назарына Рахым Бекмурзин ақсақалдың (“Сіргелі” руынан) сөзіне жазған өз әнім “Сіргеліні” ұсындым. Сондай-ақ өзімнің “Жүрек сыры” атты толғау-термеңді орындап бердім.

Түркістанда өзімді өзім таныстыру

Орта жүз Арғыннанмын аңқылдаған,
Дауысым аққу құстай саңқылдаған,
Атығай – Қарауылы сұлу Көкше
Өнері жалғас тауып сарқылмаған.

Қожаның жиенімін Мөңтік затым,
Баласы Тасқараның Иран атым,
Кенші боп Сарыарқада сайран салып,
Құлпыртқан ән мен жырдың салтанатын.

Жүрмеген қамын ойлап құр басының,
Елімде жақсы-жайсаң сырласымын
Кездесіп жүздескенде ән-жыр төккен
Президент Нұрсұлтанның құрдасымын.

Сәлем Арқа елінен,
Кербез Көкше жерінен,
Оқжетпестей өрінен,
Сексен сұлу көлінен,

Біржан. Ақан нәр алған
Сауық – сайран белінен,
Солардың ізін жалғаған
Иран Сал деген серіден.

Түркістанда берген елге арналған бата

Илаһи, әумин! “Ер түріктің бесігі, екі дүние есігі”
Түркістандай қалада қасиетті,
Абылайхан баба төрінен,
Мағжан ақын елінен,
Беруге батаны Алла нәсіп етті.
Бабамыз Қожа Ахмет Иассауи пір,
Түркістанда түмен бап,
Сайрамда сансыз бап,
Барлығының атасы Арыстанбап,
Тебіренсін рухтары бізді қолдап!
Уа, жаратқан, жасаған,
Орнады елге еркіндік
Ата-бабам аңсаған.
Шаңырақ енді шалқысын,
Берік болсын босағам.
Тыныштық берсін еліме,
Қуат берсін жеріме,
Еңіреп ел деп ерлерім
Оза берсін төріме!
Айырмай көп ұлт достардан,
Қағыс қылсын қастардан.
Ұрпақтарым білімді,
Пейілдері ақ болсын,
Нашақорлық, арақтан
Аулақ жүрін сақ болсын.
Парақорлар жойылып,
Кердеңдеген менмендік,
Лауазымға сенгендік,
Пендешілік тыйылып,
Әдеттер жаман сап болсын.
Алтын бесік – ауылға,
Қара қазақ қауымға
Мыңғырып мыңдап мал бітсін,
Бұрынғыдай сән бітсін.

Ынтымақ, бірлік, береке
Қыдыр болып бақ қонсын
Ата-баба салтымен
Елдігім тапсын жалғасын.
Ана тілін сайратып,
Кеңейтсін қазақ арнасын.
Оза шыққан тұлпардай,
Іліп түсер сұңқардай.
Әлемде озық елдерден
Жарысканда елім қалмасын,
Қызыр Ілияс қорған боп,
Осының бәрі орнасын,
Бір Алла бізді қолдасын!
Аллаһакбар!

Жантас ұланға бата

Уа, жаратқан құдайым!
Батаны мен берейін,
Қолдаушы бол ылайым,
Нұсқауына ерейін
Жантас – ұлан, нұр – айым,
Құшағына бата бөлейін,
Ата-анаммен қызықтап,
Қызығыңды көрейін
Ер – азамат болғанда
Үстем болсын мерейің,
Басыңа бақ қонғанда
Қария боп жебейін
Еркін елдің еркесі бол,
Азаматтың серкесі бол,
Бүкіл халық сая табар
Көкшетаудай өркеші бол.
Болашақтың таңы бол,
Туған елдің сәні бол,
Жанашыр елге, туысқа
Мейірімді жаны бол,
Намысын елдің бермейтін
Қазақтың қызу қаны бол.
Ата-анаңды әдилер
Тербелер мәңгі әні бол.

Маңайың қордалы болсын
Бала-шаған көп болып.
Отауың ордалы болсын.
Жолыңды құдай оңдасын.
Қызыр бабам қолдасын,
Алғашқы шыққан қызыл гүл
Өмірбақи солмасын,
Батамды қолдап жасаған
Осының бәрі орнасын.
Илаһи Аминь! Аллаһуакбар!

Ананың аты Қыздықой

Токсанға келіп анасы,
Алпыстан асып баласы,
Мәртебелі тойы ана
Жарқыраған жарасып.

Ұлағатты ұлы ана,
Сарқылмас бұлақ – сыры ана,
Шашыла берсін ұрпаққа
Жарқырап күндей нұры ана

Тартқандай көзді қыр гүлі,
Ананың мәңгі тірлігі.
Ананың қосы жиналған –
Ағайынның бірлігі.

Ананың аты Қыздықой,
Ат қоюы қазақ қызық қой,
Анаға содан бітіпті
Беретін ұлға мінез. ой.

Қараю сүйген жары елі,
Бөлеген сыйға бар елі.
Құдағи бізге Қыздықой
Бұл күнде елдің нәр-кені.

Ұлына Қайрат жасап той,
Серпіліп еді бір кез бой,

Бас құда болып қырық жылдай
Бұзылмаған біздің ой.

Бүгінде Қайрат ерледі,
Шыңына өмір өрледі,
Азамат, ғалым атанып,
Намысты қолдан бермеді.

Күйеу ол, бажа, әрі іні
Ән-жырды қолдар бар үні,
Құдайы көрші, чемпион,
Сыйласып өткен әр күні

Анамыз жүзге жетіңіз,
Одан да асып кетіңіз.
Жасымыздан тілеген
Осылай Сізге ниетіміз!
Жаны жайсаң Жайық аға

Жаны жайсаң Жайық аға

Міне, біз де туғанына бір ғасыр өткен кешегі елдік тұтқа, дана ағатарымыздың мерейтойларын тойлауға жеткен ұрпақпыз. Солардың бірі - ұлағатты ұлы ағаның, жоқшылық пен зұлымдықтың зардабын басынан өткізген сырлы ағаның, тарамыстай тартылып, қиын-қыстау кезінде елдік деген, ерлік деген ұғымнан бір таймай, қайсар қазақ атанған қазақ жазушысының аты Жайық Кәгенұлы Бектұров еді. “Арқа ажары” газетінде “Жақсысын қастер тұтқан ел еңсесі” деген мақаланы оқып, толқып кеттім, ағамен көп жыл жүздесіп, талай сырлар шертіскеніміз есіме түсіп, асыл бейнесін аңсай түстім. Өйткені, олар болашақ үшін күресіп, жанын пида қылған қазақтың боздақтары еді. Біле білсек, кейінгі ұрпаққа нағыз үлгі болатын осы ағалар емес пе?!

Жайық ағамыздың өмір тарихына тоқталсақ, ол өз жеріміздің, Ақкөл өңірінің азаматы екен. Маған жазған бір хатында: “бұл кісінің (Жаналы Сағитов, Көкшетаудағы алтын кен байыту комбинатының бұрынғы директоры) әкелерін біз Әусағит деуші едік. Біз жерлес, көршілес, бұрынғы бір аудан бір ата адамдармыз...”

Паң Нурмаханбет атамыздың зиратына бардым. Бұл кісінің ескі мешіт үйі Ақкөл маңындағы біздің бұрынғы ауылда әлі тұр, көшіріп алған ғой баяғыда. Жаналы інімізге менің Алексеевка ауданының адамы екенімізді, 1928 жылы күз Жүкең Қадір деген жерде оқып

жүрген комсомолец екенімді аңғартсаң болды. Арғы жағын қазбалап керегі жоқ. Жаз сол жаққа өз үйіңе соғармын” деп еді. Сол жоспары неше түрлі қиғаш жағдайлармен орындалмай қалды.

Жәкеңмен өткен ғасырдың алпысыншы жылдардың ортасында таныстым, ол Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы еді. Облыстық “Орталық Қазақстан” газетіне Кәкімбек Салықов ағаның көп өлеңдерін бастыртты. Үкілі Ыбырай туралы “Тәкку” поэмасын, үкілеп, сл-жұртының алдына тарту етті. Менің де біраз өлеңдерімді, “Әудемжер” атты поэмамды сол облыстық газетте жария еткізді. Бектұров жазушы ретінде Жезқазғанға, Ұлытауға соғып жүрді. Бірде жетпісінші жылдары мені Қазақстан Жазушыларының алтыншы съезіне де бірге Алматыға алып жүрді. Съезде Тұманбай Молдағалиев, Бауыржан Момышұлы, Сәбит Мұқанов, Сәкен Жүнісов, Еркеш Ибраһим, т.б. ағалармен таныстым. Өткен кеткенді Жәкең айтқанда зейін қойып, жыр төккен жүректің толқынымен тыңдаушы едім.

Ағамыз өткен ғасырдың отызыншы жылдары қылшылдаған комсомол қайраткері, “Лениншіл жас” газетінің редакторы болатын. Сол кездегі еңбегін жазушы ағамыз былай суреттейді: “Кенен ақсақалдан бастап нелер газетке қанша жастардың өлеңдерін жанадан да жазып шығарған кездерім көп болды. Нүрпейіс Байғанин шалдың да бір көлемді өлеңін Москвада өзім жаздым. “Социалистік Қазақстан” “Лениншіл жас”, Жамбыл, Талдықорған, Қарағанды, Павлодар газеттеріне менің қолымнан өткен көмегіммен, қамқорлығыммен, түзетуіммен басылған өлеңдерде сан жоқ шығар. Мен осы жұмыста жүргенде өздеріңнің өлеңдеріне тек қызмет бабындағы міндетіммен ғана қарағаным жоқты, іштегі, көңілдегі өлең “шыны” да түрткі болатын.

Айтып-айтпай не керек, осындай шамшырақтай жанып келе жатқан жас ұланды Сәкен, Мағжандардың қалдықтары деп, НКВД қармағына түсірді. Түсіргенде арнаулы “операция” құрып, Ташкентке іссапарға барған жерінен ұстатты. Жәкең бертін де бұл қылыққа таң қылып: “Үйде де ұстаса болады ғой, бірақ, НКВД-ға жұмысын қомақты мәнді қылу үшін “операция” деген ат “батырлықтың” көрсеткіші болды. Пойызға мінгеннен бастап мені бір адам аңдумен болды, пойыздан ол менімен бірге түсті, содан кейін екі адам екі жағымнан келіп қысып, айдап алып кетті” дейді. Жәкеңдердің ұсталған тобы 14 адамнан құралды. Сонымен ағамыз 14 жыл айдауда, мылтықтың қарауылында өмір кешті. Бұл топтың бәрі әр кезеңде атылып, жалғыз Жәкең аман қалып, айдаумен Сібірдің талай жерін көрді. Көрген қорлығында шек жоқ, ұрып-соғу, тырнақ астына ине жүгірту, т.б. жантүршігерлік НКВД-

нің зұлымдығы барлық саяси тұтқындарға қолданылды. Тұтқындарды күніне екі-үш рет қайта-қайта тергеу сұрақтарына жауапқа шақыру үйренген әдетке айналды. Аға көрген азабын “Уа, Сергей Есенин” деген өлеңінде былай деп толғайды:

*Уа, Сергей Есенин,
Жұқты-ау сенің “шешегің...”
Амалым не, ақыным.
Сонда да сенсің жақыным.
Шағанә үшін оқыған,
Сорлап жатыр пақырың...
Жыланмын ба жиырылған,
Ін түбінде керілмей.
Қараңғы қуыс жатқаным,
Қорқыттың қара төріндей.
Қандай күшпен тұр екен,
Қабырғам менің сөгілмей.
Қаттым, сендім, қуандым.
Ешкімнің ащы шегіндей...
Аяқ асты қалдым мен,
Малдың қиқым шөбіндей.
Кедір-бұдыр бет аузым,
Ақ ирек қысқы тебіндей.
Үстімде бір ақ кенеп,
Өлікке тіккен кебіндей.
Ыстыққа қамап ағызды.
Терімді жаңбыр селіндей.
Өзі топас тергеушім,
Сөйлемейді тебінбей
Жұтып жатыр қу түрме,
Бейкүнә жасты өрімдей...
Тірі өлік отыр құр сұлдер.
Тек қана жерге комілмей.*

Ағамыз осы тозақтан қалай тірі шыққанына таң қалып, көп ойланып, толғанып, жасаған тұжырымы былай болды. Тергеуде жауап берген адамдар екінші біреудің атын атап, оның айтқанына, ісіне күмән келтірсе, ол адам ертеңінде атылып кетіп жатты. Жәкең туралы біреуі де жақсылықтан басқа ештеңе айтпаған екен.

-Қайран, абзал ерлерім-ай, маған өмір сыйлап кеткен! - деп күрсініп отырушы еді асыл ер. Мен ағамды алпысты алқымдап қалған кезінен бастап білдім. Ол кісі сұнғақ бойлы, ағармаған селдір шашы әлі қайраттылығын білгізетіндей, дөңгелек жүзінен,

мейрімді күлімдеген көзінен шуак нұры шашылып тұратын адам еді. Әу дегеннен ашық әңгімеге тартатын, қазақ және орыс тіліне бірдей шешен еді. Көре-кере кесем болған, сөйлей-сөйлей шешен болған, аштыққа да көнген, суыққа да тонған, қорлыққа, зомбылыққа да шыдаған, елім деп зарлап жылаған, ажал оғы жылдар бойы нысанаға алып сынаған, қаншама қайран қазақ ерлері қапыда өтті бұл жалғаннан!

Жайық ағамыз ақталып, босағаннан кейін бар жан-тәнімсің, өткен азапты өмірдің құнын тамылжыған тіршіліктен қайтарып алардай, халыққа қызмет етуге кірісті. Тағы да көп жазды, көп сөйледі, таланттарға қол ұшын созып, ақыл-кеңес беріп отырды. Қазақстанның көп облыстарын аралады, кездесулер өткізді. 1984 жылы 6 желтоқсанда Қарағандыдан жазған хатында: “Сәкенге Қарағандыда әдемі жиын өткіздік. Театрда баяндаманы мен жасадым. Дәрежесі дәл мұндай болмағанмен Ілияс, Бейімбет ағаларымызға да жақсы жиындар өткіздік. Бұл ағалар жайлы университетте, мектептерде көптеген әдеби кештер өткіздім”, - депті.

Жайық Кәгенұлы қоғам қайраткері, журналист, жазушы бола тұра, өлең-жырды жанындай жақсы көріп, табиғатын терең түсініп, өлеңдерден өрнек жасап кеткен ақын деп айта аламыз. Ол 1982 жылдан бастап, Көкшетауға Жезқазғаннан жұмыс бабымен ауысып келген маған көп хаттар жазып, өзінің өлеңдері шығып тұрған Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газеттерінің біразын жіберіп тұрды. “Иранжан, мен жасымда өлең жаза бастап, тез тастап кеткен адам болатынмын, бірден комсомолдың басшы жұмысында болдым да, түртініп өлең жазуды қолайсыз көргенмін. Одан кейін редактор болдым да, жұрттың өлеңін басумен болғанмын ғой... Біреу қуанышын жырлайды, біреу қайғысын айтады, біреу арманын білдіреді, енді біреу өкінішін айтады. Бұл үшін кәрі ағаңды сөкпе, іште өлген иті көп жан көңілшектігінен тоты құс болып сайрай алмайды, көбіне запыран құсады... Біз көпті көрген адамбыз, содан да көңіл жұбатуға көбірек бой алдырамыз. Оқып көр. Жасымнан жүрегіме арнаған көктемге орала берем. Мағжан, Сәкен жырлаған Көкше болса да, эркамның өз биігі, өз шоқысы бар ғой. Менің де сол өз төмпешігім үстінен қараған түрім ғой. Ой сөзде шек те, шет те болмаса керек” Аға маған барлығы 33 өлеңдер, баллада, толғаулар, екі мақала жіберіпті. Солардың ішінде Көкшеге арналған “Көкшеден көз кетпейді”, “Шокан шоқысында”, “Көкше” өлеңдері “Ал, мына “Көкше” екеуімізге де ортақ...”- деп бір хатында ақын сөзін тұжырымдапты. - Көркіне сұлу Көкше көз жетпейді, Сиқырлы

жұмбағына ой жетпейді Қазағым мақтағанда мықтап айтқан. Көкше деп нардай шөккен бір беткейді. Көкшенің бұйра жолын құндыз дерсің. Шың басын күн шағылған құндыз дерсің. Қайын мен карағайын сылаң қакқан. Әрқайсын бой түзеткен бір қыз дерсің. - десе, жүрек шерткен жырларын әрі қарай жалғастырып:

*Кіндігі Сарыарқаның Көкше шығар,
Көруге алабыңды барша құмар.
Желкеңнен жел өткізбес көк торғыннан
Тартуға әркім асық бойға тұмар.
Көкшенің күн жалайтын алаңы көп.
Қызықты сұлу жұмбақ аралы көп.
Сай-сала нұшпақ-бұлақ тарауы көп.
Мұнартып көкпеңбек боп өрілетін,
Алыстан кербезденіп керілетін,
Басына бұлт оралып үкі болып,
Ақ шуда бұрым-бұрым өрілетін
Оқжетпес төсін ашып жалтырап тұр.
Көл беті іргедегі қалтырап тұр.
Шыңға да, суға дағы нұрын төгіп,
Шамшырақ етектегі жарқырап тұр.
Өзің де Көкше сұлу боп кетер ең,
Өмірі осы өлкені жерлесен сен.
Шығады орғып-қарғып аң қияға,
Қонады ымырт түсе құс ұяға.
Көкшеге барша жұртты жинар едім,
Не керек аясына ел сия ма?!*

– деп төге береді жырын Жәкен.

Ақкөл ауданындағы Желқызыл туралы өлеңі де қандай сырлы:

*Желқызыл, атың гажан, желдей ескен,
Бауырыңда әкем туып кіндік кескен.
Аттай-ақ арқандаулы бара берем,
Сыйпатың бала күнгі кетпей естен...
Сағындым ата мекен Желқызылым,
Құлаққа тиер ме деп жел-ызыңың.
Алыстан кетсем дағы құйын қуып,
Көңілменен кетер емес бал-қызығың.
Ішкітің жағасындай, Желқызылым,
Таппасын сенен сұлу жер жұлдызын.
Адамзат қолдан егін жарата алмас,
Дәл сендей сырлы арал жер құндызын.
Әкемнің жұрты әне, көңі жатыр.*

*Шөккен нар, сол бір көңнің дәңі жатыр
Сыр бүгін топыраққа өткен күннен.
Үйінің босағасы, төрі жатыр,
Ел жаңа елу жылда дегені рас.
Бұл бір сөз бұрынғыдан қалған мирас
Ескі көң, кең қоныстан жұрт көшіпті,
Көлде су, қолда дәулет мәңгі тұрмас...*

Жәксінің туған жерге, Көкше-Ақмола өңірлеріне осындай жүреқарды сағынышы мәңгілікке есте қалады. Маған жіберген өлеңдерінің ішінен, “бір-екеуін уақытың болған кезде көз салсын, қайсы бір шумақтарын домбырға қосып, ыңылдатып көрсін деп жіберіп отырмын” дегені де кезінде орындалмай қалды. Ол менің мойнымдағы парыз-аманат сияқты. Ол кісі қазір мені халқым Иран сал, акын, әнші композитор деп атап жүргенін естімей кетті. 1987 жылғы бір хатында: “Бүгін таңертең Алматы радиосынан сенің орындауыңда Біржан салдың, Ақан серінің, өзіңнің өлеңдеріңді тыңдадым. Құтты болсын айтамын... жақсы шықты... “Әудемжерді” жақсы айтасың... Өзіңнің азаматтық туралы өлеңің жақсы естілді... Сен ақынсың, мұндай сөздердің сиқырына мән бере біту керек”.

Ағамызды жұрттың бәрі білетін еді, ол кісі қазаққа аты белгілі көп адамдармен достасып кетті, өзім білетін кешегі академик Ебіней Бүкетов, Әбілқас Сағынов, бүгінгі Кәкімбек Салықов, Тұрсынбек Кәкішев, Қуаныш Сұлтанов, т.б. нәбір майталмандар оны аға деп алақанында аялай білді. Қарағандыда көп жыл тұрып, қоныс аударғаннан кейін, ұрпаққа көрген, білгеннен тәрбие беріп, болашақ жақсылық өмірге баулып кетті. Ел болып Жәкең сияқты заңғар тұлғалардың есімін мәңгілікке есте қалдыру үшін аккөлдiктердiң 100 жылдық мерейтой туралы бастамасын қолдап iске асыру керек. Бұл iстi Қарағанды да қолдаса игi болар едi.

Ұлы Абайдың ұлы Ақылбай әнші: “Ішк кидім бұлғыннан құндыз жаға, жас дәуренді өткіздік бермей баға...” - деп айтқанындай, біз де жас кезде көп нәрсені бағаламадық-ау. Қазір ойласам, ағам маған кездескенде өзінің жастық шағындай мені аялаған екен-ау. Бұрынғы өзіндей жалынды комсомол қызметкері болған, өлең жазып, ән салған, өзі әуен шығаратын жасты бір көргеннен өзіне тартып, өмірден өткенінше құрметтеп кетті. 1982 жылы ержетіп қалған 16 жастағы үлкен ұлым қайтыс болып, қайғы-қасірет шеккен кезде: “Иран, қалқам-ай! Ауыр қайғыға ұшырап қалған екенсіңдер, қайғыңа ортақтасып, күйреп кетпе, “болған іске болаттай бол”, дейтін атамыздан қалған сөз бар...” - деп көңіл айтып еді. Басыма түскен ауыр жағдай менің Жезқазғаннан Көкше

еліне көшіп келуіммен тұспа-тұс келіп еді. Осыған орай Жәкең: “Өрісің қайырлы болсын. - дей келе - Иран. сақ болған жақсы, қырсық, пәле қашанда қас-қаққанша. Біздер ақ көңіл, қалтқысыз жандармыз, ал, пәле-жала осындай адамдарға майлы күйедей жұғады, өйткені, олар жаратылысында осал, нәзік, күйрек келеді. Жас шыбықты. бұтасыз тұзу ағашты бапталау оңай болады... Мұндайда өз еліңнің де бір күйесі жұғып кететіні болады.. Ренжімсі, жұмысқа белсенісі кірісі, маған жіберген өлең жолдарын ұнады. Біраз ширапсың. шынығыпсың. басқа іс түсудің кейде жалпы адамды ширатуға әсері болады, бірақ, осал ынжық, күйрек адамдарды тұқыртып та кететіні болады. Сен ширатылғандардың, темірдей қатып-піскендердің ішінде боласың”.

Міне, бүгінге дейін ағаның болжамы өмір шындығыма айналып отыр. Жайық аға жарқын болашаққа сеніп кетті, елдігіміздің қиын да болсын егемендік бастауын. бағытын көріп кетті. Өзінің “Шокан шоқысында” деген шығармасында ағамыз былай дейді:

*Жақсыға оқ атқанның оңғаны жоқ,
Басына бақыт құсы қонғаны жоқ.
Қан төгіп, қарғыс алған зұлымдардың
Азғындап быт-шыт болып тозғаны көп.*

Халықтың інжу-маржан ән-жырынан сусындаған жазушының өлеңдерінде нақыл сөздер көптеп кездеседі. “Өкініш те өтініш” балладасынан бір мысал келтірсейік:

*Адамға әкпелімін, өзім адам.
Қайтейін болғаннан соң туа надап!
Бәрін де көріп-біліп отырсам да.
Құл болу өзіңе-өзің неткен жаман!
Достарым, ақыл айтам “кекірме” деп.
Бір басқыш биіктесең. секірме деп.
Қолыңа бес күн билік тиген шақта.
Көтіріп. кеуде қағып, лепірме деп*

Осымен қазақтың аяулы бір азаматы, жазушы, қоғам қайраткері Жайық Кәгенұлы Бектұров ағамыз туралы естелігімді аяқтағым келеді. Оның толық өмірбаянын, әруақытта сөйлеген сөздерін, жазған мақалаларын, зерттеулерін, өлеңдерін толықтырып бастырып, кітап қылып шығарса деген тілек бар. Бұған, әрине, Астана мен туған жері Ақкөлдегі, бар саналы өмірі өткен Қарағандыдағы, Алматыдағы ұрпақтары мен тілеуқор ет жақындары, ғалымдар мен жазушылар, Жәкеңді көріп, білген, қарым-қатынаста болған адамдар ат салысады деген сенімдемін. Бұл шаруа жастарға рухани тәрбие беру ісіне де мол үлес болып қосылар еді.

Мазмұны

Сал-серілер жалғасы	5
Сұлу Көкше	14
Табиғат үлгісі	15
Астана	15
Ақмола маршы	16
Елге бар	17
Еркіндігім – елдігім	18
Ата-баба жалғасымын	19
Қазақстан елім менің	20
Сәби сезім	21
Жаңа ғасыр – жиырма бір	22
Азамат	23
Қазақтың азаматтығы	24
Сарыарқам, сенен айналам	25
Шатқыма	26
Жүрек сыры	28
Тыл тағдыры	30
Жаксы-жаман	31
Жетім бала сыры	32
Інілерім	33
Көкше жолы	34
Құшағынды аш, Көкшетау	35
Көкше әусні	35
Жаса, жаса, Көкшетауым	36
Бурабай – Көкше	37
Ерейментау	38
Қорғалжын	39
Қызылжарға	40
Ақжарға	41
Жыл мезгілдері	43
Көктем	43
Жаз	43
Күз	44
Қыс	44

Наурыз-көктем-қыз бағы	45
Қыз ұзату-үйлену той	46
Қазағымның сұлуы - жан дүниемнің жылтуы	47
Ауылдағы ақ апам	48
Әйелдерге	49
Күніңмен туған, жан жарым	50
Жан жарыма	50
Келші, жаным	51
Көкшетаудың тірегі еді	51
Данышпан, дана қарт адам	52
Мойсей аға	53
Жалған	54
Бұл өмірдің қызығы	55
Жетілген жетпіс	56
Толқын	57
Ерланым жиырма сегізде	57
АЙТЫСТАР	
ИРАН МЕН ЖАДЫРАНЫҢ АЙТЫСЫ	59
М.Ю. ЛЕРМОНТОВТАН АУДАРМАЛАР	65
Достарыма	65
Жалғыздық	65
Ақыл	66
Дүние қызып тұрған сауда-базар	67
Ой толқытқан өрімдер	68
Жезқазғанға Ода	79
Көтерген елдігімнің ауыр жүгін	83
Серпілткен жер қойнауы салтанатын	85
Еңселі ер Ебекем	86
Сейсенбек Баегізұлы рухына	87
Қалдыбек досты еске алу	89
Ұлым деп елі сенген Сағындық ер	90
ПОЭМАЛАР	
Ер азамат Тасқара	96
1. Кіріспе	96
2. Аңсаған ел құшағы	97
3. Көрісу	99
4. Темірғали ағаның елмен қоштасуы	101

5. Тасқараның тұтқындалуы	105
6. Ана Зары	105
7. Тұтқынның босануы	106
8. “Қожа” ауылы	107
9. Тасқараның еліне оралуы	117
10. Тасқараның өсиеті	120
11. Әке мұрасы	122
Ақжігіт	126
Әудемжер	126
Науан	132
Ақан сері-Абай керуені	139
Ақан тойы	142
Жас казак	149
Командирдің әңгімесі	150
Ерлік	151
Елге хат	154
Эпилог	157
Жезкиік ақын	161
Кіріспе	161
Жез қанатты Жезқазғанның жерінде	161
Нұсқауымен Мәскеудің	165
Ардақты ер-елінде	168
Шалқарында шабыттың	171
ЕСТІЛІКТЕР, ЭССЕЛЕР, АРНАУЛАР МЕН БАТАЛАР	
Ән қанаты талмасын	174
Шуақты дарын	176
Бұлақ боп сізден бас алам	181
Қазақтың батыры	184
Рахымжан Қошқарбаевпен қалай кездестім	184
Еркелетіп елім қойған атым бар	187
Әншілік өнерге байланысты естеліктер	192
Омбыдағы “Тамаша”	192
Жәнібек әнші сала алмай кетті әнімді	196
Келемін талай елден жөн сұрасып	198
Домбыраға қосып орысша, украинша айтқан әндерім	203
Беркін-ай	205
Семсері казак мұқалмас	209

Ән шырқаса Сырымбеттен әжелер!	212
Бакыт тойына	213
Қанатбектің дана жасы	214
Ғалиханға	215
Теңбайдың мерейтойына	215
Құмарғали Досовқа	217
Емхананың емінен туған жырларым	218
Емші қыздарға	218
Шолпанға	219
Мәрияға	219
Дәрігер Айзадаға	220
Гүлбақытқа	220
Қапар	221
Мұслима - Әлиман	222
Маликаға	222
Қызыр әкім	223
Әнші Еркін Шүкімановқа	223
Тараздағы Сағатбекке көңіл айту	224
Кәрімжан құдаға	224
Бата	225
Түркістанда өзімді өзім таныстыру	225
Түркістанда берген елге арналған бата	226
Жантас ұланға бата	227
Ананын аты Қыздықой	228
Жаны жайсаң Жайық аға	229

Тасқара Иран Тасқараұлы

Сарыарқа – сайран төрім-ай

Редактор Ильяшева Гүлжамал
Бет қаттаушы Шәріпбаев Асхат

Подписано в печать 22.02.2014 г
Офсетная печать. Гарнитура «Times New Roman».
Тираж 500 экз. Цена договорная

Отпечатано в типографии ИП «Изотов С В »
020000 г.Кокшетау, ул. Канай-би, 37.
Тел.: 33-61-88, 26-30-67

550 ~

